

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ
САРАЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

ҚАРАҒАНДЫ 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ
САРАЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

Оқу құралы

ҚАРАҒАНДЫ 2019

УДК 343. (075)
ББК 67. 408 я73
Т 53

Авторлық ұжым. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың өзекті проблемалары: Оқу құралы — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы. 2019. – 228 бет.

Дайындалған оқу құралы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау кезінде қылмыстық-құқықтық нормаларды қолдануды жүзеге асырудағы кәсіби құзырлықтарын, оларда үнемі білімдерін тереңдетіп және жаңартып отыруға талпынуды қалыптастырады. Бұл құрал сонымен бірге Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығы курсының бағдарламасы бойынша заңгерлік жоғары оқу орындарындағы магистранттар мен докторанттардың осы пән бойынша семинарлық сабақтарға дайындалуға және тәжірибедегі қызметкерлер үшін іс-тәжірибеде пайдалануға арналады.

Пікір жазғандар: Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің қылмыстық құқық және криминология кафедрасының меңгерушісі з.ғ.к., доцент *А. Ж. Машабаев*; Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, *Б. Б. Кошегулов*

Оқу құралы Академияның оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды. №11 хаттама, 11.07.2019 жыл.

УДК 343. (075)
ББК 67. 408 я73

ISBN978-601-7881-32-4

ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы
2019

КІРІСПЕ

ҚР Конституциясының 1-бабына сай адам құқықтары мен бостандықтары, оның ар-намысы мен қадір-қасиеттері қоғамның және мемлекеттің жоғары құндылықтары ретінде бекітіліп, Қазақстанның өркениетті мемлекеттер қауымдастығына енуін айқындады.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар мен күрестің құқықтық механизмдер тиімділігін арттыру мәселесі үнемі назар аударуды талап етеді.

Жеке басты, оның құқықтары мен бостандықтарын қорғау ісіндегі мәнділік жеке басқа мейілінше қауіпті, қол сұғушылықтың жолын кесумен жазалауға арналған қылмыстық заңнаманы иеленеді.

Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасы жеке басқа қол сұққаны үшін жауапкершілік мәселелерін жаңаша шешеді.

Алайда жеке басқа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік туралы сот тергеу тәжірибесімен қазіргі заңнаманы талдау жекелеген теориялық және тәжірибелік мәселені көрсетеді. Осы әрекеттерді саралау мәселелерін қарастыру қажеттілігі құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметінде меншікке қол сұғу қылмыстарын қате қылмыстық құқықтық бағалау оқиғалары жиі кездесетіндігімен түсіндіреді.

Қылмыстық құқықтың қазіргі жай-күйін бағалай отырып, тұтас алғанда оны серпінді дамыту қамтамасыз етілді деуге болады. Қолданыстағы Қылмыстық кодекс - қылмысқа қарсы күрестің, адамның құқықтары мен бостандықтарының, мемлекет пен қоғамның мүдделерін қылмыстық-құқықтық қорғаудың жеткілікті пәрменді құралы.

Қылмыстық құқықты одан әрі дамыту, бұрынғыдай қылмыстық саясаттың қос векторлығын ескере отырып жүргізілуге тиіс. Ізгілендіру - ең бастысы, алғаш рет ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасаған адамдарға, сондай-ақ халықтың әлеуметтік әлсіз топтары - жүкті және асырауында кәмелетке толмаған балалары бар жалғызбасты әйелдерге, кәмелетке толмағандарға, жасы ұлғайған адамдарға қатысты болуға тиіс. Сонымен қатар ауыр және аса ауыр қылмыстар жасауға кінәлі, қылмыстық қуғындаудан жасырынып жүрген адамдарға қатысты, сондай-ақ қылмыстар кәнігілігі кезінде қатал қылмыстық саясатты алдағы уақытта да жүргізу қажет.

Қылмыстық құқықты дамытудың маңызды бағыты, ең алдымен аса қоғамдық қауіп тудырмайтын адамдарға (абайсызда қылмыс жасаған кәмелеттік жасқа толмаған адамдар, өзге де адамдарға - жазаны

жеңілдететін мән-жайлар) қатысты қылмыстық жазалаудан босатудың шарттарын кеңейту арқылы қылмыстық құғын-сүргінді қолдану аясын кезең-кезеңмен қысқарту мүмкіндігін айқындау болып табылады.

Азаматтардың жеке басына, құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар біздің қоғамымызға үлкен зиянын тигізеді. Сол себепті мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтармен шешуші күрес жүргізу ҚР құқық қорғау органдарының маңызды міндеті болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресу үшін елімізде қылмыстық құқық бұзушылықтармен тікелей күрес жүргізетін мемлекеттік органдардың жұмысын жақсартудың, сол сияқты қылмыстық заңнаманы одан әрі жетілдірудің маңызы зор. Қылмыстық-құқықтық ғылым тәжірибеші-заңгерлер қылмыстық заңды дұрыс қолдануға септігін тигізетіндей құқықтық мәселелерді дайындауы керек.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар — бұл азаматтардың негізі жеке құқықтарына бағытталған қоғамдық қауіпті әрекеттерді ҚК-де көзделген тобы. Бұл топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігі ауыр және аса ауырға жатады, олар моральдық және материалдық зиян келтірілуі мүмкін. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бұл топтарын бірінші орынға жылжыту ҚР қылмыстық заңнамасының негізгі реформасындағы маңызды концептуалдық идеяға, яғни азаматтарды өмірі мен денсаулығы, оның заңды мүдделерінің құқықтары мен бостандықтарын айрықша қорғауға сәйкес еді. Жеке адамды, оның ішінде адам өмірі мен денсаулығына айрықша қорғау қылмыстық заңнамада жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы тараудың орналасауын өзгертумен ғана емес, басқа ерешеліктерде де байқалады, яғни: 1) жеке адамға қарсы мейлінше қауіпті қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жоғары санкция белгілеу; 2) қылмыстық құқық бұзушылықтар істеудегі күштеу тәсілінде санкция жүйесі дайындауда тіркеу (көбінесе бұл меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін санкцияда байқалады); 3) ауыр зардаптардың қылмыстық құқық бұзушылықтар түзуші немесе саралау белгілері ретінде пайдаланғанда, олар заңда адам денсаулығына зиян немесе өлім келтіруінде бірінші кезекте көрсету жолымен ашылады (әсіресе, бұл көлік, экологиялық және қоғамдық қауіпсіздікке қарсы басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтарда байқалады); 4) жеке меншіктің мемлекеттік және басқа формаларымен тең қорғауды жүзеге асыру.

ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

1. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері мен ұғымы.

Азаматтардың жеке басына, құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын қылмыстар біздің қоғамымызға үлкен зиянын тигізеді. Сол себепті мұндай қылмыстармен шешуші күрес жүргізу ҚР құқық қорғау органдарының маңызды міндеті болып табылады. Қылмыспен күресу үшін елімізде қылмыспен тікелей күрес жүргізетін мемлекеттік органдардың жұмысын жақсартудың, сол сияқты қылмыстық заңнаманы одан әрі жетілдірудің маңызы зор. Қылмыстық-құқықтық ғылым тәжірибеші-заңгерлер қылмыстық заңды дұрыс қолдануға септігін тигізетіндей құқықтық мәселелерді дайындауы керек.

Қылмыстық қол сұғудан жеке адамды қорғау ҚР ҚК 2-бабында бекітілген ҚР ҚК-нің міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстанның қылмыстық құқығында ҚК жүйесіндегі қылмыстың осы тобының орны туралы мәселе бірнеше рет қаралды. Және бұл туралы 1959 жылғы Қазақ КСРО қылмыстық кодексінде жеке адамға қарсы қылмыстар мемлекеттік қылмыстар мен меншікке қарсы қылмыстар үшін жауапкершілікті қарастыратын тараудан кейінгі 3-тарауда жеке басқа қарсы қылмыстар қарастырылғаны дәлел.

Қазіргі уақытта ҚР ҚК-нде «Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауы бірінші тұр, ҚК-тің Ерекше бөлігі содан басталады, бұлай орналасу ҚР Конституциясының 1-баптың ережесіне жауап береді.

Сөйтіп, «жеке адамға қарсы қылмыстар» термині сөздің кең және тар мағынасында қолданылады. Кең мағынадан алғанда жеке адамға қарсы қылмыстар қылмыстық-құқық қорғауға жататын азаматтардың өмір сүру, денсаулық, ар-намыс, саяси, еңбек, мүліктік құқықтарына кез келген қол сұғушылық болып табылады.

Қылмыстық құқық теориясында жеке бастың мүдделері кодекстің азаматтардың жеке меншігіне қол сұққаны үшін саяси және еңбек құқықтарын бұзғаны үшін көлік қылмыстары үшін қылмысты жауапкершілікті белгілейтін тарауында айтылады. Б. С. Никифоров азаматтардың жеке меншігіне қарсы қылмыстарды «сөздің кең мағынасындағы жеке адамға қарсы қылмыстар» деп атады.

Тар мағынадағы жеке адамға қарсы қылмыстар тікелей және негізгі объектілері өмір, денсаулық жыныстық дербестік пен

жыныстық еркіндік, жеке бас бостандығы, ар-намыс болатын қылмыстың түрлері.

Жеке адамға қарсы қылмыстар — бұл азаматтардың негізі жеке құқықтарына бағытталған қоғамдық қауіпті әрекеттерді ҚК-де көзделген тобы. Бұл топтағы қылмыстардың көпшілігі ауыр және аса ауырға жатады, олар моральдық және материалдық зиян келтірілуі мүмкін. Қылмыстың бұл топтарын бірінші орынға жылжыту ҚР қылмыстық заңнамасының негізгі реформасындағы маңызды концептуалдық идеяға, яғни азаматтарды өмірі мен денсаулығы, оның заңды мүдделерінің құқықтары мен бостандықтарын айрық-ша қорғауға сәйкес еді. Аталған құндылықтарды айрықша қорғау ҚР-ның Конституциясында арнайы үлес, Еуропалық ынтымақтастық елдерінің көптеген халықаралық актілерінде айтылады. Жеке адамды, оның ішінде адам өмірі мен денсаулығына айрықша қорғау қылмыстық заңнамада жеке адамға қарсы қылмыстар туралы тараудың орналасауын өзгертумен ғана емес, басқа ерешеліктерде де байқалады, яғни: 1) жеке адамға қарсы мейлінше қауіпті қылмыстар үшін жоғары санкция белгілеу; 2) қылмыс істеудегі күштеу тәсілінде санкция жүйесі дайындауда тіркеу (көбінесе бұл меншікке қарсы қылмыстар үшін санкцияда байқалады); 3) ауыр зардаптардың қылмыс түзуші немесе саралау белгілері ретінде пайдаланғанда, олар заңда адам денсаулығына зиян немесе өлім келтіруінде бірінші кезекте көрсету жолымен ашылады (әсіресе, бұл көлік, экологиялық және қоғамдық қауіпсіздікке қарсы басқа да қылмыстарда байқалады); 4) жеке меншіктің мемлекеттік және басқа формаларымен тең қорғауды жүзеге асыру. Бұл идеяға «жеке бас» ұғымын қамтитын құқық қорғау мүдделерінің шеңберінің кеңеюі де қатысты.

Бұрын бұл түсінік қылмыстық құқықта Қазақ КСРО қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің 3 тарауындағы бастауда аталған мемлекеттік емес объектілерге қатысты қарастырылған «Жеке адамның өміріне, денсаулығына, бостандығына ар-намысына қарсы қылмыстар». Сондықтан да қылмыстық құқық ғылымында «Жеке адамға қарсы қылмыстар» термині жыныстық қылмыста және отбасы мен кәмелетке толмағандарға қарсы кейбір қылмыстар кіретін қылмыстардың аталған тобына қатысты қолданылды. Азаматтардың саяси, еңбек, басқа құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар 1959 жылы кодекстің Ерекше бөлімінің дербес 4-ші тарауын құрады да, жеке адамға қарсы қылмыстар ретінде қарастырылмады.

Жоғарыда аталған сипаттарды алып қарағанда, қылмыстық құқықтық қорғау объектісі ретінде «жеке бас» және «адам» санаттарын қарсы қою үшін еш негіз жоқ.

Жеке адамға қарсы қылмыстар деп адамның өмірі мен денсаулығына, жыныстық дербестігіне, бостандығына, ар-намысына қол сұғатын қоғамдық қауіпті әрекеттер танылады. Қылмыстың мұндай түрлерін істеу нәтижесінде адамға айтарлықтай зиян не болмаса өмірге, денсаулыққа заңды құқықтары мен бостандыққа зиян келтіру қорқынышы туады.

Жеке басқа қылмыстардың түпкі объектісі жеке тұлға болып табылады. Қылмыс объектісі ретінде — бұл әлеуметтік рольдермен қоғамдық қатынастар жүйесінде қарастырылатын адам. Ол бір мезгілде биологиялық тіршілік иесі де, белгілі құқықтарды, міндеттерді, бостандық пен әлеуметтік құндылықтарды иеленуші де болады. Тікелей объектіні — жеке бастың өмірі, денсаулығы, бостандығы, ар-намысы сияқты құндылықтар.

Жеке адамға қарсы қылмыстардың объективтік жағы — бұл жеке бастың өміріне, денсаулығына, бостандығына, ар-намысына қоғамдық қауіпті қол сұғушылық.

Құрамына қарай жеке адам қарсы қылмыстар материалдық және формальдық болып бөлінеді. Материалдық құрамның объективтік жағы 3 міндетті белгілерден тұрады: 1) қоғамдық қауіпті әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік); 2) қоғамдық қауіпті зардаптар; 3) олардың арасындағы себепті байланыс.

Әрекетсіздік әрекет сияқты тұлғаның ерікті қылығы болып табылады, сондықтан да ол әрқашан саналы сипатқа ие. Егерде қоғамдық қауіпті әрекет кінәлінің белсенді мінез-құлқынан байқалса, онда әрекетсіздік болу керек және істелуі мүмкін әрекеттің істелмеуінен байқалады. Қоғамдық қажетті әрекеттерді орындауда тұлғаның міндеті мыналардан шығады: а) заң мен нормативтік актілерді жазудан; ә) кәсіби міндеттер мен қызметтік уәзіптерден; б) келісім шарттар; в) жеке өзара қатынастан; г) кінәлінің алдағы қызметінен. Қылмыстың формальдық құрамының объективтік жағы тек қоғамдық қауіпті әрекеттен туады.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар деп адамның өмірі мен денсаулығына, жыныстық дербестігіне, бостандығына, ар-намысына қол сұғатын қоғамдық қауіпті әрекеттер танылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың мұндай түрлерін істеу нәтижесінде адамға айтарлықтай зиян не болмаса өмірге,

денсаулыққа заңды құқықтары мен бостандыққа зиян келтіру қорқынышы туады.

Жеке басқа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түпкі объектісі жеке тұлға болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтар объектісі ретінде — бұл әлеуметтік рольдермен қоғамдық қатынастар жүйесінде қарастырылатын адам. Ол бір мезгілде биологиялық тіршілік иесі де, белгілі құқықтарды, міндеттерді, бостандық пен әлеуметтік құндылықтарды иеленуші де болады. Тікелей объектіні — жеке бастың өмірі, денсаулығы, бостандығы, ар-намысы сияқты құндылықтар.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағы — бұл жеке бастың өміріне, денсаулығына, бостандығына, ар-намысына қоғамдық қауіпті қол сұғушылық.

Құрамына қарай жеке адам қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар материалдық және формальдық болып бөлінеді. Материалдық құрамның объективтік жағы 3 міндетті белгілерден тұрады: 1) қоғамдық қауіпті әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік); 2) қоғамдық қауіпті зардаптар; 3) олардың арасындағы себепті байланыс.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісі заңмен белгіленген жасқа жеткен есі дұрыс адам, яғни қылмыс субъектісі жалпы болып танылады.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар субъективтік жағынан тура және жанама ниетпен істеледі.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тікелей объектісіне байланысты төмендегідей топтарға бөлуге болады:

Өмірге қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Адам өлтіру (ҚР ҚК 99-бабы). Ауырлататын мән-жайларда адам өлтіру (ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі). Жеңілдететін мән-жайларда адам өлтіру (ҚР ҚК 100-103-баптары). Абайсызда қаза келтіру (ҚР ҚК 104-бабы). Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (ҚР ҚК 105-бабы).

Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 106-бабы). Денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру (ҚР ҚК 107-бабы). Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру (ҚР ҚК 108-бабы). Бұл қылмыстың түрлері. Ұрып-соғу (ҚР ҚК 109-бабы). Қинау (ҚР ҚК 110-бабы). Денсаулыққа жеңілдететін мән-жайларда зиян келтіру (ҚР ҚК 111-113-баптары). Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру (ҚР ҚК 114-бабы).

Азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қорқыту (ҚР ҚК 115-бабы).

Адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою (ҚР ҚК 116-бабы). Соз ауруын жұқтыру (ҚР ҚК 117-бабы). Адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтыру (ҚР ҚК 118-бабы) Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері. Қауіпті жағдайда қалдыру (ҚР ҚК 119-бабы).

Жыныстық еркіндікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Зорлау (ҚР ҚК 120-бабы). Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (ҚР ҚК 121-бабы). Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (ҚР ҚК 122-бабы). Жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету (ҚР ҚК 123-бабы). Жас балаларды азғындық жолға түсіру (ҚР ҚК 124-бабы).

Адамның бас бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адамды ұрлау (ҚР ҚК 125-бабы). Бас бостандығынан заңсыз айыру (ҚР ҚК 126-бабы). Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру (ҚР ҚК 127-бабы). Адамды саудасы (ҚР ҚК 128-бабы).

Адамның жеке басының ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адамды клондау (ҚР ҚК 129-бабы). Жала жабу (ҚР ҚК 130-бабы) және оның түрлері. Қорлау (ҚР ҚК 131-бабы).

2. Адам өміріне қарсы қылмыстар

Қазақстан Республикасы ҚК адам өміріне қарсы қылмыстарға адам өлтірудің (ҚР ҚК 99-103 баптар) сол сияқты абайсызда қазаға ұшыратуды (ҚР ҚК 104-бап) және өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің (ҚК 105-бап) түрлерін жатқызады. Соңғы екеуінен басқа барлық аталған адам өміріне қарсы қылмыс-тар адам өлтіруге жатады.

Қылмыстың бұл құрамдары өмір сүру құқығы сияқты бұлар да адамның табиға және маңызды құқықтарын қорғау туралы сөз болғандықтан бірінші орынға орналастырылған. Қылмыстық кодекс адам өмірін қорғау міндетін адам өміріне қарсы қылмыстар құрамының белгілерін қалыптастыра отырып және олардың істелуіне қатаң санкция мен белгілей отырып, өзіне тән әдістермен шешеді.

Бұл топтағы барлық қылмыстарды біріктіретіні әрқайсысының объектісі адам өмірі екендігі. Қылмыс объектісі ретінде өмір, бір жағынан табиғи физиологиялық процесс ретінде, екінші жағынан қоғамда жеке бастың тіршілік ету мүмкіндігін заңмен қамтамасыз ету ретінде түсінідіріледі. Екінші жақтың арқасында өмір жеке бас пен

қоғамдық қатынастарға (қоғамдық мүддеге) логикалық бағынады және «жеке бастың мүддесінің оның өзінен бөлуге содан соң жеке бастық қоғамдық қатынастар шегінен шығаруға болмайды».

Адамға өлім келтіруші әрекет егер құқыққа қайшы әрекет, қылмыстық заңда қарастырылса қылмыс деп табылады.

Кінәлі адамның әрекеті механикалық, физикалық, химиялық (тіпті психикалық, бірақ олар сирек кездеседі) және адам өміріне әсер ететін басқа да тәсілдер болуы мүмкін. Өлім адамға әрекетсіздік жолымен де берілуі мүмкін.

Адам өміріне қол сұғу тәсілі ретінде әрекетсіздік кінәлі қамқорлық танытатын әрекетсіздік ететін, қажетті шаралар қабылдайтын сияқты адам өміріне зиян тигізбеуге тұлғаның міндеттілігін білдіреді.

Адам өміріне қарсы қылмыстарда әрекет немесе әрекетсіздік құқыққа қайшы сипатына иеленеді. Адам өміріне қылмыстық әсер ету тек адам өмірі жағдайында ғана аяқталған қылмыс құрамын құрайды. Адам өміріне қарсы қылмыстың денсаулыққа қарсы қылмыстан айырмашылық белгісі — соңғысының зардаптары өз мазмұны бойынша қай органға зиян келгендігіне, қандай ауру күшімен, денсаулыққа зиян келу нәтижесінде еңбек қабілеттілігі жоғалту дәрежесінің қандайлығымен анықталады.

Адам өміріне қарсы қылмыстардың субъективті жағы қасақана да, абайсыз кінәмен де сипатталады. Кінәлі өзінің қоғамға қауіпті әрекеті нәтижесінде басқа адамның денсаулығына зиян келтіруде зардаптардың бөлу мүмкіндігінің немесе құтылмайтындығын алдын-ала көреді де қалайды (тікелей ниет) және бұған саналы түрде жол береді немесе оған селқос қарайды (жанама ниет).

Осы санаттағы қылмыстың субъектісі қылмыстық жауапкершілік жасына жеткен, яғни 16 жастағы есі дұрыс адам, тек қылмыс кодексінің 15-2 баптарына сай адам өлтірегені үшін қылмыстық жауапкершілік 14 жастан басталады. Саралау үшін кінәлі өзінің қоғамға қауіпті іс-әрекетінің нәтижесінде басқа адамның денсаулығына жеңіл зиян келетіндігін ұғынуға және қоғамға қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екендігін немесе қалайда болатындығын алдын-ала білуге тиіс және соны тілеуге не сапалы түрде оған жол беруге немқұрайлы қарауға тиіс. Денсаулыққа абайсызда жеңіл зиян келтіргені үшін қылмыстың жауаптылығы қарастырылмаған. Қылмыстың субъектісі жасы 16-ға толған есі дұрыс адам.

Адам өлтіру — ҚР ҚК 99-бабы

Адам өлтіру жеке адамға қарсы қылмыстардың ең ауыр түрінің бірі. ҚК 99-бабының бірінші бөлігінде адам өлтіру басқа адамға құқыққа қарсы қасақана өлім келтіру деп анықтама берілген. Адамның өмірі әр адамға туғаннан берілетін табиғаттың ерекше сиы және әлеуметтік құндылығы да ерекше.

Қазақстан Республикасы ҚК адам өлтірудің анықтамасын заңдық тұрғыдан алғаш рет белгілеп берді: «басқа адамға құқыққа қарсы қасақана өлім келтіру» (ҚК 99-бабының 1-бөлігі). Кеңестік дәуірдегі қылмыстық кодексте адам өлтірудің анықтамасын бермеген еді. Сол кезеңдегі заң шығарушылар қылмыстық құқықтағы «адам өлтіруге» жалпы қабылданған ұғымнан жеке бөліп қарамаған сыңайлы.

Қарапайым адам өлтірудің құрамы (Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 1-бөлігі).

Қарапайым адам өлтірудің ұғымы — сараланбаған немесе күрделіленбеген адам өлтіру. Ол үшін қылмыстық жауаптылық Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабының 1-бөлігінде қарастырылған. Бұл адам өлтірудің негізгі түріне жатады. Қарапайым адам өлтірудің құрамын талдауда басқа да адам өлтірулерден айырмасы бар, сондықтан бұны «жалпы адам өлтіруді» талдау деп қарауға болады.

Адам өлтірудің объектісі — адамның өмірі, ол адамның азаматтығына, ұлтына және нәсіліне, шыққан тегіне және жасына, әлеуметтік жағдайына, немен айналысатынына, денсаулық ахуалына, біліміне, т. б. байланысты емес. Қылмыстық заң жәбірленушінің еркіне қарсы адам өлтіру де, оның келісімімен қаза келтіру де (эфтаназия) бірдей дәрежеде адам өлтіруге жатқызылады. Жәбірленушінің кім екенін білмей қалу қасақана адам өлтіргендігі үшін жауаптылыққа әсер етпейді.

Өмірге қастандық жасау объектісінің бар-жоғы туралы мәселені шешу үшін оның бастапқы жіне ақырғы кезеңдерін анықтау қажет.

Қылмыстық-құқықтық тұрғыдан алғанда, адамның туғаннан өлгенге дейінгі аралықта өмір бар деп саналады.

Қылмыстық заңда адамның өлген кезі деп биологиялық өлімді, яғни ми қабаты клеткаларының біржола ыдырауы нәтижесінде ми қызметінің толық тоқтауы кезін алады. Биологиялық өлімнен басқа «клиникалық өлім» деген түсінік бар, бұл жағдайда адамның жүрегі тоқтап қалады.

Адамға клиникалық өлім келтірсе, мұндай іс-әрекет адам өлтіруге оқталғандық болып саналады. Сонымен қатар, клиникалық өлім жағдайындағы адамға қастандық жасауды өлтіру деп санауға болады.

Қылмыстың объективтік жағы материалдық құрамды қылмыстар сияқты үш элементтің жиынтығынан тұрады: 1) басқа адамның өмірін қиюға бағытталған әрекет (әрекетсіздік); 2) жәбірленушіні өлтірудегі міндетті аяқталу қорытындысы; 3) кінәлі мен жәбірленушіге қаза келтірудегі әрекет (әрекетсіздіктің) арасындағы себепті байланыс.

Адамды өмірінен күш қолданып та, (жарақаттау, тұншықтыру, уландыру, т. б.) психикалық ықпал жасап та (қорқыту, үрейлендіру, жалған лақап тарату, т. б.) айыруға болады.

Қылмыстың субъективтік жағы кінәнің қасақана жасалуымен сипатталады. Айыпты өзінің басқа адамның өліміне алып келетін іс-әрекет жасап отырғанын, ондай зардаптың болу мүмкін екенін немесе қалайда болмай қоймайтынын біледі, соны тілейді — яғни тікелей ниет танытады, егер ол өлімнің болуына саналы түрде жол берсе не ондай зардаптың болуына немқұрайды қараса — жанама ниет танытады.

Адам өлтірудің субъектісі (ҚК 99-бабы) 14 жасқа толған, есі дұрыс адам бола алады. Басқа да адам өміріне қарсы бағытталған қылмыстар үшін жауаптылық 16 жастан басталады.

Сараланған адам өлтірудің түрлері — ҚР ҚК 99-бабы 2-бөлімі

ҚК 99-бабы 2-бөлімінде қарастырылған адам өлтіруаса қоғамдық қауіпті қылмыстарға жататындықтан оны жасағаны үшін аса қатаң шаралар қолдану қарастырылған. Сараланған адам өлтіруге ҚК 99-бабы 2-бөлімінде қарастырылған жағдайлардың (сараланған белгілер) кем дегенде бірі болғанда адам өлтіру деп аталады. Әрине адам өлтірудің барлық басқа да негізгі белгілері міндетті түрде болуы керек. Егер кінәлінің әрекеттерінде екі немесе бірнеше сараланған белгілер болса, олардың барлығы айып таққанда жәбірленушіне үкім шығарғанда көрсетілуі керек. Бірақ олар қылмыстың жиынтығын құрамайды, және жаза бірдей қолданылады. Қазақстан Республикасы 99-бабы 2-бөлімі 15 тармақтан тұрады. Көп белгілер бұрынғы қылмыстық заңда болған. Кейбір сараланған белгілер нақтыланған және бірнеше жаңа түрлері енгізілді. Тұңғыш рет осы сараланған белгілер белгілі-бір қатаң тәртіпте орналастырылып, соған байланысты мынадай түрлерге бөлінді.

Объектіге қатысты белгілер («1», «2», «3», «4»-тармақтары) — екі немесе оданда көп адамға қатысты («1»-т.); қызметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына не кәсіби немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты адамды немесе оның жақындарына қатысты («2»-т.); дәрменсіз жағдайда екендігі айыпкерге белгілі адамды өлтіру, сол сияқты адамды ұрлауы («3»-т.); жүкті екендігі айыпкерге белгілі әйелге («4»-т.).

Қылмыстың объективтік жағына қатысты белгілер («5», «6»-т.) — аса қатігездікпен адам өлтіру («5»-т.); көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен адам өлтіру («6»-т.). кейбір авторлар объективтік жаққа адамды өлтіруді адамдар тобы, алдын-ала сөз байласу арқылы адамдар тобы немесе ұйымдасқан топтың жүзеге асыруын («7»-т.) жатқызады.

Субъективтік жаққа қатысты белгілер («8», «9», «10», «11», «12»-т.) — пайда табу мақсатымен, сол сияқты жалданып не қарақшылықпен, қорқытып алушылықпен, не бандитизммен ұштасқан адам өлтіру («8»-т.); бұзақылық ниетпен адам өлтіру («9»-т.); басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен жасалған, сол сияқты зорлауға немесе жыныстық қатынас сипатындағы күш қолдану әрекеттерімен ұштасқан адам өлтіру («10»-т.); әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық не қанды кек себебі бойынша адам өлтіру («11»-т.); жәбірленушінің мүшелерін немесе тінін пайдалану мақсатында жасалған адам өлтіру («12»-т.).

Субъектіге қатысты белгілер («7»-т.) — адамды өлтіруді адамдар тобы, алдын-ала сөз байласу арқылы адамдар тобы немесе ұйымдасқан топтың жүзеге асыру арқылы адам өлтіру («7»-т.); ҚК 100-103-баптарында көзделген әрекеттерден басқа, бұрын адам өлтірген адам жасаған адам өлтіру («8»-т.).

Бұл саралауды шартты деп қарастыру керек. Себебі кез-келген объектілік белгі қылмыстың субъективтік жағынан көрініс тауып жатады. Ал адам өлтірудің аса жоғары қауіптілігі қарақшылықпен, бандитизммен немесе бопсалаушылықпен астасып жатыр. Бірақ осылайша саралау ҚК 99-бабы 2-бөлімі бойынша нақты адам өлтіру түрін дұрыс саралауға көмектеседі.

Жалпы Қазақстан Республикасы ҚК-нің адам өлтіруді бұлайша саралауы толық сипатқа ие. Адам өлтірудің кейбір түрлерін ажыратуда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысын оқып білу қажет.

Екі немесе одан да көп адамдарды өлтіру — ҚР ҚК 99-бап. 2-б. «1»-т.

Зардаптарының аса ауырлығымен сипатталады. Осыған ұқсас белгі бұрынғы Қылмыстық кодексінде де болған, сондықтан сот практикасы оны бағалаудың өзіндік критерийін жасаған болатын. Екі немесе одан да көп адамдарды өлтіру біртұтас қылмысты білдіреді. Барлық жәбірленушілерге зиян не бір мезгілде, немесе қысқа уақыт

аралығында жасалады, яғни ең бастысы айыптының іс-әрекеті бір ниетке бағытталған — екі немесе одан да көп адамдарды өлтіру.

Уақыт аралығының алшақтығы немесе басқа да бірегей ниетін білдіретін жағдайларда адам өлтіру ҚР ҚК 99-бабы 2-бөлімі «1»-тармағы бойынша сараланбайды. Мұндай жағдайларда ҚК 99-бабы 2-бөлімі «13»-тармағы қолданылады (ҚК 100-103-баптарында көзделген әрекеттерден басқа, бұрын адам өлтірген адам жасаған адам өлтіру).

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысында былай деп көрсетілген: «егер қылмыс бір немесе бірнеше әрекет арқылы қысқа уақыт аралығында орындалса жәбірленушіне де айыптының бірнеше адам өлтіруге тікелей немесе жанама ниетінің болғаны анықталса ол екі немесе одан да көп адамды қасақана өлтірген жағдай деп саралануы керек. Айыптының ниеті бірнеше адамды өлтіруге бағытталып, бірақ аяқталған қылмыс ретінде — екі немесе одан да көп адамды өлтіргендік деп қарастырмайды, себебі — қылмыс субъектісінің еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша оның бірнеше адамды өлтіру ойы жүзеге аспай қалды». Бұл жағдайда айыптының әрекетін ҚК 99-бабының 1-бөлігі және 24-баптың 3-бөлігі бойынша және басқа сараланатын белгілердің болуына қарай ҚК 99-бабы 2-бөлімі «1»-тармағы бойынша саралануы керек.

Мұнда айыптының бір мезгілде бір адамды өлтіріп, екінші адамды өлтіру мақсатында шабуыл жасау әрекетінің еш қатысы жоқ. Себебі екі адамды өлтіру бір қылмысты білдіреді. Осынысымен де ол бірнеше рет жасалған адам өлтіруден ерекшеленеді. Осы жағдайда жазаны бірегей қылмыс жиынтығы ережелері бойынша белгілеу дұрыс болар ма екен. Қылмыстық құқық ғылымында оны шешудің бірнеше жолдары көрсетілген болатын. Мысалы, Л. В. Иногамова-Хегайдың ойынша бір адамды өлтіру туралы норма «екі немесе одан да көп адамдардың өміріне қауіп төндіру нормасының бүтіні емес, мазмұнының бөлігі ғана», ал «бүтін мен бөлікті салыстырғанда бүтіннің жеңеті-ні белгілі». Барлық әрекеттерді бір қылмыс деп есептеу бұл қылмыстың қауіптілігін төмендетіп, айыптының жауапкершілігін жұмсартар еді. Осыған байланысты сот практикасы заң талап етіп отырғандай мұндай жағдайларда саралау жолымен қарастыруы керек.

Дегенмен, бұл жолдың да өз қиыншылығы бар. Қылмыстың жиынтығы деп танылған жағдайда жаза 25 жылға дейін бас бостандығынан айыру ретінде қолданылады. Ол айыптының бастаған ісін аяқтауға, яғни тірі қалған куәгерлерді де өлтіруге итермелейді, бұл жағдай қылмыс жиынтығына жатпайды. Мұндай қарама-қайшылықты

шешу үшін заңды қолдану керек, яғни жиынтық деген ұғымды нақтылау қажет.

Екі немесе одан да көп тұлғаларды бір мезетте өлтіру әртүрлі себептердің болуын жоққа шығармайды, мысалы, қызғаныш сезімімен бұрынғы әйелін өлтіру және жасаған қылмысты жасыру мақсатында кездейсоқ куәгерді өлтіру. Егер осы себептердің бірі ҚК 99-бабы 2-бөлімінде қарастырылса, онда ол саралауда көрсетілуі керек. Басқа адамды өлтіру ниеті алдында жасаған адам өлтіру қылмысын жасыру мақсатында кейіннен пайда болса, ол екі адамды өлтіру деп сараланбайды. Әрбір жасалған қылмыс жеке саралануды қажет етеді.

Бір уақытта бір адамды өлтірген және екінші адамды абайламай өлтірген айыптының әрекетінде бұл қарастырылып отырған қылмыстың құрамы жоқ, ол екі қылмыстың жиынтығы: адам өлтіру жәбірленушіне абайсызда кісі өлтіру қылмыстары ретінде сараланады.

Егер екі немесе одан да көп адамды өлтіру көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалса, бұл әрекет ҚК 99-бабы 2-бөлімі «1» және «б» тармақтары бойынша саралануы керек.

Егер екі адам өлтірудің біреуі жеңілдететін мән-жайларда жасалса (97-100-баптары) онда ҚК 99-бабы 2-бөлімі «1»-тармағы қолданыла алмайды.

Қызметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына не кәсіби немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты адамды немесе оның жақындарына қатысты адам өлтіру — ҚР ҚК 99-бап. 2-б. «2»-т.

Адам өлтірудің бұл түрі аса қауіпті қылмыстар қатарына жатады, себебі мұнда тек жәбірленушінің ғана емес басқа да объектілерге: тұлғаға өзінің қызметтік іс-әрекетін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін немесе кәсіби не қоғамдық борышын орындауға байланысты қоғамдық қатынастарға да қол сұғылады.

Осы қылмыс бойынша жәбірленушілер қызметтік міндетін атқарушы (лауазымды немесе басқа да адамдар), сондай-ақ кәсіби немесе қоғамдық борышын орындаушы азаматтар немесе олардың жақындары болуы мүмкін. Бұл қылмысты жасағанда айыпты жәбірленушінің өз қызметтік міндетін немесе қоғамдық не кәсіби борышын заңды түрде атқаруына қарсы тұрады немесе сол үшін өш алады. Мысалы, браконьердің өзін ұстаған адамды өлтіруі, тергеуге немесе сотта куәгер ретінде жауап берген адамды өлтіру.

ҚК 99-бабы 2-бөлімінің осы тармағы бойынша жауаптылыққа тартқанда адам өліміне себеп болған әрекеттің қашан жасалғандығы маңызды емес. Жәбірленушінің өз қызметтік міндетін немесе кәсіби борышын атқару кезінде ғана өлтірілуі шарт емес.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысы, былай деп көрсетілген: «егер қылмысты жәбірленушінің өз қызметтік міндетін немесе кәсіби борышын атқару кезінде жасауға байланысты саралау кезінде заң жәбірленушінің өз қызметтік міндетін немесе кәсіби борышын атқаруындағы қандай заңды әрекеттері айыптының оған қарсы қылмыс жасауына әкеп соққанын анықтауы керек».

Қызметтік борышын жүзеге асыру дегеніміз — адамның мемлекеттік немесе басқа да кәсіпорында, мекемеде жұмыс істейтіндігіне қарамастан өз міндетіне жататын әрекеттерді жасауы.

Қоғамдық борышты атқару дегеніміз — кез келген азаматтың өзіне жүктелген әлеуметтік міндетті, сондай-ақ қоғам немесе жеке адамдар мүддесін көздейтін кез келген басқа әрекеттерді орындау (қылмыстың алдын алу, қылмыскерді ұстау, т. б.).

Р. Э. Оганян, А. Г. Кибальник, И. Г. Соломенко қызметтік борышты әдеттегі ең-бек келісім шартымен белгіленген қызметтік шеңбердегі міндеттерді атқару деп таниды. Қызметтік борышты жүзеге асыру деп, адамның жәбірленушінің жұмыс істейтін мемлекеттік немесе өзгедей кәсіпорындарға, ұйымдарға қарамастан қызметтік борышын жүзеге асыру әрекетіне тануға болады. Қоғамдық борыш – адамның тиісті атқаратын міндетіне кірмейтін қоғамның міндеті үшін атқаратын әрекеттер.

Қоғамдық борышты атқару деп кез келген азаматтың әлеуметтік жүктелген мін-денттерді атқаруы, сол сияқты қоғамның немесе жекелеген адамның мүдделері үшін басқа да қызметтерді жүзеге асыруын тануға болады (құқық бұзушылықтың жолын кесу, қылмыскерді ұстау және басқалар).

Мысалы, Л. жәбірленушінің қоғамдық борышын орындау кезінде адам өлтіргені үшін айыпталды, ол мына жағдайларда өткен болатын: мерекелік кеште мас күйіндегі Л. бұзақылық әрекеттерге барып, сахнаға шығып алып, онда тұрған барабандыяғымен тепкілей бастаған. Оркестрант ескерту жасап, оның сахнадан кетуін өтінген. Бірақ ол бұзақылық әрекеттерін тоқтатпастан, енді киім шешетін жерде жалғастырды. Күзетші К. Л-ға ескерту жасап, оны полиция бөліміне жеткізетінін айтқан. Бұл ескертпелерге көңілі толмаған Л. одан өш алатынын айтып, оған шабуыл жасап, жерге құлатып аяғымен басынан және басқа да дене мүшелерінен тепкілей бастаған. Алған дене жарақаттарынан К. сол жерде қаза тапты.

Қылмыстық, азаматтық істердің, сондай-ақ материалдың сотта қаралуына, алдын ала тергеудің жүргізілуіне не үкімнің сот шешімінің немесе өзгедей сот актісінің орындалуына байланысты судьяның, прокурордың, тергеушінің анықтама жүргізуші адамның, қорғаушының, сарапшының, сот приставының, сондай-ақ олардың жақындарының өміріне қастандық жасау (не өлтіру) арнаулы норма — ҚК 340-бабы бойынша жауаптылыққа апарады. Құқық қорғау органдарының адамы болып табылмайтын, бірақ өзін айыпталушыға сондаймын деп таныстырған жәбірленушіне қоғамдық тәртіпті қорғауға бағытталған әрекеттер жасаған адамның өміріне қастандық жасау ҚК 96-бабы 2-бөлімінің «б»-тармағы бойынша саралануы тиіс.

Кәсіби борышқа адамның кәсіби мәртебесі жүктейтін міндеттер жатады. Қылмыстық заң тек қызметтік міндетті не кәсіби немесе қоғамдық борышты атқарушы адамдарға ғана емес, олардың жақындарын да қорғайды. Жақындар деген түсінікке тек арғы-бергі туыстар ғана жатпайды, сонымен қатар достық, сүйіспеншілік қатынастағы (қалыңдық, күйеу бала, достар, т. б.) адамдар да жатады.

Жақын адамды өлтіру жәбірленушінің қызметтік кәсіби немесе қоғамдық борышты атқарумен байланысты болады, оны өз қызметін атқарудан бас тартқызу мақсатында немесе сол қызметі үшін өш алу мақсатында жасалады.

Дәрменсіз жағдайда екендігі айыпкерге белгілі адамды өлтіру, сол сияқты адамды ұрлауы мен не адамды кепілге алумен ұштасқан жағдайда адам өлтіру — ҚР ҚК 99-бабы 2-б. «3»-т.

Бұл — 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодкесінде бұрын болмаған адам өлтірудің сараланған түрі. Адамды ұрлау не адамды кепілге алу оқиғаларының көбею, дәрменсіз жағдайда адамға қастандық жасау фактісіне қоғамдық басқа көзбен қарауы, бұл жайларды адам өлтірудің саралаушы нышандары ретінде санауға негіз болады. Бір тармақта екі ұштасқан жағдай біріктірілген: біріншісі жәбірленушіні сипаттайды, екіншісі — ең алдымен әрекет тәсілінің ерекшелігін білдіреді.

Адамның дәрменсіз жағдайы дегеніміз — адамның физиологиялық немесе басқадай себептермен (әлі жас, қартайған, ауру, кеміс: соқыр, керең, ақсақ, шолақ, т. б.) қылмыскерге жөнді қарсылық көрсете алмауы. Адам өлтірудің бұл түріне ұйықтап жатқан немесе қатты мас адамды, сондай-ақ басқа бір себептермен есінен таныған адамдарды өлтіру де жатады. Бұл жағдайда жәбірленушінің дәрменсіз екендігі айыптыға белгілі болуға тиіс.

Шындығында, жас сәбиді, қарт адамды, мүгедекті өлтіру айыптының аса қатігездік танытып жасағанын, жүрексіздігін көрсетеді. Сондықтан сот практикасы мұндай адам өлтірулерді аса қатігездікпен жасалған қылмыс деп қарап келді. Ұйықтап жатқан немесе қатты мас адамды өлтіру қылмысына келетін болсақ ол кінәлінің аса қатігездігін білдіре қоймайды. Ал дәрменсіз жағдайы айыптыға белгілі болғанына карамастан адам өлтіруді заң шығарушылар жеке сараланатын белгі деп тауып, оны аса қатігездікпен байланыстырмай отыр. Соған карамастан көпшілігі Қазақстан Республикасы ҚК 96-бабы 2-бөлімі «в»-тармағын ұйықтап жатқан, мас немесе ессіз жатқан адамды өлтіруге қолдануға болмайтынын айтады.

Бұл көзқарасты жақтаушылар дәрменсіз жағдай жәбірленушіге қосымша ерекше зардап тигізетінін алға тартады. «Ол өзін қазір немесе сосын міндетті түрде өлтіретінін сезеді, бірақ физикалық жағдайының жоқтығынан оның күші қарсыласуға да, көмекке шақыруға да дәрменсіз». «Жәбірленуші адам өзінің қандай да бір жағдайларына байланысты дәрменсіз екенін түсінеді де, адам өл-тіруші алдында дәрменсіз болып қала береді». Осыдан келіп ұйықтап жатқан немесе ессіз жатқан адам дәрменсіз болып есептелмейді деген қортынды шығаруға болатын сияқты.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты ұйқыны дәрменсіздік жағдай деп есептемейді. Мысалы, қызметтес достар Л., Д., және С. соңғысының үйінде спирттік ішімдіктер ішіп отырады. Спирттік ішімдік ішу барысында Л. мен Д. арасында сөзге келіспеушілік туады да, соңынан Л. тұрып, жататын бөлмеге кетіп қалады. Біраз уақыт өткеннен кейін жататын бөлмеге Д. кіріп, ұйықтап жатқан Л-ды өлтіреді. Алдын ала тергеу органдары мен сот айыптының әрекетін ҚК 99-бабы 2-бөлімі «3» тармағы бойынша саралады (дәрменсіз жағдайда екендігі айыпкерге белгілі адамды өлтіру). Кассациялық өтінішті қайта қараған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Л. әрекетін ҚК 99-бабы 1-бөлімі бойынша қайта саралап, ұйқыны дәрменсіз жағдай деп есептемей тас-тады.

Мұндай шешіммен біздің ойымызша келісуге болмайды. Құрбанның дәрменсіз жағдайы — объективті категория. Бұл жағдай жәбірленушінің сана-сәзімінен тыс жағдайда пайда болады.

Бұл адам өлтірудің түрінің жоғарғы қауіптілігі жағдайына байланысты өзін-өзі қорғай алмайтын немесе өз өміріне жасалған қол сұғудан қорғана алмайтын әр адамды қорғауға бағытталған қамқорлыққа байланысты.

Бұл қылмыс объективтік жағынан да қауіпті, себебі жәбірленуші ұйықтап жатқанда, есін білмей жатқанда, қатты мас күйінде жатқанда немесе басқа да себептерге байланысты есінен танып жатқанда қылмыстық әрекеттің нәтижесіне жету әлдеқайда жеңілдейді. Мұндай қылмыс субъектілік жағынан да қауіпті, себебі құрбанның дәрменсіз халде жатқанын білу қылмыстық ниеттің жүзеге асуын жеңілдетеді, тіпті арандату рөлін де атқаруы мүмкін. Қылмыскерге құрбанның өз өміріне қол сұғушылық жасалатынын білмеуі, сондықтан да оған еш қарсылық көрсетпейтіндіктен оны өлтіру оңай шешілетініне сенімді болады.

Жәбірленушінің дәрменсіз жағдайы кінәліге байланыссыз жағдайларда туындауы да мүмкін. Жәбірленушінің дәрменсіз жағдайы бағаланатын белгілер қатарына жатады. Дәрменсіз жағдай қандай болса да соттың бағалау заты болуы тиіс. Бұл адамның жасына да қатысты. Егер жас бала немесе қарт адам жақсы қаруланған болса және қаруды жақсы меңгерсе олөздігінен дәрменсіз деп саналмайды. Сондай-ақ қарттық шақтың балалық шақпен салыстырғанда нақты нормативтік шегі жоқ. Сот практикасы кімді «егде тартқан» деп есептеуде қиындыққа ұшырап келеді. Бұл фактілік мәселе болар. Бірдей жасаған бір адам жасына қарай дәрменсіз болса, екіншісі дәрменсіз болмайды.

Осы сияқты ауру да дәрменсіздікті білдірмейді. «Аурулардың ішінде адам өлтірушіге қарсыласа алатындары да болады, себебі олардың аурулары қылмыскерге белсенді қарсыласа алатын немесе одан қашып кететін қабілеттерін жоғалтпайды».

Дәрменсіз жағдайдағы адамды өлтіруді жәбірленушінің басқа да: кенеттен шабуылдау, жасырын немесе сұрқия жолдармен өлтіру сияқты себептерге байланысты адам өлтірушіге қарсыласа алмайтын жағдайлардан ажыратып алу керек. Оған мысал ретінде мергеннің оқ атуы, жасырынып тұрып шабылдау, кенеттен пышақ салу, жарылғыш заттарды қолдану, тамақпен улау және т. б. келтіруге болады. Егер жәбірленуші оны өлтіруге ниеттенген айыптының кесірінен дәрменсіз күйде қалса (жарақаттау, байлау, оңаша жерге апару, т. б.), онда ҚК 99-бабы 2-бөлімі «3»-тармағы қолданылмайды.

Екінші ұштастырылған жағдайға ҚК 99-бабы 2-бөлімі «3»-тармағында алғаш рет аталып, соңғы кездері көбейіп кеткен кепілге адам алу жәбірленушіне адамдарды ұрлау жағдайы жатады. Қаруланған қылмыскерлерге ұсталған адам әдетте дәрменсіз болып қалады. Бірақ адамды ұрлаған немесе кепілге алған жағдайда адам өлтіруді ұрланған немесе кепілге алынған адамның ғана өлуі емес,

басқа да адамдардың өлімі (мысалы, ұрлауға кедергі жасаушы немесе кепілді босатуға тырысқан) деп те түсіну керек.

Ұрланған немесе кепілге алу арқылы адам өлтіру қарастырылып отырған белгіге ұқсас болғандықтан, олар ҚК 99-бабы 2-бөлімінде бір тармаққа біріктірілген. Ұрланған немесе кепілге алынған адам да дәрменсіз қалады. Мұндай адамды өлтіру ҚК 99-бабы 2-бөлімі «3»-тармағы бойынша және ҚК 125 -баптары бойынша сараланады. ҚК 99-бабының 2-бөлімінің осы қарастырылып отырған тармағы қолданылғанда жәбірленушінің ұрланған кезде немесе бірқатар уақыт өткеннен кейін қаза болғандығы ескерілмейді. ҚК 99-баптың 2-бөлімінің «в»-тармағы ұрланған немесе кепілге алынған адамның өлтіргендігін ғана емес, сонымен қатар адамды ұрлауға немесе кепілге алуға байланысты басқа адамдардың өлтіргендігін де қамтиды (мысалы, кепілді босатуға тырысқан немесе ұрлауға кедергі келтірген адамды өлтіру).

Жүкті екендігі айыпкерге белгілі әйелді өлтіру — ҚР ҚК 99-бап. 2-бөлімі «4»-т.

Бұл қылмыс түрі үшін жауаптылық қатаң, себебі мұнда қылмыскер әйелді ғана өлтіріп қоймай, бойына жан біткен, бірақ әлі өмірге келмеген ұрпақты да өлтіреді.

Бұл тармақты қолданудың бірден-бір шарты — әйелдің жүкті екендігін айыпты білуге тиіс. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысы, былай деп көрсетілген: «айыптының жәбірленушіні өлтіру кезінде оның жүкті екенін білгенін анықтау жеткілікті, мұнда оның жүктілік мезгілінің, тұқымның өміршеңдігінің, әйелдің жүктілігіне байланысты қандай да бір медициналық есепте тұруының еш маңызы жоқ» айыпты адам әйелдің жүктілігін сырт пошымынан, әйелдің өз сөзінен немесе медициналық құжаттармен танысу арқылы біле алады. Әйелдің жүкті екендігін білмеген адам бұл тармақ бойынша жауапқа тартылмайды. Және де, қылмысты осы тар-мақпен саралау үшін іштегі баланың әйелге қастандық жасау нәтижесінде одан бұрын өлгендігінің заңдық маңызы жоқ.

Егер айыпты адам әйелді жүкті екен деп ойлап өлтірсе, бұл әрекет екі қылмыстың жиынтығымен сараланады — біріншіден, жүкті екендігі айыпкерге белгілі әйелді өлтіру және жай немесе басқа да ауырлататын мән-жайлармен сараланатын адам өлтіру. Жәбірленушіні шатастырып, басқа адамды өлтірген жағдайда да қылмыс осылай

сараланады (өлтіруге тиісті жүкті адамның орнына қателесіп айыпты ондай жағдайда емес басқа адамды өлтіреді).

Жүкті әйелді өлтіргенде айыптыда жәбірленушінің өліміне қатысты тікелей ниет те, жанама ниет те болуы мүмкін. Өлтіру себептері әртүрлі болғанымен, олардың қылмысты саралауға ықпалы болмайды. Мысалы, жүкті әйелді қызғаныштан өлтірген адам ҚК 99-бабы 2-бөлімі «4»-тармағы бойынша жауапқа тартылады.

Аса қатігездікпен жасалған адам өлтіру — ҚР ҚК 99-бап. 2-б. «5»-т.

Жәбірленушіні аса қатігездікпен қасақана өлтіру айыптының ерекше аюандық әрекеттерге баруы, адамгершілік шегінен шығуы, садизмді қарастырады.

Аса қатігездікті мынадай мән-жайлар сипаттайды:

өлтіру тәсілі (жәбірленушінің денесіне көптеген жарақат салу, көму, ас, су бермеу, уландырып қинау, қышқылмен күйдіру және т. б.);

өлтірер алдында немесе өлтіргенде садистік қылық көрсету (қинау, зорлау, жанын күйзелту);

жәбірленушіні жақындарының көзінше өлтіру, оларды күйзелту.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 11.05.2007ж. «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысы, былай деп көрсетілген: «қасақана өлтіруді аса қатігездікпен жасалған ретінде сипаттайтын мән-жайларға баға бергенде аса қатігездік тек объективтік әрекеттермен ғана емес, сонымен қатар айыптының өз іс-әрекетіне психикалық қатынасымен де сипатталатынын ескеру қажет».

Аса қатыгездіктің нысандары болу үшін айыпкер өлтірер алдында немесе өлтіріп жатқан кезде жәбірленушіні қинайды, жанын күйзелтеді, не алдын ала әдейі қинап өлтіреді (денесіне көптеген жарақат салады, ұзақ уақыт жанын қинайтын береді, денесін күйдіреді, аштықта, шөлдетіп ұстайды, т. б.).

Айыпты жәбірленушіні өлтіру мақсатында дене жарақаттарын жасап, соңында оны бензинмен өртегеннен кейін жәбірленушінің өлуі де аса қатігездікпен жасалған деп есептеледі.

Жоғарыда атап өткендей, аса қатігездік өлтіру тәсілімен де, айыптының аса қатігездікпен жасағанын көрсететін басқа да жағдайлармен байланысты. «Басқа жағдайлар» деген түсінікті анықтап беретін мына мысалды келтіруге болады: «... айыпты Ф., П., және С. жәбірленушіні орманға апарды, сол жерде Ф. Оған пышағын көрсетті,

ал П. Оны өлтіретіндерін айтты. Осыдан кейін жәбірленуші арқанмен байланды. Жағылған май шамдар жарығымен П. Жәбірленушіге «реланиум» препаратын салды, Ф. шұңқыр қазды да, жәбірленушіні шұңқырға алып келді. Жәбірленуші оны өлтірмеуін өтінді, оларды милицияға хабарламайтынын айтып жалынды. Бірақ П. «оны тірідей қалдыруға болмайтынын» айтты. Ф. жәбірленушіні шұңқырдың жанына әкеп, кеудесіне жүректі көздеп пышақ салды. Жараланған жәбірленуші қашып кетуге талпынды, бірақ Ф. Оны қуып жетіп, шұңқырға алып келді. Жәбірленуші тағы да оны өлтірмеулерін сұрады, бірақ П. оны өлтіруді «аяғына дейін жеткізуді» талап етті, ал Ф. одан бас тартты. Сонан соң П. күректі С-ға берді де, соңғысы жәбірленушінің басына бірнеше соққы жасады. Содан П. жәбірленушінің орға жатуын талап етті, ол талабын орындағанда, оның басы мен мойнына күректің қырымен бірнеше соққы беріп, содан жәбірленуші қайтыс болды. Бұл мысал кісі өлтіру кезіндегі асқан қатыгездіктің белгісі ретінде құрбанды жәбірлеудің жолдарын айтарлықтай сипаттаған.

Жәбірленушіні өлтірген соң, мәйітті қорлау кінәлінің асқан қатігездігін куәландырып, ҚК 99-бабы 2-бөлімінің «5»-тармағы бойынша әрекетін саралауға негіз болады. Осы қаулыда аса қатыгездік «жәбірленуші адамның жақындарының көзінше кісі өлтіруде де байқалады. Бұл жағдайдағы кінәлінің субъективтік қатынасы жәбірленушінің өмірін алуға ғана емес, осы процестің куәсі болған оның жақындарына ерекше азап келтіруге бағытталған тікелей ниетпен бағытталады. Мұнда сотқа кісі өлтіру кезінде жәбірленуші адамның жақындарының болу фактісін ғана емес, олардың көзінше кінәлінің қылмыс істегенін куәландыруды анықтау ұсынылады. С. В. Бородин былай деп жазады:

«Аса қатыгездікпен істелген кісі өлтіруді зерделеу мұндай кісі өлтіруді саралаудағы қатенің негізгі себебі — соттар қылмыс құралының субъективтік жағының призмасы арқылы емес, аса қатыгездікті куәландырушы белгілерді өздігінше жиі бағалайтынын көрсетеді». Мұндай баға беру жағдайында, бір жағынан әңгіме қасақана қылмыс ретінде кісі өлтіру туралы, демек, ауырлатылған жағдайға қатысты абайсыздық ескерілмейтіні, екінші жағынан, кісі өлтіріп алудағы кінәлінің ниетінің түрлері мен оның аса қатыгездікке қатысының сәйкес келмеуі әрқашан ескеріле бермейді. Тікелей ниетпен кісі өлтіру болып, жанама ниет туралы куәландыратын аса қатыгездікке қатысы жоқ оқиғалардың болуы әбден мүмкін. Аса қатыгездікке қатысты ниет түрін анықтамай, кісі өлтіру жағдайын толық анықталды

деп санауға болмайды. Біздің ойымызша, аса қатыгездіктің болуы туралы мәселені шешу үшін жалғыз мүмкін және сенімді өлшем болып табылады.

Қылмыстық құқық доктринасы тікелей де, жанама ниет бұл болмыстың нәтижесінің болуын сезетін алдын-ала көріп-білуден тұрады деп санайды. Яғни кінәлі сонда әрекетінің сипатын сезініп, аса қатыгездікпен әрекет етеді, аса қатыгездік болып табылатын басталған нәтижені қалайда немесе саналы түрде жол береді.

Бір-бірінің көзінше жақын қатынастағы бірнеше адамды кезекпен өлтіру аса қатыгездікпен істелген деп қарастырылу керек.

Мәселен, Б. өзінің әйелі, келіні мен ұлы тұрып жатқан үйіне мас болып келіп, келінімен жанжалдасып қалып, нақты күш қолданып, ұлы мен келінінің бас сүйектерін зақымдайды. Содан олар кінәлі Б.-ға ешқандай қарсылық көрсете алмайды. Б. оған қарамастан, бақшадан темір істік әкеліп ұлы мен келінінің өмір сүретін маңызды органдарына бірнеше соққы жасайды да, олар содан қайтыс болады. Б.-ның кісі өлтіруді аса қатыгездікпен істегенін жәбірленушілерге ауыртпалық әкелген ауқымды дене жарақатын салудан басқа, кісі өлтіру шешесінің және бір-біріне жақын күйеуі мен әйелінің көзінше болуы куәландырады.

Кінәлінің әрекетін сот аса қатыгездікпен кісі өлтіру ретінде ҚК 99 бабы 2-бөлімінің «5»-тармағы бойынша саралады.

Жақындар деген ұғымды заңнама жәбірленушіге туыс адамдар ғана емес, сонда қарым-қатынастағылар да (заңды некеде емес жұбайы, күйеуі мен әйелі, қамқоршысы т. б.) жатады деп түсіндіреді. Өкінішке орай, қазіргі уақытқа дейін аталған санатқа қатысты адамдар шеңберін анықтауға бірдей көзқарас жоқ та, қылмысты саралауды мейлінше күрделендіреді. Біз бұл сұрақты шешуде аталған санаттағы адамдар жайлы сөз болғанда, тек ата-анасын, балаларын, асырап алғанын, асырағанды, туған және немере аға-қарындастарын, ата-әжелерін, немерелерін, жұбайларын, заңды некеде емес жұбайын қарастырмай, жақын есебіндегі басқа адамдарды да қарастыру керек, ол үшін мұндай оқиғаларда адамдардың өзара қатынасын түбегейлі тексеру керек. Сол сияқты әйелі мен күйеуі саналмайтын ғашық адамдарға, достарға қатысты қылмыс істелгенде адами фактор ретінде осындай аса маңызды сәтті есепке алу керек.

Аса қатыгездік ретіндегі ауырлатылған белгіні дұрыс қолдануды көптеген тергеушілер мен соттар сот-медициналық сараптаманың қорытындысынан іздеуге тырысады. Алайда, ҚР ҚК 241-бабы 1-тарауының сот-медициналық сараптама тек өлімнің себебін,

денсаулыққа келген зиянның сипаты мен ауырлық дәрежесін ғана белгілейді деп айтылған. «Аса қатыгездікті» анықтауды заң сот-медициналық сараптаманың құзырына бермейді. Сондықтан, С. В. Бородиннің пікірінше, кісі өлтірудегі аса қатыгездікті анық-тауда сот-медициналық сараптаманың қорытындысын назарға алмау керек. Кейбір жағдайларда дене зақымдарының сипаты мен жәбірленушінің өлімінің себебі туралы сарапшының қорытындысы басқа дәлелдермен жинақталып, аса қатыгездікпен кісі өлтіруді саралауға мүмкіндік береді. Мұнда, қандай жағдайларда да аса қатыгездік медициналық емес, заңдық ұғым екенін естен шығармау керек.

Аса қатыгездікпен өлтіргенде, кінәлі әрекетінің аса қатыгездік сипатын, сондай-ақ бұлай кісі өлтіруге саналы түрде жол бергенін сезінуі керек. Жоғарыда айтылғандай, аса қатыгездік кінәлінің объективтік әрекетінен ғана емес, психикалық қарым-қатынасынан да байқалады.

Бірақ «аса қатыгездік» ұғымы «медициналық» емес, «құқықтық». Кісі өлтірудегі бұл сараланған белгінің болу-болмауы туралы мәселені өркениетті қоғамда адамгершілік, моральдық нормаларға сай, тергеу немесе сот органдары шешеді.

Сарапшы — дәрігерлердің құзырына өлтірудің нақты тәсілінде өлер алдында жәбірленушінің ерекше зәбір көргендігі туралы сұрақты шешу кіреді. Мәйіттің көзін құртуды немесе оны бөлшектеуді мәйітті жәбірлеу мен аса қатыгездік таныту деп әрдайым қарастырмау керектігін айта кеткен жөн. Егер бұл әрекеттер кісі өлтіруді жасыру, сондай-ақ жәбірленушінің етін пайдалану (каннибализм) мақсатында істелсе, аса қатыгездік белгісін құрамайды.

Аса қатыгездіктің мотивтері әр түрлі болады: қастық, қызғану, кек, пайдакүнемдік және т. б. Олар ҚК 99-бабы 2-бөлімінің «5»-тармағы бойынша кісі өлтіруді саралауға әсерін тигізбейді.

Кісі өлтіруді саралаудағы көптеген қателіктер аса қатыгездікті куәландыратын жағдайлар өзіндік мәнге ие болуымен байланысты.

Бұл көбінесе, кісі өлтіру процесінде көптеген дене жарақатын аса қатыгездікпен салудан байқалады. Жарақаттың көп болуы кінәлінің аса қатыгездігімен ғана емес, оның қозу күйімен, жағдайды бағалай алмаушылығымен, құрбанның қатты қарсыласуында қолындағы құралының немесе әрекет қабілетінің жетімсіздігінен басталған қылмысты тез аяқтауға тырысушылығымен шарттасады. Жарақаттар санын оның салынған уақытымен, ниеттің қалыптасу сәтімен, кісі өлтіру мотивімен, істің мән-жайымен салыстыра бағалау керек.

Аса қатыгездікпен істелген кісі өлтіруді білу үшін кінәліде аса қатыгездікпен қылмыс істеу ниетінің болғанын анықтау қажет.

Кісі өлтіру ҚК 99-бабы 2-бөлімнің «5»-тармағы бойынша кінәлі аса қатыгездік көрсетуге арнайы ұмтылғанда ғана емес, ол құрбанның өмірін алуда бұл тәсілдің ерекше азапты екенін сезініп, әдейілеп соған бару оқиғасында да саралануы мүмкін.

Көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған кісі өлтіру — ҚР ҚК 99-б. 2-б. «6»-т.

Кісі өлтірудің осыған ұқсас түрі Қаз КСР ҚК-де «көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен кісі өлтіру» болып белгіленген. Кісі өлтіру құралының жоғары сапасын ғана емес (жарылғыш заттар, от, автоматты оқ ататын қару, автомобиль т. б.), оны қолданудың нақты тәсілін ескерген жөн.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 11.05.2007ж. «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысы, былай делінген: «Көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған кісі өлтіруді саралау үшін белгілі адамды өлтіру ниетін жүзеге асыра отырып, кінәлінің басқа да адамдардың өмірі мен денсаулығына шынайы қауіп төндіретін тәсілді қолданғанын саналы сезінгенін анықтау керек».

Демек, кісі өлтіру тәсілінің өзі маңызды-жалпыға қауіпті, яғни көптеген жағдайларда мұндай кісі өлтіру тәсілі (өртеу, жару, автоматтық қарумен шоғырланған топқа ату, бірнеше адамы бар автомобильді апатқа ұшырату т. б.) көптеген азаматтардың өміріне қауіпті болып табылады.

Кісі өлтірудің бұл түріне әр түрлі автоматтық құралдар көмегімен кез келген адамның өміріне қауіп төндіретіндей тәсілдер де жатады. Адамдар жоқ жерде бір адамды өлтіру процесінде бірнеше адамды өлтіретіндей құралдарды пайдалану қарастырылған белгінің болуын білдірмейді. ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «6»-тармағы бойынша қасақана кісі өлтіруді саралауда кінәлінің қолынан жәбір көрген адам саны мәнге ие болмайды. Тек бір адамның өмірден өтуі егер өлтіру тәсілі бірнеше адамның өміріне қауіп төндірсе, ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «6»-тарамағын қолдануға тыйым салмайды. Мұнда басқа адамға өлім келтіру қауіпі тек болжам емес, шынайы болуы керек.

Кісі өлтірудің қарастырылған бұл түрінде кінәлі белгілі бір адамды өлтіргенде тікелей ниетпен әрекет етеді. Кінәлінің басқа адамның өміріне немесе денсаулығына зиян келтіруі жанама ниет формасында байқалады. Егер басқа адамның өміріне қауіпті тәсілмен бір адамды өлтіру бірнеше адамның қазасына әкелсе кінәлінің әрекеті

ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «1», «б»-тармақтары бойынша саралауға жатады.

Егер аталған әрекет бір адамның өлімі мен басқа адамның зиян шегуіне әкелсе, саралау ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «б»-тармағы және денсаулыққа зиян келтіргені үшін жауапкершілікті қарастыратын ҚК-ң сәйкес баптарымен ҚК баптарының жиынтығы бойынша жүргізілуі керек.

Көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен кісі өлтіру оқиғасында кінәлінің қалауындағы емес, басқа адам өлсе, бұл әрекетті ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «б»-тармағы бойынша саралау керек.

Алайда, көптеген адам өміріне қауіпті тәсілмен істелген өлтіруді анықтауда алдын-ала тергеу органдары мен соттар әрдайым істің мән-жайын түбегейлі зерделей бермейді. Біз осындай кісі өлтіру кезіндегі кінәлі мен жәбірленушінің арасындағы ара қашықтық жайында айтамыз: Н. мен оның жұбайы В. облыс аудандарының бірінен туыстарына келеді. Олардың келуіне байланысты спирттік ішімдіктер ішіліп, нәтижесінде Н. мен жұбайы В-ның ағасы З. арасында жанжал туады. Қорланған З. үйіне барып, пистолетін алып келіп, Н-ді атып тастайды. Алынған жарақаттан ол қайтыс болады.

Алдын ала тергеу органдары мен сот З-ның әрекетін көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен істелген кісі өлтіру, яғни Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «б»-тармағы бойынша саралады. Облыстық сот үкімді өзгеріссіз қалдырды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты кінәлі З-ның әрекетін ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «б»-тармағынан Қазақстан Республикасы ҚК 99-бабы, 1-бөлімімен қайта сараланды. Өйткені қылмыстық істі зерделеу барысында кінәлі З. өз туыстарының ортасында жәбірленуші Н-ді көріп, оған жақындап дәлдеп атқандығын сот-медициналық сараптаманың қорытындысы және куәлардың көрсетпелерін растады. ҚР Жоғарғы Соты дәлдеп атуды көптеген адам өміріне қауіпті тәсіл деп санамайды.

Кінәлі М. әрекетіне дұрыс баға берілген. Іс негізі төмендегідей: кешкілік, ауылдық жерде бір кафенің жанынан М. мас күйде өтіп бара жатып, өзіне қатысты айтылған, мас жағдайына байланысты жас адамдар тобынан балағаттауды естиді. Өш алу үшін М. үйіне келіп, қару алып, жанына өткен кафеге келеді. Алайда, жәбірлегендердің түрі есінде жоқ, тәуліктің қараңғылық басқан кезі болғандықтан, кінәлі М. кафе алдында кездескен адамдар тобын ата бастайды. Оқ ату нәтижесінде есік алдындағы бір адам өледі.

Алдын ала тергеу және сот органдары кінәлі әрекетін ҚР ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «б»-тармағы бойынша бірнеше адам өміріне қауіпті тәсілмен жасалған өлім деп дұрыс саралаған.

Ұйымдасқан топ немесе алдын ала келіскен адамдар тобының жасаған кісі өлтіруі — ҚР ҚК 99-бабы, 2-бөлімі, «7»-тармағы

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5-мамырдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыспен күрес мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» Заңымен енгізілген өзгерістер нәтижесінде ҚР 99-бабы, 2-бөлімінің «7»-тармағын, бұрынғы редакциясында қарастырылғандай ұйымдасқан топ жасаған кісі өлтіру деп қана емес, алдын ала келіскен ұйымдасқан топ немесе алдын ала келіскен адамдар тобы жасаған кісі өлтіруі деп саралау керек.

Адамдар тобы, алдын ала келіскен адамдар тобы ұғымы ҚР ҚК 31-бабында көрсетілген, ол қылмысқа қатысу формаларын анықтайды:

1. Егер қылмыс жасауға екі немесе одан да көп орындаушы күні бұрын сөз байласпай бірлесіп қатысса, ол адамдар тобы жасаған қылмыс деп танылады.

2. Егер қылмысқа бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол адамдар тобы алдын ала сөз байласып жасаған қылмыс деп танылады.

3. Егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасаса, ол ұйымдасқан топ жасаған қылмыс деп танылады.

Мәселен, Е., Л., О. және Н. қаланың түнгі клубтарының бірінде болып, спирттік ішімдіктер ішіп, М. және В. есімді екі қызбен танысады, оларға өз үстелдеріне отыруды ұсынады, қыздар келіседі. Осы уақытта бұл үстелге С. келеді, ол М-ның жігіті болатын, қыздың тұрып, өзімен бірге жүруін сұрайды, бірақ қыз қарсыласады. Осы уақытта әңгімеге Е., Л., О. және Н. араласып, С-ны басады, оған өздерінің үстеліне отыруды ұсынады. Алайда жігіт қарсы болып, қызға қатысты, отырған Е., Л., О. және Н-ға қатысты бірнеше балағат сөздер айтып, клубтан шығып кетеді. Е., Л., О. және Н. Ол сөзге жәбірленіп, үстелден тұрып, С-ның артынан шығады. Көшеде кетіп бара жатқан С-ны қуып жетіп, кейінгілер өлтіру мақсатында С-ны жолда табылған металл затпен бас-тан ұра бастайды. Алынған жарақаттан С. қылмыс барысында қайтыс болады.

Сот шешімімен Е., Л., О. және Н. әрекеті ҚК 96-бабы, 2-бөлімінің «7»-тармағы бойынша алдын ала келіскен адамдар тобы жасаған қылмыс деп сараланды.

Адамдар тобы жасаған кісі өлімінде өлімге әкеп соққан зақымдану олардың әрқайсымен жасалуы міндетті емес (мысалы, біреуі жәбірленушінің қарсылығын басып, оны қорғану мүмкіндігінен айырды, ал екіншісі өлім зардаптарын жасауы). Жоғарыда аталғандар бойынша жасалатын қорытынды мынадай: күш қолдану байқалмайтын кісі өлтіруге басқа да қатысулар бірге орындаушылықты құрамайды (мысалы, кісі өлтірушіге қылмыс барысында пышақты немес жіпті беру).

ҚР ҚК 31-бабы, 2-бөліміне сәйкес алдын ала келіскен адамдар тобының кісі өлтіруі деп, оған алдын ала келіскен адамдар тобы қатысқанда танылады.

ҚР ҚК 99-бабының, 2-бөлімін қолдануда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 11.05.2007ж. «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысы, түсіндірмелерін басшылыққа алу керек. Онда адамдар тобының ұйымдастырылған кісі өлімін осындай қылмысты қарақшылыққа қатысушылардың жасауынан ажырату қарастырылады. Қаруланған қарақшыларды ұйымдастырғаны үшін жауапкершілікті анықтайтын ҚР ҚК 237-бабы, оған қатысу және олармен жасалған қылмыстар, қаруланған қарақшылардың қылмыстық әрекеттің мүмкіндік салдарына жауапкершілікті қарастырмайды. Өйткені қарақшылыққа қатысушылар жасаған ойластырылған өлім қарақшылық және ойластырылған өлім қылмыстары деп сараланады.

Пайда табу мақсатымен, сол сияқты жалданып не қарақшылықпен қорқытып алушылықпен, бандитизммен ұштасқан кісі өлтіру — ҚР ҚК 99-бабы, 2- бөлімінің «8»-тармағы

Бұрынғы «пайда табу мақсатымен» кісі өлтірудің белгісін саралау нақтыланды. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5-мамырдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыспен күрес мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» Заңымен ҚР ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «8»-тармағы «тонаумен қорқытып алу немесе қарақшылықпен жалғасқан» деген сөздермен толықтырылды. Осылайша, пайда табу мақсатымен кісі өлтірумен қатар, жалданып кісі өлтіруге тең қылмысты заң шығарушы тонаумен, қорқытып алу немесе қарақшылықпен жалғасқан кісі өлтіру нормаларын қарастыратын «з»-тармағына енгізді.

Енгізілген өзгертулер сот практикасына елеулі түрде әсер етпейді. Өйткені бұрын бұл кісі өлтіру түрлері пайдакүнемдік ойдан өлтірудің түрлері ретінде қарастырылған болатын.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 11.05.2007ж. «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысында пайда табу мақсатымен жасалған кісі өлтіруді «өзі үшін немесе басқа адамдардың материалдық пайда табуы (ақша, заттар, мүлік құқығы, тұрғын алаң құқығы, үшінші адамнан сыйақы алу т. б.) немесе материалдық шығыннан құтылу (мүлікті, қарызды қайтару, қажеттілікті өтеу, мүліктік міндеттерді орындау, алимент төлеу т. б.) мақсатында жасалған кісі өлтіру деп сараланды».

Пайда табу мақсатымен кісі өлтіру деп, материалдық пайда табу мақсатында, соның ішінде бақталасты жою, мүліктік құқықтарға ие болу, материалдық шығындардан құтылу (қарызды қайтару, алимент төлеу, басқа мүліктік міндеттерді орындау) үшін жасалған кісі өлтіру танылады.

Мысалы: азамат Р. Д-ға қарызға 300 АҚШ долларын берді. Ол оны қайтарған жоқ. Қарызды қайтарудан құтылу мақсатында Д. өзінің туысы М-мен алдын ала келісімге келіп, соның нәтижесінде Р. өлтірді.

Күнделікті заң қолдану барысында және бұқаралық ақпарат құралдарында жалдамалы кісі өлімін «тапсырыс» деп атайды. Алайда заң бұл терминді «тапсырыс беруші», «делдал» терминдері сияқты пайдаланбайды. Қатысушы түрі ретінде «тапсырыс беруші» кісі өлтіруді ұйымдастырушы рөлінде қатысады. Алайда «делдал» да ұйымдастырушы болып табылады. Яғни ол тапсырысты орындауға орындаушы табады, кісі өлтіру жоспарын жа-сайды және тағы басқа әрекеттерді жүзеге асырады. Біз бұл жерде ұйымдасты-рушылық әрекеттің екі деңгейін (немесе екі кезеңін) көреміз.

Жалдамалы кісі өлтіру деп ажырату осындай өлімдердің көбеюімен, олардың мамандандырылуымен байланысты. Оған қоса жалдамалы кісі өлтіру психологиясында, соңғы зерттеулер бойынша, жалдамалылық анық сипатқа ие бола бермейді. Жалдамалы кісі өлтіруші өзінің кәсіптік әрекетіне сыйақы алады. Алайда бұл жағдайда ол антисоциалдық, криминалдық бағытқа ие. Өлтіру нәтижесінде арам пиғылдың қанағаттандырылуы міндетті емес. Қылмыс жасалу барысында жалдамалылық екенін анықтау маңызды. Мұндай кісі өлтіру түріне жәбірленушінің жоғары төлемдегі лауазымын алу мақсатында кісі өлтіруді жатқызуға болады.

Бұл құрамның міндетті элементі пайдакүнемлік себеп болып танылады. Пайдакүнемдік кез келген жолмен материалдық пайда табуды көздеумен анықталады.

Пайдакүнемдік — қылмыстардың, соның ішінде кісі өлтірудің саралаушы белгісі. Пайдакүнемдік мотив көбінесе мүліктік

кылмыстарға тән, бірақ заң пайдакүнемдік ұғымын тек меншікке қарсы кылмыстармен байланыстармайды. Пайдакүнемдік туралы айтқанда көптеген басқа кылмыстар жайлы да сөз болады. Осыған орай С. Бородиннің көзқарасымен келіспеуге де болмайды. Ол «пайдакүнемдік барлық кылмыстан алыс емес» дейді де, «Кылмыстық кодексте негізгі себебі пайдакүнемдік болмайтын кылмысты табу мүмкін емес ...» деп санайтын Б. С. Волковпен келіспейді. Пайдакүнемдік кінәлі материалдық пайда көретін кылмыстарға тән. Кісі өлтірудегі пайдакүнемдік мотив кең мағынадағы материалдық пайданы қамтиды. Оны тәжірибедегідей тек мүлік пен ақшаны иелену деп түсінбеу керек. Кісі өлтірудегі пайдакүнемдік-кісі өлтіруге дейін кінәлі иеленбеген материалдық пайданы иелену ғана емес, болашақта немесе қазір қандай да бір материалдық шығындардан құтылу.

Істелу тәсіліне қарай пайдакүнемдікпен кісі өлтіру әр түрлі: тікелей шабуылдан-уландыруға дейінгі белсенді әрекет немесе әрекетсіздік жолымен кісі өлтіруден тұрады. Егер пайдакүнемдік қасақана кісі өлтірудің мотиві болмаса, онда адам өлтірген соң жәбірленушінің мүлкін иеленумен байланысты кінәлінің әрекетін бөтен адамның меншігіне қарсы кылмыстар үшін жауапкершілікті қарастыратын ҚК-ң бабымен, ал кісі өлтіруді ҚК 99-бабының 1-бөлімімен немесе 2-бөлімінің сәйкес тармағымен саралау керек. Мәселен, жәбірленушіні қарызын бермегені үшін өлтіру оқиғасын пайдакүнемдік ниетпен істелді деп қарастыруға болмайды. Өйткені кінәлі мұндай тәсілмен қарызын алу немесе материалдық пайданы көру мүмкін еместігін жақсы түсінеді. Бұлай өлтіру негізінде пайдакүнемдік емес, кек жатыр, сондықтан ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «8»-тармағы бойынша саралау дұрыс емес. Сондай кекпен кісі өлтіруге кінәлі келтірген шығынды өтеуден жәбірленушінің бас тартуымен байланысты кісі өлтіру жатады. Мұндай жағдайларда саралау ҚК 99-бабының 1-бөлімі (егер ҚК 99-бабы 2-бөлімінің басқа да саралаушы белгілері болмаса) және ҚК 327-бабы бойынша (егер бұл кылмыстың құрамының бүкіл белгілері болса) саралау жүргізіледі.

ҚР Қылмыстық кодексінің жаңа редакциясы бұл саралаушы белгіде пайдакү-немдік ниеттің болуын өзгертпейді, олардың болуы кісі өлтірушінің мақсатынан анықталынады. Пайдакүнемдік ниетімен кісі өлтіруден кекпен кісі өлтіруді кінәлінің мүлкіне қол сұққанынан немесе қандай да бір мүлдіктік шығын келтіргенінен ажыратуға болады (мысалы, кінәлінің мотоциклін өз бетінше пайдаланғаны үшін көршісін өлтіру). Кісі өлтіру мотиві ретінде пайдакүнемдік ниет түсінігі

мейлінше тар және нақты, сараңдық пен пайдакүнемдік жеке бастың қасиетіне тән.

Жалдап кісі өлтірудің айырмашылық шектері міндетті белгілері қатысушылар арасында рөлдерді бөлу болып табылады. «Тапсырушы» қылмысты ұйысдастырушы немесе арандатушы ретінде болады. ҚР ҚК 28-бабы, 8-тармағына сай, ұйымдастырушы — қылмыс істеуді ұйымдастыратын немесе оның орындалуына жетекшілік ететін, қылмыстық топты ұйымдастырушы адам немесе қылмыстық қауымдастықты ұйымдастырушы адам, ал арандатушы — аталған баптың 4-тармағына сай, басқа адамды көн-діру, сатып алу, қорқыту немесе басқа да тәсілдермен қылмыс істеуге итермелеген адам болып табылады.

Тапсырушы мен тапсырысты орндаушының әрекетін саралауда негізгі айырма-шылықты есепке алу керек. Сыйақы үшін қасақана кісі өлтірген адамның әрекетін ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «8»-тармағы бойынша саралау керек, ал бұл кісі өлтіруді ұйымдастырушыны итермелеген адам әрекеті ҚК 28-бабы және 99-бап, 2-бөлімнің «8»-тармағы бойынша сараланды.

Кісі өлтірудің бұл түріндегі себептер тек пайдакүнемдік емес, саяси бағытта да болуы мүмкін. Себеп бәсекелесті жолдан ығыстыру қажеттігімен байланысты да болуы мүмкін. Сыйақы үшін қылмыстық ойды жүзеге асырушы адам қылмысты орындаушы болып табылады. Сол себепті, тапсырыспен кісі өлтіруді ұйымдастырушы немесе арандатушы пайдакүнемдік ниеттің болуына қарамастан, пайдакүнемдікпен кісі өлтіргені үшін жауап беруі керек. Мысалы, олар қызғаныш, көре алмаушылық себептерімен әрекет етуі мүмкін. Пайдакүнемдік себепті міндетті түрде кісі өлтірудің осы түріндегі орын-даушының әрекетімен ғана анықтау керек. Егер тапсырыспен кісі өлтіруді орындаушы пайдакүнемдік емес, басқа себептерді басшылыққа алса, онда оның ісімен тапсырыс берушінің әрекетін ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «8»-тармағы бойынша саралауға болмайды. Мысалы, өзін ұдайы ұрғандықтан, әйел ашынасына күйеуін өлтіруге үгіттеді.

Ұрып-соғумен, қорқытып алумен немесе қарақшылықпен жалғасқан кісі өлтіру қылмыстар жиынтығы ретінде сараланды: кісі өлтіру және ұрып-соғу, кісі өлтіру және қорқытып алу, кісі өлтіру және қарақшылық.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 11.05.2007ж. «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысына сәйкес, қарақшылық жиынтығы

бойынша саралау керек. Мысалы: Г. және М. қандай да бір жүргізушіге шабуыл жасап, автома-шинасын иеленіп, оны сатуға алдын ала келісім жасады. Таксилер тұрағына барып автомашинаны таңдады да, оған жолаушы болып отырды. Жолда Г. жолаушының мойнына жіпті тастап буындыра бастайды, осы кезде М. пышақпен соққы жасап, жүргізушіні машинадан лақтырып жібереді. Содан соң Г. М. бірнеше күн бойы машинаны жөндеп, сатып алушы адам іздейді, екі дөңгелегін шешіп алып, сатып жібереді.

Г. мен М-ның әрекеттері ҚР ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «8»-тармағы және ҚК 192-бабы бойынша сараланды.

Пайдакүнемдікпен кісі өлтіру қарақшылық шабуылмен істелген кейбір жағдайларда кісі өлтіру тек тікелей ниетпен ғана емес, жанама ниетпен де істеледі. Кейбір жағдайларда кінәлі жәбірленушінің мүлкін иелене отырып, оны өлтіреді де, бұл нәтижеге селқос қарайды, біздің ойымызша бұл пікірмен келіспеуге болмайды.

Егер пайдакүнемдік ниет қасақана кісі өлтірудің мотиві болмаса, онда жәбірленуші өлтіргеннен кейін мүлкін иеленумен байланысты кінәлінің әрекетінен меншікке қарсы жауакершілікті қарастыратын бап бойынша, кісі өлтіруі саралаушы белгілерінің болуына байланысты ҚК-ң сәйкес бөлімдері бойынша саралау керек.

Әдебиеттерде және іс-тәжірибедегі қызметкерлердің кейбіреулерінің араларындағы пайдакүнемдік ниетпен кісі өлтіруді саралау туралы мәселені дұрыс шешудің белгісі кісі өлтіру тәсілі болып табылады деген пікір бар. Мұнда өліммен аяқталған қарақшылық шабуыл жәбірленуші мүлкін иелену үшін өлтіріп жатқанын сезінетіндей тек ашық істеледі, ал пайдакүнемдікпен жасалған кісі өлтіру ашық та және жәбірленушіге байқалмауы да мүмкін екендігі айқын. Одан басқа, қарақшылық шабуылда мүліктің ауысуы кісі өлтіру болғанда, уақыт пен орнына сәйкес болады, ал пайдакүнемдікпен кісі өлтіруде мүлік кінәліге алдағы уақыттарды ғана өтеді. Заңнама мен тәжірибенің талдау-лары бұл белгілердің міндетті емес екендігін, ал кей жағдайларда бұл қылмысты дұрыс саралауда мәні жоқтығын көрсетеді. Мысалы, айыпталушы өлтіру кезінде жәбірленушіні жақсы біліп, үйінде сақталған ақшаны иелену үшін, оны өлтіруге шешім қабылдайды.

Осы мақсатта кінәлі артынан келіп, жәбірленушінің басынан балтамен бірнеше рет ұрады да, анау содан тіл тартпай кетеді. Содан соң жәбірленушіні тінтіп, ақшаны алу үшін оның пәтерінің кілтін алады, бірақ, қорыққандықтан, бұл ниетінен бас тартады. Кейбіреулер бұл мысалға баға беріп, қарақшылық шабуылды айыптауды назарға

алмай, тек пайдакүнемдік ниетпен кісі өлтіру ретінде саралайды. Өз шешімдерін негіздеу үшін, біріншіден, шабуыл жәбірленушіге байқаусызда болды, екіншіден, кінәлі кісі өлтіруден соң ақшаны алуда өз еркімен бас тартты дегенге сүйенеді. Алайда авторлар мұндай қорытындыны негізсіз санайды. Өйткені қарақшылық шабуыл ашық тәсілмен істеледі. Демек, кінәлінің әрекеті жәбірленушіге шабуыл «байқалу-байқалмауы-на» байланысты өзгермеуі керек. Және де мұндай жағдайдағы қылмысты саралау үшін қандай мақсатпен өлтіріп жатқанын жәбірленушінің білуінің мәні жоқ. Осы іс бойынша басқа ой қорытулармен де келісе беруге болмайды. Қарақшылық шабуыл бөтеннің мүлкін мелену мақсатында шабуыл жасаған сәтте аяқталған болып саналады, шабуылдаушы жәбірленушінің мүлкін иелену-иеленбеуі мұнда есепке алынбайды. Кез келген жағдайдағы пайдакүнемдікпен кісі өлтірудің аяқталған құрамына кінәлінің қылмыс істей отырып пайда көру-көрмеуінің мәні жоқ. Қарақшылық белгісі жоқ пайдакүнем-дікпен кісі өлтіруді және қарақшылық шабуылмен жалғасқан пайдакүнемдікпен кісі өлтіруді өзіндік белгілер деп тануға болмайды.

Меншікті күзету кезіндегі жасалған кісі өлтіру (мысалы, ұрлау, тонау, қорқытып алу кезінде қолға түскен кездегі) біраз уақыт өтіп кеткеннен кейін кекшілдікпен жасалған кісі өлтіру ретінде қарастырылады (ҚК 99-бабының 1-бөлігі).

ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 1995 жылғы 22-желтоқсандағы «Қорқытып алу туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы» № 11 қаулысы (ҚР ЖСПІ 25.07.1996 ж. өзгертуімен) кісі өлтірумен ұштасқан кінәлі адамның әрекеті қылмыстардың жиынтығы бойынша саралану керек деп түсіндіреді.

Бандитизммен ұштасқан кісі өлтіруге келетін болсақ, оны бөліп көрсетудің ерекше мәні бар, банданың мақсаты тек қана мүлкті иелену болып табыла бермейді. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соттың 2001 жылғы 21 маусымдағы «Соттардың қарақшылық және қатысушылықпен жасалған басқа да қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңнамаларды қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативті қаулысының 6-тармағына сәйкес, қарақшы топ құру мақсаты, ҚР ҚК 237-бабы, 1-бөліміне сәйкес азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасау болып табылады. Бұл орайда заң қарақшылардың қандай қылмыс жасайтынын көрсетпейді. Ол тек азамат немесе ұйымның мүлкін, ақшасын немесе басқа құндылықтарын иемденіп қоймайды, ол сонымен қоса кісі өлтіру, зорлау, бопсалаушылық және т. б. жасайды.

Егер қарақшылықты белгілі бір ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстарға (мысалы, кісі өлтіру) құрғандығы анықталса, онда адамдар әрекетін бұл қылмысты жасауға дайындалған деп саралау керек.

Тонау, бопсалаушылық және қарақшылық «кісі өлтіру» ұғымын қамтымайтындығын ескеріп, бұл қылмыстарды кісі өлтірумен сабақтастырып, оны тонаумен, бопсалаушылықпен немесе қарақшылықпен байланысты кісі өлтіру деп саралау қажет, ол ҚР 192, 193 және 237 баптары мен ҚР ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «8»-тармағы бойынша сараланады.

Бұзақылық ниетпен кісі өлтіру — ҚР ҚК 99 бабы 2-бөлімі «9»-тармағы

Бұзақылық ниет — қоғамды және жалпыға бірдей қабылданған адамгершілік тәртіп нормаларын құрметтемеу.

Әдебиеттерде көрсетілгендей, бұл себептердің ерекшеліктерін ең алдымен себепті байланыстылықтан іздеу керек. Бұзақылық ниет қандайда бір қажеттіліктен шектелген: олар тұтастай менмендіктен туындап, жеке тұлға мен адамдық қадір-қасиетті сыйламаумен, қоғамдық ережелері мен заңдары жақтырмаумен байланысты. Қоғамдық және жеке мүддеге мұндай қатынас негізінде есебі жоқ ашу, қажеттіліктері қанағаттанбаған сезім жатыр. Ол мағынасыз ренішті тудырып, бұзу, құрту, өзін көрсетумен байланысады. Бұзақылық пиғыл өз ойының, әрекетінің еркіндігімен байланысты болып, «маған бәрін де істеуге болады» деген формуланы нақты көрсетеді. Бұзақылық пиғыл субъектіге қылмыстық әрекет, қоғамдық тәртіпті бұзу қанағаттандыру әкелетінін, оның өзі жасаған антиқоғамдық тәртібі қанағаттандыратынын білдіреді.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 11.05.2007ж. «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысында: «Соттар бұзақылық пиғылдан жасалған кісі өлтіру мен жеке жақтырмаушылық қатынастан ұрыс-керісте немесе төбелесте туған кісі өлтіруді ажырата білулері керек» деп түсіндіреді. Бұл мәселені шешу кезінде кінәлі мен жәбірленушінің өзара қарым-қатынасын, ұрыс-керіс және төбелестің себебін, шиеленісті тудырушы кім екенін, дасқа да жағдайларды есепке алу қажет.

ҚК 99-бап 2-бөлім «9»-тармағы бойынша адамгершілік және мораль нормаларын өрескел бұзудан, қоғамға құрмет көрсетпеу негізінде жасалған қасақана кісі өлтіру деп кінәлі әрекеті қоғамдық

тәртіпке ашық қарсылықта болып, өзін қоршаған ортаға қарсы қоюды ниет еткен жағдайда саралануы керек.

Мәселен, А. автобустан түсер кезде қоғамдық көлікте жүргендігі үшін төлем төлеуге қарсылық білдірді. Жүргізуші автобуста қалуды, билетсіз жүргендігі үшін жауап беруді талап еткенде, кенеттен күртесінің қалтасынан пышақ алып шығады да, А-ның шығуына қарсылық білдірген бөтен адамның кеудесіне пышақ салады. А. автобустан түсіп кетіп, жасырынбақ болады. Бірақ ұсталады. Жәбірленуші жүрек жарақатынан қайтыс болады.

Алматы қаласының аудандық соты кінәлінің әрекетін ҚР ҚК 99-бабы, 2-бөлімінің «9» тармағы бойынша бұзақылық ниетпен жасалған деп саралайды.

Көптеген жағдайда еш себепсіз немесе кісі өлтіру үшін маңызы жоқ сылтауды пайдаланып жасалады. Бұзақылық ниетпен жасалған кісі өлтіру елеусіз жағдайды кісі өлтіруге себеп еткен арам ниетті реакция болып табылады (мысалы, жәбірленуші тартуға темекі бермеді және т. б.).

Бұзақылық мотивтердің қылмыстық мақсаты айқын емес. Көбінесе ондай қылмыстар елеусіз себептерден туындайды. Мұндай жағдайлар көбінесе кінәлі мас болған жағдайда туындайды. Бұзақылық пиғылдан туындаған кісі өлтірулердің көбшілігін мас болған жағдайда туындайды. Бұзақылық пиғылдан туындаған кісі өлтірулердің көбшілігінің мас күйдегі адамдар жасаған. Алайда мас болу фактісі кісі өлтірудің бұзақылық мотивіне дәлел бола алмайды.

Бұзақылық пиғылдан кісі өлтіру жағайы, егер онда қоғамдық тәртіпті ерекше өрескел бұзу-бұзақылық негізгі белгісі болмаса, сараланбайды.

С. В. Бородин қызғаныш пен кек алудан туындаған бұзақылық пиғылды шектеуде оның әр түрлі мотивтерін ескеру қажеттігін айтады. Егер бұзақылық пиғыл қоғамдық тәртіпке қарсы бағытталса және кінәлінің жәбірленушіге арысздық қатынасымен сипатталса, онда жәбірленуші мен кінәлі арасындағы қатынастағы қызғаныш пен кек алу мотивтері жеке бастық сипатқа ие.

Ұрыс-керіс, төбелесте жәбірленуші себепкер болса, оның құқыққа қарсы қылығы шиеленіске себеп болса, онда кісі өлтірудің талданған түріне жатқызылмайды. Бұзақылық пиғылдан болған кісі өлтіруді ұрыс-керіс, төбелесте болған кісі өлімінен ажыратуда себепкер анықталуы қажет. Егер жанжалдың немесе төбелестің бастаушысы жәбірленуші, сол сияқты араздасудың себебі оның заңға қайшы

қылығы болып табылатын болса, онда адам өлтіру бұзақылық ниетпен жасалған деп саналмайды.

Бұзақылық ниетпен адам өлтіргенде екінші адамның дансаулығына қатты зақым келсе, онда бұл іс-әрекет ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі «9»-тармағы және ҚР ҚК 106-бабы («Денсаулыққа қасқана ауыр зиян келтіру») бойынша сараланады.

Сот-тергеу тәжірибесінде кездесетін ерекше қиыншылық — бұзақылық ниетпен адам өлтіруді ҚР ҚК 99-бабының 1-бөлігінде қарастырылған төбелес кезіндегі адам өлтіруден ажырата білу. Мұндай жағдайларды қылмыстық істегі мән-жайларды мейлінше мұқият тексеру керек: төбелесті кім шығарды, онда адам өлтіру мақсаты болды ма, сондай-ақ айыпкер әрекетінің субъективтік жаған мұқият талдау қажет.

Қоғамдық орында, басқа адамдардың көзінше қызғаныш, өш алу себептермен немесе басқадай өзара жеке қатынастан туындайтын себептермен адам өлтіру, бұзақылық ниетпен адам өлтіру ретінде қарастырылуы тиіс емес. Атылатын қаруды, газ қаруын, пышақ қастет немесе басқадай суық қару не басқалардың өміріне, денсаулығына нақты қауіп төндіретін өзге заттарды қолдану (егер айыпкер кінәлінің адам өлтіруге ниеті болмаса) ҚР ҚК 257-бабының 3-бөлігі бойынша саралануға тиіс.

Егер айыпкер бұзақылық ниетпен адам өлтіргенде қоғамдық тәртіпті бұзатындай, қоғамды қыйламайтындай қылық көрсете (бұл қылмысқа тән барлық нышандар болса), оның іс-әрекеті ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі «9»-тармағы және ҚР ҚК 257-бабы бойынша сараланады. Бұзақылық әрекет кезінде абайсызда адам өлсе бұл іс-әрекетте осы қарастырылып отырған құрамы жоқ, ол ҚР ҚК 257-және 104-баптары бойынша саралануға тиіс.

Басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен жа-салған, сол сияқты зорлауға немесе жыныстық қатынас сипатындағы күш қолдану әрекеттерімен ұштасқан адам өлтіру — ҚР ҚК 99-б. 2-бөл. «10»-тар.

ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі «10»-тармағында адам өлтірудің өз алдына бөлек екі түрі үшін жауаптылық көзделген: а) басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатында адам өлтіру; ә) зорлауға немесе жыныстық қатынас сипатындағы күш қолдану әрекеттерімен ұштасқан адам өлтіру.

Қылмыстың бірінші түрі бойынша жауаптылық бұрын жасалған қылмысты жа-сыру немесе айыпкер өзінің алдында жасалатын қылмысын жеңілдету мақсатында адам өлтіргенде болады.

Бұл қылмысты жасағанда кінәлі адам бұрын жасаған қылмыстың толықтай немесе қылмысты саралуға және жаза шарасында ықпал ететін кейбір мән-жайларды жасырып қалуды мақсат тұтады. Басқа қылмыстың жасалуын жеңілдету мақсатында адам өлтіруді кінәлі адамды сол бастапқы ойластырған қылмысын жасағанға дейін немесе қылмысты жасау барысында жүзеге асырады.

Мысалы жәбірленуші қарақшылықпен шабуыл жасаған кезде өлтіру, мүлік ұрламақшы болған объектіні күзететін күзетшіні өлтіру, т.б. (бұл жағдайда саралау ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі «2» және «11»-тармағы бойынша жасалады.

Кінәлі адамның әрекетін ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі «10» тармағы бойынша саралау үшін оның жәбірленушіні өлтіріп өз мақсатында жетуі — басқа қылмысты жасырып қалуы немесе қылмыс жасауды жеңілдеткені қажет емес. Сот-тергеу тәжірибесінде басқа қылмысты жасыру мақсатында адам өлтіруді жай адам өлтіруден ажырату белгілі бір қиыншылыққа ие болады. Мұндай жағдайда қылмыстық істің мән-жайларын мұқият зерттеу қажет. Мысалы; Р. кешкі уақытта жеке басының араздығы салдарынан З.-ны ұрып-соғып, оның денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіреді. Одан әрі Р. таяуда З.-ға қарсы жасаған қылмысын жасыру мақсатында оны қылқындырып өлтіреді.

Жоғарыда айтылған осы жағдайда тергеу органы мен қалалық соттың Р.-дың З.-ға қарсы бұрын жасаған қылмысын жасыру мақсатында оны өлтірді деп жасаған қорытындысы дұрыс емес.

Осы істі қарау барысында Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты Р. мен З. жанжалдасып, төбелескеннен кейін татуласқанын, Р. төбелестен кейін З.-ның жуынуына көмектескенін, содан кейін олардың ұйықтауға жатқанын анықтаған. З. болса бол жай жөнінде милицияға шағам түсіру ұмтылмаған, сол күні С.-ның пәтерінде болады. Осында З. С.-ның дәрігерге көрін деген сөзіне құлақ аспайды. Кешке қарай осы пәтерге тым кеш келген Р. өзінің ашынасының үйінде З.-ны көріп, аяқ астынан қызғаныштан бұлқан-талқан болып оны қылқындырып өлтіреді. Осының негізінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты Р.-дің әрекетін бас араздығы салдарынан жасалған қасақана-лықпен адам өлтіру деп саралау керек деп қорытынды жасап, оны ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі «10»-тармағынан ҚР ҚК 99-бабының 1-бөлігіне және ҚР ҚК 63-бабы бойынша қайтадан саралаған.

Басқа қылмысты жасауды жеңілдету мақсатымен адам өлтіруде кінәлі адам ойластырған іс-әрекетін жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасайды. Жсалағакн қылмысты жасыруды немесе жасалатын

қылмысты жеңілдетуді көздеген қылмыстық әрекет және жасалған қылмыстық жасыру немесе жасалатын қылмысты жеңілдету мақсатында адам өлтіру, егер кінәлі адам сол бұрын жасалған қылмысқа қатысқан болса, әрқайсысы бөлек-бөлек сараланады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 11.05.2007ж. «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысында (Пленумның 1996 жылғы 20-желтоқсандағы № 11 қаулысымен өзгерту енгізілген), егер жәбірленушіні өлтіру арқылы қылмыс субъектісінің жаңа қылымыс жасауын жеңілдетуге немесе бұрын жасаған қылмысын, не жәбірленушіге мәлім басқа адам жасаған қылмысты жасыру ниеті адам өлтіруге себеп болған жағдайда, бұл іс-әрекет басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен адам өлтіру деп сараланады делінген. Бұл жағдайда жасырып қалмақшы болған қылмыстың жәбірленушіге немесе басқа адамға қатысты жасалғаны, ол қылмыстың қасақана, ауыр немесе абайсызда жасалған қылмыс санатына жататын-жатпайтындығы, адам өлтіру нәтижесінде кінәлі адамның өз өз мақсатын жеткен-жетпегендігі рөл атқармайды. Басқа қылмысты жасыру мақсатында адам өлтіру — сол қылмыс жайында құқық қорғау органдарына әлі хабарланбаған, не тиісті органға хабарланып, ол жайында кіәлі білмейтін кезде ғана емес, қылмыс жайында хабар тиісті органдарға түсіп, оларға қылмыс жасаған адам белгілі және ол жайында кінәлі білетін жағдайда да орын алады.

Егер кінәлі қылмыс жасауды жеңілдету немесе жасалған қылмысты жасыру мақсатында өзінің қоғамдық немесе қызметтік борышын өткіп жүрген адамды қасақана өлтірсе, онда оның іс-әрекеті ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі «2» және «10»-тармақтары бойынша сараланады.

Әйел зорлаумен ұштасқан қасақана адам өлтіру дегенміз — кінәлі адамның әйелді зорлау кезінде немесе соған ниет қылған кезде жәбірленушінің қарсылығын жаншып немесе садистік сезіммен оны өлтіруі.

Мұндай әрекеттер ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі «10»-тармағы және 120-баптың немесе 121-баптың тиісті бөлігі бойынша саралануға тиіс, себебі бұл жағдайда кінәлі екі объектіге қастандық жасайды — жәбірленушінің өміріне және оның жыныстық бостандығына. Бұл екеуі өзінше екі бөлек әрекет. Қылмыстың бұл түрінің құрбандары жәбірленушінің өзі де, оған көмектесуге әрекет жасаған басқа адамда да болуы мүмкін.

ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі «10»-тармағы саралау үшін адам өлтірудің зорлауға немесе жыныстық қатынас сипатындағы күш қолдану әрекеттер барысында немесе осы қылмысты жасағаннан кейін болғанын анықтау керек.

Кінәлі адамның әрекеті жәбірленушісің зорлағаннан кейін белгілі бір уақыт өткеннен кейін немесе жыныстық қатынас сипатындағы күш қолданғанын жасыру мақсатында жасалғаны белгілі болған жағдайда оның мұндай әрекеттері рсы қылмыстың жасалау кезіндегі мән-жайларына байланысты ҚР ҚК 99, 120 немесе 121-баптарымен саралануы тиіс. Адам өлтіру мен зорлау бір адаммен, сол сияқты бірнеше адаммен жасалуы мүмкін. Мысалы, топ болып зорлау жасауға қатысушылардың біреуі жәбірленуші адамды өлтіріп қояды. Мұндай жағдайда сол адам өлтірген қатысушы ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі тиісті тармағымен жауаптылыққа тартылатын болса, ал зорлаудың қалған қатысушылары ҚР ҚК 120-бабымен жасаушылыққа тартылады.

Жыныстық қатынас сипатындағы күш қолданумен адам өлтіретін маньяктар ерекше қауіптілік тудырады. Қылмыстық істің мұндай санатындағы адамдар бір біріне ұқсас бірнеше қылмыс жасауы мүмкін.

Осы тұста қоғамда елеулі дабыл көтерген маньяк-кісі өлтіруші, адам жегіш Жұмағалиевтің ісін еске алуға тура келеді. 1979 жылдың қаңтарынан 1980 жылдың желтоқсанына дейін жеңсікқойлық салдарынан 8 әйелді айуандықпен өлтіріп, және тоғызыншы өзімен қызметтес болған әйелді қасақаналықпен өлтіргенін жасыру мақсатында абайсызда өлтіріп алғандығын хабарлаған. Тұрмысында бұл жауыз жағымды сипатталған, ол таныстары мен көрші-қолаңдарының арасында ғана беделге ие болып қана қоймай, жастар арасында, әсіресе қыз-келіншектерге де ұнамды болған. Ол жөнінде байыпты, байсалды, ақылды, өзін өзі құрметтей білетін адам ретінде сөз айтылып жүрген. Бұл адамның осындай қасиеті мейірімсіз қанқұмар адамға тән екен деп кім ойлаған. «Қораның ішінде Волкова деген қыздың өз келісімі бойынша, айуандықпен жыныстық қатынасқа түстім. Бұл маған аз болып көрінді. Оны ұра бастадым. Оның ішінен ұрған сайын рахат тапқандай болдым, оның ауырсынып, бетін тыржитқаны маған ләззет бергендей болды. Жыныстық қатынас жасап жатып, Волкованы қылқындыра түстім. Қора ішінде өлі денесін, ұсақтап, бөлшектеп, турап, бөшкеде тұздап тастадым. Етін жеуге пайдаландым».

Осы жерде сұрақ туындайды: ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі «10» тармағында сараланған қанша белгі қарастырылған? Егер адам өлтіру зорлауды жасыру мақсатында жасалған болса, оны «зорлаумен

жанасқан» ретінде саралау жеткілікті ме? Бұл жөнінде бірыңғай пікір жоқ. Мұнда саралаушы белгі біреу ғана деп ойлауға болады. Оның анықтамасы істің нақты жағдайына байланысты. Зорлау немесе жыныстық қатынас сипатындағы күш қолдану әрекеттерін жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен адам өлтірген жағдайда «зорлаумен жанасқан және басқа да» адам өлтіру жайында айтуға болады.

Қылмыстың субъективтік жағы тікелей немесе жанама ниетпен сипатталады. Зорлаған кезде жәбірленушіні абайсызда өлтіру ҚР ҚК 120-бабының 3-бөлігінің «1»-тармағы бойынша сараланады.

Әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық, не қанды кек себебі бойынша адам өлтіру (ҚР ҚК 120-бабы 3-бөлігінің «1» тармағы). Қазақстан азаматтарының конституциялық құқықтарын сақтаудың кепілдіктерінің бірі ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық себептері бойынша жасалған қылмыстық іс-әрекеттер үшін жауаптылықтың күшейгендігі.

Мұндай себептермен адам өлтіргенде кінәлі белгілі бір ұлтқа, нәсілге, қандай да бір дінге конфессияға жатқандықтан жәбірленушінің толыққанды адам еместігін көрсеткісі келеді. Екінші жағынан өз ұлтының, нәсілінің немесе діни конфессиясының ерекшелігін көрсетеді. Қылмыстық мақсатқа әр түрлі іс-әрекеттер жатады: ұлтаралық өшпенділікті өршітуден бастап дінді ұстамағандық үшін кек алуға дейін. Кінәлі жәбірленушіні оның басқа ұлтқа, нәсілге жатқандығы немесе өзге дінді ұстағаны үшін өлтіреді.

Қанды кек бойынша адам өлтіруді саралауға сүйекке түскен дақ негіз болады. Қылмыстың бұл түрінің субъектісі қанды кек қайтару дәстүрі сақталған ұлттың адамы болуы мүмкін.

Біреудің қолынан қаза тапқан туысы үшін өш алу кейбір ұлтта ұрпаққа таралып келе жатқан дәстүр. Істің мән-жайын толық анықтау үшін мұндай дәстүрді мұқият зерттеген жөн. Мысалы, әйел адамнан өш алмайды. Әйелдің өлтірген адамы үшін кекті сол әйелдің туысынан — ер адамнан қайтарады. Әйелден кек алу ер адамның өзін-өзі қорлағаны болып саналады.

Қасақана адам өлтіруді ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі «11»-тармағы бойынша сараланғанда, кінәлінің қанды кек дәстүрін сақтаған ұлт өкілі екендігін анықтау қажет. Сонымен қатар, осы қылмыс жасалғанға дейін адам өлтіру фактісі болды ма, ол өлген адам кінәлінің туысы ма және кінәлінің туысының өліміне жәбірленушінің немесе оның туыстарының кінәлі екендігін ол қайдан, кімнен естіді — осы мән-

жайлар да анықталуға жатады. Қанды кек бойынша адам өлтіруді жеке ара қайшылық бойынша адам өлтіруден ажырату қажет.

Жәбірленушінің мүшелерін немесе тінін пайдалану мақсатымен жасалған адам өлтіру — ҚР ҚК 99-б. 2-бөл. «12»-тар.

Медицина саласындағы ғылыми-техникалық прогрестің нәтижесінде (бір адамның мүшелері мен тінін басқа адамға отырғызу) донорлық материалдарға сұраным көбейді, олардың құны да жоғары. Бұл жағдай адамның мүшелері мен тінін сату мақсатында адам өлтіруге итермелеуі мүмкін. Мұндай қылмысты жасаудағы негізгі себеп — бас пайда, бірақ кейде «ізгілікті» ниет те болуы мүмкін (ҚК 35-бабындағы орынды тәуекелдің нышандары жоқ), оған, мысалы, жақын адамның өмірін сақтап қалу мақсаты жатады.

Бұл тармақта, адам өлтірудегі мақсат — оның мүшелері мен тінін пайдалану деп көрсетілген. Бірақ мұны, адам мүшелері мен тінін медициналық мақсатта ғана пайдалану деп түсінбеу керек. Каннибализм, жыныстық фетишизм және басқадай да жағдайлардың болуы ықтимал.

ҚР ҚК 100-103-баптарында көзделген әрекеттерді қоспағанда, бұрын адам өлтірген адам жасаған адам өлтіру — ҚР ҚК 99-б. 2-бөл. «13»-тар.

Бұрын адам өлтірген адам жасаған адам өлтіру (ҚР ҚК 99-бабы 2-бөлігінің «13»-тармағы). Бұрын адам өлтірген адамның адам өлтіру оның бұл қылмысты бұрын да жасағанын көрсетеді. Бұл жағдайда қылмыстың бірнеше мәрте жасалу нышаны қолданылады (ҚР ҚК 11-бабы), яғни бұрын қылмыс үшін адамның сотталғандығы қажет емес, тек жауапқа тарту мерзімі өтпеген немесе соттылығы заңда белгіленген тәртіпте алынбаған болса жеткілікті. Басқа жағдайлар норманың өзінде көрсетілген. Егер кінәлі бұрын жауапкершілік ҚР ҚК 100-103-баптарында көзделген адам өлтіруді жасаса, онда оның кейін жасаған адам өлтіруі бұл саралаушы нышанды құрамайды.

Егер бұрын адам өлтіргені немесе өлтіруге оқталғаны үшін, сондай-ақ адам өлтіруге қатысып, бірақ сотталмаған болса, онда мұндай іс-әрекет ҚР ҚК 99-бабы 2-бөлігінің «13»-тармағы бойынша өзінше саралануға жатады.

Егер айыпкер бұрын әр кездері мәрте, ауырлататын мән-жайларда адам өлтіруге оқталса және оның ешқайсысы үшін сотталмаса, онда екінші іс-әрекет ҚР ҚК 24-бабы 3-бөлігіне сілтеме жасалынып ҚК 99-бабы 2-бөлігінің «13»-тармағы бойынша саралануға тиіс.

Адам бұрын кісі өлтірген деп саналады, егер ол ҚР ҚК 99, 167 және 340-баптарында көзделген кісі өлтіруді жасаса; осы аталған қылмыстардың біреуін жасауға оқталса; оларды жасауға қатысса.

Кісі өлтірудің ерекшеленген түрлері

Жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі — ҚР ҚК 100-бабы

Қазақстан Республикасының ҚК-нде заң шығарушы анасының өзінің жаңа туған сәбиін туып жатқан кезінде, сол сияқты одан кейінгі кезеңде психикасын бұзатын жағдайда немесе есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасы бұзылу жағдайында өлтіруін өзінше бапқа бөлектеуді қажет деп санады. Адам өлтірудің бұл түрі бұрын жай адам өлтіру ретінде (жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларсыз) сараланып келді.

Бұл қылмыстық әрекеттің қоғамға қауіптілігі сол — адамға туғаннан берілетін, оның өмірге деген шексіз құқығы бұзылады. Адам өлтірудің бұл түрінің ерекшелігі сонда — заң оны жеңілдететін мән-жайлар бола алатын кейбір объективтік және субъективтік факторлармен байланыстырады.

Жүктілік (көбіне қажетсіз) және физиологиялық туу әйел психикасын теріс әсер етуі мүмкін. Босанған әйелдің бұл қылмыстық әрекетті жасаған кездегі патологиялық жағдайы оны жеңілдететін мән-жайлар ретінде қарауға негіз болады.

Қылмыстың объективтік жағы адам өмірінің негізі болып табылады. Жәбірленуші бұл жерде — жаңа туған сәби, сот медицинасында ол физиологиялық туудан бастап адам санатына кіреді.

Қылмыстың объективтік жағы жаңа туған сәбиді өлтіру сияқты заңға қайшы әрекетпен сипатталады. Бұл қылмыс белсенді әрекетпен де, әрекетсіздікпен де жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, баланы тамақтандырмау. Егер анасы сәбиін туып жатқан кезде немесе босануға байланысты немесе басқадай себептермен (әке баладан бас тартуы, баланың некесіз тууы, тұрмыс нашарлығы, баспананың жоқтығы, т. б.) психикасының бұзылуы ықтимал алғашқы бір тәулік ішінде, патологиялық жағдайда өлтірсе, бұл жеңілдетілетін мән-жай болуы мүмкін. Баланы анадан бөлініп шығып өзінше өмір сүре бастағанда өлтіру де және оны ана құрсағынан шықпай жатып (бала сыртқа шыққанша оның басынан ұру арқылы) өлтіру де бала өлтіргендік болып табылады. Егер өлі балаға өмірге қауіпті соққы берсе, онда бұл жарамсыз объектіге оқталғандық деп саналады. Бұл әрекет ҚК 24-бабына сілтеме жасалынып 100-бап бойынша сараланады.

Сонымен, әйел психикасындағы күйзелісті жағдай баланы босана бастаған кезден баланы туғаннан кейінгі бір тәулік аралығында болады.

Дұрыс саралау үшін осы баптың бастапқы мағынасын жасанды түсік жасау қылмысы шектейді. Осы шамада С. Бородин жаңа туған сәбидің өмірін қию туралы сөз қозғады. Ойын жалғастыра отырып, автор бала өлтірудің тек осы түрі емес, яғни басқа да көрсетілімдері туған кезде, туғаннан кейін жасалатын қылмысты атады. Осыған байланысты мынадай сұрақ туындайды: бала өлтіру жас сәбидің алғашқы тынысын немесе туғанға дейінгі өмірін қию мүмкін бе? Әдебиеттерде әр түрлі көзқарастар айтылған. М. Д. Шаргородский адам өмірінің басы — оның кіндігін кескен сәтте және алғашқы тынысымен байланысатынын көрсетті. Егер баланың туған кезде әдейілеп өмірін қиюы, бала шешесінен тысқары айырылғанда, кісі өлтіру түрінде анықталатынын жазды. Неғұрлым анық және дәлелді түрімен А. А. Жижиленко мен А. А. Пионтковский шұғылданды. Егер туу басталмай тұрып, ұрық өлі түрінде болса, ол өлтіру емес, ол туу басталып, әсіресе, жас сәбидің бөлшегі сыртқа шықса, оны адамның тууы деп есептеп, болған өлтіруді жазалау керектігін бірінші атап кетті.

А. А. Пионтковский былай тұжырымдады: баланы анандан бөлініп шығып, өзінше өмір сүре бастағанда өлтіру және оны ана құрсағынан шықпай жатып (жаңа туған кезде, оның тыныс алған кезінде басынан өлтіре ұруы) өлтіру де бала өлтіргендік деп танылады. Бірақ соңғы кездерде басқа да дәйектер айтылуда. А. Н. Красиков Денсаулық сақтау министрлігінің құжаттарына сүйене отырып, ертедегі көзқарастар, соның ішінде біздің жұмысымыздың ескіргенін ескертті. Бірақ ұрықтың тірі туу туралы мәселесінде дүниеге өлі туған немесе ұрықтың тірі туып өлтірілгенін қажеттілікке есептегенде, осы жөніндегі мәселенің мазмұнын ауыстыра отырып, өз ұсынысының жеткіліксіздігін айтады. Соңғы есепте С. Бородин өзінше өмір сүре бастаған, өмірге жаңа келген жас сәбидің өмірін қию-кісі өлтіру болып есептеледі деген пікір айтты. Біріншіден, А. Н. Красиковтың Денсаулық сақтау министрлігінің нұсқауы және бұйрығынан ұстанымында келтірілген тікелей мәселені қарастырғанда ештеңе айтылмайды. Екіншіден, Денсаулық сақтау Министрлігінің ұсынысында дәрігерлік қылмыстық құқық және қылмыстық заң жүргізу пәні болып танылатын мәселенің шешімін қарастыратын емес, денсаулыққа зиян келтіру себебі туралы сөз болғанда ғана заңның кейбір мәселелерін шешуде қолданылады. А. Н. Красиков өз көзқарасын дәлелдеу үшін Н. С. Таганцевтің адам өмірін қию нақты кісі өлтіру объектісіне жүгінді. Алайда, бұл дәлел емес, осы жайды ешкім жарамсыз деп айтпайды, иә, тіршілік тынысында өлі туған немесе туатын бірақ тыныс алмаған бала сөзсіз оның өміріне қатігездік келтіреді. Бала туарда өлтіру және жасанды түсікті

ажыратууралы мәселені қарастыруға байланысты, кейбір елдерде заң түрінде шешілгенін көреміз. Үндістанның Қылмыстық кодексінде мәселен, ана құрсағында тірі баланың өліп қалуы қылмыс болып саналмайды. Бірақ тірі баланың өлуі, ана құрсағынан қандай да бір бөлшегі шығып, ең болмаса бала тыныс алмаса да, толық тумаса да оның өлімі кісі өлтіру болып қарастырылуы мүмкін.

Кісі өлтірудің субъективтік жағы тура немесе жанама пиғылдағы әдейі кінәсі болып сипатталады.

Қылмыстың субъектісі — жасы 16-ға толған, жаңа туған сәбидің анасы ғана бола алады. Басқа адамдар, егер олар мұндай адам өлтіруге қатысушылар болып табылса, ҚК 99-бабы бойынша жауапқа тартылады, себебі ананың жауапкершілігін жеңілдетуге негіз болатын мән-жайлар оларға таралмайды.

Аффект жағдайында болған адам өлтіру — ҚР ҚК 101-бабы

Жәбірленушінің күш қолдануынан, қорлауынан немесе ауыр балағаттауынан өзге де заңға қарсы немесе моральға жат іс-әрекетінен (әрекетсіздігінен) болған кенет пайда болған жан күйзелісі (аффект) жағдайында, сол сияқты жәбірленушінің жүйелі түрдегі заңға қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психиканы бұзатын жайкүйде адам өлтіру мән-жайды жеңілдететін адам өлтіруге жатады. Жәбірленушіні өз өліміне өзі себепкер болады, кінәліде кенет пайда болған күшті жан күйзелісі (физиологиялық аффект) оның өз әрекетін бақылау және оған басшылық жасау қабілетін төмендетеді.

Жан күйзелісі — адамның өзін-өзі бақылауының төмендеуі және естің тартылуының сырт көрінісі, күшті және үлкен эмоционалды алаңдауы, қарқынды дамуы мен қысқа мерзімде мінезделетін, адамның едәуір психикалық жағдайы.

Қатты жан күйзелісі психиканың бұзылу ауруы және медициналық ақыл-естің жоқтығы сынына қарастырылмайды. Сондықтан оны кейде физиологиялық жан күйзелісі деп атайды. Патологиялық жан күйзелісінде қатты уайымдағанның нәтижесінде ақыл-ес өшіріледі де, ақыл-естің жоқтығын көрсетеді. Физиологиялық жан күйзеліс адамның қабілетін жүзеге асыруда өз-өзін бақылауға келтіріп, шешім қабылдағанда баға бере алмайды.

Физиологиялық аффект нәтижесінде эмоциялық жарылыс болады, адам психикасы қалыпты жағдайда ауытқиды, саналы да байсалды қызмет нашарлайды, ішкі психологиялық процестер қайнап, сыртқа шығады, адам өз әрекетіне ие бола алмайды. Аффекттің сыртқы көрінісі адам психикасының ерекшеліктеріне, басқа да жағдайларға

байланысты әр түрлі сипатта болады. Сондықтан да, белгілі бір уақытта физиологиялық аффектің нақты бір адамда болған-болмағандығы жайындағы тұжырымды тек кешенді психологиялық-психикалық сараптама жасайды. Бұл мәселені шешу үшін — сараптама алдына мынадай сұрақтар қойылады; қылмыс жасаған кезде кінәлі аффект жағдайында болды ма, болған уақыттың шегі қандай, яғни қашан басталып, қай уақытта аяқталды.

ҚР ҚК бұл қарастырылып отырған бабындағы әңгіме физиологиялық аффект жайында, оны психиканың уақытша бұзылуының бір түрі ретінде қарастырылатын адамды есі дұрыс емес деп санауға (ҚК 16-бабы) негіз болатын патологиялық аффекттен ажырату қажет.

ҚР ҚК 101-бабы адамның жай қобалжуы емес, оның жанының қатты күйзелуі сөз болып отыр.

Физиологиялық аффекті адам өлтіру үшін жауаптылықты жеңілдететін мән-жай деп тану үшін, ол жәбірленушінің заңға қайшы қылығына сәйкес табан асты туындауы мүмкін. Табан асты қатты жан күйзелісі болатынын кінәлінің өзі де күтпейді. Қатты жан күйзелісі адамда әр түрлі жағдайларда туындауы мүмкін. Жәбірленуші көрсеткен заңға қайшы мінез-құлықтың салдарынан ғана көрініс тапқан физиологиялық аффект жағдайын заң қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін мән-жай деп таниды. ҚК 101-бабының диспозициясында қолдану үшін тым болмаса біреуінің болғандығы анықталуы тиіс мән-жайлар тізімі берілген.

Бәрінен бұрын, жәбірленуші тарапынан күш қолдану әрекеттері көрсетілген (ұру, соғу, заңсыз бостандығынан айырылу, денсаулығына зақым келтіру, кінәлінің ғана емес, оның туыстарының, жақындарының өміріне қауіп төндіру). Кінәліге қатысты заңды әрекеттерден туындаған қатты жан күйзелісі жағдайында адамды өлтіру ҚК 101 бабы бойынша саралауға болмайды. Мысалы, қылмыскерді ұстаған полиция қызметкерін сол жерде тұрған біреу өлтіреді.

Жәбірлеу — ұру, соғу, жарақаттау және басқа істер арқылы жүзеге асыру, адамның қатты жан күйзелісінің жағдайына әкеледі. Заңға қайшы күш қолдану нәтижесінде адамда қажетті қорғаныс құқығы пайда болады. Егер адам өлтіру аффект жағдайында жасалса және қажетті қорғаныс шегі сақталса, онда ҚК 32 бабы қылмыстық жауаптылықтан босатады. Ал, күш қолданудың заңға қайшы болуы міндетті.

Адамды қорлағанда жәбірленуші оған қарсы неше қайтара күш қолданады, кінәлінің немесе оның жақындарының ар-намысын

таптайды, олардың идеалдарын, кемшіліктерін мазақ етеді, құпия ішкісырын жария етеді, т. б.

Ауыр балағаттау — субъективтік бағаланатын санат, ол әдептілік нормаларына негізделген (ар-ұжданды былғау, ұлттық, діни сезімді мазақтау, махаббатты күлкіге айналдыру, т. б.).

Жәбірленушінің күш көрсету сипатында емес өзгеде заңға қарсы немесе моральға жат іс-әрекетті (әрекетсіздік) дегеніміз ол — қандай да бір құқық нормаларын (еңбек, пәтер-үй әкімшілік) өрескел бұзу немесе қоғамда қалыптасқан мораль нормаларын сақтау.

Жәбірленушінің жүйелі түрдегі заңға қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына байланысты туындаған, ұзаққа созылған, психикасы бұзатын жай-күйінің өміріне ұшықтырады, жұмыс жағдайын қиындатады, оның төзімі тасылады, нәтижесінде кісі өлтіруге барады.

Бұл жерде жәбірленушінің арандатушылық мінез-құлқы мен адам өлтіру арасында уақыт үзілісі болмауы тиіс. Мысалы, маскүнем әке әйеліне, балаларына ылғи зәбір көрсетеді. Бұл практика жүзінде, отбасы мүшелерінің біреуіне физиологиялық аффект тудыратын, ұзақ уақыт психика жарақаттайтын жағдай деп танылады. Егер физиологиялық аффект нәтижесінде табан асты туындаған адам өлтіру жайындағы ниетті сол кезде жүзеге асырмай кейін асырса, ҚК 101 бабы қолданылмайды, себебі кінәлі бұл жерде аффект жағдайында, өш алу ниетімен әрекет жасайды.

Аффект жағдайында адам өлтіруді кінәлі бұрын ойластырып, бірақ оны туындаған жағдайға байланысты ғана жүзеге асырса, қарастырылып отырған қылмыстың құрамы болмайды.

Жәбірленушінің күш қолдану, қорлау немесе ауыр балағаттау, өзге де заңға қарсы немесе моральға жат іс-әрекетті (әрекетсіздігі) кінәліге емес, үшінші адамға бағытталған жағдайда да ҚК 101 бабы қолданылады. Ең бастысы жәбірленушінің мұндай мінез-құлқының кінәліні қатты жан күйзелісіне ұшыратқаны анық болуға тиіс.

Қылмыстың субъективтік жағы табан асты туындаған тікелей немесе жанама нысанадағы кінәмен сипатталады.

Субъект — қылмыс жасаған кездегі 16 жасқа толған есі дұрыс адам.

Екі және одан көп адамды аффект жағдайында өлтіру осы қылмыстың сараланатын құрамы ретінде ҚК 101 бабының 2 бөлігінде қарастырылған. Айыпкер өзінің қатты жан күйзелісінің себепкер ретінде бірнеше адамды аз уақыт аралығында өлтіреді. Аффект жағдайында бір адамды өлтіру және сол мән-жайларда басқа адамның

кастандық жасау ҚК 101 бабының 1 бөлігі және 24 бап бойынша сараланады.

Өзінің қызметтік міндетін орындау кезіндегі аффект жағдайында лауазымды адамның кісі өлтіруі ҚК 98 бабы бойынша ғана саралауға тиіс. ҚК 308 бабы бойынша қосымша саралау қажет емес, себебі бұл бапта көзделген іс-әрекет аффект жағдайында жасалуға тиіс.

Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру — ҚР ҚК 1032бабы

Қылмыстың құрамының бұл жеңілдетілген түрін қарастыру үшін алдымен қажетті қорғаныс институтын қарау қажет.

Қажетті қорғаныстың құқықтық институты қылмыстық құқық ғылымында терең және толығырақ зерттелген ғылым саласына жатады. Ол көптеген ғылыми еңбектердің қатарында жан-жақты зерттеу пәніне айналды. Бұл түсінікті де, өйткені азаматтардың құқық қорғауды нығайтуға, жеке адамдарды, мемлекет пен қоғам мүдделерін қорғауға қатысуға, қылмыстық заңмен бекітілген осы қажетті қорғаныс көбінесе себепкер болады. Қажетті қорғану құқығы — тұлғаларға, взмвтврдың тұрғын-жайлары мен мүліктеріне қол сұғылмаушылығы туралы конституциялық ережелерді жүзеге асырдың бірден бір кепілі. Тергеу органдары мен соттардың шабуылдан қорғанған адамның әрекетін дұрыс бағалай алмау олардың осындай құқықтары бұзған болып саналады. Тұлғаның қажетті қорғануға деген құқықтық мәртебесі тұрғысынан алғанда — бұл қоғам мүшесі болып табылатын кез келген адамның ажырамас субъективті және соның ішінде табиғи құқығы. Әркім кез келген жағдайға қарамастан өзінің құқығын пайдалана алады, сонымен бірге оны жүзеге асырудан дас тарта да алады.

Азаматтардың қажетті қорғануға деген құқығы Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасымен, атап айтқанда ҚР ҚК 32-бабымен былайша реттеледі:

1. Қажетті қорғану жағдайында қол сұғушы адамға зиян келтіру, яғни қорғанушының немесе өзге бір адамның жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қол сұғушыға зиян келтіру жолымен қорғау кезінде, егер бұл орайда қажетті қорғану шегінен асып кетушілікке жол берілмеген болса, ол қылмыс болып табылмайды.

2. Барлық адамдардың кәсіби немесе өзге де арнаулы даярлығына және қызмет жағдайына қарамастан тең дәрежеде қажетті қорғануға құқығы бар. Бұл құқық адамға қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан құтылу басқа адамдардың немесе мемлекеттік

органдардың көмегіне жүгіну мүмкіндігіне қарамастан тиесілі болып табылады.

3. Нәтижесінде қол сұғушыға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілетін, қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілігі дәрежесіне қорғанудың көрінеу сай келмеуі қажетті қорғаныс шегінен шығу деп танылады. Бұлайша шектен шығу тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады.

Адам өміріне қол сұғушыға не қаруды қолданумен немесе қолдануға әрекет етумен ұштасқан өзге де қол сұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру қажетті қорғаныс шегінен шығу болып табылмайды.

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Пленумының 1994 жылғы 23 желтоқсандағы Қаулысында қажетті қорғану жағдайында қоғамға қауіпті қол сұғу кезінде ғана емес, сонымен қатар, анық шабуыл қауіпті болса да, сондай-ақ қол сұғу актісінің аяқталғанын кейбір мән-жайларға байланысты қорғанушы адам білмей қалып, ол қол сұғу аяқталғаннан кейін қорғанса да туындайды.

Сондай-ақ қажетті қорғаныс шегінің билік белгілерінің болмауы немесе болуы туралы мәселені шешуде шабуылдан қорғану тәсілі мен түрлерінің сәйкестігі туралы талаптан кетуге болмайды. Мұндай сәйкестік кейде болуы мүмкін, шабуылға қарсы тойтарыс беруде, оны жеңіп шығуда тиімді тәсілдер қолданылады, (шабуылшы мен қорғанушылар саны, олардың жасы, күш қуатының жағдайы, қарумен жабдықталуы, орны мен уақыты және т. б. қол сұғушының) тойтарыс беру қорғаныс мүмкіндігі мен күшін, қауіп төндіретін мінез-құлықты білу қажет.

Жиынтықтың барлығы бағалануы керек. Басқа тұлға немесе қорғанушы өміріне қауіпті, зорлықпен шабуыл жасағанда, сондай жағдаймен ғана шабуылшы өмірін қию мүмкіндігін шектеу негізі жоқ.

Егер әйел, зорлаушылар тобынан қорғануда қару қолданып және оның ішінде біреуін өлтірсе, қажетті қорғаныс шегінің билігі болмайды. Қол сұғушыдан қауіптену мен қорғаныс мінез-құлқына айқын сәйкестік босатылса сонда шабуылды қақпайлау үшін сол қорғауға қорғанғанда, зиян тигізгені үлкен болса, осындай жағдайда қорғанушы әрекетін қажетті қорғаныс шегінен шығу мүмкін деп қатыстыруға болмайды.

Қажетті қорғаныс шегінен шығып, жарлықсыз шабуылшыға кісі өлтіру ретінде өлім сараланса, оны дұрыс тәжірибе деп тануға болмайды.

Қажетті қорғаныс шегінен шығып адам өлтіргенде ҚК 99-бабы 2-бөлігінің «1», «5», «8», «9»-тармақтарының нышандары болса, ол ауырлататын мән-жайлардағы адам өлтіру деп сараланбайды, ҚК 102-бабы бойынша сараланады.

Қазақстан Республикасы Жоғары Соты Пленумы қажетті қорғаныс шегінен шығып адам өлтіруді, дене жарақатын салуды, осы әрекеттерді табан асты туындаған қатты жан күйзелісі кезінде жасаудан ажырату керек екендігіне назар аударады, себебі қажетті қорғаныс шегінен шыққанда айыпкер қоғамдық қауіпті қылмыстан қорғану мақсатында шабуыл жасаушыға зиян келтіреді, ал табан асты туындаған қатты жан күйзелісі кезінде ол жәбірленушіге сол күйзеліс (физиологиялық аффект) ықпалымен зиян келтіреді, қорғануды мақсат тұтпайды.

Егер қорғаушы қорғану шегінен шықса және табан асты туындаған қатты жан күйзелісі жағдайында болса, онда оның іс-әрекеті, болған зардапқа байланысты, қажетті қорғаныс шегінен шығып адам өлтіру немесе оның денсаулығына қасақана зақым келтіру ретінде саралануға тиіс.

Қажетті қорғаныс шегінен шығып адам өлтірген лауазымды адам ҚК 102-бабы бойынша жауапқа тартылады. Ол өзінің қызметтік міндетін атқару кезінде шабуылға ұшыраса да, бұл жағдайда оның іс-әрекетін лауазымдық қылмыс үшін жауаптылық қарастырылған бап бойынша қосымша саралау қажет емес.

Өзінің әскери міндетін атқару кезінде, өзіне жасалған шабуылды тойтару мақсатында қажетті қорғаныс шегінен шығып адам өлтірген әскери қызметкер осы бап бойынша жауапқа тартылады.

Қажетті қорғаныс шегінен шыққандық үшін жауаптылық қасақана зиян келтірген, яғни ниет (тікелей немесе жанама) нысанындағы кінә болған жағдайда ғана жүктелетіндігі заң нормасында тікелей белгіленген. Қажетті қорғаныс шегінен шығып абайсызда адам өлтірсе — қылмыстық жауаптылық болмайды.

Бұл жағдайда қоғамдық қауіпті қылмыстан болған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғаныс шегінен асып адам өлтіргендік немесе денсаулыққа аздап зардап келтіргендік үшін қарастырған қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігін көздейтін ҚК 66-бабының тәртібін ескерту қажет.

Қылмыс субъектісі — жасы 16-ға келген есі дұрыс адам.

Қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралардың шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру — ҚР ҚК 103-бабы

Кісі өлтірудің бұл айрықшаланған құрамы ҚР ҚК 33-бабымен тікелей байланысты (Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру) және ол өзінің бастауын осы нормадан алады. Сондықтан ҚР ҚК 33-бабын міндетті түрде қарастыру қажет деп санаймыз.

1. Қылмыс жасаған адамға оны мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстау кезінде зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл орайда осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды.

2. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау адамға келтірілген зиян жағдай мәжбүр етпейтін анық шектен тыс зиян қажетсіз келтірілген кезде, олардың ұсталатын адам жасаған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне және ұстаудың мән-жайына көрінеу сай келмеуі ұстау шараларын асыра сілтеу деп танылады. Бұлайша асыра сілтеу қасақана зиян келтірілген жағдайда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

3. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстауға бұған арнаулы уәкілеттігі бар адамдармен бірге жәбірленушілер мен басқа азаматтардың да құқығы бар.

Қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде оған зиян келтірудің заңды болу шартын ҚК 33-бабының 1-бөлімінде көрсетілген. Ұсталған адам қаза тауып, бірақ ұстау актілерінің заңдылық шарты сақталса, қылмыстық жауапкершілік жүктелмейді.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстауда адамға келтірілген зиян жағдайы ұсталатын адам жасаған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне және ұстау жайына сай келмеуі ұстау шаралары сілтеу деп танылады.

Қылмыс объектісі басқа адамның өмірі болып танылады.

Бұл қылмыстың объективтік жағы — ұстау шараларын асырғандықтан ұсталатын адамның қаза табуына ҚК-тің осы бабы бойынша жауапқа тарту үшін кінәлінің жәбірленушіні ұстауына Қазақстан Республикасының ҚПК 132-бабында көзделген негіздері болды ма, сондай-ақ ұсталатын адамға зиян келтіру үшін ҚК 33-бабында көзделген негіздері болды ма, алдымен сол жағы анықталуы тиіс.

Егер бұл көрсетілген негіздер болмай, адам өлтірілсе, онда кінәлінің іс-әрекеті ҚК 103-бабы бойынша сараланбайды. Мысалы: әкімшілік сипаттағы жазықтылығы (кішігірім бұзақылық) үшін

ұстағанда адамды өлтіру немесе ұстағанда қарсыласпаған адамды ұстау кезінде өлтіру.

Қоғамға қауіптілігі орта немесе кішігірім деңгейдегі қылмыс жасаған адамды ұстаған кезде оны өлтіруге жол бермейді. Ұстаған кезде қарсылық көрсетпеген адамды және қылмыс жасаған жерден қашып кетуге әрекет жасамаған адамды қасақана өлтіру ұстау кезіндегі ҚК 103-бабы бойынша саралануға тиіс емес.

Қылмыстың субъективтік жағы тікелей немесе жанама ниетпен сипатталады. Айыпкер ұстау шараларының шегінен саналы түрде шығады, ұсталатын адамның өлуі мүмкін екендігін немесе қалайда өлетіндігін ұғынады, соны тілейді немесе сондай заттардың болуына жол береді. Қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде абайсызда өлтіру, бұл қарастырып отырған қылмыс құрамын бермейді.

Қол сұғу жасаған адамды ұстаудағы мақсат — оны құқық қорғау органдарына жеткізу, оның басқадай қылмыс жасауына мүмкіндік бермеу.

Ұстау мақсаты қандай болса да, ұстаушыға зиян келтіру қылмыс болып бекітілген мән-жайға қызмет етпейді, егер оны ұстауда басқа тәсілдер қолданса. Бұл жөнінде ҚК 33-бабының 2-бөлімінде тура айтылады. Ұстаушыны өлтіріп алудың осындай себептері оларды ұстаудағы «қолдану шаралары» деп қарамайды және заңға қайшылық болып табылады. Егер тұлға қашпай және жасырынуға талпынбаса, ҚК 99-бабы 2-бөлімі немесе 1-бөлімі бойынша өлім сараланбайды және әдейі өлтіруге жіберілмейді, ҚК 101-бабы — аффект күйінде жасалған. Заң бұзушыларға қатысты мемлекеттің қолданысында жедел шаралардың жеткіліксіздігі мен қатігездіктің жеткіліксіздігі соттың өзіне қа-жетті шамада аямпаздық таратылуда.

Қылмыстың субъектісі — жасы 16-ға келген есі дұрыс адам. Ол құқық қорғау органдарының қызметкерлері де, жай қатардағы азамат та болуы мүмкін. (ҚІЖ К-нің 133-бабы). Егер құқық қорғау органдарынан лауазымды адамы қылмыскерді ұстау кезінде қажетті шаралар шегінен асып оны өлтірсе, ҚК 103-бабы бойынша жауапқа тартылады, бірақ ҚК билікті немес қызметтік өкілеттілікті асыра пайдаланғандығы үшін жауаптылық көзделген бабы бойынша (308-бап) қосымша сараланбайды.

Қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралар шегінен шығып адам өлтіргенде ҚК 99-бабының 2-бөлімінде көзделген жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлар болса, онда бұл іс-әрекет ҚК 103-бабы бойынша ғана саралануға жатады (ҚК 99-бабы бойынша қосымша сараланбайды).

Абайсызда қазаға ұшырату — ҚР ҚК 104-бабы

Жоғарда атап өтілгендей ҚР ҚК абайсызда кісі өліміне әкеп соқтыруды кісі өлтіру деп санамайды. Қауіпсіздік ережесін бұзып кінәлі шеберлікпен іске асырса (Кодекстің арнайы шамасы болмағанда) жәбірленушінің өмірін абайсызда қиған жағдайдағы шамасын еркін Қазақстан Республикасы ҚК 104-бабын үлкен түсіністікпен қолданылады. Абайсызда кісі өлтіру себебі кінәлі тұлғаның үлкен тәртіпсіздігін, тұрмыс ережесінің қалпын бұзғанын, салақтығын, абайсыздығын көрсетеді. Қылмыстық жауапкершілік жәбірленуші өлгеннен кейін ғана болады, яғни қылмыстың бұл құрамы материалдық, ол жәбірленуші өлген кезден бастап аяқталған болып саналады.

Бұл қылмыстың объектісі адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоғам-дық қатынастар болып табылады.

Қылмыстың объективтік жағы сақтықтың қандай да бір ережесінің бұзылуына және соның нәтижесінде адам өліміне әкеп соғатын әрекетпен не әрекетсіздікпен сипатталады. Бұл ретте жәбірленушінің қаза табуына алып келген іс-әрекеттің зардабы кінәлінің іс-әрекетімен себептік байланыста болуы тиіс.

Итергенде немесе ұрғанда жәбірленуші құлап, басқа бір затқа соғылып (тасқа, жол жиегіне т. б.) қайтыс болса, ол кінәлінің оны өлтіруге немесе оған ауыр дене жарақатын салуға ниеті болмаса, кінәлі абайсызда кісі өлтіргендігі үшін жауапқа тартылады.

Қылмыстық менмендіктің нәтижесінде абайсызда кісі өлтіруді айыпкердің адам өлімі болуы мүмкін екендігін алдын-ала біліп, өз әрекетінің сондай зардабына саналы түрде жол бергендігінен немес оған немқұрайлы қарағандығынан орын алған кісі өлімінен ажырату қажет.

Ұқыпсыздықтан кісі өлімі болғанда адам өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) салдарынан ондай зардаптың болатындығын біле алмайды, бірақ өте сақтық және ұқыптылық танытса оның болатынын білу мүмкін. Қылмыстық ұқыпсыздық нәтижесінде абайсызда кісі өлтіруді кездейсоқ адам өлтіруден ажырату қажет, соңғы жағдайда адам өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіптілік деңгейін ұғынбайды және істің мән-жайына қарай ұғына алмайды не қоғамға қауіпті зардаптың болатынын алдын-ала көре білмейді, істің мән-жайына байланысты ол көре білуге тиіс емес немесе ондай мүмкін емес. Егер әрекет жасаған кезде қоғамға қауіпті зардаптардың пайда болуын алдын ала білген адам оны болғызбауға жеткілікті негізде сенген болса не өзінің психика-физиологиялық қасиеттерінің қысыл-таяң жағдайлар

талаптарына сәйкес келуіне немесе жүйке-психикалық ауыртпалықтарға байланысты осы зардаптарды болғызбауға шамасы келмесе де адам өлтіру жазықсыз жасалған деп танылады (Қазақстан Республикасы ҚК 23-бабы Жазықсыз зиян келтіру).

ҚК 104-бабын қолдану үшін қылмыстық нәтижеге — адам өліміне қатысты абайсызда кінәнің болғандығын анықтау қажет. Бұл нәтижеге алып келген іс-әрекет абайсызды да, қасақана да жасалуы мүмкін.

ҚК 104-бабының 2-бөлімі абайсызда екі және одан көп адамды өлтіргені үшін жауаптылықты қарастырады. Айыпкердің әрекетін 2-бөлігі бойынша саралау үшін кемінде екі адамның қаза табуы қажет (Мысалы, жетекшінің кінәсімен бір топ туристердің өртеніп өлуі, т. б.).

Қылмыстың субъектісі — жасы 16-ға келген есі дұрыс адам.

Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу — ҚР ҚК 105-бабы

Өзін-өзі өлтіру қылмыстық заң проблемаларының қатарына жатпайды. Ал, өзін-өзі өлтіруге жеткізу қоғамға қауіпті іс-әрекет, адамның ең басты құқығы өмір сүру құқығы бұзылады.

Бұл қылмыстың объектісі — адамның өмірі.

Қылмыстың объективтік жағы басқа бір адамның өміріне алып келетін әрекетпен де, әрекетсіздікпен де сипатталады. Суициальдік нәтиже ғана емес, соған оқталғандық болса да қылмыстық іс-әрекет аяқталға болып саналады, яғни бұл қылмыстың құрамы материалды-формальды.

Адамды өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің тәсілдері заң нормасында айтылған, олар: а) қорқыту; ә) оған қатігездікпен қарау; б) оның адамдық қасиетін ұдайы қорлау.

Қорқыту арқылы жәбірленушіге психикалық қысым жасалады, оны өзін-өзі өлтіруге итермелейді (мысалы, баспанасын, қолда бар мүлкін алып қою үрейі, маскаралайтын деректерді жария ету қауіпі, т. б.). бұл жерде сол қорқытудың өзі ғана емес, оны жәбірленушінің субъективтік қабылдауда да мәні бар.

Қатігездікпен жасағанда жәбірленушіге деген аяныш сезімі болмайды, оның тәні де жаны да күйзеліске ұшырайды (ұрады, қинайды, ретсіз жұмсайды, аш ұстайды, емдемейді, мазақ етеді, т. б.). жәбірленушіге қатігездікпен қараудың бір-ақ фоктосы адамды өлтіруге дейін жеткізуі мүмкін. Қатігездік түсінігі қоғамда қалыптасқан адамгершілік қағидаларынан барып туындайды.

Адамдық қасиетті ұдайы қорлау — жәбірленушіні ұзақ уақыт кемсіту деген сөз. Ол мазақтау, келеке ету, біреуді айдап салу, ретсіз сынау сияқты әрекеттерді ылғи қайталаумен сипатталады. Бұл реттеу

өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу қылмысының құрамы, адамдық қасиетті ұдайы қорлаған жағдайда ғана болады. Қорлаудың жекеленген факторы бұл қылмыстың құрамын бермейді.

Адамның өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің бұл тәсілдері кей жағдайларда қол-данылады.

Қылмыстың осы құрамына міндетті нышаны - өзін-өзі өлтіру (оқталу) фактісі мен айыпкердің іс-әрекеті арасындағы себептік байланыстар, яғни адамның заңға қарсы сол әрекеті (әрекетсіздігі) жәбірленушіні өзін-өзі өлтіруге итермелеген бірден-бір себеп болғандығы анықталуға тиіс. Егер жәбірленуші басқадай себептермен өзін-өзі өлтірсе, қылмыстық жауаптылық болмайды. Қылмыс жасаған адамды заңды түрде бас бостандығынан айыру не некеге отырудан бас тарту өзін-өзі өлтіруге себеп болса, бұл жағдай осы қылмыстың құрамын бермейді.

ҚК 105-бабы жәбірленуші өзін-өзі өлтіргенде ғана емес сонымен қатар ол өзін-өзі өлтіруге оқталғанда да қолданылады, бірақ бұл өзін-өзі өлтіруге оқталғандықтың біреуді қорқыту немесе бәлендей бір мақсатқа жету үшін емес, шын ниетпен жасалғандығын анықтау қажет. Қылмыстың бұл түрінің құрамы формальды болып табылады.

Жәбірленуші өзінің өмірін қиюда қасақана әрекет жасаса, оны қажетті түрде анықтап ҚК қарастырған бабына жауапкершілікке тарту қажет. Егер ол өзін абайсызда өлтіріп алса, онда ол өзін-өзі өлтіруге оқталмаған.

Кінәлі әрекет жасамай, байқаусызда жәбірленушіні өлтіріп алса, оны да анық-тауды талап етеді. Мысалы: егер жәбірленуші өзін зорлаудан қорлап үшінші қабаттың терезесінен секіріп кетсе, кінәліні зорлауға оқталғандық деп қарастыруға болады, жәбірленушіні абайсызда өліп қалғанын анықтайды (егер ол өзін қорғауда, кінәлінің ізіне түсіп одан қашып өзіне-өзі қол салса).

Өзін-өзі өлтіруге оқталу — қылмыстық жауаптылыққа жүктелмейді, сонымен қатар өзін-өзі өлтіруге айдап салғандық немесе өзін-өзі өлтіруге көмектескендігі үшін де жауаптылық болмайды, егер бұл жерде қорқыту, қатігездікпен қарау немесе адамдық қасиетті ұдайы қорлау болмаса. Жасынан немесе психикалық жағдайына байланысты өз әрекетін ұғына алмайтын немесе оны басқара алмайтын адамды өзін-өзі өлтіруге айдап салу немесе оның өзін-өзі өлтіруіне көмектесу, егер бұл жерде өзін-өзі өлтіру орын алса, адам өлтіру ретінде бағалануға тиіс.

Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің субъективтік жағы жанама ниетпен зардабын абайламағандықтан сипатталады.

Қылмыстың субъектісі — жасы 16-ға келген есі дұрыс адам, сондай-ақ кез-келген тұлға, материалдық немесе өзгеге тәуелді, жәбірленушінің қызметте болғанына байланысты тұлға. Егер өзін-өзі өлтіру лауазымды тұлғамен жасалса, оның әрекеті қылмыс түрінде сараланып ҚК 308-бабының 4-бөлімімен, 105-баппен қарастырылады (билікті не қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалану).

Бұл баптың 2-бөлімі өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің сараланған құрамын — жәбірленушінің кінәліге материалдық немесе өзге де тәсілділікте болуын қарастырады. Кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелділікте болғандықтан жәбірленушіні өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу қоғамдық қауіп іс-әрекеті деп танылған, сондықтан да ол үшін қатаңырақ жаза көзделген. Бұл жағдайда жәбірленуші кінәліні асырауындағы, қамқорындағы, оған қарыздар адам, оның жұмыс істемейтін жұбайы болуы мүмкін.

Өзін-өзі өлтіруге дейін апару немесе оған оқталу жолымен әрекет ету, қылмыс құрамын құрайтын (ауыр немесе денсаулығына басқа да зиян келтіру, заңсыз еркінен айыру, зорлау, ұру, қорқыту жәбірленушіне т. б.), аталған қылмыстар Қазақстан Республикасы ҚК 105-бабы бойынша саралауды талап етеді.

МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

1. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар ұғымы мен түрлері

Бұдан бұрынғы қылмыстық заңнамаларды талдау мен қорытындылау бұрын меншікке қарсы қылмыстар мүліктік қылмыстар деп аталғанын көрсетті. 1922 және 1926 жылдардағы Қылмыстық кодекстерінің тиісті тарауларының тақырыптары осылайша аталды. Екі ұғымның екеуі де меншікке қарсы қылмыстар өздерінің мүліктік затына ие болатындықтан бір біріне ұқсас. Меншікке қарсы қылмыстардағы мүлік деп сыртқы дүниенің кез келген заттары мен объектілері емес, адамның қолымен жасалған, қажеттілікті өтеуге болатын, белгілі бір құны бар нәрселер, заттар, қару, құрал-жазбалықтар және тағысын тағылар аталады.

Әлеуметтік құндылық жүйесінде меншік құқығы тұлғалардың ең бір маңызды әлеуметтік игіліктері ретінде бағаланады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталатын 6-тарауының заңдық техникасы заң жүзінде жетілдірілген және аталған тараудың құрамдарына жаңартулар енгізілді.

Бөтеннің мүлкін ұрлаудың мәнін түсіну үшін ең алдымен осы қылмыстың объектісін анықтап алу маңызды орын алады. Мұндай мәселені шешу қылмыстық құқық теориясында тыңғылықты жасалған қылмыс объектісі туралы жалпы ережелерге негізделген болуы керек.

Қол сұғушылық объектісін дұрыс анықтау осы топтағы қылмыстың мән-мағынасын ашуға мүмкіндік береді, соңғысының қоғамдық қауіптілік сипатын көрсетеді және ең маңыздысы осы қылмыстарды дұрыс саралау үшін алғышарттар тудырады.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтартектік объектісі меншік қатынастары, яғни жеке немесе ұжымдық пайдалану үшін не өндірістік қызмет жүргізуге арналған материалдық игіліктерді салаларға бөлетін қоғамдық қатынастар болып табылады. Демек, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтартектік объектісі меншік болып табылады деп атап өту керек.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 204-195-баптарына сәйкес, меншік құқығы – заңнамалық актілермен танылған және қорғалатын субъектінің өзінің қалауы бойынша иелігіндегі мүліктерді иемдену, пайдалану және билік жасау құқығы. Сөйтіп,

меншік иесінің құқына өзінің мүлкін иемдену, пайдалану және басқарып ұйымдастыру жатады.

Иемдену құқығы іс жүзіндегі мүліктен пайдалы табиғи қасиеттерін алуың, сондай-ақ одан пайда көрудің заңды түрде қамтамасыз етілген мүмкіндігімен көрінеді. Пайдасын көру жемісі мен өнімін, төлін және өзге де кірісін алумен көрінеді.

Пайдалану құқығы іс жүзіндегі мүлікке ие болудың заңды түрде қамтамасыз етілген мүмкіндігімен көрінеді

Билік жасау құқығы мүліктің заңды тағдырын қамтамасыз ету мүмкіндігімен көрінеді (ҚР АҚ 204-б. 2-бөл.). Меншік иесі өзінің қалауы бойынша өзінің иелігіндегі мүлікке қатысты кез келген әрекетті қолдануға, соның ішінде оны басқа бір адамға мүлдем беруге, өзінің иелігін сақтай отырып, бере тұруға, өзінің иемдену, пайдалану және билік жасау құқығын сақтай отырып, кепілдікке беруге, билік жасауға және басқа да жағдайларда бере алады (ҚР АҚ 204-б. 3-бөл.).

Кейбір меншікке қарсы қылмыстарда (тонауда, қарақшылықта) тікедей объекті тектік объектімен сәйкес келеді. Осыған қарай атап өту керек, заң әдебиеттерінде ұрлаудың тікелей объектісін анықтауға байланысты бірыңғай көзқарас болған емес және болуы да мүмкін емес. Атап айтқанда, тікелей объекті ретінде ұрланатын мүліктердің мемлекеттік, кооперативтік, жеке меншіктік меншікке жататындығын анықтауды қарастыру жөнінде пікірлер айтылды.

П.С. Матьшевский ұрлау кезіндегі қол сұғышылықтың тікелей объектісі меншік құқығы болып табылады, деп бекітіп айтады. Басқа авторлардың пікірі бойынша, ұрлаудың тікелей объектісі мүлік болып табыдады.

Ұрлау объектісі мүлік бола алмайтындықтан соңғы ережемен келісуге болмайтын сияқты, оның үстіне бұл объекті ұғымының өзіне қайшы келеді. Ұрлау кезінде заттың өзі өздігінен ешқандай шығынға ұшырамайды, солай бола тұрса да немен шығын келтірілсе сол объекті ретінде танылады.

Сонымен бірге меншікке субъективті құқықты да жеке мүліктік мүдделерді де қылмыстың тікелей объектісі деп тануға болмайды. Қылмыстық құқық теориясы тұрғысынан алғанда қылмыстық объектісі объективті де және субъективті де мағынадағы құқық бола алмайды. Мұндай рөл тек қана қоғамдық қатынастарға беріледі. Атап өтетін болсақ, мүлік ұрланғанымен меншікке деген құқық тоқтап қалмайды, өйткені меншік иесі сол мүлікті ұрлап алған адамнан қайтырып алатын мүмкіндікке ие болады. Адамның өзінің меншігі мүлікке қарсы қылмыс объектісі бола алмайды. Меншік басқа да қылмыс түрлері

жасалғанда да қылмыс объектісі ретінде болып қала береді. Мәселен, бөтеннің мүлкін құртумен немесе бүлдірумен жанасқан бұзақылық, өрт қоюмен мүліктерді қиратумен, құртумен немесе бүлдірумен жалғасқан жаппай тәртіпсіздік және басқалар. Бұл аталған қылмыстардағы меншіктік қатынастар қосымша объектілер ретінде көрінеді.

Заң шығарушы, меншікке қарсы қылмыстық іс-әрекеттер туралы ережені қалыптастыра отырып, олардың кейбіреуі негізгі объектіге тікелей қол сұға отырып, сөзсіз қол сұғушылықтың қосымша объектілері ретінде көрінетін тұлғалардың белгілі бір мүдделеріне залал келтіретінін немесе нақты қауіп төндіретінін ескереді. Мысалы, тонау жолымен жасалған ұрлауда қосымша объекті ретінде жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян немесе осындай күш қолданамын деп қорқыту болып табылады (ҚР ҚК 191-б. 2-бөл. Бөтен мүлікті ұрлау мақсатындағы қарақшылық (ҚР ҚК 192-б.) шабуылға тап болған адамның денсаулығы мен өміріне нақты қауіп төндіреді. Алаяқтық жасауда қосымша объекті болып жәбірленуші мен оның жақын-туыстарының денсаулығы, абыройы мен ар-намысы табылады.

Сөйтіп, күш көрсетумен жасалатын мүліктік қылмыстарда тікелей объекті болып меншік, ал қосымша объекті болып жәбірленушінің өмірі немесе денсаулығы танылады.

Қылмыстық құқық теориясында объектіні қол сұғу нәрселерінен айыру үшін қоғамдық қатынастың материалдық көрінісі ретінде қарастыру тұжырымдамасы елеулі орын алады. Мәселен, бөтеннің мүлкін ұрлау кезінде мүлік осы ұрлықтың заты болып қана қарастырылады. Мүлік мүліктік қатынастардың қажетті материалдық негізі болып қана табылады, ұрлық жасау кезінде осы мүліктік қатынасты бұзу жүзеге асады. Мүлік пен оның иесі (немесе иемденушісі) бір-бірімен іс жүзінде тығыз байланысты. Сондықтан мүлікке қол сұғушылық бір мезгілде меншікке қол сұғушылық болып табылады. Кінәлі, азаматтың бөтен мүлкін ұрлай отырып, тікелей мүлікке және осы мүліктің иесіне шығын келтіреді. Бұл жерде меншік құқығы қылмыстық қол сұғушылықтан шығын көрмейді, ұрланған мүлік табылғаннан кейін заңды иесіне қайтарылу мүмкін.

Қазақстан Республикасы Жоғары сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативті қаулысының 2-тармағында, ұрлау мен өзге де меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарпәні бөтен, яғни кінәлінің иелігіндегі емес мүлік болып табылады, деп атап өтілген. Бұл жерде ұрланатын мүлік қылмыс жасалу кезінде меншік

иесінің иелігінде, сол сияқты осы мүлік сеніп тапсырылған адамның иелігінде немесе заңсыз иелікте болуы мүмкін.

Басқа бір адамдармен бірлескен меншіктегі, соның ішінде құрылтайшылардың арасында кінәлі адам бар заңды тұлғаның иелігендегі мүлікті заңсыз алып қою ниеттің бағытына қарай ұрлау ретінде не озбырлық деп саралануы мүмкін.

Кінәлінің тауып алған немесе қолына кездейсоқ жағдайда түскен бөтен мүлікті иемденіп кетуі ұрлау деп бпғалана алмайды. Кінәлінің ұрланған мүлікті өзінің қалауынша пайдалануы (сату немесе басқа біреуге беру, бүлдіру, бөлшектеп бұзу, құрту және т.б.) қылмыстың дербес құрамының құрмайды және қосымша саралауды талап етпейді.

Ұрлық заты пайдалануға арналған орнына қарай шын мәнінде белгілі бір бағасы бар құндылық ретінде көрінеді. Осының соңғы жағдайында ол басқа құндылықтардың айғағы, олардың эквиваленті, оларға теңдес материалдық құндылыққа ие болуы ретінде көрінеді. Оларға ұрланған адамның еңбегімен өндіріліген материалдық нәрселердің нақты құнын бағалайтын ақша, құнды қағаздар, облигациялар, лоторея билеттері жатады, бұлар сот материалдық нәрселер мен заттардың орны басатын болғандықтан олардан айырылу жәбірленушіге келетін тура шығын, олардың материалдық игілігінің төмендеуі болып табылады. Негізінен мүліктік құқық алаяқтық – ҚР ҚК 190-бабы және қорқытып алу – ҚР ҚК 194-бабы сияқты қылмыс құрамының нәрселері болып табылады.

Объективтік жағынан меншікке қарсы қылмыстар іс-әрекет жасау -жолымен жасалады (ҚР ҚК 202-204-баптары), бұл жерде оларды заң шығарушы негізінен қылмыстың материалдық топтары ретінде топтастырған. Осыдан келіп, объективтік жақ: жасалаған іс-әрекет, келтірілген зардап және іс-әрекеттер пен зардаптардың арасындағы себепті байланыс сияқты үш міндетті белгілерден тұрады деп қорытынды жасауға болады. Сонымен бірге, қылмыстық зардап қашанда материалдық сипатқа ие болады және ол мүліктік шығын келтіру түрінде көрінеді. Тек қарақшылық (ҚР ҚК 192-бабы) пен қорқытып алушылық (ҚР ҚК 194-бабы) өздерінің құрылысы жағынан формальды қылмыс болып табылады, өйткені бұларда материалдық қылмыстарға қарағанда міндетті белгілері тек қана әрекет болып табылады да, ал зардап осы екі қылмыстың екеуінде де қылмыс құрамынан тыс қалады.

Жекелеген меншікке қарсы қылмыстар үшін объективтік жағының міндетті элементі қылмыстың жасалу әдісі болып табылады (күш көрсететін немесе күш көрсетпейтін, жасырын немесе ашық).

Ұрлау кінәлінің ұрланған затты өзінің қалауы бойынша пайдалану немесе билік ету не басқа үшінші бір адамға беру мүмкіндігіне ие болағанда аяқталған деп саналады. Ұрлауды аяқталған деп тану үшін кінәлінің іс жүзінде ұрланған затты пайдалануы, одан пайда табуы қажет етілмейді. Ең маңыздысы – оның осындай мүмкіндікке ие болуы. Егер кінәлі адам бөтен мүлікті алып қоюға бағытталған әрекет жасап, бірақ одан ешқандай пайда көре алмаса, онды оның бұл әрекеті ҚР ҚК 24-бабының 3-бөлігінде көрсетілгендей ұрлауға оқталу ретінде және ҚР ҚК 202-193-баптарында қарастырылған тиісті қылмыстарға сәйкес сараланады.

Күзетілетін жерден ұрлауды осы жерден мүлікті сыртқа алып шыққан кезде ғана ол аяқталған деп табылады, өйткені әрекет жасаушының содан кейін ғана осы мүлік пайдалануға мүмкіндігі келеді. Бұл жерде ұрланған мүліктің күзетілетін жерден қандай қашықтыққа шығарылғанының мәнәс жоқ. Өмір тәжірибесінде күзетілетін орынның қоршалған дуалынан ұрланған затты сыртқа лақтырып жатқан кезде ұсталатын ұрылар жиі кездеседі, мұндайда олардың әрекеті аяқталмаған ұрлық деп танылады. Күзетілетін жерден ұрланған затты алып шығуға көмектескен немесе оған қарсы ешқандай тосқауыл қоймай, әрекет жасамаған күзет қызметкеріне мүлікті ұрлауға қатысты деп айып тағылып жауапқа тартылады. Егер ұрланған мүлік ішіп-жеуге келмесе немесе оны күзетілетін жерде пайдалану мүмкін болмаса, онда мүлік күзетілетін жердің шегінен шыққанша ұрлау әрекеті аяқталмаған деп саналады. Ішіп-жеуге болатын (мысалы, спирттік ішімдіктер, тамақ тағамдары) қылмыстың аяқталу сәті ұрланған затқа қатысты ниетіне байланысты болады. Егер кінәлі ұрланған мүлікті күзетілетін жердің өзінде иелік етіп, жасарын жасаса, ұрлық аяқталған деп танылады. Егер кінәлінің ниеті ұрланған затты күзетілетін жерден алып шыққаннан кейін бағытталған болса, онда оның ұрланған зат болған жерге ұсталғаны қылмысқа оқталу болып саналады(ҚР ҚК 24-бабының 3-бөлігі және ұрлау нысанына қарай меншікке қарсы қылмыстар туралы баптар бойынша)

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісі заңмен белгіленген жасқа толған есі дұрыс жеке адам болып танылады. ҚР ҚК 15-бабының 2-бөлігіне сәйкес, 14 жастан бастап мынадай қылмыстары үшін жауаптылық басталады: ұрлық (ҚР ҚК 204-б.), қарақшылық (ҚР ҚК 192-б.), Қорқытып алушылық (ҚР ҚК 194-б.), мән-жайды аурылататын жағдайдағы автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену (ҚР ҚК 200-б. 2,3,4-

бөл.), мән-жайды аурылататын жағдайдағы бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру (ҚР ҚК 202-б. 2,3-бөл.).

Бөтен мүлікті иелену немесе ысырап ету (ҚР ҚК 189-б.) сияқты қылмыста субъекті арнайы болады. Жекелеген қылмыстарда арнайы субъекті сараланған құрамның белгілері ретінде көрінеді, мысалы, мемлекеттік қызмет атқаруға өкілетті немесе соған теңестірілген адам (ҚР ҚК 189-б. 3-бөл. тар.); қызмет бабын пайдаланған адам (ҚР ҚК 189-б. 2-бөл. тар., ҚР ҚК 190-б. 2-бөл. тар., ҚР ҚК 195-б. 2-бөл. тар., ҚР ҚК 201-б. 2-бөл.).

Қылмыстық жауаптылықтың жас шамасына қарй басталуы тұрғысынан алғанда осы тараудағы қылмыстарды екі топқа бөлуге болады. 16 жастан бастап мыныдай қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық басталады: бөтен мүлікті иелену немесе ысырап ету (ҚР ҚК 189-бабы), алаяқтық (ҚР ҚК 190-бабы), ерекше құнды заттарды ұрлау (ҚР ҚК 193-бабы), алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру (ҚР ҚК 195-бабы), көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті сатып алу немесе сату (ҚР ҚК 196-бабы), интеллектуалдық меншік құқықтарын бұзу (ҚР ҚК 198-бабы), өнертапқыштық, пайдалы модельдер, өндірістік үлгілер, селекциялық жетістіктер немесе интегралдық микросызбалар топологияларына құқықты бұзу ҚР ҚК 199-бабы), автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену (ауырлататын мән-жайларсыз ҚР ҚК 200-б. 1-бөл.), жерге заттай құқықтарды бұзу (ҚР ҚК 201-бабы), ауырлататын мән-жайларсыз бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру (ҚР ҚК 202-бабы), бөтен адамның мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру (ҚР ҚК 204-бабы).

Субъективтік жағынан алғанда меншікке қарсы қылмыстар тура ниетпен жасалады. Кінәлі өзінің бөтен мүлікті алғалы тұрғанын ұғынады, өзінің әрекетімен меншік иесіне шығын келтіргелі тұрғанын сезінеді және соны тілейді, ҚР ҚК Ерекше бөлімінің 6-тарауындағы бір ғана қылмыс абайсыздықпен жасалады, ол – бөтен адамның мүлкін жою немесе бүлдіру (ҚР ҚК 204-б.).

Ұрлаудағы міндетті түрдегі белгі пайдакүнемдік мақсат болып табылады. Пайдакүнемдік мақсат ұрлаудың белгісі ретінде ұрлаудың анықтамасында заң шығарушымен тура айтылған. Ол өзінің пайдасына немесе басқа бір адамның пайдасына материалдық олжа табуға деген ұмтылыстан көрінеді.

Осы айтылғанның негізінде атап өту керек мққ деп өзінің немесе басқа да бір адамның пайдасы үшін заңсыз айналысқа түсіру

мақсатындағы пайдақорлықпен, сол сияқты пайдақорлықсыз да бөтеннің меншігіне қол сұғушылық танылады.

Меншікке қарсы қылмыстар мынадай түрлерге бөлуге болады: 1) пайдакүнемдік, 2) пайдакүнемсіздік.

Пайдакүнемсіздік қылмыстарда субъективтік жақтарының міндетті белгілері ретінде пайдакүнемдік мақсатпен пайдакүнемдік ниет танылады. Өз кезегінде бұл қылмыстарды объективтік жағынан мынадай түрлерге бөлуге болады: ҚР ҚК 204-193-баптарында қарастырылған ұрлау деп аталатын, мүліктерді алумен байланысқан қылмыстар; 194-201-баптарда көзделген ұрлаумен байланысы жоқ қылмыстар.

Пайдакүнемсіздік қылмыстарға заң шығарушы: ҚР ҚК 202 және 204 бабында көзделген бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру және бөтеннің мүлкін абайсыздықта жою немесе бүлдіру.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар негізгі тобын, сөйтіп мүлікті алумен байланысқан пайдакүнемдік қол сұғушылық, яғни ұрлау құрайды. ҚР қылмыстық заңнамалары ұрлау үшін жауаптылықты оның жасалу әдісіне қарай реттейді және ҚР ҚК тиісті баптарында бөтен мүлікті ұрлаудың мындай түрлері бекітіліп, енгізілген: ұрлық, иеленіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық, тонау, қарақшылық.

2. Жымқырудың нысандары:

«Ұрлау» деген ұғым заң шығарушыларға көптен бері белгілі болса да, оның жалпы анықтамасы бұрын қылмыстық заңнамаға енгізілмеді. Заң әдебиеттерінде оның жиырмаға шақты анықтамасы айтылды, солардың бәрін талдаудан өткізіп, ұрлау ұғымының бір ғана анықтамасына тоқтауға тура келді. Шынында көп уақытқа дейін осы ұрлау ұғымының заңды түрде белгіленген анықтамасы болмай келді, мұның өзі меншікке қарсы қылмыстарды саралауда қателікке жиі ұрындырып, сот тәжірибесіне көп нұқсан келтіріп, кері әсерін тигізді.

Қылмыстық құқық ғылымында ұрлау ұғымы мен оның негізгі элементтерін анықтап, ашып алу ұрлаудың барлық түріне тән белгілерін ашып және негіздеуді, ұрлаудың нақты нысандарын талдауды жеңілдетеді, меншікке қарсы қылмыстарды басқа қылмыстардан, сондай-ақ қылмыстық тәртіппен жазаланатын әрекеттерден бөліп қарауды жеңілдетеді, деп танылады. Бұл ұғымға әр жылдарда КСРО Жоғарғы сотының Пленумында әртүрлі түсіндірме берді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1954 жылғы 28-мамырдағы «КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1947 жылғы 4-шілдедегі «Мемлекет және қоғам мүлкін ұрлағаны үшін қылмыстық

жауаптылық туралы» Жарлығын қолдану жөніндегі сот тәжірибесі туралы» Қаулысында ұрлауға «жасалу нысаны мен әдістеріне қарамастан мемлекет немесе қоғам мүлкін қасақаналықпен өз меншігіне айналдыру» деп анықтама берілді, ал КСРО Жоғарғы соты Пленумының 1972 жылғы 11-шілдедегі «Мемлекет және қоғам мүлкін Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» қаулысында, ұрлауды мемлекет немесе қоғам мүлкін пайдакүнемдік мақсатта қайтарымыз өзіннің немесе басқа адамның мүлкіне айналдыру деп тану ұсыналады.

Заңгер ғалымдар – А.И.Санталов, Э.С.Тенчов, П.С.Матышевский, И.С.Тишкевич, Г.А.Кригер, И.Ш.Борчашвили және Қ.Ш.Ұқановтардың қарастырылып отырған ұғымға қатынасты берген түсіндірмелері мен анықтамаларын ескере отырып, бірнеше белгілерді бөліп алып қарауға болады. Аталған ғалымдар олардың қатарынан мына белгілерді көрсетті:

- 1) алудың заңсыздығы;
- 2) оның қайтарымыздығы;
- 3) субъективті белгілер – ниет пен пайдакүнемдік мақсат.

Сонымен бірге, ғалымдардың іс-әрекетке сипаттама берудегі жинақы терминдерді қолдануы бір-біріне қарама-қайшылық тудыратын сияқты. Атап айтқанда мына термин сөздердің қолданылуы – «айналуы, айналысы» (А.И.Санталов, П.С.Матышевский); «заңсыз иеленуі» (Г.А.Кригер); «тауып алу» (Б.А.Куринов) «алып қою». Ұрлау анықтамасындағы терминдердің мұндай әрқилылығы өмір тәжірибесінде заңдарды дұрыс қолдануға кері әсерін тигізбей қоймайды. Қазіргі кезде берілген анықтамаларды нақтылап талдап жатудың да онша қажеттілігі жоқ, өйткені ұрлау ұғымы ҚР ҚК 204-бабындағы ескертудің 1-бөлігінде және Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі «Ұрлау туралы іс бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативті қаулысында да: «ұрлық деп пайдакүнемдік мақсатта бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып айыптының немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз қайтарымыз алып қою және (немесе) айналдыру танылады» деп берілген.

Әрекетті ұрлық деп тану үшін заң шығарушының атаған белгілердің бәрінің де болуы осы ұғым үшін міндетті болып табылады. Осы белгілердің біреуінің болмай қалуы ұрлауды жоқ деп айтуға себеп болады. Осы заңды анықтамаларға қарай ұрлаудың белгілері мыналар болып табылады.

- 1) бөтен мүлікті кінәлінің өзінің немесе үшінші бір адамның пайдасы үшін алып қою және немесе айналдыру;
- 2) алып қоюдың заңсыздығы;
- 3) алып қоюдың қайтарымсыздығы;
- 4) пайдакүнемдік мақсат;
- 5) залал келтіру.

«Алып қою» белгісі қарақшылықтан басқа ұрлаудың бәрінде де мүмкін деген әдістерін қамтиды. Қарақшылықтың ерекшелігі, заң шығарушының адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен ұштасқан шабуыл жасау сәтінде аяқталған деп тануымен көрінеді. Алып қою белгісі қылмысқа қатысты заңға қайшы ықпал етудің сыртқы процесін неғұрлым айқынырақ көрсетеді және белгілі бір дәрежеде қылмыстық-құқықтық қорғалатын объектіге зиян келтірудің жолдарын көрсетеді. Олай дейтініміз алып қою әрекетінің өзі ұрланатын мүліктің бір орыннан екінші орынға немесе бір қолдан екінші бір қолға ауысуына байланысты. Соған орай меншікке қатысты қатысушылардың өзара байланысы әлеуметтік жағынан ауысады.

Ұрлаудың белгісі ретіндегі мүлікті алып қою меншік иесінің иелігіндегі тауарлы-материалдық құндылықтарды иелігінен айыру, бөтеннің мүлкі деген жалпы атаудан шығару әрекетімен көрінеді. Алып қою фактісін анықтау үшін, деп жазады «Уголовное право» (И.Я. Козаченконың редакциялауындағы) оқулығының авторлары, бірнеше мән-жайлардың жиынтығы қажет. Біріншіден, мүлік меншік иесінің қорында болуы керек: заңды тұлғаның не жеке адамның – меншік иесінің балансында есепте болуы керек. Соның ішінде, егер мүлік заңды тұлға кәсіпорын қорына әлі түсіп, тіркелмеген болса, онда алып қою жөнінде және ұрлау туралы сөз қозғалуы тиіс емес. Екіншіден, мұндай мүлік не меншік иесінің (заңды тұлғаның) не жекелеген адамның (жеке тұлғаның) қорынан алынғаны талап етіледі.

Ұрлық жасау кезінде мүлік меншік иесінің өзінен немесе оны күзететін адамнан алынуы мүмкін. Бөтен мүлікті ұрлау мақсатынсыз өзінің немесе басқа бір адамның уақытша пайдалануы үшін алуы ұрлау деп саналмайды. Егер мүлік меншік иесінің иелігінен шығып қалып, мұндай мүліктің басқа біреудің иеленіп алуы ұрлау болып есептелмейді. Тауып алған мүлікті заңсыз иеленіп алу немесе кінәлінің қолына кездейсоқтан бөтеннің мүлкі түскен болса онда бұл жағдай тек қана азаматтық-құқықтық жауапкершілік артады.

Ұрлау кезіндегі мүлікті алып қою оны өзінің немесе басқаның пайдасына асырумен ұштасады. Мүлікті ұрлап алған адам оған өзінің қалауынша иелік етеді, бірақ қылмыстық жолмен меншіктік құқыққа ие

бола алмайтындықтан, ол заңды түрде меншік иесі болып қала алмайды. Сондықтан ұрлау оның бұрынғы иесін, жәбірленушіні меншіктік құқығынан айырмайды. Сірә, мұнымен ұрлауға заңды түрде анықтама беруде бөтен мүлікті кінәлінің меншігіне айналдыру жөнінде емес, кінәлінің немесе өзге адамның пайдасына асыру жөнінде әңгіме қозғалатын жағдаймен түсіндіріледі.

Ұрлауды сипаттайтын келесі белгі алып қоюдың заңсыздығы болып табылады. Заңсыздық белгісі нақты түрде болмайтын, және болуы да мүмкін емес кінәлінің құқығын білдіреді. Нақты құқық белгілі бір мүлікті алу үшін заңға негізделген құқықты білдіреді. Бұл жерде оның заң тәртібімен бекітілген-бекітілмегендігінің мәні жоқ. Ең басты назар жалпы алғанда осындай құқықтың шын мәнінде бар екендігіне аударылады. Меншік құқығы дербес, мәселен Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабында соттың шешімінсіз ешкім де құқығынан айырылуға тиіс емес.

Осыдан келіп мынадай қорытығды шығаруға болады, егер адам мүлікті алу үшін заңды негізге ие бола отырып оны берудің белгіленген тәртібін ғана бұзатын болса ұрлау болған жоқ саналады. Кінәлінің осындай әрекеті, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі залал келтіретін болса, ол ҚР ҚК 389-бабы бойынша өзінше билік ету, яғни заңмен белгіленген тәртіпке қарамастан, өзінің нақты немесе болжамды құқығын жүзеге асыру деп сараланады.

Қайтарымсыз алып қою меншік иесінің еркіне қарамай мүлкін алғанымен орын толтырмаумен, яғни ешқандайда балама құнын өтемеумен білінеді. Егер мүлікті алу барысында меншік иесіне тиісті орнын толтыру ұсынылатын болса, онда кінәлінің әрекетіндегі ұрлаудың қандай белгісі болса да, ол шығын келтірген жоқ деп есептеледі.

Балама құны ақшалай, заттай немесе жұмыспен көрінуі мүмкін. Ақшалай балама құны кезінде меншік иесі не заңды иеленуші мүліктің орнына ұрланған мүліктің орнын толтырып, құнын өтейтіндей ақша алуы мүмкін. Ал заттай балама құнды меншік иесіне басқа зат беріледі. Егер бұл зат мүліктің құнына сай келетін болса, қайтармсыз ұрлық болған жоқ деп саналады. Егер орнына беретін заттың құны кем болса, қайтармсыз ұрлық болған саналады.

Мүлікті құны төмен сондай мүлікпен айырбастап алу әрекеті саралауға әсер етпейді және ол алынған мүліктің құны мөлшеріндегі ұрлық деп қарастырылуы тиіс. Кінәлінің өзіне сеніп тапсырылған

мүлікті өзінің иеленуі мен басқа адамның пайдасы үшін одан қымбат түріне айырбастау жолымен әрекет алынған мүліктің құны мөлшерінде ұрлық жасады деп саралануы тиіс.

Жұмысын істеп беру арқылы қайтарым жасау туралы мәселе еңбекақы немесе мердігерлік келісім бойынша ақы төлеу түрінде ақша ұрлау кезінде көтеріледі. Мұндай белгіленген тәртіпті бұзу кінәліні қызмет өкілеттігін теріс пайдаланғаны (ҚК 307-бабы) немесе қызметтік жалғандық жасағаны (ҚК 314-бабы) үшін қылмыстық жауаптылыққа жетелейді. Мұндай жағдайдағы ақша қаражаты қайтарымсыз болып табылатын болғандықтан жасалған әрекет ұрлық ретінде қарастырылмайды. Егерде іс жүзінде атқарылмаған еңбекке ақы төлеу есептеліп және ол қолға тиген болса, қайтарымсыздық белгісі айқын көрініп тұрғандықтан ол ұрлық ретінде қарастырылады.

Шығынның орнын толтыру немесе ұрланған мүлікті қылмыс аяқталғаннан кейін қайтару кінәліні жауаптылықтан босатпайды, бірақ жазаны жеңілдету үшін негіз ретінде қызмет етеді.

Ұрлаудың келесі бір белгісі пайдакүнемдік мақсат болып табылады. Бөтен мүлікті алып қойып және (немесе) өзінің меншігіне немесе басқа адамның меншігіне айналдыру жөніндегі ойы, сол сияқты осы алып қою мен иелікке айналдырудың заңға қайшы және қайтарымсыздығы «баюға, олжа табуға, пайда көруге ұмтылыс» ретінде жасалған пайдакүнемдікті білдіреді.

Субъективтік жағынан алғанда ұрлау – қашанда пайдакүнемдік қылмыс. Пайдакүнемдік мақсат заңсыз немесе қайтарымсыз алып қою және (немесе) мүлікті өзінің немесе басқаның пайдасына айналдыру жолымен жасалған ұрлау кезінде жүзеге асады. Осының соңғы жағдайында баюға деген ұмтылыс мүлікті басқа біреуге беретін адамның емес, өзінің меншігіне қайтарымсыз алып қойғысы келетін адамның тарапынан жүзеге асырылады (мысалы, материалдық жауапты адам өзіне сеніп тапсырылған мүлікті өйтуге құқығы жоқ болса да біреуге беріп отырады). Жекелеген адамның пайдакүнемдік пиғылын қанағаттандыруға бағытталған ұрлау мақсатысыз болмайды.

Алып қою нәтижесінде меншік иесіне не өзге де иеленушілерге материалдық шығын келтіріледі. Ұрлау кезіндегі материалдық шығын тікелей нақты шығында көрсетуі керек. Ұрлаумен келтірілген шығындардың орнын толтыру кезінде, оның мөлшері соттың қабылдаған сол кездегі тұратын бағасына қарай анықталады. Меншік иесіне немесе заңды иесіне материалдық шығын келтірмеген мүлікті алып қою ұрлау ретінде сараланбайды.

Ұрлау заты ретіндегі мүлік белгілі бір физикалық, экономикалық және заңдық қасиеттерге ие болады. Физикалық қасиет мүліктің кеңістіктегі бейнеленген сыртқы дүниесінің заттық, материалдық нәрсесін білдіреді. Бұл – қоғамдық өндіріс барысында алынған материалдық қаражат. Нақ осы сияқты заттың талданатын қасиеттерінің болмауына қарай, мүліктің өзіне әлі ие болмай-ақ түрлі игіліктерге мен мүліктік сипаттағы құқыққа ие болу жөніндегі құр ғана ой мен пиғыл ұрлау болып саналмайды, мысалы көлікте тегін жүру үшін жасанды билетті пайдалану.

Ұрлау заты ретіндегі мүліктің экономикалық қасиеті оның белгілі бір экономикалық құндылыққа ие болатынын көрсетеді. Құндылықтың әдеттегі көрінісі – оның бағасы, ақшаға бағалануы. Осыған орай іс жүзінде шаруашылыққа қажетті құндылығын жоғалтқан, иесі керексіз деп тастаған заттарды иемденіп алу ұрлау деп саналмайды. Құндылықты анықтаудың өлшемдік негізі нақты бір мүлікті дайындауға, жасауға, өндіруге немесе өсіруге жұмсалған адамның еңбегі танылады. Заттың экономикалық қасиеті болмаса ұрлау болды деп танылмайды, мысалға, табиғат жағдайындағы өсімдіктер немесе жан-жануарлар дүниесіне қатысты өзінің немесе үшінші бір объектінің пайдасына айналдыруда. Мұндай табиғат объектілер адамның еңбегі сіңірілмегендіктен нақты бағалана алмайды. Егерде өсімдіктер немесе жан-жануарлар объектілеріне адамның еңбегі сіңірілген болса, онда мұндай мүліктерді иеленіп алып қою ұрлаудың құрамын құрайды. Мысалы, белгілі бір шаруашылық қарамағындағы аңдар қорығынан кара түлкі ұрлау немесе жасанды тоғаннан балық ұрлап аулау, сол сияқты бақта өсірілген шыршаларды, безендіру бұталарын, басқа да ағаштарды кесіп алу меншікке қарсы қылмыстарға жатады.

Қазақстан Республикасы Жоғары сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативті қаулысының 15-тармағында қылмыс затына айналған мүліктің бағасын анықтау кезінде тиісті бір құжаттармен айғақталған, сол қылмыс жасалған кездегі меншік иесінің сатып алған мүлкінің бөлшек сауда, базар немесе комиссиялық сауда бағасы анықталуы тиіс. Ұрланған заттың құнын анықтау кезінде нақты бағасы белгісіз және даулы мәселе тудыратын болса, мүліктің бағасы сарапшы қорытындысы бойынша анықталады.

Зат ұрлаудың тағы бір қасиеті заңдық болап табылады. Ол мүліктің кінәліге қатысы бойынша қашанда бөтен болуымен көрінеді. Кінәліде алып жатқан затқа деген не шындығындағы, болжамды құқығы болуға тиіс емес. Өз меншігіндегі мүлік ұрлау заты болуы

мүмкін емес, сондықтан өзінің мүлкін өзі заңсыз алу ұрлау құрамын құрамайды.

Сөйтіп ұрлау баршасына бірдей нысан болып табылатын белгілі бір белгілердің тізімімен сипатталады. Ол белгілерді біз жоғарыда атап өттік, олар – 1) алып қою және немесе айналдыру; 2) заңсыздық; 3) қайтарымсыздық; 4) пайдакүнемдік мақсат; 5) шығын келтіру.

Осылармен ұрлаудың әрбір нысаны үшін айырма белгілері болады. Еңбірінші кезекте – бұл алып қою тәсілі. Бөтен мүлікті кінәлінің өз пайдасына немесе үшінші бір адамның пайдасына алу немесе айналдырудың әртүрлі тәсілі заң шығарушының ұрлау нысандарын Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің дербес нормаларында қарастыруға негіз болады.

Қазақстан Республикасы Жоғары соты Пленумының 1996 жылғы 25-шілдедегі «Бөтен мүлікті ұрлауды саралаудың кейбір мәселелері туралы» қаулысының 1-тармағында ұрлау шеңберінің қатарына енетін әрекеттерге кеңейтілген түсіндірме берілді. Оларға мыналар жатқызылды: ұрлық, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық, тонау, қарақшылық, ерекше құнды заттарды ұрлау және қорқытып алушылық. Осы мәселемен айналысушы ғалым заңгерлер (И.Ш. Борчашвили, Б.З. Байжасаров, Қ.Ш. Сүлейменов және Қ.Ш. Ұқанов) бұл көзқарастың ұрлаудың қатарына қорқытып алушылықты қосуға қарсы болып, оны орынды сынға алды. ҚР ҚК 204-бабының ескертуінде бұрын ұрлық жасағаны не қорқытып алғаны үшін сотталған адам туралы тура айтылғандықтан қорқытып алушылық құрамын бөтен мүлікті ұрлау қатарына енгізілуі тиіс емес. Демек қазақстандық заң шығарушы қорқытып алушылықты ұрлаудан бөліп алған. Қылмыстық құқық теориясында ұрлау нысанын анықтау жөнінде басқа да көзқарастар бар. Мәселен, А.Т. Жукенов іс әрекеттердің тізіміне ҚР ҚК 193-бабында қарастырылған ерекше құнды заттарды ұрлауды қосады. Қ.Ш. Ұқановтың біл әрекетті ұрлау шеңберінен шығарып тастау дұрыс болмайды деген пікірімен келісуге болатын сияқты. Осыған орай, кеңейтілген немесе шектеулі сипатқа ие болмайтын ұрлау қатарына: ұрлық, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық, тонау, қарақшылық, ерекше құнды заттарды ұрлауды енгізу керек деген көзқарас негізді болып көрінеді.

2.1. Ұрлық – ҚР ҚК 188-бабы.

ҚР ҚК 188-бабына сәйкес, ұрлық – бұл бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру. Қазақстан Республикасындағы қылмыстық жағдайды

зерттеу бірнеше жылдар бойы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтаркең тараған түрі ұрлық екенін көрсетті.

Ұрлық объектісі меншік болып табылады. Қылмыстық құқық ғылымындағы ғалымдар арасында қылмыстың тікелей объектісін анықтауға қатысты бірыңғай пікір жоқ. Бір авторлар ұрлау кезіндегі тікелей объектіні ұрлау мүлкі болып табылатын заттан айыра білген жөн деп санайды. Бұл «меншік» ұғымы мен «мүлік» ұғымының өздерінің мазмұнына қарай әртүрлі болуына негізделеді.

Ұрлық заты тауып алу, өсіру, дайындау және өндіру үшін адам еңбегі жұмсалған белгілі бір құндылығы бар және осылардың нәтижесінде ақшалай бағаға ие болған материалдық дүние нәрсесі түрінде бөтен мүлік болып табылады. Кейде қол сұғу объектісі түсті және қара металл болып табылады.

Мына сияқты құжаттар мен белгілері ұрлық заты бола алмайды: аккредитивтер, чектер, жинақ кітапшасы, киім ілгішке киім тапсырғанда берілетін жетон, сенімхат, түбірқағаз және басқалар. Өзінің мәніне қарай мұндай құжаттар иесінің атына жазылғанына қарамастан белгілі бір мүлікті иемденуге ғана құқық береді, ал оны жоғалтып алу материалдық игілікті кемітуге жетелемейді, меншік иесі әлі материалдық шығынға ұшырамайды. Сондықтан қалыптасуына адамның қоғамдық пайдалы еңбегі сіңген табиғат байлықтарын (орман, жабайы аңдар) заңсыз иеленіп алу меншікке қарсы қылмыс деп саналмайды, ол экологиялық қылмыстарға жатады. Сондай-ақ, заң шығарушының азаматтық айналыстан алынған қоғамға қауіптілігі жоғары құралдар мен материалдарға жатқызатын: радиоактивті материалдар (ҚР ҚК 284-б.); қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар мен жару құрылғылар (ҚР ҚК 291-б.); есірткі заттар немесе жүйкеге әсер ететін заттар ұрлық заты бола алмайды.

Талданып отырған әрекеттің объективтік жағы белсенді әрекет жасаумен көрінеді. Ұрлыққа тән белгі жасырын ұрлау болып табылады. Жасырын сипатына келетін болсақ заң әдебиеттерінде бірталай пікір орын алған. Бір авторлар кінәлі адамның өзі ұсынған ұрлауды әрекетінің жасырын екендігіне көз жеткізуі керек деп қосады. Басқалары кінәлінің өзі жасырын әрекет жасағандығына сенімді болуы керек деп қосады. Ал үшінші бір авторлар ұрлық деп жәбірленуші мен күзетші адам ұғынған ұрлауды таниды.

Жасырын сипаттағы ұрлауды анықтау кезінде басты назар кінәлінің ниетіне, яғни оның санасындағы ұрлаудың субъективті қабылдануына аударылады. Бұл жерде ұрлық болған деп тану үшін

кінәлі ұрлауды жасырын жасауға ұмтылған болуы керек және оның ниетіне бөтен мүлікті иеленіп алудың жасырын сипаты енуі керек.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі нормативті қаулысының 4-тармағында ұрлаудың жасырын болатындығы жөніндегі мәселені шешу үшін соттар кінәлінің жағдайды қалай түсінуіне қарай шешім қабылдауы тиіс деп түсінік беріледі. Егер жасайтын болса, тіпті меншік иесінің өзі және өзге адамдар сыртынан көріп тұрған болғанның өзінде де ұрлық жасырын жасалды деп сараланады. Сөйтіп ұрлау жоғарыда аталған адамдар мүлікті иеленіп алу оқиғасын көрген, бірақ оның қылмыстық сипатын ұғынбаған жағдайда да ұрлық деп сараланады.

Егер ұрлау кінәлі адамның әрекеттерін ешкімге айтып жеткізбейді және оған ешқандай тосқауыл жасамайды деген туысқандарының, дос-жарандарының және өзге де қарым-қатынастағы адамдардың қатысуымен жасалса да ол ұрлық деп сараланады.

Егер жоғарыда бағытталған әрекетін болдырмай тастаса, онда кінәлінің әрекеті ұрлық жасауға оқталу деп сараланады.

Мәселен, Қарағанды қаласындағы Қазыбек би аудандық соты кінәлі С.-ның әрекетіндегі тікелей ниет пен жасырын сипатты көрсететін белгінің бар жоқтығын дұрыс қараған. Оқиға мына жағдайда болған. С. ауызша жасалған келісім бойынша А.-деген азаматтың пәтерін жөндеуді қолға алады. Үй иесінің жоқтығын пайдалана отырып жөндеуші жалпы құны 10 мың теңге құрайтын шығын келтіріп, 4 жәшік кафель жасырып ұрлап алған.

Сондай-ақ, мысалы, кінәлі жәбірленушінің қалтасынан әмиянын алып жатқанда, мұндай заңсыз әрекетке көріп тұрған адам немқұрайды қараған жағдайда да оның әрекетін жасырын алу деп таныған жөн. Мәселен, М. автобуста К. деген азаматтың күртесінің қалтасынан құны 1000 теңгелік әмиянын, ішіндегі құжаттары: азаматтығы туралы төлқұжаты мен әскери билетін, сондай-ақ 1500 теңге ақшасын ұрлап алады. Ақырында М. ұрлап алған құжаттарды құртып жібереді. Қарағанды қаласындағы Октябрь аудандық соты М.-ның осы оқиға бойынша жасаған әрекетінің шығыны бар жоғы 2860 теңге болғандықтан қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз болатын, ҚР ҚК 204-бабы 2-бөлігінің «б» тармағындағы қылмыс құрамы жоқ деп саналып, ақталған.

Біздің ойымызша, М.-ның әрекетінде ҚР ҚК 202-бабында көзделген (бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру) қылмыс белгісі бар екендігі жөнінде тергеуші де, сот та оған бұл қылмысты артпаған.

Жасырын ұрлауды саралау үшін мүлікті алып қоюын меншік иесінің нәрсесі үшін ғана емес, сонымен бірге сол мүлікті күзетушіге де, сондай-ақ үшінші бір адамға көрсетілмей, жасырын болуы қажет. Олардың бәрі ұрлық жасау кезінде болмауы да мүмкін не қылмыс жасалған орында болса да ұрлық фактісін ұғынбауы мүмкін.

Қылмыстық құқық ғылымы, заң мен сот-тергеу тәжірибесі субъективті сәтке – кінәлінің қылмыстық әрекетіне қатысты: ұрлықтың жәбірленуші мен үшінші бір адамның көріп қалғанына қарамастан жасырын күйінде жасалуына ерекше мән береді.

Кінәлі адам өзінің әрекетінің қылмыстық сипаты белгілі болғанын ұғынбаған, өзінің қылмысының жасырын екендігіне көзі жеткен жағдайда жасаған ұрлау әрекеті ұрлыққа айналып, ол өзінің әрекетін жалғастыра беруі мүмкін. Егер кінәлі өзінің әрекетінің қылмыстылығы белгілі болып қалғанда ұрлауды тоқтатып, ештеңе алып үлгермеген болса, онда ұрлық жасауға оқталу деп, егер кінәлі қандайда бір мүлікті иеленіп үлгерген болса аяқталған ұрлық деп сараланды.

Жас шамасының, ақыл-есінің дамуының қабілетсіздігіне қарай немесе объективті және субъективті сипаттары (мысалы, мас болуы) себептеріне байланысты ұрлаушының құқыққа қайшы әрекетін ұғынуға және оның жасалуына қарсылық білдіруге қабілетсіз болса жасалған ұрлау жасырын жасалған болып саналады. Ұрлауды жасырын деп тану үшін, егер ол көрген адамның қатысуымен жасалса, онда бұл адамдардың кінәлі адамдардың жасаған әрекетінің қылмыстық сипатын ұғынбағанын анықтау талап етіледі. Мысалы, кінәлі адам өзін заттың месі ретінде көрсетеді; автокөлікке отырып оны жүргізіп өтеткен адамды оның иесі деген ой туындайды.

Меншік иесінің өзінің мүлкін алып қоюға келісім беруі, егер ол сол мүлікті иеленуге құқық берілген адам тарапынан шыққан жағдайда ғана қылмыс құрамын жоқ деп санауға болады. Осыдан келіп, егер мүлікті алып қою сол мүлікті иеленуі құқысы жоқ адам тарапынан берілсе, онда мұндай жағдайда «рұқсат» берген адамның әрекетін ұрлық жасады деп қарастыруға болады. Мәселен, жатахананың бір бөлмесінде бірге тұратын адамдардың біреуі екінші біреудің затын рұқсатсыз басқа біреуге беріп жіберетін болса, онда мұндай әрекет бөтеннің мүлкіне жасалған ұрлық деп саналады. Сонымен бірге балиғатқа толмаған баладан немесе есі дұрыс емес адамнан «рұқсатпен» затын алып қою да ұрлық деп саналады.

Ұрлық кезіндегі қылмыстық әрекет кінәлі адамның әдетте меншік иесінің немесе басқа бір адамның иелігіндегі мүлкін тікелей

алып қоюмен көрінеді. Бөтеннің мүлкін алу үшін кінәлі адам әрекеті қылмыстық заңмен қарастырылмайтын адамды пайдалануы да мүмкін (мысалы, ҚР ҚК 28-бабының 2-бөлігіне сәйкес, жасының және есінің дұрыс еместігіне байланысты қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайтын адамдарды тарту). Бұл жағдайда қылмыстық жауаптылық мүлкті алып қойған адамға емес, көндіру жолының түріне (алдау, қорқыту, бопсалау және басқалар) қарамастан ұрлық жасауға арандатқан адам тартылады. Осындай жағдайдағы мұндай адамдар ҚР ҚК 204-бабы «ұрлық» бойынша жауаптылық артылатын осы құылмысты орындаушы ретінде көрінуі мүмкін, ал оны балиғатқа толмаған бала жасаса, сонымен бірге ҚР ҚК 131-бабының жиынтығы бойынша кәмелетке толмағанды қылмысқа тартқаны үшін айып тағылады.

Ұрлықты ашық жасалатын тонаудан айыра білу керек. Кінәлінің ұрлық жасау ретінде басталған, меншік иесінің немесе басқа да адамдардың осы оқиғаның куәсі болған жағдайда жалғасқан әрекетін тонау деп саралаған жөн. Бұл жағдайдағы бөтен мүлкті иеленіп алу немесе оны алып қойғаннан кейін өзінде қалдыру мақсатындағы күштеп алуды күш көрсетумен ұштасқан қарақшылық немесе тонау деп саралау керек.

Егер қылмыскер жасырын ұрлау кезінде өзінің әрекетін біреу көріп қалды деп сезіктеніп, ұсталып қалмас үшін әрекетін аяғына дейін жеткізбей қашып кететін олса, онда оның бұл әрекеті ұрлық жасауға ұмтылу деп сараланады. (ҚР ҚК 24-б. 3-бөл. және 204-б.). Егер кінәлі адам ұсталудан құтылып кету үшін ұстаушы адамдарға күш қолданса, оның бұл әрекеті өз алдына бөлек жеке адамға қарсы қылмысты құрайды, осыған орай саралау үшін ұрлау мен (ҚР ҚК 204-б.) жеке адамға қарсы қылмысты қарастыратын баптардың бірінде көзделген, жәбірленушінің денсаулығына келтірілген залалдың ауырлығы бойынша әрекеттердің жиынтығын қолдану керек.

Бөтеннің мүлкін ұрлаудың объективтік жағын талдауда жасалған әрекет пен келтірілген қылмыстық нәтиженің арасындағы себепті байланысты анықтау керек. Мысалы, Павлодар қаласының прокуратурасы ұрлық жасалған С. деген азаматқа қатысты қысқартылған қылмыстық істі зерттей келе іс материалындағы келтірілген шығын құнының дұрыс еместігін анықтаған. Жәбірленуші деп тану туралы хаттамада келтірілген шығын көлемі 12 мың 235 теңге деп көрсетілсе, ал жәбірленушінің талап арызы мен одан жауап алу хаттамасында шығын сомасы әлдеқайда төмен көрсетілген. Сарапшының қорытындысы бойынша ұсынылған құжаттың

қолжазбасында сандық белгілердің өшіріліп, түзетілгені анықталған. Сөйтіп, келтірілген шығын мөлшерін азайту жолымен тергеуші ҚР ҚК 37-бабының 1-бөлігіндегі 2-тармағын негізге ала отырып істі тоқтатқан. Осы мәселеге байланысты ҚР ҚК 369-бабына сәйкес қызметтік жалғандыққа жол бергені үшін тергеушіге қатысты қылмыстық іс қозғалған.

Ұрлаудың аяқталған ұрлық жолымен болғанын немесе олай болмағанын тану бірнеше маңызды деген мәселелерге қатысты болады. Атап айтқанда, қылмысты саралау туралы, қылмыс жасаудан өз өз еркімен бас тарту туралы, қылмысқа қатысушылардың шеңбері туралы, ұрлықты қарақшылық пен тонаудан айыра білу, жазалау шарасын анықтау туралы мәселелерге байланысты. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі нормативті қаулысының 7-тармағына сәйкес, ұрлықты, егер кінәлі адам ұрланған мүлікті өзінің қалауы бойынша пайдалануы мен иелік еткен немесе үшінші бір адамға берген жағдайда аяқталған деп санау керек.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5-мамырдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстылықпен күрес мәселелрі бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес, ҚР ҚК 204-бабының ескертуі бөлігі бөтен біреудің мүлкін ұсақ-түйек ұрлағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатуды қарастырған 5-тармақпен толықтырылды. Заң шығарушы мұндай босатудың шарттары ретінде мыналарды атайды:

1 – бөтен біреудің мүлкін ұсақ-түйек ұрлау міндетті түрде алаяқтық жасау, иемденіп алу немесе ысырап ету жолымен жасалауы тиіс;

2 – мүлік белгілі бір ұйымның меншіктік құқығында немесе соның қарауында болуы тиіс;

3 – мүліктің құны әрекет жасалған кездегі Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген он еселенген есептік көрсеткіш мөлшерінен аспауы тиіс.

Демек, кінәлінің белгілі бір ұйымның меншіктік құқығында немесе соның қарауында болған бөтен мүлікті ұсақ-түйек ұрлаған әрекеті, егер ол тонау немесе қарақшылық жолымен жасалатын болса қылмыстық жауаптылыққа жетелейді.

Бөтеннің мүлкін күш көрсетпей –ақ алып қою жолына жататын ұрлық, алаяқтық, бөтен мүлікті иелену немесе ысырап етуге қарғанда ұрлыауды күш көрсеттін түрлері (тонау, қарақшылық және қорқытып алушылық) тіпті ұрланған мүліктің мөлшері онша көлемді немесе

құнды болмаса да қылмыстық жауаптылыққа тартуға жатады деп танылады.

Ұрлық үшін жауаптылықты 16 жастан емес, 14 жастан бастап белгілеу бірқатар жағдайларға байланысты. Біріншіден, қылмыстың бір түрі ретіндегі ұрлық бүгінде жасөспірімдер арасында етек жаюда, сондықтан оның жиытқ көлемі қоғам үшін қауіптілікті күшейте түсуде. Екіншіден, ұрлықтың әлеуметтік қауіптілігі 14 жастағы кәмелетке толмағанған белгілі, демек ол өзінің әрекетінің қоғамдық қауіптілігін толық мәнде ұғына алады. Үшіншіден, 14 жастан басталатын қылмыстық жауаптылық, егер дер уақытында тосқауыл қоймаса қылмыстық қол сұғушылықты жалғастыруға ұмтылысын арттыра түсетін кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын қылмыстың алдын алуға бағытталады.

Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесі мейлінше елеулі болып табылады, өйткені өмірге енді ғана қадам басқалы тұрған адамның тақытыры шешіледі және сондықтан да мұндайда әрбір істің мән-жайларын қалайда айқын анықтап алу талап етіледі.

Субъективтік жағынан ұрлық тура ниетпен және пайдакүнемдік мақсатпен жасалады, яғни кінәлі өзінің жасағалы тұрған іс-әрекетінің қоғамдық қауіпті сипатын ұғынады, қоғамға қауіпті зардаптардың болатынын болжап біледі және оның болуын тілейді; бөтеннің мүлкін алуға құқығы жоқ болса да, оны өзіне және үшінші бір адамның пайдасы үшін жасырын алуы басқа адамға материалдық залал келтіретінін түсінеді.

Осы орайда профессор А.А. Пионтковскийдің: «бөтен біреудің қалтасынан нәрсесін алуға болмайды және сонымен бірге оның алынуын тілеуге болмайды» деген сөзіміне келісуге болады.

Ұрлықтың ниеті пайда табу болып табылады. Пайдакүнемдік ниет ұрлықтың субъективті себебі болып табылады. Мақсат – бұл кінәлінің белгілі бір нәрсеге ұмтылуы. Ниетке қарағанда ұрлаудың мақсаты кінәлінің қоғамдық қауіпті әрекет жасай отырып, тікелей нәтижеге жетуге ұмтылуды сипаттайды. Сөйтіп, ұрлықтың ниеті адамның қылмыс жасай отырып нені басшылыққа алды деген сұраққа жауап береді, мақсат болса кінәлінің қылмыстық нәтижеге ұмтылған әрекетінің бағыттылығын анықтайды.

Заң әдебиеттерінде және сот тәжірибесінде мақсат біркелкі анықталмайды. Мәселен, Б.С. Никифоров, пайдакүнемдік мақсатты ұрлаудың қажетті белгісі ретінде түсіндіруден толығымен бас тартқан орынды деп санайды. Бірқатар құқықтанушы ғалымдар ұрлаудың

мақсатын кінәлінің мүлікті өзінің меншігіне заңсыз айналдыру деп қарастырады. Мұндай тұжырымның да өзіндік қателігі бар сияқты. Кінәлі адам ұрланған бөтен мүлікке қатысты меншіктік құқыққа қала болғанда да ие бола алмайды, өйткені оның мұндай әрекеті заңға қайшы келеді.

Біздің ойымызша, ұрлықтың нақты және толық мәні пайда күнемдік мақсат қайтарымсыз және өзінің немесе үшінші бір адамның қажеттілігін өтеуге арналған тұтынуға немесе өзге де мақсатқа пайдалну үшін меншік иесінің мүлкін көрінкі алуымен анықталады.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамада бөтен мүлікті жай ғана ұрлаумен бірге (ҚР ҚК 204-б. 1-бөл.) неғұрлым қатаңырақ жаза қарастыратын сараланған (2-бөл.) және ерекше сараланған ұрлық түрлері қарастырылған.

ҚР ҚК 204-бабының 2-бөлігінде ұрлықтың келесідей сараланған белгілері қарастаралған:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) бірнеше рет;

в) тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға заңсыз кірумен жасалған ұрлық.

Қылмыстық құқық ғылымында қылмыстық топтардың ұғымы туралы бірыңғай пікір жоқ. ҚР ҚК 31-бабының 2-бөлігінде алдына ала сөз байласқан адамдар тобы деген ұғым берілген. Мұндайлар болып қылмыс жасау жөнінде күні бұрын келіскен адамдар тобы танылады. Қазақстан Республикасы Жоғары сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативті қаулысының 8-тармағы алдына ала сөз байласқан адамдар тобымен бөтен мүлікті ұрлау белгісі бойынша кінәлінің әрекетін саралау үшін, алдымен екі немесе одан да көп адамның әрекет жасамастан бұрын бөтен мүлікті иеленіп алуға тікелей бағытталған, яғни қылмыс құрамының объективті жағын орындауда ең болмағанда бір адамның тарапынан келісім нышаны байқалағанын анықтап алудың қажеттігі түсіндіріледі.

Ұрлау екі немесе одан да көп адамның күші біріктіріліп жасалғанда және оған қатысушылардың біреуінің әрекеті басқа қатысушылар үшін қажетті шарт болған жағдайда, алдын ала атқаратын рөлдерін анықтап бөлгенде және барлық қатысушы әрекеттері мен қылмыс нәтижесі арасында себепті байланыс болғанда «алдын ала сөз байласқан адамдар тобы» белгісі бойынша сараланады. Мұндай жағдайда қылмысқа екі немесе одан да көп адамның қылмысқа қатысуы

міндетті емес, басқа қатысушылар болғанда бір орындаушының болғаны жеткілікті.

Ұйымдастырушы айдап салушы немесе көмектесуші жауаптылығы нақты қылмыс үшін жауаптылық қарастырылған ҚР ҚК 28-бабына сәйкес, қатысушылардың бәрі бірдей бір мезгілде орындаушы болған басқа жағдайда қарастырылады.

Басқа қатысушылармен алдын ала сөз байласпаған, бірақ ұрлауға олармен бірге қатысқан адам, іс жүзінде нақты бір әрекетті орындағаны үшін ғана жауап береді.

Қылмыстың осы түрі бойынша қылмыстық жауаптылық тартылатын жасқа толмаған, не есі дұрыс емес деп танылған адамның басқа адамдармен бірігіп жасаған әрекеті алдына ала сөз байласқан адамдар тобымен жасалған деп бағаланбайды.

Мұндай жағдайда, қылмыс субъектісі деп танылған адам қатысушысына қарамастан ұрлауды орындаушы деп танылуы тиіс, және сонымен бірге негіз болған жағдайда оның әрекеті кәмелетке толмағанды қылмыстық қызметке тартқаны үшін деп қосымша саралануы тиіс. Басқа жағдайларда ҚР ҚК 54-бабы 1-бөлігінің «д» тармағына сәйкес, айыпкер үшін психикасы бұзылуының ауыр түрінен зардап шегетіні алдын ала белгілі адамдарды, не қылмыстық жауаптылық жасына толмаған адамдарды қылмыс жасауға тарту қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар деп танылады.

Сонымен бірге, бұл нысаны бойынша топ мүшелері ұрлаудың объективті жағын орындайтындықтан бірге орындаушылық деп танылуы тиіс. Бұл жерде ұрлыққа қатысушылардың бәрі бірдей әрекетті жасауы міндетті емес. Олардың біреуі ұрланатын мүлікке қол жеткізуді қамтамасыз ететін болса, енді бірі мүлікті алуды немесе басқа қызмет атқарады. Заң шығарушы бұл жерде кінәлілердің бір қылмыстық мақсат үшін топтасып әрекет жасауына байланысты олардың әрекетінің қоғамдық қауіптілік жағын қарастырады.

Мәселен, бес адамнан тұратын А.-ның қылмыстық тобы бір ай ішінде Ақтөбе облысының аумағында бес рет электр қуаты жүйесінде ұрлық жасап жалпы құны 3 миллион 383 мың 980 теңге құрайтын электр сымдарын ұрлап, соған сәйкес ҚР ҚК 204-бабы 2-бөлігінің «а» тармағы бойынша қылмыстық жауапқа тартылған.

Қатысушылар қылмысты бірлесе жасай отырып, қылмысқа дайындалу мен оны жасауда бір-бірін қолдайды, өздері жасаған қылмыстық әрекеттің ізін жасыруға өзара көмек көрсетеді, деп Н.С.Гагарин, дұрыс атап етеді. Мәселен, 1997 жылдың ақпан айында Р.

алдын ала сөз байласып, П.-мен бірге мас күйінде «Қарағанды-турист» акционерлік қоғамының қонақ үйіндегі бухгалтерияның есігін бұзып кіріп, одан құны 11920 теңге құрайтын мүлікті ұрлап алады. Өздерінің осындай қылмыстық әрекетін жалғастыра түскен Р. мен П. осы жылдың қыркүйек айында қолдарына кілтін түсіріп алып С. деген азаматтың пәтеріне түседі, одан 40900 теңгенің мүлкін жасырын ұрлап шығады. Осыған байланысты кінәлі Р. мен П. ҚР ҚК 204-бабы 2-бөлігінің «а», «б», тармақтарында көзделген, адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша бірнеше рет тұрғын үй-жайға заңсыз күріп ұрлық жасағаны үшін осы баптағы белгілер бойынша қылмыстық жауапқа негізді түрде тартылған.

Сөз байласу алдын ала болған деп оған қылмыс жасалғанға дейінгі дайындалу немесе оқталу алдындағы тікелей қол жеткізуді санауға болады. Сөз байласу мен ұрлықты бастау аралығындағы уақыт ешқандай шешуші мәнге ие бола бермейді. Мәселен, 2000 жылдың 2-мамырында Ақмола облысындағы Ақкөл аудандық прокуратурасы тергеу нәтижесінің толық болмауына байланысты аудандық ішкі істер бөлімінің тергеушісі М.-нің Киров селосындағы тоғыз бағананың құны 65 мың теңгені құрайтын сымдарын белгісіз біреудің ағытып алғандығы жөніндегі хаттамасын кері қайтарған. Осы істі қосымша тергеу барысында Р. мен П. алдын ала А.-мен сөз байласып жаңағы сымдарды ұрлағаны анықталды, сөйтіп осы іс бойынша кінәлі деп саналғандар ҚР ҚК 204-бабы 2-бөлігінің «а» тармағымен қылмыстық жауапқа тартылған.

Ұрлық жасауға тікелей қатыспаған, бірақ осы ұрлықты жасауға дайыналуға немесе оның ізін жасыруға көмектескен адам ҚР ҚК 28-бабының 5-бөлігімен және 204-бабымен қылмысқа қатысушы ретінде қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

ҚР ҚК 204-бабы ескертуінің 3-тармағына сәйкес, Қылмыстық кодекстің 204-194-баптарында бірнеше рет жасалған қылмыс деп осы баптарда, сондай-ақ ҚР ҚК 248-бабында «радиоактивті материалдарды ұрлау немесе қорқытып алу», 255-бабында «қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын ұрлау не қорқытып алу», 298-бабында «есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлау не қорқытып алу» көзделген бір немесе одан да көп қылмыстардан кейін жасалған қылмыс танылады.

Жасалған қылмыста бірнеше рет жасау белгілерінің бар-жоқтығын анықтау үшін, қылмыстың көптілігі белгілерін анықтау керек. Біріншіден, ұрлаудың барлық көрінісінде (эпизодында) қылмыс субъектісінің осы белгілерін жасаған кінәлі адам ғана көрінеді.

Екіншіден ол әртүрлі уақыт аралығында кем дегенде екі қылмыс жасауы керек. Үшіншіден, олардың әрқайсысы қылмыстық жазалауға жататын болуы керек. Егер ұрлау көрінісінің біреуі әкімшілік жауаптылыққа жатып, екіншісі қылмыстық жауаптылыққа жататын болса, қылмыстың бірнеше рет жасалуы жоқ деп саналады. Төртіншіден, ең болмағанда жасалған ұрлау көрінісінің екеуі өзінің заңдық мәнін сақтай алуы керек.

Мәселен, Т. деген азаматтың пәтерінің терезесін қиратып, үйдің ішіне заңсыз кіріп, ішінен жалпы құны 23286 теңгенің мүлкін алып шыққан Д.-ның әрекеті бірнеше рет жасалу белгісі бойынша дұрыс сараланған. Өзінің қылмыстық әрекетін жалғастыра түскен Д. орта мектеп ауласында жүрген Н.-ның қолынан ішінде ақша салынған әмияны бар сөмкесін жалпы құны 12800 теңге шығын келтіріп, жұлып алып тұра қашады. Дегенмен, Д. нысаны жағынан әртүрлі ұрлау (ұрлық және тонау) жасаса да, заң шығарушымен оның бұл әрекеті ҚР ҚК 204-бабындағы ескертудің 3-тармағына сәйкес, қылмыстың бірнеше рет жасалу белгісіне негізді жатқызылған.

Бірнеше рет жасалатын қылмыс пен жалғасқан қылмысты айыруда кінәлінің ниетінің бағыттылығы шешуші мағынаға ие болады. Жалғасқан ұрлауда кінәлі бір жерден яғни бір орынна бірнеше рет бөтен мүлікті иеленіп алу жолымен бір қылмыстың жиынтығын құрайтын, күні бұрын көздеген мақсатына жету жолындағы, бөтен мүлікті иеленіп алуға бағытталған бір ғана ниетін жүзеге асырады.

Жалғасқан қылмысқа қарағанда бөтеннің меншігіне бірнеше рет қол сұғушылық бірнеше ұрлау жасауға деген бір ғана ниеттің жоқтығымен сипатталады. Бұл жерде кінәлі адаммен бір ғана қылмыс емес, әрбір жағдайда туындаған бөтен мүлікті иеленіп алуда бірнеше қылмыс жасалады. Бірнеше рет жасау белгісі бойынша ұрлауды саралау үшін адамның бұрынғы қылмысы үшін сотталғандығы, егер бұл жөнінен қылмыстық ізге түсу мерзімінің ескеруі не бұрын қылмыс жасағаны үшін соттылығының жойылғаны сияқты жағдайлардың қажеті болмайды.

Ұрлау, егер адам бұрын ұрлау үшін қылмыстық жауаптылықтан қылмыстық заңмен қарастырылған негізде (рақымшылық жасау, ҚР ҚК 67-бабының негізі бойынша және басқа да) босатылған жағдайда бірнеше рет жасалу белгісі бойынша саралануы мүмкін емес.

Айтылғандарды ескере келе, бірнеше рет жасалу деп өзіндік дербес қылмыс белгісі бар кінәлінің екі немесе одан да көп ұрлау жасауы, егер осы ұрлаудың әрқайсысы бір-бірінен белгілі бір уақыт

аралығында болғанда және олардың әрқайсының жасалуы үшін кінәлінің бөлек ниеті туындағанда жасаған әрекеті танылады.

Мәселен, Орал қаласының прокуратурасы қалалық ішкі істер басқармасы тергеу бөлімінің азамат К.-нің жылқысын ұрлаған факті бойынша қозғалған қылмыстық істі жүргізуді тоқтату туралы қаулысын кейін қайтарған. Іс бойынша тергеушінің мұндай шешім қабылдануына жәбірленушінің күдікті Н.-мен татуласуы себеп болған. Алайда іс материалдарын оқып-зерттеу кезінде күдікті Н.-нің әрекетінде ҚР ҚК 204-бабы 2-бөлігінің «б» тармағындағы белгілер бар деп табылды және оның осы саралау бойынша бұрын сотталғандығы анықталды. Ал осы сияқты, Батыс Қазақстан облысындағы азамат Ғ-ның меншігіндегі бес жылқыны ұрлап алған азамат У.-ға және бұрын сотталған Т.-ға қатысты прокурордың наразылық білдіруіне байланысты Бөкей ордасы аудандық сотының кері қайтарылған үкімі жөніндегі басқа бір мысалды алып көрейік. Бұған келетін болсақ, үкімнің кері қайтарылуына әрекеті қылмыстың бірнеше рет жасалуы белгісімен саралаған Т.-ны соттың айыптаудан шығырып тастауының дұрыс еместігі, сондай-ақ ҚР ҚК 63-бабын қолдана отырып шамадан тыс жеңіл жаза тағайындалуы негіз болған, ал шындығына келгенде олармен қоғамдық қауіптілігі жоғары ауыр қылмыс жасалаған, оның үстіне келтірілген шығынның орны толтырылмаған.

Қазақстан Республикасы Жоғары сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативті қаулысының 25-тармағында кінәлінің бөтеннің меншігін иеленіп алуға бағытталған бірнеше бірдей қылмыс жасауы кезіндегі ҚР ҚК 204, 189, 190, 191, 192, 193-баптарының әртүрлі бөліктерінде жауаптылық көзделген әрекеттерді ҚР ҚК 12-бабының 2-бөлігіне сәйкес, ұрлаудың саралаушы белгілерін көрсете отырып Қылмыстық кодекстің неғұрлым ауыр жаза көздейтін бабының бір бөлігімен саралау керектігі жөнінде түсінік берілген.

Егер ұрлау бұрын бірдей емес (ұрлық), біртектес (мысалы, алаяқтық не қорқытып алушылық) қылмыс жасаған бұрын сотталмаған адаммен жасалса, онда әрбір қылмыс дербес сараланады, бірақ екіншісі – бірнеше рет жасалу саралаушы белгісін ескеруі керек.

Ұрлаудың қоғамдық қауіптілігі тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға заңсыз кірумен жасалғанда күшейе түседі, өйткені қылмысты жасау үшін кінәлі жәбірленуші сақтауды қамтамасыз ету бойынша арнайы шаралар ретінде қабылдаған кедіргіден өту мен мүлікке қол жеткізу үшін белгілі бір күш қолданады, есікті, үйдің төбесін, есіктің құлпын бұзып, қиратады.

Заңсыз кіру – бұл ұрлық, тонау немесе қарақшылық жасау мақсатында тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға жасырын немесе ашықтан ашық басып кіру.

Бұндай саралаушы белгі іс жүзіндегі жасырын немесе ашықтан ашық заңсыз басып кіруоқиғасына дейінгі ұрлау ниеті болған кезде орын алуы мүмкін.

Тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға заңсыз кіруді адамның жәбірленушіні алдау жолымен, мысалы кіру мақсатында өзін билік өкілі ретінде таныстырып немесе жалған құжат көрсеткен жағдайда саралауға болады. Мүлік ұрлау мақсатында үй-жайға немесе қоймаға алдап кіру – бұл түрлі амалдармен, мүлікті иеленуші немесе күзетуші адамды алдап адастыру, және ондағы сақталған мүлікке қол жеткізу (өзін сантехник, электрші деген жасанды жалған құжат арқылы сендіру). Мұндай әрекеттер орын алған жағдайда ол лауазымды адамның өкілеттігін иемденгені үшін (ҚР ҚК 309-б.) немесе көрінеу жалған құжатты пайдаланғаны үшін (ҚР ҚК 325-б. 3-бөл) жауаптылықты қарастыратын баптар бойынша саралануы мүмкін. Үй-жайға алдап кіру сонымен бірге кінәлі адамның үй-жайдың жабылатын кезінде оның ішінде жасырынып қалып қоюымен де жүзеге асырылуы мүмкін.

Кінәлінің көздеген ұрлау әрекетінде үй-жайға кірмей-ақ техникалық құралдарды және өзге де аспап-құрылғыларды пайдаланып ұрлайтын заттарды алып шығатын жағдайлар да орын алуы мүмкін.

Егер кінәлі өзінің туысқандақ, таныстық қатынастарын және басқа да жағдайларын пайдаланып жәбірленушімен немесе мүлікті күзететін адаммен келісіп тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға кіргеннен кейін сол үй-жайдың ішінде бөтен мүлікті иелену ниеті пайда болып әрекет жасайтын болса, онда оның әрекеті саралаушы белгі қалыптастырмайды.

Кірудің тәсілі түріндегі күштеп кіру үй-жайдың ішіндегі адамдар немесе оны күзетушілер тарапынан көрсетілген және өзге де кедергілерді күштеп, қабырғаны құлату, төбені тесу, терезе немесе есікті сындыру, құлыпты бұзу сияқты әрекеттермен және басқа амалдармен ұштасуы мүмкін.

Оған мына бір істі мысалға келтіруге болады. Мәселен, К. деген азамат А. деген азаматтың пәтерінде У.; П. және Ж.-мен бірігіп арақ ішкеннен кейін, мастығын пайдаланып, қалтасында 5 мың теңге ақшасы бар құны 15 мың теңгелік былғары күртесін, құны 3 мың теңге тұратын бәтеңкесін жасырын ұрлап кетеді. Сол күні К. онымен қоймай

У. дегеннің пәтеріне түсіп одан жалпы құны 41 мың теңге құрайтын мүліктерін ұрлап алып шығады.

Заңсыз кіру кінәлінің үй-жайға есігі ашық тұрған соң кездейсоқ кіру жолымен де жүзеге асуы мүмкін.

Кейде соттар кінәлі адам әрекеттеріне дұрыс қылмыстық-құқықтық баға бере бермейді. Мысалы, Н. Ж.-мен алдын ала сөз байласып, бір бас ірі қара малды ұрлауға айдап салушылық қызмет көрсету үшін К. деген азаматтың мал қорасына заңсыз кіріп, оған 30 мың теңге құрайтын материалдық шығын келтірген. Өзінің қылмыстық әрекетін жалғастыра түскен Н. бірнеше рет Б. және О.-мен топ құрып, Д. деген азаматтың пәтеріне заңсыз кіріп, одан 78 мың теңгенің мүлкін ұрлаған. Шығыс Қазақстан облыстық сотының қадағалау алқасы сотталушыға тағайындалған жаза мен жасалған әрекеттің сай келуіне байланысты айыптау мөлшерін кемітіп және іс бойынша Н.-ның жазасының мерзімін азайтуға негіз бола тұрса да оның тұлғасына айып тағылмаған. Сөйтіп, іс материалдарынан көрінгені, соңғысы кінәсін толығынан мойнына алған,, жасаған әрекеті үшін шын өкінген, соттылығы жойылған, тұрғылықты жерінен жағымды мінездеме берілген, үйленген, екі баласы бар, жұбайы жұмыс істемейді, іс бойынша материалдық шығының біраз бөлігін өтеген, ауыр сырқаттан азап шегіп жүр (жүрегі, асқазаны ауырады), әрекетінен сондай алып-жұлып бара жатқан зардап келмеген. ҚР ҚК 204-бабы 2-бөлігінің санкциясы 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген, бұл жерде жауаптылықты жеңілдететін мән-жайларға қарамастан, Н.-ға 5-жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы, яғни ең жоғары жаза тағайындалған, бұл әрине шамадан тыс қатаң. Мұндай жағдайда бірінші инстанциядағы соттың үкімі өзгертуге жатады.

Үй-жай деп адамдарды немесе материалдық құндылықтарды тұрақты не уақытша орналастыруға арналған стационарлық не көшпелі құрылыс немесе ғимараттарды тануға болады.

ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7-бабының 42-бөлігіне сәйкес, баспана – бір немесе бірнеше адамның уақытша немесе тұрақты тұруына арналған үй-жай немесе құрылыс, оның ішінде: меншікті немесе жалға алынған пәтер, үй, саяжай үйі, мейманхана нөмірі, каюта; көп пәтерлі үйлерді қоспағанда, оларға тікелей жалғасатын тұрғын үйлердің верандалары, террасалары, галереялары, балкондары, жертөлесі және шатыры, сондай-ақ өзен немесе теңіз кемесі.

Егер тұрақты немесе уақытша тұруға, сондай-ақ құрамдас бөліктері дем алуға немесе мүлік сақтауға арналған болса, бұл үй-жай

тұрғын деп; егер өнім, тауар өндіріп шығарған болса, өндірістік; егер өндірістік еңбек міндеттерін орындауға байланысты болса, ол қызметтік үй-жай деп танылады.

Қойма деп, материалдық құндылықтарды тұрақты немесе уақытша сақтау үшін бөлінген құрылыс, ерекше құрылғы, арнайы қоршаумен немесе техникалық құралдармен не күзетпен жабдықталған орын немесе аумақтағы учаске танылады (мысалы, мүліктерді сақтауға және соған байланысты пайдаланылатын автомашиналар, жылжымалы автодүкендер, мұздатқыш рефрижираторлар, контейнерлер, сейфтер, шопалалар, күзет қойылған теміржол платформалары немесе қоршалып, күзетілетін алаңқайлар және басқалар).

Мәселен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты Б. деген азаматтың ақша ұрлау мен Д. деген азаматтың ауласынан азық-түлік ұрлауға оқталуына қатысты Тараз қалалық сотының үкімі мен Жамбыл облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулысын өзгерткен. Үкімді өзгертуге сотталушыны айыптау кезінде оған «қоймаға кіру» деп заңсыз айып тағылу негіз болған, яғни іс материалдарынан Б. бұл ұрлықты азық-түлік сату үшін аулаға уақытша шығарылған үстелдің үстінен жасаған. Осы мән-жайларға байланысты (аулада тұрған үстел қойма деп танылуы мүмкін емес) Б.-ның әрекеті ҚР ҚК 204-бабының 1-бөлігі бойынша сараланған.

Аумақтың белгілі бір учаскесі (акваториясы), сақтауға арналмаған, бірақ сол үшін пайдаланылатын ыдыстар (мысалы, күзетілмейтін не қол сұғуға қарсы арнайы жабдықталмаған комбайнның шанағы (бункері), автомашиналардың ашық қораптары мен салондары, платформалар мен жайдақ вагондар) қойма ұғымына жақын келіңкіремейді.

Автомашинаның құрамдас бөлігін ұрлаған (автомагнитола сияқты басқа да мәшинеге құрастырылған бөлшектер) кінәлінің әрекеті қоймаға заңсыз кіріп ұрлауды саралайтын белгілерді құрастыра алмайды.

Егер оған күзет қойылмаса ішіндегі затын еркін де оңай алуға болатын құрылыс немесе құрылғыларды (ашық платформа, баржа және сондайлар) қойма деп санауға болмайды. Сол сияқты материалдық құндылықтар сақтауға емес, өнім өсіруге арналған жерлер қоймаға жатқызылмайды (бау, бақша, огород, мал жайылымы, балық асырауға арналған тоған және т.б.).

Кейде өмір тәжірибесінде дүкендер мен асханалардағы кассалық аппараттарды және сол сияқты басқаларды қоймаға жатқызуға бола ма деген сұрақтар туындап жатады. Осыған байланысты В. А. Владимиров

, «қойма деп үй-жайдың ішіндегі басқалардың қолы жетпейтіндей ақша, материалдық құндылықтар мен тауарлар арнайы сақтауға арналған қондырғыларды; сауда кәсіпорындарындағы кассаларды; дүкендердегі тауар сақтайтын орынды, яғни жұмыс уақытында көрінген адам пайдалана бермейтін арнаулы құнды тауарлар мен жүктерді сақтауға арналған орындарды тануға болады» атап өткен болатын. Сөйтіп, атап өту керек, арнайы жабдықталған, кім көрінген аша бермейтін құлпы бар, материалдық жауапты адамдардың қарауындағы болатындықтан кассалық аппараттарды да қоймаға жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен ҚР ҚК 204-бабының 2-бөлігіндегі бас бостандығынан айыру мерзімі 6 жылдан 5 жылға қысқартылған. Сөйтіп, сол кезден бастап ұрлық ауыр санаттан орташа ауырлықтағы санатқа ауыстырылды.

ҚР ҚК 204-бабының 3-бөлігі келесідей ерекше саралаушы белгілерді қарастырады:

- а) ұйымдасқан топ;
- б) ірі мөлшерде;

в) ұрлық не қорқытып алушылық үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам жасаған ұрлық.

Ұйымдасқан топ ұғымы ҚР ҚК 31-бабының 3-бөлігінде бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы танылады деп берілген. Мұның негізгі белгілері ұйымдасушылығы мен тұрақтылығы болып танылады. А. И. Долгова бұл мәселені қарастыра отырып, ұйымдасқан қылмыстық топқа мынадай белгілер тән деп санайды: белгілі бір аймақ шеңберіндегі қылмыстық ортаның топтасуы; олардың топ бастаушысының болуы; топ ішіндегі белгілі бір лауазымдық шеннің болуы; мемлекеттік аппарат қызметкерлерін қылмыстық қызметке тарту, олардың сыбайлас жемқорлығын кеңейту, топтарға қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; қылмыстық қызметті монополияландыру мен қызмет шеңберін арттыру, жоғарғы эшелондағылардың қылмыстық жауаптылықтан қорғалуы. Автордың осы жоғарыда айтылғандарымен келісе отырып, атап өтуге тура келеді, Долгова көрсеткен белгілердің біреуінің жоқ болуы, ұйымдасқан қылмыстық топтың жоқ екенін білдірмейді. Мысалы, кез келген ұйымдасқан топтың жоғары санаттағы қызметтермен байланыстары

бола бермейтіндіктен, сөйтсе де өздерінің ұйымдасқан тобын ыдыратпай, бір мақсатқа бағытталған ұйымдасқан қылмысты жалғастыру үшін, өздерінің арасында беделі бар қос бастаушысы мен бағынышты (орындаушы) адамдардың болуы үшін, топтағы қатаң тәртіпті сақтау үшін мемлекеттік аппарат қызметкерлерін сыбайластық пен қылмыстық қызметке тарту ойластырылады.

Жоғарыда аталған, Қазақстан Республикасы Жоғары сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативті қаулысының 11-тармағында, егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы (ұйымдасқан қылмыстық топ, қылмыстық қауымдастық, банда) жасаса, ол ұйымдасқан топ жасаған қылмыс деп танылады..

Біздің ойымызша, бұл айтылған қылмыстық заңға, әсіресе ҚР ҚК 31-бабының 3 және 4-бөлігінде заң шығарушы қатысудың бұл түрін қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай бөлуіне байланысты қайшы келетін болғандықтан онымен келісуге болмайтын сияқты.

И.Ш.Борчашвили бұл мәселені қарастыра отырып, заң шығарушының ұйымдасқан топ (ҚР ҚК 31-б. 3-бөл.) бір қылмыс жасау үшін де құрылады деген көзқарасына қатысты келісуге болмайды, деп атап көрсетеді. Мұндай түсіндіруде ұйымдасқан топ пен алдын ала сөз байласқан топ арасындағы нақты шегі жоғалатын сияқты болып көрінеді, ал шектердің мұндай өзгермелілігі қателікке және құқық қолдану барысында теріс пайдаланушыққа әкеп соқтыруы мүмкін.

Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының ұжымы И.Ш Борчашвилидің көзқарасын қолдай отырып, бұл мәселе бойынша ұйымдасқан топ деп бірнеше қылмыс жасау ниетімен күні бұрын біріккен екі немесе одан да көп адамдардың тұрақты тобы деп тануды ұйғарады.

Ауыл тұрғындары арасындағы ұйымдасқан топтар құрамында негізінен мал ұрлаушылық (барымта) кең орын алады. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысында құқық қорғау органдары мал ұрлауды кәсіпке айналдырған, 8 адамнан құрылған П. мен Б. басшылық жасаған қылмыстық топ әшкереленген. Алдын ала тергеу барысында осындай әрекеттің 35 фактісі анықталған. Басқа бір мысалда, Шалқар ауданының Шетырғыз ауылының тұрғындарынан жалпы құны 546000 теңге құраған 25 жылқы ұрлаған К.-ға қатысты осы аудандағы участкелік инспектор Н. кейіннен аудандық прокуратура қылмыстық іс жүргізу заңын бұзушылығы бар деп танып, кері қайтарған қылмыстық іс қозғау жөнінде бас тарту қаулысын шығарған. Істі қайта қарап.

Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін осы қылмысты жасау фактісі бойынша ҚР ҚК 204-бабы 3-бөлігінің «а» тармағында белгімен тағы да Ш. деген азаматпен бірге және 13 адам әшкереленіп қылмыстық жауаптылыққа тартылған. Егер ұрлау ұйымдасқан қылмыстық топпен жасалған болса, онда ұйымдастырушының, жетекшінің және ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелерінің әрекетін ұйымдасқан топпен жасалған ұрлық үшін жауаптылық қарастыратын ҚР ҚК 204-бабының 3-бөлігімен және ұйымдасқан қылмыстық топты немесе қылмыстық қауымдастықты (қылмыстық ұйымды) құру және оны басқаруды қарастыратын ҚР ҚК 235-бабының тиісті бөлігінің жиынтығы бойынша саралау қажет. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық сотының үкімімен игі бойынша кінәлі деп танылып, 20 жылға, алған қатысушыларды 8 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге сотталған.

Ұрлаудың мөлшері осы қылмыстың қоғамдық қауіптілік дәрежесін анықтаудың өлшемдік негіздерінің бірі болып табылады. Келтірілген шығынның ірі мөлшерде екенін анықтау саралаушы мәнге ие болып және кінәліге заң нормаларының белгілі бір бөлігін қолдануға тікелей әсер ететін болғандықтан, оны айқын анықтау дәлелдеудің шегіне енеді және бөтен мүлікті ұрлау жөнінде іс бойынша сот әділдігін жүзеге асыру кезінде заңдылықты сақтаудың маңызды шарты болып табылады. Бұл жерде ұрлаудың ірі мөлшерде екендігін анықтау жәбірленушінің келтірілген материалдық шығындарын толығымен қалпына келтіру үшін қажет.

Заң шығарушы ірі мөлшер ұғымын ҚР ҚК 204-бабын ескертуінің 2-тармағында және Қазақстан Республикасы Жоғары сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативті қаулысының 15-тармағында қарастырады. ҚР ҚК 6-тараудың баптарында ірі мөлшер немесе ірі залал деп қылмыс жасалу сәтіне Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген айлық есепті көрсеткіштен бес жүз есе асып түсетін мүліктің құны мен залалдың мөлшері танылады.

Егер ұрланған мүліктің жалпы құны айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асып түсетін болса, бір ниетпен жасалған бірнеше оқиғадан тұратын жалғасқан бір қылмыстың өзі де ірі мөлшердегі ұрлау ретінде саралануы тиіс.

Егер кінәлінің ниеті ірі мөлшердегі мүлікті иемденіп алуға бағытталып және ол оны жасаушыға қатысы жоқ жағдайда орындалмай қалса, онда жасалған әрекетті іс жүзінде ұрланған мүліктің көлеміне қарамастан ірі мөлшерде ұрлауға оқталу деп саралауға болады.

Егер кінәлі бір қылмыс емес, кінәлінің бөтен мүлікті алу ниетінің әрбір оқиғасында өз алдына бөлек дербес жүзеге асырылатын бірнеше ұрлық жасалатын болса, онда ұрланған мүліктің құны қосылмай есептеледі. Топтасып ұрлауда ұрланған мүліктердің барлығы оған қатысқан адамдардың әрқайсысына сол көлемде тағылады.

Қылмыс заты болып танылған мүліктің құнын анықтау кезінде дәл сол қылмысты жасау кезеңіндегі оның иесі сатып алған жағдайдағы тиісті құжаттармен дәлелденіп бекітілген бөлшек сауда, нарықтық немесе комиссиялық бағасы ескерілуі керек. Бағасы белгісіз болып және ұрланған заттың бағасына қатысты дау-дамай туа қалған жағдайда мүліктің құны сараптама қорытындысының негізінде анықталады.

Ұрланған мүліктің мөлшері оның құнымен кінәлі адам ұрланған заттың орнына бағасы төмен басқа бір затты тықпалап ұсынған жағдайда нақты анықталуы тиіс. Бұл жерде ұсынылған мүліктің құны шығын мөлшері анықталған кезде ғана ескерілуі мүмкін.

Мәселен, Астана қаласындағы Алматы аудандық прокуратурасы осы ауданның ішкі істер басқармасы тергеу бөлімінің тергеушісі Н.-ның ҚР ҚК 204-бабы 3-бөлігінің «б» тармағы бойынша жалпы құны 620 000 теңгенің ұнын ұрлаған А.-ның үстінен қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан. Қосымша тергеу барысында осы қылмысты К. деген азаматтың жасағаны анықталып, ол қамауға алынады.

Егер кінәлі адам бұрын ұрлағаны немесе қорқытып алған үшін екі немесе одан да көп сотталған болса, сол соттылығы заңды түрде алынып тасталмаған немесе жойылмаған болса, онда оның әрекетін ҚР ҚК 204-б. 3-бөл. тар., 189-б. 3-бөл. тар., 190-б. 3-бөл. тар., 191-б. 3-бөл. тар., 192-б. 3-бөл. тармақтарымен саралау керек. Кінәлінің осы белгілер бойынша кәмілетке толмаған кезіндегі ұрлық жасағаны үшін бұрынғы соттылығы ескерілмейді.

ҚР ҚК 204-бабы ескертуінің 4-тармағына сәйкес, ұрлық не қорқытып алушылық үшін бұрын сотталған деп, ҚР ҚК 204-194-баптарында, сондай-ақ 248-бабындағы радиоактивті материалдарды ұрлау немесе қорқытып алу, 255-бабындағы қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын ұрлау не қорқытып алу, 298-бабында есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлау не қорқытып алу көзделген бір немесе одан да көп қылмыс жасаған адам танылады.

Осы саралаушы белгіні қауіпті қылмыстың қайталануы деп бағалау керек болады. Бұл аталған саралау заңға сәйкес неғұрлым қатаңырақ жаза қолдану қарастырылатын адамның қоғамға қауіптілік

дәрежесінің жоғары көрсеткіші болып табылады. Мұндай белгідегі айып мына төмендегі көрсетілген жағдайларда ғана тағылуы мүмкін:

а) адам бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған болса;

б) адам кез келген қылмыс үшін емес, 204-194, 248, 255, 298-баптарында көзделген ұрлық не қорқытып алушылық үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған болса;

в) бұрын жасаған қылмысы үшін соттылығы заңмен белгіленген тәртіп бойынша алынып тасталмаған немесе жойылмаған болса.

Мәселен Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты Ақтау қалалық сотың бұрын бірнеше рет сотталған Д.-ны «Каскор-химкомплекс» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ауласынан аса ірі мөлшерде құбыр ұрлағаны үшін соттау жөніндегі үкімін кері қайтарған. Кері қайтаруға соттың Д.-нің әрекетін бұрынғы соттылығының жойылғанын ескерместен оның әрекетінде қылмысты аса ерекше қайталаушылық бар деп нақты шындыққа сәйкеспейтін қорытынды шығару негіз болған. Осыған қарамастан, мемлекеттік айыптаушы Ж. сотқа ұсынылған айыптаудың барлық тармағы бойынша Д.-ны айыпты деп тануды талап еткен, ал заңсыз үкім шығарылғаннан кейін оған ешқандай наразылық білдірілмеген.

Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету – ҚР ҚК 189-бабы.

ҚР ҚК 189-бабына сәйкес, иеленіп алу немесе ысырап ету, яғни кінәлі адамға сеніп тапсырылған бөтен мүлікті ұрлау. Бұл норманың шеңберінде іс жүзінде ұрлаудың өз алдына бөлек дербес екі нысаны біріктірілген: иеленіп алу мен ысырап ету. Қызмет бабын пайдаланып жасалған ұрлау заң шығарушымен дербес құрам ретінде қарастырылмайлы, ол осы қылмысты саралаушы белгілер қатарына жатқызылады. Ұрлаудың осы нысанын біріктіретін жалпы нәрсе заңды негіздегі иелік пен қарауындағы ұрланытын мүлікке субъектінің ерекше қатынасымен көрінеді.

Иеленіп алу мен ысырап ету мәліметтік деректер көрсеткеніндей ұрлыққа қарағанда ұрлаудың аз тараған нысаны болып табылады. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есеп Комитетінің мәліметтік деректеріне сәйкес, республикамызда 2004 жылдың 12 айы ішінде осы санат бойынша 433 қылмыс тіркеліпті (2003 жылғы осы кезең ішінде – 1319).

Қылмыс объектісі меншік, яғни мүлікті иелену, пайдалану немесе билік етуге байланысты қоғамдық қатынастар жиынтығы болып табылады.

Мүлік ұрлау заты болып табылады. Бұл жерде мүлік кінәлі адамға сеніп тапсырылған олуы керек. Қылмыстық құқық теориясында дәстүрлі түрде ұрлаудың басқа түрлеріне қарағанда иеленіп алу немесе асырып ету заты кез келген бөтен мүлік емес, тек қана кінәліге сеніп тапсырылған мүлік танылады. Иеленіп алу немесе ысырап ету затына да бұдан бұрын талданған ұрлау түрлеріне белгілер тән болады.

Қарастырып отырған қылмыстың объективтік жағын бөтен мүлікті ұрлаудың иеленіп алу немесе ысырап ету нысандары құрайды. Иеленіп алу кінәліге сеніп тапсырылған тауарлы-материалдық құндылықтарды алып қоюымен және оларға заңсыз иелік етумен көрінеді.

Иеленіп алу – бұл ұрлаудың кінәліге сеніп тапсырылған бөтен мүлікті қайтарымсыз, өзінің немесе үшінші бір адамның бас пайдасы үшін меншік иесіне немесе өзге де иелік етушіге шығын келтіре отырып жасалатын түрі.

Иеленіп алуда кінәліге сеніп тапсырылған мүлік оған заңсыз жолмен ауысады, нәтижесінде кінәлі оны өз меншігіне айналдырады немесе өз меншігі ретінде оны үшінші бір адамға беріп жібереді. ҚР ҚК 189-бабына сәйкес иеленіп алудың ерекшелігі субъектінің ұрланған мүлікке қатынасы болып табылады: мүліктің адамның иелігінде заңды түрде болуы, өкілеттігіне қарай белгілі бір қатынасқа ие болуы.

Мысалы, алдын ала тергеу мынадай жай анықталып, И.-ға «Аян» тұрғын үй кооперативінде бас бухгалтер қызметін атқарып жүргенде өзіне сеніп тапсырылған мүлікті қызмет бабын пайдаланып иеленіп алып, «Кассалық операция жүргізу ережелерін» бұзып, кассалық ордерлерде кіріс акшаларды тіркемей, «Аян» кәсіпорнына 19500 теңге шығын келтіргені үшін айып тағылған.

ҚР ҚПК 24-бабына сәйкес, сот істі дұрыс шешу үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жанжақты, толық және объективті зерттеу үшін заңмен қарастырылған барлық шараларды қабылдауға міндетті. Осы сияқты талаптарды сот бірінші инстанцияда орындамаған.

Осы айтылғандарды назарға ала отырып, сот алқасы И.-ға қатысты ақтау үкімі мән-жайларда толық және жеткілікті зерттемегіндігі негізінде шығарған. Осыған орай істі дұрыс шешу үшін елеулі маңызы бар дәлелдердің жоқтығына байланысты үкім жоққа шығарылып, ол жаңадан сот қарауына жіберілген. Сонымен бірге, ұрланған зат құртылып жіберілгенде немесе басқа бір адаммен ұрланғанда, егер мұндай жағдайда өзара келісушілік болмаса иеленіп алу болды деп саналмайды.

Ысырап ету – ұрлаудың кінәліге сеніп тапсырылған мүлікті өзінің немесе басқа адамның бас пайдасына айналдыру мақсатында меншік иесіне немесе басқаша иемденуші адамға шығын келтіре отырып алып қою түрі. Сөйтіп, ысырап ету – бұл мүлік сеніп тапсырылған адамның тұтынушыдан алып қою арқылы қайтарымсыз, өзінің немесе басқаның пайдасына айқалдыру. Бұл жерде кінәліге сеніп тапсырылған мүлік белгілі бір құқықты игеруге байланысты заңсыз ысырап етіледі, сатылады, үшінші бір адамға беріп жіберіледі немесе өзімен пайдаланылады.

Үнемі емес, кейде иеленіп алу ысырап етудің бастапқы кезеңі болып табылады. Сот-тергеу тәжірибесінде адамның бөтеннің мүлкін иеленуінің уақыт аралығы ескерілмейтін жағдайлары жиі кездеседі. Мысалы, қоймашы өзіне сеніп тапсырылған қоймадағы тауарды шетінен алып сатады да, түскен ақшаны ешкімге бермей өз қалтасына салады.

Иеленіп алу немесе ысырап ету мүлік тек жәй алынғанда ғана емес, сонымен бірге субъектінің еркін пайдалану затына айналған кезінде аяқталған қылмыс деп танылады.

Субъективтік жағы тікелей ниетпен және пайдакүнемдік мақсатпен сипатталады: адам өзінің заңсыз әрекетімен өзіне сеніп тапсырылған иеленіп отырғанын не ұстап отырғанын ұғынады, өзінің осындай әрекетімен меншік иесінде материалдық зиян келтіретінін болжай біледі, және өзінің пайдакүнемдік пиғылына бағына отырып, соның болуын тілейді.

Қылмыс субъектісі (арнайы) – заңды түрде иелік етуге сеніп тапсырылған мүлкі бар, он алты жасқа толған, есі дұрыс жеке адам. Иеленіп алу да немесе ысырап ету де лауазымды қызметіне, осы мүлікке билік етуге, жеткізуп беруге немесе сақтауға қатысты өкілеттік етуіне байланысты заңды түрде иелегінде болған бөтен мүлікті өзінің немесе үшінші бір адамның қайтарымсыз заңсыз иелігіне айналдыруымен сараланады. Мұндай адамдар қатарына сот тәжірибесі әсіресе қоймашыларды, кассирлерді, сатушыларды, экспедиторларды және басқа да адамдарды жатқызады. Сөйтіп, ҚР ҚК 189-бабының 1-бөлігіне сәйкес, иеленіп алу немесе ысырап ету субъектісі тек қана материалдық-жауапты адам болады.

Заң шығарушы сеніп тапсырылған мүлікті иеленіп алудың немесе ысырап етудің саралаушы белгісі ретінде адамның қызмет бабын пайдаланып жасалған әрекетін қарастырады (ҚР ҚК 189-б. 2-бөл.). Қазақстан Республикасы Жоғары соты 2003 жылғы 11-шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот

тәжірибесі туралы» нормативті қаулысының 18-тармағында қызмет бабын пайдаланып жасалған ұрлаудың субъектісі лауазымды ғана емес, сонымен бірге меншіктік нысанына қарамастан ұйымдарда, кәсіпорындар мен мекемелерде өзіне сеніп тапсырылған мүлікке қатысты атқаратын қызметіне байланысты (бригадир, кассир, сатушы, экспедитор) тиісті міндет атқаратын адамдар болып табылады.

Кінәлінің өзінің қызмет бабын пайдалануы ұрлаудың саралаушы белгісі болып табылады, осығына байланысты бұл іс әрекетті ҚР ҚК 228, 307 және 308-баптарымен қосымша саралау талап етілмейді. Соттар қандай жағдайда болмасын кінәлінің өзіне сеніп тапсырылған мүлікті ұрлауы болғаны, мүлікті ысырап етуі немесе иеленіп алуы болғаны жөнінде тиісінше анық-қанығына жетуі тиіс. Лауазымды адам ұғымы туралы анықтама ҚР ҚК «Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану» 307-бабындағы ескертудің 3-тармағында ашылған.

Мәселен, Алматыдағы ғылыми орталықтары бірінің бас бухгалтері К. жалған құжат жасау жолымен 2 миллион теңге ақшаны заңсыз иемденіп кеткен. Ал енді басқа бір мысалда, Оңтүстік Қазақстан облысындағы өндірістік кооперативтері бірінің төрағасы С. ортақ кассадан 2 миллион 500 мың теңге ақшаны заңсыз ұрлап алып, жасырынып кеткен.

Қызмет бабын пайдаланып өзіне сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап етуді қызмет өкілеттігін теріс пайдаланудан айра білу керек. Бұның негізгі айырма белгісі өзінің қызмет бабын сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету құрамында қылмыс жасау әдісі ретінде пайдаланумен көрінсе (ҚР ҚК 189-бабы), ал қызмет өкілеттігін теріс пайдалану құрамында (ҚР ҚК 307-бабы) іс-әрекеттің өзін сипаттайды. Бұдан басқа, жоғарыда аталған іс-әрекеттердің айырмашылықтарын әрбір қылмыстардың объективтік те және субъективтік те белгілері бойынша қарастыруға болады (мысалы, түрлі объектіге қол сұғылғанымен, олардың объективтік белгілері сай келе бермейді).

ҚР ҚК 189-бабының 2-бөлігінде қарастырылған адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша және бірнеше рет стяқты саралаушы белгілер. сондай-ақ ҚР ҚК 189-бабының 3-бөлігінде қарастырылған ерекше сараланған белгілер (ұйымдасқан топ болып ірі мөлшерде және бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам жасаған ұрлық немесе қорқытып алушылық) осының алдындағы бөтеннің мүлкін ұрлау қылмыс құрамындағы белгілермен бірдей.

Сөйтіп, мысалы Тараз қалалық ішкі істер басқармасының алдына ла тергеу органдарымен адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен

жасалған бөтен мүлікті иеленіп алу фактісі бойынша бюджеттік банктердің бірінің директоры И. осы банктің бас бухгалтері С.-пен және әкімият бас бухгалтері Б.-мен алдын ала сөз байланысып жалпф сомасы 4 миллион теңге ақша ұрлағаны анықталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен ҚР ҚК 189-бабының 2-бөлігіндегі бас бостандығынан айыру мерзімі 6 жылдан 5 жылға қысқартылған. Бұл норма қазіргі күнде ауыр қылмыстан орташа ауырлықтағы қылмысқа ауыстырылды.

Алаяқтық – ҚР ҚК 190-бабы.

ҚР ҚК 190-бабына сәйкес, алаяқтық – бөтен мүлікті ұрлау немесе бөтен мүлікке құқықты алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы алу. Кейінгі жылдар ішінде алаяқтық ағымының тұрақты түрде қарқынды өсе түсуі байқалады. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есеп Комитетінің мәліметтік деректеріне сәйкес, республикамызда 2004 жылдың 12 айы ішінде алаяқтық жасаудың 5236 оқиғасы тіркеліпті.

Бұл қылмыс объектісі меншік болып табылады. Талданып отырған қылмыстың заты, осының алдындағы қарастырылған қылмыстағы сияқты жоғарыда айтылған белгілері бар бөтен мүлік болып табылады. Алаяқтық заты мүліктің өзі ғана емес, мүлікті иелену құқығы да болып табылады. Мүлікті алуға, соның ішінде ақша алуға құқық беретін құжаттар, мүліктің эквивалентіне, белгілі бір құндылығына ие болған жағдайда алаяқтық заты бола алады. Оларға төлемдік құнды қағаздар, соның ішінде ақшалай және төлемдік құжаттар, яғни белгілі бір мүліктік құқық беретін құжаттар жатады, сонымен бірге мұндай құқықты тек қана белгілі бір қағаздарды ұсыну арқылы жүзеге асыруға болады. Ондай қағаздарға, мысалы, мемлекеттік займ облигациялары, сертификаттар, ақшалай және заттай лотерея ойыны жатады. Мұндай қағазға ие болу, материалдық құндылықтарға ие болумен бірдей саналады. Олар материалдық құндылықтардың көрсеткіші ретінде көрінеді, оны жоғалту жәбірленушінің тура шығынын, оның материалдық игілігінің азаюын көрсетеді, өйткені мұндай жағдайда құжаттың жоғалуы оған тіркелген материалдық игіліктің жоғалғанын көрсетеді. Ал мүліктің құқықтық табиғатына келетін болсақ, алаяқтық заты кінәлінің меншіктік құқығына жатпайтын мүлік не мүлікке деген құқығы болып табылады. Және де осы мүлік басқа бір адамның меншіктік құқығына жататын

болғандықтан, яғни ол кінәлі үшін бөтен мүлік болып табылатындықтан кінәлінің шындығында да осы мүлікті иеленуге болады деген ой туындамауы тиіс.

Алаяқтықты: 1) бөтен мүлікті ұрлау; 2) бөтен мүлікке құқықты алу деп екі түрге бөлу алаяқтық затының мазмұнына елеулі түрде ықпал етеді. Егер алаяқтықтың бірінші түрі орын алған жағдайда оның заты қозғалмалы мүлік қана бола алатын болса, ал бөтен мүлік құқығына ие болған жағдайда алаяқтық заты үй, саябақ және басқа қозғалмайтын мүлік бола алады.

Объективтік жағынан заң алаяқтықты бөтен мүлікті ұрлау немесе бөтен мүлікке құқықты алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы алу деп анықтайды. Жоғарыда аталған Қазақстан Республикасы Жоғары сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативті қаулысының 19-тармағында алаяқтық кезіндегі алдау өтірік фактіні шын деп дәлелдеп көрінеу жалған бекіммен сендіру арқылы көрінеді және ол жағдайға байланысты меншік иесіне немесе мүлік иесіне хабарлануы тиіс деп атап өтіледі.

Алдау кінәлінің іс жүзіндегі шын ниетіне және жәбірленушіні өкінішті қателікке әкелетіндей тауардың саны мен сапасына, қылмыс субъектісінің тұлғасына және басқа да жағдайларға қатысты болуы мүмкін.

Алаяқтық кезіндегі алдау жазбаша да ауызша да болуы мүмкін. Ұрлау кезінде басқа бір адамдар жасаған жалған құжаттарды пайдалану алдаудың түрлерінің бірі болып табылады, және бұл әрекет ҚР ҚК 325-бабының 3-бөлігі бойынша саралауды талап етпейді.

Жалған құжаттарды, мөртаңбаларды, мөрлерді, мөр қағаздарды қылмыс субъектісінің қолдап жасауы, содан кейін оны сол адаммен пайдаланылуы ҚР ҚК 190 және 325-баптарының тиісті бөліктері бойынша қылмыстардың жиынтығы бойынша саралауға жатады.

Алдау деп әлде бірдеңе жөнінде жалған түсінік беру, яғни жәбірленушіні адастырып, шатастырумен танылады. Белсене алдау – бұл белгілі бір фактіні, оқиғаны бұрмалап түсіндіріп, адамға жалған мәлімет беру. Енжарлықпен алдау – шындық жөнінде үндемей қалу, кінәлі адам хабарлауға тиіс бола тұрып, жәбірленушіге факті не жағдай туралы мәліметті хабарламау.

Заң әдебиеттерінде кейбір авторлар алдаудың жекелеген түрлерін мазмұнына қарай топтастыруға (жүйелендіруге) ұмтылыс байқатады:

1 – тұлғаға қатысты алдау (олардың қолданысы, бірдейлігі, тұлға қасиетінің ерекшеліктері);

2 – түрлі заттарға қатысты алдау (олардың қолданысы, бірдейлігі, мөлшері, сапасы, құны);

3 – түрлі оқиғалар, әрекеттерге қатысты алдау;

4 – ниетпен алдау (жалған уәде беру). Аталғандарды осымен ғана аяқталды деп айтуға болмайды. Бұл жерде ол барлығының қосынды жиынтығы ретінде көрінуі мүмкін.

Алаяқтық жасаудың тәсілі ретіндегі алдау өткендегі және дәл осы кездегі фактілерді бұрмалаумен көрініп қана қоймайды. Мұндайларға мысалы, жәбірленушіден мәшине сатып алу үшін немесе жәй болса да қарыз ақша сұрап алып, артынан оны қайтармау фактісі жатады. Келешекте алдап кетуге қатысты алаяқ өзінің пиғылы мен ниетін жәбірленушіге білдіртпеуге тырысады. Бұл жерде алдау сөзбен де немесе басқа да жолдармен жүзеге асыуы мүмкін. Сөйтіп, мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысында еш жерде жұмыс істемейтін М. деген әйел «Байқоңыр» сауда үйі атынан үй салу үшін жалған құжат жасап «Эксим-Банк» кәсіпорнынан 100 миллион теңге несие алған.

Алаяқтықтың кең тараған түрі сатуға немесе айырбастуға ұсынатын заттары мен мүліктерінің сыртқы түрін, қасиетін, сапасын және басқа да сипаттарын алдамшы күйге келтіріп келісім жасасу жолымен алдау болып табылады деп санауға болады. Әрі бұл жерде кінәлінің жалған құжаттарды пайдалануы ҚР ҚК 190-бабымен қарастырылған алаяқтықты қамтиды. Мысалы, тамыр дәрі (женьшень) қоспасының орнына түсі өзгертіліп бояғыш зат қосқан жәй ғана су сатады, ақшаның орнына «қуыршақ» деген атауға ие болған қағазға оралған дәлдеп кесілген қағаздарды бере салады, келісілген тауардың орнына аз көлемдегі немесе басқа тауар бере салады. Кейде алдау алаяқтың өзін лауазымды адам ретінде таныстырып көрсетуімен, яғни жәбірленушінің пайдасы үшін белгілі бір жақсылық қызмет: оқуға түсіре алатын, жоғары қызметке орналастыра алатын адам ретінде көрсетумен тынады.

Сөйтіп, кез келген алдау , егер ол жәбірленушіні амалсыздан басқа бір адамға мүлкін немесе сол мүлікке деген құқығын беруге келісімі мен тілегін қоздыратында болса, алаяқтық болып саналады.

Алаяқтықтың енді бір түрін заң сенімді теріс пайдалану деп атайды, мұнда кінәлі адам басқа бір адамның яғни меншік иесінің мүлкі мен мүлікке деген құқығын иеленіп алу үшін оның сеніміне кіреді немесе сенімге кіріп алып жәбірленушіні алдайды немесе адастырып, шатастырады. Алаяқ адам мен жәбірленушінің арасындағы сенімдік қатынастардың негізінде тек қана құқықтық негіздемелер ғана емес, жеке таныстық, туыскандарының таныстыруы, нақты бір жағдайда

пайда болған сияқты сенім тудыратын өзге де жағдайлар алынады. Соның мысалы ретінде мына бір мысалды алуға болады. Мәселен, Өзбекстаннан Қарағандыға келген З. бірнеше рет алаяқтық жасау мақсатында арнайы бланкеге өзінің суретін жапсырып, ойдан алған Х. дегеннің атынан Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің инспекторы деген жалған куәлік жасаған. Көрінеу жалған осы куәлікті пайдаланып З. «Стаханов» шахтасының және Пархоменко атындағы зауыттың кадр бөлімдерінде осы кәсіпорындардағы орден иегерлерінің мекен-жайларын біліп алмақ үшін көрсеткен. Содан кейін З. К. деген еңбек ардагерінің үйіне келіп, куәлігін көрсетіп, өзін Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің инспекторымын деп таныстырып, жеңілдік алуға көмектесемін деп, оған 71510 теңгенің шығынын келтіріп, Ленин орденін және орден куәлігін алдап ұрлап кетеді. Осылайша З. бір айдың ішінде Т. (71510 теңге шығын), Л. (153020 теңге), Б. (71510 теңге), сондай-ақ Ш. және Н. деген азаматтарға қатысты бірнеше рет алаяқтық жасаған. Бірақ, соңғы екі азаматтарға қатысты З.-ның қылмыстық ойы жүзеге аспай қалған. Ш. мен Н. оған Ленин орденін беруден бас тартқан. Осы оқиға бойынша ҚР ҚК 190-бабы 2-бөлігінің «б» тармағынан қарастырылған бірнеше рет жасалған алаяқтық; ҚР ҚК 24-бабының 3-бөлігінде және 190-бабының 2-бөлігіндегі «б» тармағында қарастырылған алаяқтыққа оқталу және ҚР ҚК 325-бабының 1 және 3-бөліктерінде қарастырылған жалған куәлік жасап және осы жалған құжатты көрінеу заңсыз пайдаланғаны үшін қылмыстық іс қозғалған.

Біздің ойымызша, ғалым заңгерлердің сенімді теріс пайдалану – бұл алдаудың ерекше түрі (сенімге қиянат) және сондықтан ол алдаумен өте тығыз мағынада ұштасады деген пікірлері негізді сияқты. Осы әрекеттің ерекше өзгешеліктері жәбірленушінің адасқан күйінде өзінің мүлкін немесе мүліктік құқығын басқа адамға беріп қоюы болып табылады.

Бөтен мүлікке құқықты алу деп, жәбірленушінің кінәліге белгілі бір мүлікті иеленіп алуға құқық беретін құжатты беріп қою әрекетін тануға болады. Мұндайлар түрлі лотерея билеттері, театрлар мен басқа да орындардағы киімлігіш жетондары, түбірқағаздар, сенімхаттар және сол сияқты басқа қағаздар саналады.

Қарастырып отырған қылмысты Қазақстан Республикасы Жоғары сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативті қаулысының 7-тармағына сәйкес, кінәлінің ұрланған мүлікті өзінің қалауы бойынша пайдалануы мен билік ету және үшінші бір адамға

беріп жіберу мүмкіндігіне ие болған кезде аяқталған деп санауға болады.

Сөйтіп, мысалы, Алматы қаласындағы Алмалы аудандық сотының үкімімен А. деген азамат кінәлі деп танылған. Атап айтқанда, бұрын бөтен мүлікті ұрлағаны үшін сотталған осы азамат Б. деген азаматтың көзінше Е. Деген азаматпен танысып, оған бір қап ұн мен кант алып беруге келіседі. Іс жүзіндегі оның мақсаты өзінің міндетін орындау емес, жәбірленушісінің ақшасын көрінеу алдап, пайдаланып кету болып табылады. Сол күні Е.-ден алған 5000 теңге ақшасын өзінің керек-жарағына пайдаланады.

Қылмыстық іс материалдарын зерттей келе, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасы, кінәлі А.-ның жоғарыда айтылған алаяқтық жасауы басты сот талқылауы барысындағы дәлелдемелер негізінде белгіленгелі анықталды.

Осындай жағдайдағы, Е.-ге келтірілген материалдық шығынның елеулі емес екендігі және А.-ның өз еркімен шығынның орнын толтыруын, жәбірленушінің кінәліге енді шағымы жоқ екендігін, қылмыстық іс материалдарындағы А.-ға қатысты жағымды мінездеменің болуына байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының алқасы А.-ға тағайындалған жаза тым қатаңдау деп санап, оны жеңілдету қажет деп санаған.

Субъективтік жағынан алаяқтық тура ниетпен және пайдакүнемдік мақсатпен көрінеді. Кінәлі өзінің заңсыз жолмен алдауын немесе сеніміне қияпат жасау арқылы бөтеннің мүлкін иеленіп алатынын немесе сол мүлікті иелену құқығын алатынын ұғынады, нақты бір шығын келетінін немесе болуы мүмкіндігін болжап білеуі және соның болуын қалайды.

Алаяқтық субъектісі ҚР ҚК 15-бабының 1-бөлігіне сәйкес, 16 жасқа толған есі дұрыс жеке адам болып табылады.

Қолданыстағы қылмыстық заң алаяқтық ұғымын анықтай келе осы қарастырып отырған қылмыстық қоғамдық қауіптілігін неғұрлым жоғары екендігін айғақтайтын бірқатар мән-жайларды қарастырады. Бұл мән-жайларды заң шығарушы алаяқтық белгілерін саралаушы ретінде ескереді. Алаяқтық үшін саралаушы және ерекше саралаушы белгілердің тізіміне сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу мен ысырап етудегі сияқты: адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша; бірнеше рет; қызмет бабын пайдаланып жасалған алаяқтық; ұйымдасқан топ; ірі мөлшерде; ұрлық немесе қорқытып алушылығы

үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам жасаған алаяқтық енеді.

«Адамның өзінің қызмет бабын пайдалану» белгісіне қатысты Қазақстан Республикасы Жоғары сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативті қаулысының 20-тармағында, лауазымды адамның не коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда басқару қызметін атқаратын адамның шын мәнінде қызметтік өкілеттігін немесе қызмет бабын пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайдағы ақша, құнды қағаз және басқа да материалдық құндылықтары алуын аталған құндылықтарды иеленіп кету ниеті болған жағдайда алаяқтық ретінде саралаған жөн болады, деп көрсетіледі.

Егер адам ақша немесе өзге де құндылықтарды басқару қызметін атқаратын адамға немесе лауазымды адамға пара немесе коммерциялық сатып алу ретінде беру үшін алып, бірақ олай етпей алғандарын өзі пайдаланып кетсе бұл да алаяқтық ретінде саралануы тиіс. Бұл жерде, егер кінәлінің әрекеті басқа бір адамның пара беру ниетін тудыратын болса, онда ол әрекетті пара беруге арандатушылық деп қосымша саралауға болады.

Өзінің қызмет бабын пайдаланып жасалған алаяқтық фактісінің сот-тергеу тәжірибесінен алынған мысалы ретінде мына бір істі алуға болады. Атап айтатын болсақ, Алматы қаласындағы «М.В.» шағын жеке меншік кәсіпорнының директоры С. жалған құжат жасау жолымен «Қазстройснаб» банкісінен 12 миллион 419 мың теңге қаражат алғаны үшін аса ірі мөлшерде алаяқтық жолмен ұрлық жағаны үшін жауаптылыққа тартылған.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 21-желтоқсандағы Заңымен алаяқтық үшін жаза тағайындау ұрлық пен сеніп тапсырылған мүлікті иеленіп алу мен ысырап етудегі сияқты 6 жылдық бас бостандығынан айыру мерзімі 5 жылға дейін азайтылған.

Алаяқтықты ұрлықтан ажырата білу қажет. Ұрлық кезіндегі алдау бөтен мүлікті жасырып алуды жеңілдететін жағдай болып табылады (мысалы, әрекетті жеңілдету үшін әуелі үй-жаға ең алдымен кіріп алу). Алаяқтықта алдау мүлікті немесе осы мүлікке құқықта алудың негізгі белгісі ретінде көрінеді. Ұрлықта мүлік жәбірленушінің қарсылығына қарамастан жасырын ұрланады. Алаяқтық мүлікті кінәліге «өз еркімен берілумен сипатталады

Тонау – ҚР ҚК 191-бабы.

Тонау – бұл бөтен мүлікті ашық ұрлау. Мәліметтік деректерді зерделеу соңғы жылдары тіркелген тонаудың саны өкіншке орай, тым өсіп келе жатқанын аңғартады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есеп Комитетінің мәліметтік деректеріне сәйкес, республикамызда 2004 жылдың 12 айы ішінде тонаудың 5236 оқиғасы тіркеліпті (2003 ж. – 7442).

Тонаудың тікелей объектісі меншік болып табылады. Заң әдебиеттерінде егер тонау жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен, не осындай күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан болса, онда тұлғаның денесіне қол сұғылмауы мен бостандығы қосымша объекті болып табылатындығы жөніндегі көзқарастар айтылды. Мұндай көзқарастармен келесі ұйғарым бойынша келісе қоюға болмайтын сияқты. Біріншіден, жәбірленуші тұлғасы – қылмыстық құқық теориясына сәйкес, жәбірленушіге ықпал ету әдісі ретіндегі тонау кезіндегі күш қолдану жәбірленушінің бостандығына емес, денсаулығына қауіп төндіретін болғандықтан, қосымша объекті ретінде қарастырыла алмайтын қол сұғушылықтың тектік объектісі. Сөйтіп, қосымша объекті ретінде (күш көрсетіп тонауда) жәбірленушінің денсаулығы болып түсуі мүмкін.

Тонау заттарына ұрлау түрлерінің бәріне сияқты белгілер тән. Ұрлық, иеленіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық сияқты күш көрсетпейтін әдіспен жасалатын бөтеннің мүлкін алып қоюға қарағанда күш көрсетіп ұрлау (тонау мен қарақшылық) әдісінің өзі-ақ болар-болмас құндылықтағы заттың өзін ұрлап алу әрекеті қылмыстық жазалауға жатады.

Объективтік жағынан бұл қылмыстық әрекет пайда болған зардап пен әрекеттің арасындағы себепті байланыспен көрінеді, сондықтан құрылысы жағынан тонау құрамы материалдық болып саналады. Тонаудың басты айырма және анықтаушы белгісі көптеген басқа қылмыстық әрекеттерде факультативті белгі болып көрінетін «оны жасау әдісі» болып табылады, ал тонау құрамында ол объективті жақтардың негізгі белгісі мәніне ие болады. Тонау кезіндегі қоғамға қауіпті әрекет бөтеннің мүлкін ашық ұрлауға бағытталған.

Ашық ұрлау деп жәбірленушінің немесе мүліктің иесінің не оны күзететін адамның көзінше, не ұрлаушының әрекетінің заңға қайшы екенін білсе де білмегенсін мүлдем бөтен адам көріп тұрған сәтте жасалатын ұрлық танылады. Бұл жерде кінәлінің қылмыстық әрекетін тоқтатуға шара қолдануға көріп тұрған адамның қатысқан-қатыспағанының маңызы жоқ. Кінәлінің әрекеті күш көрсетуінің

қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай тонау немесе қарақшылық деп сараланады.

Сөйтіп, ашық әдіс екі өлшемдік негізбен сипатталады: объективті және субъективті. Объективті өлшемдік негіз кінәлінің қылмыстық әрекетін түсінетін меншік иесінің немесе оған иелік етушінің көзінше жасалатын қылмыс деп шамалайды. Субъективті өлшемдік негіз адамның меншік иесі мен өзге де адамдардың бар екендігін елеместен ашық түрде әрекет жасап жатқанын ұғынуын білдіреді. Кінәлі өзін меншік иесінің немесе өзге адамдардың көзінше ашықтан-ашық әрекет жасап жатырмын деп ойлап, ал көріп тұрғандардың оның әрекетінің құқыққа қайшы сипатын ұғына алмаған жағдайда, әрекет ниетінің бағыттылығына қарай тонау деп сараланады. Осыдан келіп, объективті және субъективті өлшемдік негіздердің қайшылықтарына байлынасты кінәлінің тонау кезіндегі әрекетін субъективті өлшемдік негізіне қарай саралаған жөн болады.

Тонау кезіндегі мүлікті алып қою үдерісі көбінесе басынан аяғына дейін ашық чипатқа ие болады. Дегенмен, егер мүлікті жасырын ала бастаған адам әрекеті білініп қойғанымен әрекетін жалғастыра берсе, онда оның тонаудағы ұрлығы арта түседі. Қазақстан Республикасы Жоғары сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативті қаулысының 23-тармағы, кінәлінің ұрлаған затын өзінде сақтап қалу мақсатында жәбірленушіге күш көрсетумен басталған ұрлық ретіндегі жасаған әрекеті күш қолдануының сипатына қарай тонау немесе қарақшылық ретінде саралануы тиіс, деп түсіндірме береді.

Заң шығарушы күш көрсетумен жасалған тонауды ауырлатушы мән-жайлар ретінде қарастырады (ҚР ҚК 191-б. 2-бөл. «а» тар.). Алайда, егер мүлікті иелену үшін тонаудың ашық әдісі кезінде кінәлі адам күш көрсетпей-ақ күш қолданатын (тартып қалу, итеріп жіберу және басқа) болса, онда оның әрекеті ҚР ҚК 191-бабының. 1-бөлігінде қарастырылған белгілерге жатады. Мысалы, «Бақытгүл» мейрамханасының жанында өтіп бара жатқан азаматша Ж.-ның қолындағы, ішінде ақшасы мен мүлкі бар сөмкесін жұлып ала қашып, жалпы құны 7000 мың теңге залал келтірген Ш.-ның әрекеті ҚР ҚК 191-бабының. 1-бөлігімен дұрыс сараланған.

Тонау кезіндегі қоғамдық қауіпті зардап жәбірленушіге қарастырып отырған қылмыс құрамы бойынша материалдық шығын келтірумен көрінеді. Демек, тонау кінәлі адам шын мәнінде ұрланған мүлікті иеленген сәтінен бастап өзінің қалауы бойынша пайдалану

немесе иелік ету не үшінші бір адамға беріп жіберу мүмкіндігіне ие болған жағдайда аяқталған деп танылады.

Субъективтік жағынан тонау кінәнің тура ниет пен пайдакүнемдік мақсат нысанымен сипатталады. Мәселен, кінәлінің автобус аялдамасында жәбірленушінің мүлкін иеленіп алумен көрінетін әрекетін ашық ұрлау деп тану керек, өйткені кінәлі өзінің әрекетінің құқыққа қайшы сипатын ұғынатын басқа адамдардың көзінше жасап жатқанын біледі. Сонымен бірге, кек алу мақсатында, әлде бір бұзақылық салдарынан осы ұрлаған мүлкін құрту үшін сындыру не бүлдіру тонау құрамын құрамайды.

ҚР ҚК 15-бабының 2-бөлігіне сәйкес, тонау субъектісі он төрт жасқа толған, есі дұрыс жеке адам танылады.

ҚР ҚК 191-бабының 2-бөлігінде қарастырылған тонаудың саралаушы белгілері :

а) жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен, не осындай күш қолданамын деп қорқыту арқылы;

б) бірнеше рет;

в) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

г) тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға заңсыз кірумен жасалған тонау болып табылады.

ҚР ҚК 191-бабының 2-бөлігіндегі «б», және тармақтарында белгіленген белгілер жоғарыда қарастырған ұрлық құрамымен сәйкес келеді, сондықтан біз аталған белгілердің біріншісінің ғана мазмұнын ашамыз. Тонау кезіндегі қолданылатын күш көрсету адамның өмірі мен денсаулығына онша қауіп төндірмейтін болса да меншікке ғана емес, денсаулыққа да қол сұғушылық орын алатын болғандықтан әрекеттің қоғамдық қауыптылық дәрежесін арттыра түседі.

Жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш көрсету деп, денсаулыққа жеңіл ғана зиян келтірген, денсаулығының қысқа мерзімді бұзылуына не онша ауыр емес еңбекке жарамдылығын жоғалтуға әкеп соқпаған ұрып-соғу танылады.

Онша ауыр емес еңбекке жарамдылығын жоғалту жалпы еңбекке жарамдылықтың 10 пайызын жоғалту деп түспалданады. 2004 жылғы 20 –желтоқсандығы «Сот-медициналық сараптама ұйымдастыру мен жүргізу ережелері» денсаулыққа жеңіл зиянға жәбірленуші ауруханалық емдеуде кемінде алты күн емдеуде болғандағы тез жазылатын жарақат алуды жатқызады. Оларға мыналар жатады: қанталау, жаралы ісік; іс жүзінде ауыртатын, бірақ жара түсірмей соққығы жығу жатады.

Мәселен, М. өзінің сыбайласы Ф.-мен арақ ішіп алғаннан кейін клісіп, Ф. деген азаматтың басынан ұрып құлатады да қалтасында әмияны, пәтерінің кілті және автокөлік жүргізу куәлігі бар 6000 теңге тұратын күртесін шешіп әкетеді. М. мен Ф.-ның әрекеті жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен және адамдар тобының алдын ала сөз байласуы арқылы бөтеннің мүлкін ашық ұрлау ретінде ҚР ҚК 191-бабының 2-бөлігіндегі «а» және «б» тармақтарымен сараланады.

Күш көрсету сияқты бостандығынан айыру мен шектеу, байлап тастау, ұстап тұру сияқты әрекеттерде жәбірленушінің өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті емес деп бағалануы тиіс. Сөйтіп, бөтен мүлікті ашықтан-ашық алып қою кезіндегі қолданылатын күш көрсетудің сипаты, белсенділігі мен дәрежесі жасалған әрекетті дұрыс саралау тікелей осыған байланысты болатындықтан тергеудің бастапқы кезеңінде анықталуы керек.

Осының айғағы ретінде мына бір мысалды алуға болады. Мәселен, Ю. Қарағанды қаласындағы Қазыбек би сот учаскесінің үкімі бойынша тағайындалған жазасының өтелмеген кезеңі ішінде Н.-мен алдын ала сөз байласып бөтен мүлікті ашық ұрлаған. Оқиға мына жағдайда болған: Ю. өздерінің танысы Е.-нің ақшасын иеленіп алып қою жөнінде Н.-мен қылмыстық келісімге келеді. Сөйтіп олар, Е.-ге келіп, өмірі мен денсаулығына онша қауіпті емес күш көрсетіп, іштен және бастан бірнеше рет ұрады. Содан кейін, Ю. мен Н. оның 3000 теңге тұратын спорттық костюмін ашық ұрлап (күштеп шешіп) алған. Ю.-дың бұл қылмыстық әрекетті жазасының өтелмеген кезеңінде жасалғанын ескере отырып, сот оған қатысты үкімді адамдар тобымен алдын ала сөз байласуы бойынша; бірнеше рет (тек қана Ю.-ға қатысты); жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен деп негізді түрде үкім шығарған.

Тұлғалық мүддені қамтамасыз етудің артықшылығын ескеретін «күш қолдану» жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен ғана емес, сонымен бірге осындай күш қолданамын деп қорқыту арқылы жүзеге асуы мүмкін. Егер қорқыту өмір мен денсаулыққа қауіпті күш қолданумен ұштасатын болса (өлімге соқтыру немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіру), онда тонау емес, қарақшылықтың болғаны анық білінеді. Нағыз қорқыту сипатын кінәлінің өршеленген әрекетінің дәрежесінен, қылмыс жасау жағдайынан, кінәлінің қорқытқан затының түрі мен қасиетінен білуге болады. Қорқыту жәбірленушінің бойында нағыз қорқыныш пен үрей тудыруы, кінәлі де осыны сезініп-білуі тиіс. Сонымен бірге барлық

жағдайдағы шын мәніндегі және психикалық күш көрсету кінәлімен бөтен мүлікті иеленіп алуы немесе өзінде сақтап қалуы үшін қолданылған болуы керек. Сондықтан, егер кінәлі өзінің ұсталып қалмауы үшін өмір мен денсаулыққа қауіпті емес күш қолданса, онда оның жасаған ұрлығы тонау болып есептелмейді.

Тонаудың ерекше саралау белгілеріне (ҚР ҚК 191-бабының 3-бөлігі) заң шығарушы мыналарды жатқызады:

а) ұйымдасқан топ (ҚР ҚК 191-б. 3-бөл.);

б) ірі мөлшерде;

в) ұрлық немесе қорқытып алушылығы үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам жасаған тонау.

Тонаудың аталған ерекше саралау белгілері бұдан бұрын талдап өткен ұрлық құрамындағы белгілермен бірдей.

Қарақшылық – ҚР ҚК 192-бабы.

Қарақшылық, яғни бөтен мүлікті ұрлау мақсатында шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен немесе тікелей осындай күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау ҚР ҚК 192-бабы бойынша жауаптылыққа тартады.

Қарақшылық күрделі объектілі қылмыс қатарына жатады. Бұл қылмыс меншікке ғана емес, сонымен бірге жәбірленушінің денсаулығына да қол сұғады. Қарақшылық құрамы үшін факультативті емес, міндетті екі объектінің болуы керек. Сонымен бірге қарақшылықтың қос объектілі бағытын заң әдебиетерінде осы мәселемен айналысатын барлық ғылымдар мойындайды.

Қарақшылықтың қауіптілігі меншікке қол сұғушылықпен ғана емес, сонымен бірге шабуылға тап болған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсету қолданылатын қол сұғу әдісі қауіпті болып саналады. Денсаулық бұл жерде қол сұғушылықтың екінші маңызды объектісі болып саналады.

Қарақшылықпен шабуыл жасау заты мүлік, яғни иелерінің қажеттілігін тікелей (тамақ өнімдері, киім-кешек және т.б.), не жанама (ақша, бағалы қағаздар және т.б.) қанағаттандыруға қабілеттілігіне ие болған материалдық дүние нәрселері танылады. Олар белгілі бір тұтынушылық бағасына ие болады. Осыған байланысты, заттың құны болады, ол азаматтық айналысқа, тауар-ақша қатынасына түседі. Азаматтық айналыстан алынған мүлік меншікке қарсы қылмыс заты бола алмайды.

Объективтік жағынан қарақшылық адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен немесе тікелей осындай күш

қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасаумен көрінеді. Бұл жерде кінәлінің алға қойған мақсатқа қол жеткізу әдісі жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсету жолымен материалдық пайда табуға ұмтылысы болып табылады. Заң әдебиеттерінде бұл мәселе жөнінде ғалым-заңгерлер әрқилы көзқарастар білдіреді. Мәселен, В.А. Владимиров, Л.Д. Гаухман, Н.С. Гагарин қарақшылықта «шабуыл жасау» мен «күш көрсету» ұғымы бірдей емес, бірақ сола бол тұрғанымен осы мәселені қарау кезінде олардың арасында ешқандай ерекшеліктер пайда боламайды, деп ұйғарады.

Бұл жағдайға Қазақстан Республикасы Жоғары сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативті қаулысының 22-тармағында назар аударылып, бөтен мүлікті ұрлау мақсатында жәбірленушінің ағзасына оның еркіне қарамастан күштеп қатты әсер ететін улы немесе есеңгірететін зат енгізілсе, жасалған әрекет қарақшылық ретінде сараланатындығы аталған.

Егерде жоғарыда аталған мақсатта жәбірленушінің ағзасына оның еркіне қарамастан өмір мен денсаулыққа қатер төндірмейтіндей зат енгізілсе, жасалған әрекет тонау ретінде сараланады.

Егер жәбірленушінің өз еркімен арақ ішіп, есірткілік, қатты әсер ететін улы немесе есеңгірететін заттарды қабылдағаннан кейін есін білмей немесе мас болып, ұйықтап қалған жағдайда өзінің мүлкін заңсыз иеленіп алып қойғанын білмей қалса, онда кінәлінің әрекеті жасырын ұрлау деп сараланады.

Осы жоғарыда аталған қылмыстарды жасау кезіндегі қолданылған заттардың әсер ететін қасиеттері мен сипатын анықтау бұл іске арнайы мамандар шақырумен не сараптама жүргізу жолымен шешіледі.

Жәбірленушіні әдейі арақ беріп, мас қылып, дәрменсіз күйге келтірген жағдайдағы саралау даулы мәселе болып саналып жүр. Жәбірленушінің мүлкін иеленіп алу мақсатында мас қылып арақ ішкізу адам ағзасын белгілі бір қалыптан ауытқушылық күйге әкеледі, сондықтан мұндай әрекеттер зардаптарына қарамастан қарақшылық немесе тонау деп саралануы тиіс. Жәбірленуші арақты немесе есірткіні өз еркімен ішкен немесе қабылдаған жағдайда күш көрсету қолданылмағандықтан қарақшылық үшін жауаптылық қарастырылмайды.

Іс жүзінде, өмірде шабуыл жасау бірінші басталып, ал күш көрсету қолданылмай жасалатын қылмыстар жиі кездесіп жатады. Мысалы, қаруланған қылмыскер тасадан шығып жәбірленушінің

артынан білдірпей келеді. Шабуыл жасау мен күш қолданудың арасында белгілі бір уақыт аралығындағы алшақтық болады, атап айтқанда кінәлінің бойында жағдайға байланысты қандай күш қолдану жөнінде ой қалыптасады. Шабуыл жасау мен күш көрсету уақытына қарай бір мезгілде болуы да мүмкін, мысалы кінәліні күтпеген жерде сыртынан ұрып жіберу.

Қарақшылық кезіндегі күш көрсету заңда шабуылға ұшыраған адамның өміріне немесе денсаулығына қауіпті деп анықталады. Қылмыстық құқық және медициналық әдебиеттерде өмірге қауіпті күш көрсету деп, өзінің объективті белгілеріне қарай жәбірленушіні өлімге әкеп соқтыратын күш көрсету танылады.

Күш көрсетудің өмір үшін қауіпті екендігін анықтау үшін істің барлық мән-жайларын: қылмыс жасау қаруын, күш қолдану сипатын, өмір ұшын маңызды ағзаға келтірілген зиянды, сот-медициналық сараптама қорытындысын және басқаларды ескеру керек.

Қазақстан Республикасы Жоғары сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативті қаулысының 23-тармағында, өмір мен денсаулық үшін қауіпті емес күш көрсету деп, жәбірленушінің денесін ауыртумен, денсаулығының қысқа мерзімді бұзылуына әкеп соқтырмаған немесе еңбекке жарамдылығын елеулі түрде бұза қоймаған ұрып-соғуды немесе өзге де күштеп әрекет көрсетуді таныған жөн, деп атап көрсетеді.

Өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш көрсету деп, жәбірленушінің денсаулығына сараптама жолымен анықталған, ауыр және орташа ауырлықтағы зиян келтіруге, сондай-ақ денсаулығын қысқа мерзімге бұзған немесе онша елеулі емес жалпы еңбекке жарамдылығына нұқсан келтірген жеңіл зиян келтіруге әкеп соққан күш көрсетуді тануға болады.

Күш көрсетумен ұштасқан қарақшылық немесе тонау құрамдары болған жағдайды күш көрсетудің мүлікті иелену немесе оны өзінде сақтап ұстап қалудың амалына айналды деп тануға болады. Мүлікті иеленіп алу мақсатындағы күш көрсетумен ұштасқан шабуыл жасау денсаулыққа зиян келтірмегенімен, оны қолдану кезінде ауырлатушы мән-жайлар болмаған кезде жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына айқын қауіп төндірген болса, онда оны ҚР ҚК 192-бабының 1-бөлігімен саралау керек. Мұндай жағдайда, кінәлінің әрекеті қарақшылық құрамын қамтымаса ҚР ҚК 104 және 105-баптарымен қосымша саралаудың қажеті жоқ болады.

Күш көрсетуге тамағынан қолмен немесе тұзақ жіппен қылқындару, басына полиэтилен қапшық кигізіп, тұншықтыру, ысытылған немесе түтін, газбен толтырылған үйшікке немесе басқа да үй-жайға қамау әрекеттері жатады. Мұндай жағдайдағы баға беру негізіне келтірілген зиянға қатысты емдеудің нәтижесі емесе, сол сәттегі келтірілген қауіптілік алынады.

Адам өмірі мен денсаулығына қауіпті қорқытумен күш көрсету деп шын мәнінде рас болады деп ойлаған жағдайдағы жәбірленушінің өлім немесе денсаулығына зиян келеді деп үрейленуі танылады.

Қарақшылық кезіндегі күш қолдану (денеге немесе психикаға) қашанда мүлікті иеленіп алудың амалы болап саналады, яғни ол мүлікті иеленіп алуға бағытталады. Егер күш көрсету басқа мақсатпен қолданылса, мысалы ұсталып қалудан құтылу үшін, онда жасалған әрекет қарақшылық құрамын құрамайды, ал ол тиісті меншікке қарсы қылмыс ретінде саралануы тиіс, мысалы, кінәлі ендігі мүлікті ұрлап үлгерді (жасырын – ҚР ҚК 204-бабы немесе ашық – ҚР ҚК 191-бабы) және жеке адамға қарсы қылмыс (жәбірленушінің денсаулығына келтірген зиянына қарай). Жәбірленушіге күш көрсету ұрлық мақсатанда емес, әлдебір басқа себептермен болған жағдайда қарақшылық жайында сөз қозғалмауы тиіс, мысалы бұзақылық пиғылдағы әрекетпен кінәлі жағдайды пайдаланып, жәбірленушіге білдіртпей мүлкін ұрлап алады.

Сот тәжірибесінде жәбірленушінің иелігінде қылмыскер үшін құндылығы жоқ мүлік болмай, не жәбірленуші белсене қарсылық көрсетіп, және қылмыскер мүлікті иеленіп ала алмай қалған жағдайлар жиі болып тұрады. Құрылысы жағынан қарақшылықтың формальды құрамға жататындығы ескеріле отырып, ол тіпті кінәлі адам жәбірленушінің мүлкін иеленіп алмаса да аяқталған деп танылады.

Қарақшылық құрамының объективтік жағының ерекшелігі, заң шығарушы бұл қылмысты жәбірленушінің өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті немесе кінәлінің мүлікті иеленген не иеленбегеніне қарамастан осындай күш көрсетумен қорқытумен бөтен мүлікті иеленіп алу мақсатымен жасалған шабуыл сәтінен бастап-ақ күш қолданумен ұштасқан әрекетті аяқталған деп таниды.

Бұл қылмыстың субъектісі ҚР ҚК 15-бабының 2-бөлігіне сәйкес, жасы 14-ке толған, есі дұрыс жеке адам болып табылады.

Қарақшылықтың субъективтік жағы тура ниетпен және пайдакүнемдік мақсатпен сипатталады. Қарақшылық кінәлінің шабуылға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданумен ұштасқан қасақана қылмыстың жасалғанын ғана емес,

сонымен бірге өз меншігіндегі немесе басқа бір адамның меншігіндегі мүлікке қатысты заңға қайшы әрекет жасау бағытын қамтуы мүмкін. Мүліктің заңсыз жолмен өз меншігіне немесе үшінші бір адамның меншігінен айналдыру ниеті болмаған жағдайда қарақшылық құрамы болмайды. Қылмыстың соңғы мақсаты мен оны жасаудың әдісін таңдауға қатысты әрекет тек қана тура ниетпен жасалады деп тануға болады, ал мүмкін болатын зардаптарға қатысты (денсаулыққа ауыр зиян келтіру не өлімге ұшырату) кінә жанама ниетпен және тіпті абайсыздықпен де көрінуі мүмкін.

Заң қарақшылықтың саралаушы белгілері деп мыналарды таниды:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) бірнеше рет;

в) тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға заңсыз кірумен жасалған;

г) қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданумен жасалған;

д) денсаулыққа ауыр зиян келтірумен жасалған қарақшылық.

Ерекше саралау белгілері ретінде мыналар танылады:

а) ұйымдасқан топ;

б) денсаулыққа ауыр зиян келтірумен, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан;

в) мүлікті ірі мөлшерде ұрлау мақсатында;

г) ұрлық немесе қорқытып алушылығы үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам жасаған қарақшылық.

Осы аталған саралаушы белгілердің тізімінің арасынан қарақшылыққа (ұрлаудың басқа түрлерімен саластырғанда) қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданумен жасалған, сондай-ақ денсаулыққа ауыр зиян келтірумен, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан әрекеттер тән болып саналады. Ал заң шығарушымен қарастырылған қалған саралаушы белгілер қарақшылықпен бірге ұрлаудың басқа түрлеріне де тән.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5-мамырдағы Заңына сәйкес, ҚР ҚК 192-бабының 2-бөлігі «денсаулыққа ауыр зиян келтірумен жасалған» деген мазмұныдағы «д» тармағымен толықтырылды. Денсаулыққа ауыр зиян келтірумен жасалған деп ҚР ҚК 103-бабында көрсетілген зиян келтіруді тануға болады. Оларға мыналар жатады: а) адамның өміріне қауіпті; б) көруден, тілден, естуден қандай да болсын органнан айрылуға немесе органның қызметін жоғалтуға; в) бет-әлпетінің қалпына келтіргісіз бұзылуына

экеп соққан; г) өмірге қауіпті немесе еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін тұрақты түрде жоғалтуға ұштасқан; д) кінәліге мәлім кәсіби еңбек қабілетін; е) түсік тастауға; ж) психикасын бұзуға; з) есірткімен немесе уытты умен ауыруға душар еткен денсаулықтың бұзылуын тудырған денсаулыққа өзге зиян келтірген қасақана ауыр зиян келтіру.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30-желтоқсандағы (22. 02. 2002 ж. және 20. 12. 2004 ж. өзгертулерімен және толықтыруларымен) «Қарудың жекелеген түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау туралы» Заңына сәйкес және сараптама қорытындысы негізінде шабуыл жасау кезіндегі қолданылаған затты тірі немесе өзге де нысандарға нұқсан келтіруге арналғанын анықтау қажет болады.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30-желтоқсандағы (өзгертуден кейін) «Қарудың жекелеген түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау туралы» Заңында, қару деп тірі немесе өзге де нысаналарға зақым келтіруге арналған құрылғы немесе заттар, сондай-ақ оның іске асатын әрекетін анықтаушы қарудың құрамдас бөлігі танылады, деп түсінік берген. Заң қаруға мыналарды жатқызады: оқ-дәрімен атылатын, суық, газды, электрлік, пневматикалық қарулар.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты Пленумының 1999 жылғы 21-шілдедегі «Атылатын қаруларды, оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды ұрлау мен жарылғыш заттарды заңсыз сатып алу, сақтау, алып жүру, дайындау немесе оларды сату, атылатын қаруларды ұқыпсыз сақтау туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы» қаулысында атылатын қару деп, автоматтарды, карабиндерді, винтовкаларды, тапаншаларды және басқа да тірі күштерді техниканы зақымдауға арналған құрылғылар, заттар, сондай-ақ ату үшін тек қана дәрілі газ қолданылатын спорттық, кіші калибрлі аңшылық мылтықтарды тануға болады деп түсінік береді.

Қысымдық (пневматикалық) мылтықтар, дабылдық, спроттық, құрылыстық, газды тапаншалар, ракетница, сондай-ақ жарылғыш заттар мен пиротехникалық қоспасы бар және ұрысқа арналмаған жарық беретін құралдар атылатын қаруға жатпайды, бірақ ҚР ҚК 192-бабында қарастырылған қылмыс қаруы танылады.

Қару ретінде пайдаланылатын заттар деп, жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті дене жарақатын салатын заттарды (асханалық пышақ және бәкі, ұстара, балта, сүйменше, шоқпар, отвертка, тактайша, тас және басқалар), сондай-ақ күні бұрын дайындалып жасалғанына қарамастан нысананы уақытша зақымдауға арналған нәрселер (механикалық бүріккіш, көзден жас ағызатын және

тітіркендіргіш заттармен толтырылығын аэрозольды құтылар мен құрылғылар) танылады.

Мысалы, соттың үкімімен З. деген азамат мынадай жағдайда қылмыс жасаған үшін кінәлі деп танылған: Өскемен қаласында З. өзінің танысы Ш.-ны кездестіріп, бірнеше сағатқа бейнеплейерін сұрап алады. Алуын алғанмен оны қайтармастан бейтаныс біреуге сатып жіберіп, алаяқтық жасаған. Одан кейін З. Б. мен К.-ны кездестіреді, оларды алдап, оларды К. деген азаматтың үйінің терезесінен кіруге көндіреді. Т.-ның ас үйінің терезесінен түскен бетте олар үй иесіне тап болады. Осы жерде олар қарақшылық шабуылмен ұштасқан өлтіру мақсатымен Т.-ның басынан ауыр затпен ұрып құлатады да, телевизорын алып оқиға орнынан тайып тұрады. Сот З.-ның әрекетін дұрыс саралайды, өйткені ол тұрғын үй-жайға заңсыз кірумен жалғасқан алаяқтық пен қарақшылық жасаған, қару ретінде тұрмыстық құралды пайдаланып қарақшылықпен ұштасқан жәбірленушіні өлімге әкеп соққан қылмыс жасаған. З.-ға жасаған қылмысы мен өзінің тұлғасының қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін ескере отырып, жасаған әрекетіне сәйкес жаза шарасы тағайындалған.

Қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолдануды қарудан оқ атуды не аталған заттарды соққы жасау, ұрып-соғу, тұншықтыру, қылқындару, басып-жаншу сияқты әрекеттер жасауды тануға болады.

Қарақшылық тонаудан мынадай белгілер бойынша ерекшеленеді: қарақшылық – бұл қос объектілі қылмыс (меншік пен тұлға), тонауда тек қана меншікке қол сұғушылық болады. Тонау – бұл бөтеннің мүлкін ашықтан-ашық ұрлау, құрылысы жағынан материалдық құрам болып саналады. Демек бұл қылмыстардың аяқталу сәттері де әртүрлі. Тонау кезінде өмір мен денсаулыққа қауіп жоқ әрекет қолданылса, ал қарақшылықта ол адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті, сонымен бірге мұнда нақты түрде күш көрсетпей-ақ ол жөнінде қорқыту ғана болуы мүмкін.

Тонау мен қарақшылықты күш қолданумен ұштасқан қорқытып алушылықтан айыру туралы мәселені шеше отырып, соттар тонау мен қарақшылықта күш қолдану мүлікті иеленіп алудың немесе оны иеленіп қалудың амалы болып табылатынын, ал қорқытып алушылықта ол қорқытушының талабын орындамаған жағдайда күш қолданумен күшейтіледі. Тонау мен қарақшылықта мүлікті иеленіп алып қою күш қолдану әрекетімен бір мезгілде не әрекетті жасап болғаннан кейін жүзеге асатын болса, ал қорқытып алушылықта кінәлінің ниеті талап еткен мүлкін келер шақта алуға бағытталатындығымен көрінеді

(Қазақстан Республикасы Жоғары сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативті қаулысының 27-тармағын қараңыз).

Адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен қару қолданып жасалған бандитизм мен қарақшылық шабуыл осы қылмыстарды сипаттайтын белгілердің жиынтығы бойынша бір-бірінен айырмашылықта болады. Бұл жерде бандитизм үшін міндетті белгі бандыға қатысушылардың арасындағы тұрақты байланыс, олардың әрекеттеріндегі ұйымшылдық, қылмысқа дайындалу мен жоспарлау, сондай-ақ қарулану болып табылады. Осы көрсетілген құрамдарды айырып көрсету сонымен бірге қылмыстың жасалу мақсатына қарай жүзеге асады: бандитизмде азаматтарға немесе ұйымға шабуыл жасау мақсаты қойылса, қарақашылықта міндетті түрде пайдакүнемдік ниетпен бөтен мүлікті ұрлау мақсаты болады. Егер іс бойынша адамдар тұрақты ұйымдасқан қылмыстық топ құру жөнінде әдейі келісіп, қарулану туралы мәселе талқылап және қолдарына қару-жарақ түсіріп алап, азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасау мақсатын белгілеп, осы қылмысты жасайтын болса, онда мұндай жағдайда кінәлілердің әрекеттері ҚР ҚК 237-бабымен және қандай қылмыс жасауына байланысты ҚР ҚК тиісті баптарымен сараланады. Өзге жағдайларда тұрақты ұйымдасқан қылмыстық топ құру, азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасау, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен қару қолданып қылмыс жасау туралы деректер болмаса, онда мұндай әрекеттер осы аталған қылмыстарды қарастыратын ҚР ҚК тиісті баптары бойынша ғана саралануы тиіс.

Бөтен мүлікті заңсыз алып қою бұзақылық, зорлау жасау немесе басқа қылмыстық әрекеттер кезінде жасаған жағдайда осы алынған мүліктердің қандай мақсатпен алынған анықталуы тиіс. Егер адам пайдакүнемдік мақсатты ұстанған болса, онда оның әрекеті мүлікті иеленіп алып қою әдісіне қарай меншікке қарсы және бұзақылық, зорлау жасау немесе басқа қылмыстық әрекеттердің жиынтығымен саралануы тиіс (Қазақстан Республикасы Жоғары сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативті қаулысының 28-тармағын қараңыз).

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПКЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар ұғымы мен түрлері

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 9-тарауы қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар үшін жауаптылықты қарастырады. Заң шығарушы бұл тарауға қылмыстың 40 құрамын егізген.

«Қауіпсіздік» ұғымы әлдекімге, әлденеге қауіп-қатер төніп тұрғанын, сол сияқты қатердің жоқтығын, сақталушылықты, сенімділікті білдіреді. Демек, «қауіпсіздік» адамдар үшін жасалатын әлдебір құндылық, қажеттілік, игілік. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26-маусымдағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңына сәйкес, қоғамдық қауіпсіздік деп, Қазақстан азаматтарының өмірінің, денсаулығының, игілігінің, сондай-ақ қазақстандық қоғамның мүмкін деген шығын келтіретін қауіп пен қатерден қорғалу жай-күйі танылады.

9-тарауға енгізілген қылмыстар жалпы алғанда мүдделер үшін әлеуметтік мәні бар қазақстандық қоғам өмір тіршілігінің қауіпсіздігіне зиян келтіреді. Сонымен бірге қылмыстық ықпалға жалпы қауіпті заттармен жұмыс істеу, қоғамның жаппай өмірі үшін қауіпті жағдай сияқты қоғамдық құндылықтар түсіп қалуы мүмкін. Кең мағынадан алғанда, «қоғамдық қауіптілік» сөзі өзіне қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге арналған қоғамдық қатынастарды қосып алды.

9-тараудың атауына қарай отырып, осы тарауды құрастыратын 29 құрамдардың тектік объектілері осы қоғамдық қауіпсіздік (ҚР ҚК 233-256 баптары – 27 құрам) және қоғамдық тәртіп (ҚР ҚК 257, 258-баптары – 2 құрам) құрайды деп қорытынды жасауға болады.

Қоғамдық қауіпсіздік – қоғамның өмірлік маңызды мүдделерінің жай-күйі, яғни қоғамның өмір сүруі мен қарышты даму мүмкіндігін сенімді түрде қаматасыз ететін қажеттіліктердің, қанағаттанушылықтың жиынтығы.

Қоғамдық тәртіп – қоғамда қалыптасқан адамдар арасындағы қатынастар жүйесі, қолданыстағы заңнамалармен, салттармен және дәстүрлермен, сондай-ақ адамгершілік нормаларымен белгіленген мінез-құлық пен жатақханалардың өзара ережелері.

Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстарды өз кезегінде былайша жіктеуге болады:

1) жалпы қауіпсіздікке қарсы қылмыстар: терроризм (ҚР ҚК 233-бабы); терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру (ҚР ҚК 233-1-бабы); террористік топ құру, оған басшылық ету және оның қызметіне қатысу (ҚР ҚК 233-2-бабы); адамды кепілге алу (ҚР ҚК 234-бабы); ұйымдасқан қылмыстық топты немесе қылмыстық қауымдастықты (қылмыстық ұйымды) құру және оны басқару, қылмыстық қоғамдастыққа қатысу (ҚР ҚК 235-бабы); заңсыз әскерилендірілген құраманы ұйымдастыру (ҚР ҚК 236-бабы); бандитизм (ҚР ҚК 237-бабы); үйлерді, құрылыстарды, қатынас және байланыс құралдарын басып алу (ҚР ҚК 238-бабы); әуе немесе су көлігін не жылжымалы темір жол составын айдап әкету, сонымен бірдей қолға түсіру (ҚР ҚК 239-бабы); теңіз қарақшылығы (ҚР ҚК 240-бабы); жаппай тәртіпсіздіктер (ҚР ҚК 241-бабы); терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау (ҚР ҚК 242-бабы).

2) қауіпсіздіктің арнайы ережелерін бұзумен байланысқан қылмыстар: жаппай зақымдау қаруын, қару-жарақ және әскери техника жасау кезінде пайдаланылатын технологияларды, ғылыми-техникалық ақпаратты және қызметтерді заңсыз экспорттау (ҚР ҚК 243-бабы); атом энергетикасы объектілерінде қауіпсіздік ережелерін бұзу (ҚР ҚК 244-бабы); тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу (ҚР ҚК 245-бабы); жарылыс қаупі бар объектілерде қауіпсіздік ережелерін бұзу (ҚР ҚК 246-бабы); өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу (ҚР ҚК 256-бабы).

3) жалпы қауіпті заттармен жұмыс істеудің белгіленген ережелерін бұзумен байланысқан қылмыстар: радиоактивті материалдармен заңсыз жұмыс істеу (ҚР ҚК 247-бабы); радиоактивті материалдарды ұрлау немесе қорқытып алу (ҚР ҚК 248-бабы); радиоактивті материалдармен жұмыс істеу ережелерін бұзу (ҚР ҚК 249-бабы); айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандысы (ҚР ҚК 286-бабы); қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылғыш құрылғыларды заңсыз сатып алу, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (ҚР ҚК 251-бабы); қаруды заңсыз жасау (ҚР ҚК 252-бабы); атыс қаруын ұқыпсыз сақтау (ҚР ҚК 253-бабы); қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды немесе жарылғыш қондырғыларды күзету жөніндегі міндеттерді тиісінше атқармау (ҚР ҚК 254-бабы); қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын ұрлау не қорқытып алу (ҚР ҚК 255-бабы).

Бұрын қолданыста болған Қаз КСР Қылмыстық кодексіне қарағанда қазіргі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қауіпсіздіктің арнайы ережелерін және жалпы қауіпті заттармен жұмыс істеудің белгіленген жалпы ережелерін бұзғаны үшін жауаптылықтың шегі айтаарлықтай кеңейтілген, бұл – заң шығарушының азаматтардың қауіпсіздігі мен әлеуметтік тіршілік негізі ретіндегі қоғамның қалыпты қызметін қамтамасыз ету мәселелеріне назарды аударуға түскендігінің айғағы.

Объективтік жағынан қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп, әдетте әрекет еті жолымен жасалады, мысалы, бандитизм (ҚР ҚК 237-бабы), жаппай тәртіпсіздіктер (ҚР ҚК 241-бабы), бұзақылық (ҚР ҚК 255-бабы). Кейбір қылмыстар теке қана әрекетсіздікпен жасалады, мысалы, атыс қаруын ұқыпсыз сақтау (ҚР ҚК 253-бабы), қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды немесе жарылғыш қондырғыларды күзету жөніндегі міндеттерді тиісінше атқармау (ҚР ҚК 254-бабы).

Жекелеген қылмыстар әрекетпен де әрекетсіздікпен де жасалуы мүмкін, мысалы, жарылыс қаупі бар объектілерде қауіпсіздік ережелерін бұзу (ҚР ҚК 246-бабы), радиоактивті материалдармен жұмыс істеу ережелерін бұзу (ҚР ҚК 249-бабы).

Қылмыстардың құрамы былайша құрылған, оның біразы қылмыстардың формальды құрамына жатады. Мысалы, заңсыз әскерилендірілген құраманы ұйымдастыру (ҚР ҚК 236-бабы), бандитизм (ҚР ҚК 237-бабы), бұзақылық (ҚР ҚК 257-бабы) және басқалары. ҚР ҚК 9-тарауындағы кейбір құрамдар материалдық болып құрастырылған, мысалы, радиоактивті материалдарды ұрлау немесе қорқытып алу (ҚР ҚК 248-бабы), тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу (ҚР ҚК 245-бабы), өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу (ҚР ҚК 256-бабы) және басқалары.

Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың көпшілігі кінәнің қасақаналық нысанымен сипатталады. Жекелеген қылмыстар абайсыздықпен жасалады, мысалы, атыс қаруын ұқыпсыз сақтау (ҚР ҚК 243-бабы).

ҚР ҚК 9-тарауында қарастырылған қылмыстардың көпшілігінің субъектісі 16 жасқа толған, есі дұрыс, жеке адам болып табылады. ҚР ҚК 15-бабының 2-бөлігіне сәйкес, кейбір қылмыстардың субъектісі қылмыс жасалған кезде жасы 14-ке толған жасөспірімдер болып табылады. Мысалы: ҚР ҚК 233-бабы); адамды кепілге алу (ҚР ҚК 234-бабы); терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау (ҚР ҚК 242-бабы); қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын ұрлау не қорқытып алу(ҚР ҚК 255-бабы); ауырлатын мән-жайлардағы

бұзақылық (ҚР ҚК 257-бабының 2 жіне 3-бөліктері); тағылық (ҚР ҚК 258-бабы). Жекелеген жағдайларда қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың субъектісі деп тану үшін мұндай адамдардың арнайы белгілері болу керек, мысалы, қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды немесе жарылғыш қондырғыларды күзету жөніндегі міндеттерді тиісінше атқармау (ҚР ҚК 254-бабы), өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу (ҚР ҚК 256-бабы) және басқалары.

1. Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстар

Терроризм – ҚР ҚК-233-бабы

Терроризм – халықаралық сипатқа ие болған, қазіргі замандағы ең қауіпті қылмыстардың бірі.

Латын тілінен аударғанда «террор» (terror) деген сөз қорқыныш, үрей деген мағынаны білдіреді.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13-шілдедегі (19.02.2002ж. өзгертулерімен) «Терроризммен күрес туралы» Заңында терроризмге, қоғамдық қауіпсіздікке нұқсан келтіру, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және шетелдік халықаралық ұйымдармен шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында немесе мемлекеттік не қоғамдық қайраткерлердің қызметін тоқтату немесе осындай қызметі үшін кек алу мақсатындағы қылмыстық жазалауға жататын немесе жеке адамдар мен ұйымдарға қатысты әрекет деген анықтама береді. Тарихи тұрғыдан алғанда саяси күрес жолы ретінде пайда болды және ол жүзжылдықпен емес мыңжылдықпен есептеледі. (мысалы, Көне Римдегі белгілі Юлий Цезардың өлтірілуі). Дегенмен ол ХІХ ғасырдың орта шеніне бастап ХХ ғысырда аса қауіптілікке ие болып және етек жая түсті.

Терроризмнің жеткен «шыңы» деп 2001 жылғы 11-қыркүйектегі АҚШ-тағы болған – терроршылар басып алған жолаушылар әуе кемелерінің Нью-Йорктегі Бүкіләлемдік сауда орталығының аспанмен тілдескен екі биік үйіне және Вашингтондағы Пентагон (қорғаныс мнинистрлігі) ғимаратына соғылуы болды, соның нәтижесінде мыңдаған адам қаза тауып жарақат алды.

Террористік актілер жасау нақты бір мемлекеттің ішкі жағдайына ғана емес, жалпы халықаралық қауымдастыққа нұқсан келтіреді. Террористік актілер кез келген жолдармен жасалуы мүмкін, солай бола тұра ол қашанда мемлекеттік билікке нұқсан келтіруге халықтың бойына сенімсіздік пен үрей туғызға бағытталған.

Терроризмнің қоғамдық қауіптілігінің жоғары дәрежесі оны жасаушы субъектінің айналасындағылардың бойында үрей, дүрлігіс тудыруға ұмтылыс арқылы азаматтардың әлеуметтік пайдалы

қызметтің құтын қашырып, билік пен басқару органдарының ойдағыдай қызмет жасауына қол сұғатын және сонысымен өзінің қоғамға қарсы мақсатына жететін қылмыстық қол сұғушылықтың қауіпті жолдары екендігімен көрінеді.

Терроризмнің объектісі қоғамдық қауіптілік болып табылады. Қосымша объектісі азаматтардың өмірі мен денсаулығы, меншік, басқарудың іс жүзіндегі тәртібі және басқалар болуы мүмкін.

Терроризмнің объективтік жағы күрделі сипатқа ие болады және адам өліміне тудыратын, елеулі мүліктік зиян келтіретін немесе өзге де қоғамдық қауіпті зардаптар әкелетін, сондай-ақ осы әрекеттерді жасаумен қорқыту мақсатындағы жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де әрекеттер жасаумен жасаумен көрінеді.

Жарылыс жасау деп тротил немесе өзге де зарядтарды қолдану жолымен, басқаша айтқанда жарылыс толқынының талқандаушы қуатты пайдаланумен қандайда бір объектілерді жарамсыз ету немесе адамдарды қырып-жою танылады.

Өрт қою деп кінәлі адамның оттың бүлдіргіш күшін заңсыз пайдалану әрекетін тануға болады.

Жарылыс жасау және өрт қоюмен бірге ҚР ҚК 233-бабы өзге де әрекеттерін қарастырады. Терроризмдегі өзге де әрекеттер деп ғимараттарды, құрылыстарды бұзу, апаттар мен соқтығыстар ұйымдастыру, жерді, суды, ауаны, тамақ өнімдерін уландыруды тануға болады.

Терроризмінің міндетті шарты адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де іс-әрекеттер болып табылады. Кем дегенде бір адамға қауіп төндіру адамадаржың қаза болуы қаупін төндіруді көрсетеді.

Терроризмдегі қоғамға қауіпті өзге де зардаптар деп адамдардың қаза болуы мен елеулі мүліктік зиян келтіруден басқа белгілердің бәрі танылады. Атап айтқанда, оларға мемлекеттік билік пен басқару органдарының қызметін бұзу, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар қызметін, көлік қозғалысын тоқтату жатады.

Терроризмнің аяқталған құрамы болып ҚР ҚК 233-бабының 1-бөлігіндегі диспозицияда қарастырылған әрекетті жасауы танылады. Бұл жерде зардаптың болуы міндетті емес, деп адамдардың қаза болуы мен елеулі мүліктік зиян келтіру немесе қоғамға қауіпті өзге де зияндар болса жеткілікті.

Терроризм үшін қылмыстық жауаптылық сондай-ақ осы әрекеттерді жасау жөніндегі қорқытуды да қарастырады. Бұл жерде қорқыту нақты және шын болуы керек.

Субъективтік жағы кінәнің тура ниеті түріндегі қасақаналықпен сипатталады. Адам өзінің жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де іс-әрекеттер жасау, егер осы іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру мақсатында жасағанын, сондай-ақ аталған іс-әрекеттерді сол мақсатта жасаймын деп қорқытқанын ұғынады.

Субъективтік жағынан терроризмнің негізгі белгілері оны жасаудың негізгі мақсаты – қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешім қабылдауына ықпал ету болып табылады. Терроризмнің объективтік жағының белгілеріне жататын, бірақ адаммен басқа мақсатпен жасалған әрекет басқа қылмыс ретінде сараланады, мысалы «Диверсия» ҚР ҚК 171-бабы, «Жаппай тәртіпсіздік» ҚР ҚК 141-бабы.

Терроризмнің субъектісі 14 жасқа толған, есі дұрыс жеке адам болып табылады.

ҚР ҚК 233-бабының 2-бөлігі терроризмнің төмендегідей сараланған қылмыс үшін қылмыстық жауаптылықты қарастырады:

а) бірнеше рет жасау;

б) қару қолдана отырып не адам өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіретін қару ретінде пайдаланылатын жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғылар жасау.

Бірнеше рет жасау деп екі және одан да көп адамның террорлық әрекет жасауы танылады, сонымен бірге оның алдындағы жасаған террорлық әрекеті үшін заңмен белгіленген тәртіп бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылғаны, терроризм үшін қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтпегені не бұрын террорлық әрекет жасағаны үшін соттылығының алынып тасталған немесе жойылғаны анықталуы керек.

Қару қолдану деп терроризм кезіндегі кез келген қаруды қолдану танылады. Бұрын бұл тармақта «атыс қару қолдана отырып» делінген болатын, дегенмен әдетте террорлық актілер көптеген жағдайда жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғылар пайдалан отырып жасалады.

ҚР ҚК 233-бабының 3-бөлігі осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген

а) жаппай қырып-жоятын қаруды, радиоактивті материалдарды қолданумен немесе қолданамын деп қорқытумен және жаппай уландырумен, эпидемия мен эпизоотияны таратумен, сондай-ақ адамдарды жаппай қырып-жоюға әкеп соғуы ықтимал өзге де іс-әрекеттерді жасаумен немесе жасаймын деп қорқытумен ұштасқан;

б) абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық қарастырады.

Жаппай қырып-жоятын қару деп, оны пайдалану көп адамдарды қырып-жоюға мүмкіндік беретін қару танылады. Оларға: ядролық қарулар, термоядролық, химиялық, биологиялық, нейтрондық және тағы басқа қарулар танылады.

Радиоактивті материалдар деп, тіршілік иелерінің денсаулығына нашар халге түсіретін, сондай-ақ адамдар өліміне әкеп соқтыратын рентген сәулелерін не альфа-бета-гамма сәулелерін тарататын заттар танылады.

Жаппай уландыру деп, көп адамның ағзаларындағы зат аламсу барысының ойдағыдай жүруін танылады. Ағзаларды уландыруды сапасы нашар су, тамақ беру, сондай-ақ газ жіберу жолымен жүргізуге болады.

Эпидемия тарату деп, адамдардың көптеген санына түрлі аурулар таратуды тануға болады. Эпидемиялық аурудың сипаты кең аумақтағы және аз уақыт ішіндегі адамдардың жаппай ауруға шалдығуымен анықталады.

Эпизоотия тарату деп, үй жануарлары – мал мен құстарды белгілі бір аумақты қамтитын жаппай жұқпалы ауруларға шалдығуы танылады. Эпизоотия үшін жануарларды жаппай қамту мен ауру тарған аумақ шегінен шығып кету ағымы тән.

ҚР ҚК 233-бабы 3-бөлігінің «а» тармағында көрсетілген өзге де іс-әрекеттер жасау деп, адамдардың жаппай өліміне әкеп соқтыруға қабілетті әрекеттер танылады. Оған міндетті түрде «жаппай» болуы тән.

Адамды өлімге әкеп соқтығу деп, адамның террорлық әрекет жасау нәтижесінде биологиялық өлімге ұшырауы танылады.

Терроризм кезіндегі өзге де ауыр зардаптар деп бірнеше адамның денсаулығына ауыр зардап не көп адамдардың денсаулығына орташа ауырлықтағы зардап, сондай-ақ ірі материалдық шығын келтіру танылады.

ҚР ҚК 233-бабы 3-бөлігінің «б» тармағында қарастырылған қылмыстың субъективтік жағы кінәнің қосарланған нысанымен осы норманың қалған басқа тармақтары мен бөліктерінен ерекшеленеді. Іс-

әрекетке (терроризмге) қатысты кінә ниетпен сипатталады, ал келтірілген зардаптарға қатысты (өлім немесе өзге де ауыр зардаптар) – абайсыздықпен, менмендікпен немесе салақтықпен сипатталады. Алайда, жалпы алғанда ҚР ҚК 22-бабына сәйкес, мұндай қылмыс қасақаналықпен жасалған деп танылады.

ҚР ҚК 233-бабының 4-бөлігі мынадай редакциямен берілген: «қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету мақсатында адамның өміріне қастандық жасау, сондай-ақ дәл сол мақсатта, оның мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында мемлекет немесе қоғам қайраткерінің өміріне қастандық жасау».

Атап өту керек, бұрын ҚР ҚК 167-бабының 1-бөлігінде қарастырылған «мемлекет немесе қоғам қайраткерінің өміріне оның мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметіне не нақ сол қызметі үшін кек алу мақсатында қастандық жасау» террорлық акт ретінде бағаланды, Заң шығарушы толық көлемінде, яғни ешқандай өзгеріссіз осы норманы ҚР ҚК 233-бабының 4-бөлігіне орналастырған. Осыдан келіп, жоғарыда аталған әрекеттерті жасау кезіндегі қылмыстық қол сұғу объектісі өзгерді деп тұжырым жасауға тура келеді. Егер бұрын ҚР ҚК 167-бабының 1-бөлігі Ерекше бөлімінің «Мемлекеттің конституциялық құрылысына және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар» деп аталатын 5-тарауында болса, онда қол сұғу объектісі Қазақстан Республикасының саяси жүйесі, ал қосымша объектісі – мемлекеттік немесе қоғамдық қайраткердің өмірі мен денсаулығы деп танылды, ал енді қылмыстық қол сұғу объектісі қоғамдық қауіпсіздік болып табылатын болды. Қосымша объекті сол күйінде өзгеріссіз қалды. Сөйтіп, ҚР ҚК 233-бабының жаңа редакциясы неғұрлым жаңартылған және терроризм ұғымына заңға қайшы әрекет жасаудың барлық жолдарын жатқызуға болады.

ҚР ҚК 233-бабының 4-бөлігінің объективтік жағын адамның өміріне қол сұғу, сол сияқты мемлекеттік немесе қоғамдық қайраткердің қол сұғу құрайды.

Өмірге қол сұғу деп, қасақаналықпен заңға қайшы келетін өлім (өлтіру) не өлтіруге ұмтылу, яғни өлімге әкеп соқтыруға тікелей бағытталған қасақаналықпен жасалған әрекет танылады. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23-шілдедегі (4.06.2001ж., 11.03.2003ж., 21.04.2003ж. және 25.09.2003ж. өзгертулер және толықтыруларымен) «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік қайраткер

деп, ақы төленетін мемлекеттік қызметпен айналысатын және заңнамаларға сәйкес, мемлекеттің міндеттері мен қызметтерін жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік орган атынан лауазымды өкілеттік атқаратын Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады. Демек, мемлекеттік қайраткерлерге Президент әкімшілігінің өкілдері, Үкімет мүшелері, министрлер мен олардың орынбасарлары, парламент мүшелері және басқалар жатады.

Қоғамдық қайраткерлерге қоғамдық бірлестіктердің, партиялардың жетекшілері мен көрнекті мүшелерін жатқызуға болады. Мемлекеттік немесе қоғамдық қайраткерлердің өміріне қол сұғудың әдістері мен құралдары әралуан болуы мүмкін және олар осы қылмыстың саралануына әсер етпейді.

ҚР ҚК 233-бабының 4-бөлігі бойынша саралау үшін қылмыстық-құқықтық мәніне келетін болсақ, қарастырылып отырған қылмыстың жасалу мақсаты қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттермен немесе халықаралық ұйымдардың шешімдер қабылдауына ықпал ету мақсатында адам өміріне қол сұғумен жасалады. Мемлекет немесе қоғам қайраткерінің өміріне қастандық жасау, оның мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында жүргізіледі. Мемлекет немесе қоғам қайраткерінің өміріне басқа мақсатта қол сұғу басқа қылмыстың белгісін құрайды, мысалы ҚР ҚК 96-бабы «Адам өлтіру». Террорлық актінің міндетті қылмыстық-құқықтық мініне оның жасалу себебі де ие болады. Бұл қылмыс жәбірленушінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында жасалуы мүмкін.

ҚР ҚК 233-бабының ескертуінде терроризм кезіндегі қылмыстық жауаптылықтан босатудың негіздемесі анықталады. Ондай негіздемелер мыналар болып табылады: мемлекеттік органдарды террорлық акті болатындығы жайында дер уақытында ескерту немесе террорлық актіні болдырмауға өзге де көмек көрсету (өзге де жолдары). Дер кезіндегі ескерту дайындалып жатқан террорлық акті турасында күні бұрын, уақытысында хабарлаумен және билік органдарының террорлық акті басталғанға дейін ескерту шараларының нақты болуымен анықталады.

Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру – ҚР ҚК 233-1-бабы

Аталап отырған қылмыстың қоғамдық қауіптілігі терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру

нәтижесінде қоғамды алаңдататын әлеуметтік-психологиялық ахуал тудырумен, террорлық актінің жасалуы үшін қолаулы жағдай жасаумен қоғамдағы күш көрсету мен агрессивтілікпен ұштасқан қоғамдағы жағдайды тұрақсыздандырумен көрінеді.

Қарастырып отырған қылмыстың объектісі қоғамдық қауіпсіздік болып табылады.

Объективтік жағы терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру, сондай-ақ көрсетілген мазмұндағы материалдарды тарату көрінетін әрекеттермен сипатталады.

Терроризм актісі – жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы, елеулі мүлкіктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де іс-әрекеттер жасау, егер осы іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған іс-әрекеттерді дәл сол мақсатта жасаймын деп қорқыту, сол сияқты, қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету мақсатында адамның өміріне қастандық жасау, сондай-ақ дәл сол мақсатта, оның мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында мемлекет немесе қоғам қайраткерінің өміріне қастандық жасау.

Насихаттау адамның санасы мен еркіне қандайда бір заңсыз әрекет жасауына, атап айтқанда, террорлық әреке жасауына сондай құлшыныспен әсер етуді білдіреді. Насихаттау ауысза айту не жазбаша немесе баспа материалдары арқылы таратылуымен сипатталады.

Шақыру – бұл жеткілікті сандағы тыңдаушыларды ауызша немесе жазбаша агрессия жасауға көндіру. Шақыру міндетті түрде жария түрдегі сипат алады, яғни бірнеше адамның қасыуымен жүзеге асырылады. Сонымен бірге, жария түрде шақыру қатаң түрде белгілі бір мақсатқа бағынышты болады, және нақ терроризм актісін жасауға бағытталады.

Материалдарды тарату деп материалдарды үшінші бір адамға терроризм актісін жасау мақсатында насихаттау немесе шақыру үшін тарату танылады.

Қарастырып отырған қылмыстың құрамы формальды, демек, қылмыс террорлық актінің жасалған немесе жасалмағанына қарамастан

насихаттау, жария түрде шақыру немесе материалдар тарату жүзеге асырылған сәттен аяқталған деп танылады.

Бұл норма бойынша қылмыстық жауаптылық террорлық акті жасауға шақыруға адамдар қатысқан, ашық түрде жасалған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін.

Субъективтік жағынан бұл қылмыс тура ниетпен сипатталады.

Субъектісі – 16 жасқа толған, есі дұрыс, жеке адам.

ҚР ҚК 233-1-бабының 2-бөлігі мынадай саралаушы белгілерді қарастарады: адамның өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып не қоғамдық бірлестіктің басшысы бола отырып не бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып жасаған нақ сол әрекеттері.

Лауазымды адамның не қоғамдық бірлестік жетекшісінің терроризмге насихаттауы немесе актісін жасауға жария түрде шақыруы, сондай-ақ көрсетілген мазмұндағы материалдарды таратуы оның сы үшін өзінің қызметтік не қоғамдық жағдайын пайдаланды деп ұйғарылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану – бұл баспасөз бетіне жарияланған террорлық акті жасауға насихаттау мен шақыру, сонымен радио немесе телехабар арқылы материалдар тарату.

ҚР ҚК 233-1-бабының 2-бөлігі бойынша қылмыс субъектісі – арнайы. Ол өзінің қызмет бабаын пайдаланған адам немесе қоғамдық бірлестік жетекшісі болуы мүмкін.

Террористік топ құру, оған басшылық ету және оның қызметіне қатысу – ҚР ҚК 233-2-бап.

Аталған қылмыстың қоғамдық қауіптілігі қоғамның қауіпсіздігі үшін қатер төндірумен, терроризм актілерін жасау қаупінің төнуімен, адамдар өлімі қауіптілігі тууымен, елеулі мүліктік шығын келтіруімен не оөзе де қоғамға қауіпті зардаптардың пайда болуымен көрінеді.

Бұл қылмыстың тікелей объектісі қоғамдық қауіпсіздік болып табылады.

Қосымша объектісі ретінде адамдардың өмірі мен денсаулығы, меншік, басқару тәртібі және басқалары көрінеді.

Бұл қылмыстың объективтік жағы террористік мақсатты көздейтін қылмыстарды жасау үшін топ құру (террористік топ), сондай-ақ оған басшылық етумен көрінеді.

Террористік ұйым деп террористік қызметті жүзеге асыру мақсатында немесе өзінің терроризмдегі қызметін пайдалану мүмкіндігін танытын ұйымды тануға болады.

Ұйым, егер ол кем дегенде оның бір ғана құрылымдық бөлімінің өзі осы ұйымның басқарушы органының келісімімен террористік әрекетті жүзеге асыратын болса террористік ұйым деп танылады.

Террористік топтардың нысандары әртүрлі болуы мүмкіні: алдын ала сөз байласқан адамдар тобы, ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық.

Террористік мақсат қуған қылмыс жасау үшін топ құру деп, нәтижесі террористік актілер жасау үшін бірнеше адамның бірігуі немесе қылмыстық ұйым құруы үшін кез келген әрекет жасауы танылады.

Осы террористік топқа басшылық ету жекелеген адамдардың немесе террористік топтың жалпы бағыттылығын анықтауды, қол сұғу объектілерін таңдауды, тәртіпті қамтамасыз етуді, қылмыстық бірлестік мүшелерінің арасындағы міндеттерді бөлісуді, террористік топ қызметін үйлестіруді білдіреді.

Талданып отырған қылмыстың құрамы формальды, яғни бұл әрекет террористік топ құру мен оған басшылық еткен кезден бастап аяқталған деп танылады.

Субъективтік жағынан әрекет террористік топ құру мен оған басшылық ету жөніндегі өзінің әрекетінің қоғамдық қауіптілігін ұғынуымен, сондай-ақ террористік құрамаға қатысуымен көрінетін тура ниетпен сипатталады, кінәлі адам соның нәтижесінде террористік топтың қызметін жалғастыратын болжай біледі және соның болуын қалайды.

Субъектісі – 16 жасқа толған, есі дұрыс, жеке адам.

ҚР ҚК 233-2-бабының 2-бөлігі бойынша жауаптылық террористік топ қызметіне немесе оның жасаған террористік актісіне қатысқан жағдайда басталады.

Террористік топ қызметіне немесе оның жасаған террористік актісіне қатысу жасалған террористік актіге тікелей қатысуымен ғана емес, сонымен бірге осы террористік топтың мүддесі үшін өзге де әрекеттерді жасауы, атап айтқанда қаржыландыру, көлікпен қамтамасыз ету, террористік ұйым мүшелерін ұдайы жасыру.

ҚР ҚК 233-2-бабының 2-бөлігі адам өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып не қоғамдық бірлестіктің басшысы бола отырып жасаған, осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттері үшін жауаптылықты қарастырады. Аталған бұл белгілер аса ауырлатушы мән-жай болып табылады, өйткені мемлекеттік немесе қоғамдық лауазымдарды атқаратын адамдардың террористік топтарға басшылық етуге және оған қатысуға мүмкіндігі мол болады.

Бұл норманың 3-бөлігі бойынша қылмыс субъектісі қоғамдық бірлестік басшылары не өзінің қызметтік жағдайын пайдаланушы адамдар болып табылады.

Экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыру – ҚР ҚК 233-3-бабы

Аталып отырған бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыру нәтижесінде террористік әрекет жасау қатерінің туындауымен, адамдарды өлімге әкеп соқтыру қауіпінің пайда болуымен, елеулі мүлктік шығын әкелу не өзге де қоғамдық қауіпті зардаптер келтіруіне, қоғамдағы жағдайды тұрақсыздандырумен көрінеді.

Бұл қылмыстың объектісі қоғамдық қауіпсіздік болып табылады.

Объективтік жағы экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыру арқылы көрінеді.

Террористік қызмет деп, адамның өз іс-әрекетінде террорды пайдалану әрекетерін, яғни өзінің саяси қарсыластарын қатал қорқытумен, үрейлендірумен, тіпті қырып-жоюға ұласатын күш көрсету әрекеттері танылады.

Экстремизм деп, барып тұрған теріс көзқарастар мен шараларға бой ұрушылық (әдетте саясатта) танылады.

Қаржыландыру деп өзінің қызметін террорлық қызметті жабдықтау және экстремизмді ақша қаражатымен қолдау көрсетуге пайдалану танылады.

Қылмыс кінәлі адамның қарастырып отырған әрекеттердің объективтік жағын орындаған сәтінде аяқталған деп танылады.

Субъективтік жағынан өзінің экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыру әрекетінің қоғамдық қауіптілігін ұғынуымен көрінетін тура ниетпен сипатталады және соның болуын қалайды.

Субъектісі – 16 жасқа толған, есі дұрыс, жеке адам.

ҚР ҚК 233-3-бабының 2-бөлігінде осы әрекетті бірнеше рет жасаумен көрінентін саралаушы белгілер қарастырылған.

Егер адамның осы экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыру әрекеті үшін бұрын сотталған болса немесе осы қылмысты үшін заңмен белгіленген тәртіп бойынша жауаптылықтан ббосатылмаған болса, қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімі ескірмеген болса не осы қылмысы үшін соттылығы алынып тасталмаған немесе жойылмаған болса, экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыруды бірнеше рет жасаған деп танылады.

Адамды кепілге алу – ҚР ҚК 234-бабы

Халықаралық сипаттағы қасиетке ие болған қауіпті қылмыстардың бірі адамды кепілге алу болып табылады.

Бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі қоғамның қауіпсіздігіне, көптеген жағдайда айтарлықтай адамдардың өміріне, денсаулығына, сондай-ақ адамның жеке бостандығы мен тәуелсіздігіне қол сұғумен көрінеді.

Қылмыстың объектісі қоғамдық қауіпсіздік болып табылады. Қосымша объектісі – тұлғаның тәуелсіздігі, оның денсаулығы мен өмірі.

Аталған қылмыстың объективтік жағы Кепілге алынған адамды босату шарты ретінде мемлекетті, ұйымды немесе азаматты қандай да бір іс-әрекет жасауға немесе қандай да бір іс-әрекет жасаудан тартынуға мәжбүр ету мақсатында адамды кепілге немесе кепілдік ретінде ұстаумен көрінеді.

Адамды кепілге алу деп, бір немесе бірнеше адамды кез келген әдіспен (жасырын, ашық, алдау немесе күш көрсету) бостандығынан шектеу танылады, оларды босатуды қажетті шарты күш көрсетушінің талаптарын орындау болып табылады.

Адамды кепілге ұстау деп, кепілге алынған адамның бостандыққа шығуына күштеп кедергі жасауды тануға болады.

Қылмыстың бұл құрамының жәбірленушісі болып жасына (кәмелетке толмаған да, балиғатқа толмағанда), қызмет жағдайына (лауазымды да, лауазымы жоқ адам да) қарамастан кез келген адам, Қазақстан азаматы да және шет мемлекет азаматы да бола алады.

Бұл қылмыс кепілге алынған адамның бостандығынан шектелген немесе уақытына қарамастан оның кепілдікке ұсталған кезінен бастап аяқталған деп танылады.

Бұл қылмыстың субъективтік жағы кінәнің тура ниеттегі қасақаналық нысанымен сипатталады. Кінәлі адам өзінің адамды кепілге алып және оны қыстап ұстап отырғанын ұғынады және осы әрекетінің нәтижесінің болғанын тілейді.

Осы құрамның субъективтік жағының міндетті белгісі кінәлі адамның өзінің алдына қойған арнайы мақсаты болып табылады. Ондай мақсат кепіл адамды босатудың шарты ретінде мемлекетті, ұйымды, жекелеген азаматтарды қандайда бір әрекет жасауға немесе одан қалыс қалуға мәжбүр етеді. Мысалы, тұтқындалған немесе сотталған адамды босату үшін ақша қаражатын, есірткі, көлік құралдарын, қару беру, мемлекет шегінен шығып кету, халықаралық келісім-шарттар немесе міндеттемелер жасасудан бас тарту.

Қылмыстың субъектісі 14 жасқа толған адам бола алады.

ҚР ҚК 234-бабының 2-бөлігі осы қылмыстың сараланған түрін қарастырады. Сараланған белгілер ретінде заң шығарушы келесідей мән-жайларды ескерген:

- а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;
- б) бірнеше рет;
- в) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдана отырып;
- г) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолдана отырып;
- д) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты;
- е) айыптыға жүктілік жағдайы көрінеу мәлім әйелге қатысты;
- ж) көпе-көрінеу дәрменсіз күйдегі адамға қатысты;
- з) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- и) пайдакүнемдікпен немесе жалдау арқылы жасалса –

Егер қатысушылар арасында осы қылмысты жасар алдында алдын ала келіскен болса, онда адамды кепілге алу адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалған деп саналады (ҚР ҚК 31-б. 2-бөл.).

Егер бұрын адамды кепілге алу қылмыс жасаған адам заңмен белгіленген тәртіп бойынша қылмыстық жауаптылықтан болсатылмаған болса, не осындай қылмысы үшін соттылығы жойылмаған немесе алынып тасталмаған болса немесе сондай қылысы үшін қалмыстық жауаптылыққа тарту мерзімі ескірмеген болса адам кепілге алу қылмысын бірнеше рет жасады деп танылады.

Өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдану деп, мұндай күш көрсетудің жәбірленушінің денсаулығына жеңіл, орташа ауырлықтағы немесе ауыр зиян келтіруді тануға болады.

Қару қолдана отырып дегенді осы қаруды пайдалана отырып адамның денсаулығына немесе өміріне зиян келтіруді түсінуге болады.

Қару ретінде пайдаланылатын өзге де заттарға адам денсаулығына зиян келтіретін кез келген заттар жату мүмкін. Атап айтқанда оларға тұрмыстық-шаруашылыққа арналған құралдар, мысалы, балта, шалғы, айыр, күрек, темір шыбық, құбыр-түтік, сойыл және басқалар жатарды.

Көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты дегенді жасы 18-ге жетпеген адамды кепілге алуды түсінуге болады. Көрінеулік белгісі кәмелетке толмағанды кепіл ретінде аалған адамның ұстап отырған адамының кәмелеке толмағанын білуімен көрінеді.

Айыптыға жүктілік жағдайы көрінеу мәлім әйелге қатысты (мұнда оның уақытың ешқандай мәні жоқ) 234-бабының осы тармағы бойынша кінәлінің әрекетін саралау үшін кінәлі жәбірленушісінің

жүкті екенін білуі керек. Кінәліге жәбірленушінің жүкті екені оның сырт көрінісінен немесе жәбірленушінің өзінің айтуымен немесе медициналық құжаттарымен танысу нәтижесінде мәлім болуы мүмкін. Кепілге алынған әйелдің жүкті екені білмей жасаған әрекет ҚР ҚК 234-бабының 1-бөлігі бойынша саралануы мүмкін.

Көпе-көрінеу дәрменсіз күйдегі адамға қатысты кепілге ұстау. Бұл жердегі дәрменсіз күй жәбірленушінің дене құрлысының белгілі бір кемшілігін және өзге де (балиғатқа толмаған жасы, кәрілік, науқастығы, дене кемшіліктері: соқыр, мүгіс, қол-аяғы жоқ, ауыр сырқат және басқалар) қылмыскерге қарсылық көрсете алмайтын халін білдіреді.

Екі немесе одан да көп адамға қатысты кепілге алу бір мезгілде екі немесе одан да көп адамды кепілге ұстаумен сипатталады. Екі немесе одан да көп адамды кепілге алау әртүрлі уақытта және бір ниетті қамтымаған жағдайда болса онда ол кепілге алау әрекетін бірнеше рет жасалған деп санауға болады.

Пайдакүнемдікпен немесе жалдау арқылы жасалған кепілге алу кінәлі адамның өзінің бас пайдасын көздеп, сол үшін материалдық (ақша, мүлік) пайда табуды немесе материалдық шығындарынан құтылуды (қарыз, ақы төлеу) мақсат тұтуымен көрінеді.

Адамды кепілге алуда кінәлі адам осы көрсетілген әрекеттерді үшінші бір адамның мүддесі үшін жасайды.

ҚР ҚК 234-бабының 3-бөлігі бұл құрамының ерекше сараланған құрамы – осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді ұйымдасқан топ жасаған не олар абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп сақтарған жағдайын қарастырады.

Ұйымдасқан топ ұғымы ҚР ҚК 31-бабының 3-бөлігінде былай деп берілген: «Егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасаса, ол ұйымдасқан топ жасаған қылмыс деп танылады».

Кепілге алынатын адамды өлімге әкеп соқтыруды заң шығарушы кінәнің абайсыздық нысанымен байланыстырады.

Өзге де ауыр зардаптар деп жәбірленушіні не оның жақынтұстарын ауыр науқасқа ұшыратуы, ірі метариалдық шығын келтіру, халықаралық шиеленіс тудыру және жасқа осы сияқты жағдайлар танылады.

ҚР ҚК 234-бабының ескертуінде кепілге адам алу кезіндегі қылмыстық жауаптылықтан босату негіздемесі анықталады. Ондай негіздеме кепілге алынған адамды өз еркімен немесе өкіметтің талап

етуі бойынша босатқан адам, егер оның іс-әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылу болып табылады.

Ұйымдасқан қылмыстық топты немесе қылмыстық қауымдастықты (қылмыстық ұйымды) құру және оны басқару, қылмыстық қоғамдастыққа қатысу – ҚР ҚК 235-бабы

Ерекше қоғамдық қауіптілік көрсететін ұйымдасқан қылмыстылық қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық институттарының қалыпты қызмет атқаруын жай ғана бұзып қоймай, сонымен бірге ұлттық және халықаралық қауіптілік пен тұрақтылыққа тікелей қатер төндіреді.

Қылмыстың объектісі қоғамдық қауіпсіздік болып табылады.

Талданғалы отырған іс-әрекеттің объективтік жағы қылмыстық қоғамдастықты (қылмыстық ұйымды) ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасау үшін құрумен, сол сияқты осындай қоғамдастықты (ұйымды) немесе оған кіретін құрылымдық бөлімшелерді басқарумен, сол сияқты ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасау үшін жоспарлар мен шарттар әзірлеу мақсатында ұйымдасқан қылмыстық топтардың ұйымдастырушыларының, басшыларының немесе өзге де өкілдерінің бірлестіктерін құрумен көрінеді.

ҚР ҚК 235-бабы төрт бөліктен тұрады: бірінші бөлікте ұйымдасқан қылмыстық топты құрғаны, сол сияқты оны басқарғаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделеді; екінші бөлігі – қылмыстық қоғамдастықты (қылмыстық ұйымды) ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасау үшін құрғаны, сол сияқты осындай қоғамдастықты (ұйымды) немесе оған кіретін құрылымдық бөлімшелерді басқару, сол сияқты ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасау үшін жоспарлар мен шарттар әзірлеу мақсатында ұйымдасқан қылмыстық топтардың ұйымдастырушыларының, басшыларының немесе өзге де өкілдерінің бірлестіктерін құрғаны үшін; үшінші бөлікте – қылмыстық қоғамдастыққа (қылмыстық ұйымға) не ұйымдасқан қылмыстық топтардың ұйымдастырушыларының, басшыларының немесе өзге өкілдерінің бірлестігіне қатысқаны үшін; төртінші бөлікте осы әрекеттерді адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасасағаны үшін жауаптылық көзделген. Сөйтіп, жауаптылық қылмыстық құрамалардың (қылмыстық қауымдастық, қылмыстық құрамалардың ұйымдастырушылары мен басшылары, ұйымдасқан топ) деңгейіне ғана емес, нақты адамдардың әрекет дәрежесіне, атқарған роліне байланысты.

ҚР ҚК 235-бабының бабында ұйымдасқан қылмыстық құрамалардың бірнеше деңгейі көзделген: 1) ұйымдасқан топ; 2) қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым); 3) қылмыстық топтардың ұйымдастырушылары, басшылары немесе өзге де өкілдерінің бірлестіктері. ҚР ҚК 31-бабы а) . егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасаса, ол ұйымдасқан топ жасаған қылмыс деп, б) егер қылмысты ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстар жасау үшін құрылған бірігіп ұйымдасқан топ (ұйым) не нақ сондай мақсатпен құрылған ұйымдасқан топтардың бірлестігі жасаса, ол қылмыстық сыбайластық (қылмыстық ұйым) жасаған қылмыс деп танылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2001 жылғы 21-маусымдағы «Соттардың бандитизм және басқа да қатысумен жасалған қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңнамаларды қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативті қаулысында ұйымдасқан қылмыстық топтың тұрақтылығына көбінесе олардың құрамының (топтың) тұрақтылығы мен оның мүшелері арасындағы өзара тығыз байланыс, қызметі, оның өмір сүруінің ұзақтығы сияқты белгілері басты себеп болады деген түсінік береді.

Ұйымдасқан қылмыстық топ арнайы дайындықты талап ететін бір ғана қылмысты жасау үшін де құрылуы мүмкін.

ҚР ҚК 31-бабының 4-бөлігіне сәйкес, қылмыстық қауымдастық ұйымдасқан қылмыстық ұйымнан ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстар жасау үшін бірігуімен және сондай мақсатта құрылуымен ерекшеленеді. Ұйымшылдық пен тұрақтылық белгісі қылмыстық құрамалардың екеуіне де тән. Солар үшін де оларды бірі бірінен шектеу үшін олардың құрылымын, ұйымдастырылу дәрежесі мен осы қылмыстық құрамалардың мүшелері арасындағы өзара байланыстың сипатын анықтау қажет.

Ұйымдасқан топ өзінің құрылымы жағынан – бұл қылмыс жасау үшін бірнеше адамның бірігуі. Ұйымдастырылу дәрежесі бойынша – бұл қылмыстық топқа қарағанда тәртіпбі жолға қойылған бірлестік, бірақ қылмыстық қауымдастыққа қарағанда ұйымдастырылушылығы төмендеу, өйткені ол тек қана топ басшысына бағынады. Топ ішіндегі өзара байланыс деңгейі – тұлғааралық.

Ұйымдасқан қылмыстық топтар басқа қылмыстық құрамалармен бәсекелестік жағдайында сау шығу және өзінің ықпалды шеңберін кеңейту үшін не өзара бірігеді, не неғұрлым күштірек құрама – қылмыстық қауымдастықтың (қылмыстық ұйымның) қатарына кіріп алады. Сөйтіп, ұйымдасқан қылмыстық топ қылмыстық

қауымдастықтың (қылмыстық ұйымның) құрылымдық бөлнмшесіне айналады.

Қылмыстық қауымдастық (қылмыстық ұйым) – құрылымы жағынан бірлестік, бірақ енді адамдардың емес, ауыр және аса ауыр қылмыс жасау үшін бірігіп топтасқан ұйымдасқан қылмыстық топ. Ұйымдасу дәрежесі жоғары, бірегей қылмыстық орталыққа бағынады.

Өзара байланыс деңгейі бойынша қылмыстық қауымдастық ұйымдасқан қылмыстық топтардың арасындағы өзара байланыстарымен сипатталады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының жоғарыда аталған нормативті қаулысында қылмыстық қауымдастық, әдетте, неғұрлым жоғары ұйымшылдық дәрежеге ие болады және жекелеген бірлестіктр мкн ұйымдасқан қылмыстық топтардан тұрады, деп айтылады.

Қылмыстық қауымдастық өзінің құрамына кіретін жүйелі түрде ауыр және аса ауыр қылмыс жасаумен айналысатын ұйымдасқан қылмыстық топтардың қылмыстық қызметін жоспарлау, үйлестіру, қолдау, дамыту мақсатында құрылады.

Ұйымдасқана құрамалардың келесі бір деңгейі біздің заңнамамыздағы жаңалық болып табылады. Ұйымдастырушыларды, басшыларды немесе ұйымдасқан қылмыстық топтардың өзге де өкілдерін біріктірудің жоспарын құрады және неғұрлым ортақ, ұйымдасқан қылмыстылық мәселелерін шешеді: салалар мен (немесе) аумағы бойынша қылмыстық қызмет шеңберін бөледі; бәсекелес қылмыстық бірлестіктермен мәміле жасасады; мұқтаж қылмыскерлер мен олардың отбасыларына көмек көрсететін ортақ касса құрады; қылмыстық кірістер мен табыстарды жария етеді; мемлекеттік билік өкілдерін сатып алады, халықаралық ұйымдасқан қылмыстылықпен байланысты реттейді және тағысын тағылар.

Ұйымдасқан қылмыстық құрама құру деп, нәтижесі осындай аталған ұйымдасқан топтар мен қауымдастықтар құру болып табылатын кез келген белсенді түрдегі мақсатты бағытталған әрекеттерді санауға болады. Бұндай әрекеттер қатысушыларын, қару-жарақ, оқ-дәрілер, байланыс құралдарын, құжаттар, көлік және өзге де материалдық құралдарды іздестірумен, құрылымдары мен қылмыстық жоспарларды, адамдар жалдауды жоспарлаумен көрінеді.

Ұйымдасқан қылмыстық топ, қылмыстық қауымдастық құру, ұйымдастырушыларды біріктіру қандайда бір қылмыстың жоспарланғаны немесе жасалғанына қарамастан қылмыстық аяқталған құрамы болып табылады. Аталған қылмыстық құрылымдарды қалыптастыру үдерісінің өзін оларды құруға дайындық деп қарауға

болады. Егер осы құрамалар нақты бір ауыр немесе аса ауыр (мысалы, адам өлтіру) жасау үшін құрғалаы жатқандығы жөніндегі дерек анықталған болса, онда адамдарды әрекеттерін осы қылмысты жасауға дайындалу деп қана саралауға тура келеді.

Қылмыстық құрамаларға арналған басшылық ету деп, аталған құрамаларды жоспарлаумен, материалдық қамтамасыз етумен және қылмыстық қызметін ұйымдастырумен, сол сияқты оларды нақты бір қылмысқа дайындау және жасаумен байланысқан шешімдер қабылдау танылады.

Ұйымдасқан қылмыстық топқа, қылмыстық қауымдастыққа бір адам да, бірнеше адам да басшылық жасай алады.

Ұйымдасқан қылмыстық топқа нақты бір адамның басшылық еткенінің қалуы дәлелдеудің болмай қалуы ұйымдасқан қылмыстық топтың болғанын жоққа шығармайды.

Ұйымдасқан қылмыстық топ басшысыш да болуы мүмкін. Мұндайларға аз ғана қатысушысы бар өз арасынан топ бастаушыны айырықша көрсетпей-ақ, қылмыстық қызмет мәселелерін бірлесіп шешетін, әдетте жасалған қылмысқа қатысушылар болып танылатын ұйымдасқан қылмыстық топтар жатады.

Қылмыстық қауымдастыққа немесе ұйымдастырушылар, басшылар бірлестігіне қатысу және басқалары көрсетілген қылмыстық құрылымдарға кірумен, қаржыландаруға, қарумен, көлікпен қамтамасыз етуге, объектілер іздестіруге, ақпараттармен жабдықтауға және басқаларға, сондай-ақ тікелей жоспарланған қылмыстарды жасауға бағытталған әрекеттермен көрінеді.

Қылмыстық қауымдастыққа қатысу қылмыстың аяқталған құрамы деп, адым өзінің қылмыстық қауымдастық қызметінің сипаты туралы білген сәттен және жасақан қылмыстарға қатысқан-қатыспағанына қарамастан, оған қатысуға (мүше болуға) келісімін берген сәттен бастап саналады.

ҚР ҚК 31-бабының 5-бөлігінің талаптарына қарай, ұйымдасқан топты немесе қылмыстық сыбайластықты (қылмыстық ұйымды) құрған не оларға басшылық еткен адам, ҚР ҚК 235-бабының 1 немесе 2-бөліктері бойынша, сондай-ақ Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда оларды ұйымдастырғаны және оларға басшылық еткені, сондай-ақ қылмыстар оның қаскүнемдік ниетімен қамтылса, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық сыбайластық (қылмыстық ұйым) жасаған барлық қылмыс үшін қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс. Сонымен бірге ҚР ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабы бойынша саралау ұйымдастырушы «басшы» бір мезгілде қылмысты

қоса орындаушы болған басқа жағдайда ҚР ҚК 28-бабына сілтеме жасай отырып жүзеге асырылады.

Қылмыстық қауымдастықпен бірге жасалаған қылмыстарға тікелей қатысқан ұйымдастырушының немесе басқарушының әрекеті ҚР ҚК 235-бабының 3-бөлігі бойынша қосымша саралауға жатпайды.

Ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысудың өзі ғана өздігінен қылмыстық жауаптылыққа тартылмайтындықтан ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысушылардың әрекеттері ҚР ҚК баптарының тиісті өздері қатысқан қылмысты дайындағаны немесе жасағаны үшін жауаптылық көздейтін тиісті бөліктері бойынша саралауға жатады.

Қылмыстық қауымдастықпен жасалған қылмысқа қатысқан адам ҚР ҚК 235-бабының 3-бөлігі бойынша қылмыстық қауымдастықпен жасалатын қылмысқа қатысушы болып табылатынын ұғынған жағдайда жауаптылыққа тартылады. Адамның қылмыстық құрылым жайында хабарсыз болған жағдайында, ол өзі қатысқан қылмыс үшін ғана жауаптылыққа тартылады.

Қылмыс қылмыстық құрамаға шын мәнінде басшылық еткенде, сондай-ақ қылмыстық құрамының қылмыс жасауға дайындығына қатысқан сәтінен аяқталған деп танылады.

Субъективтік жағынан әрекеткінәнің тура ниетімен сипатталады, яғни кінәлі адам өзінің ұйымдасқан қылмыстық топты құру, сол сияқты оны басқару жөніндегі әрекетінің сипатын ұғынады, соның нәтижесінде қылмыстық құрамының қызмет жүргізетінін болжап біледі және соның болуын қалайды.

Субъектісі – 16 жасқа толған, есі дұрыс, жеке адам.

Қарастырып отырған қылмыс үшін заң шығарушымен қарастырылған жалғыз ғана белгі – ол жоғарыда аталған қылмыстық әрекеттерді қызмет бабын пайдалана отырып жасау: Әртүрлі шендегі және деңгейдегі лауазымды адамдар өздерінің қызметтік жағдайларын пайдалануы мүмкін және мұндай әрекетпен әшкереленіп қалудан қорықпай-ақ айналасады, өйткені олардың қылмыстық әрекеттерінің ізін жасыру, қылмыстық табыстарын заңдастыру және басқа да жағдайлар жасау мүмкіндігі көбірек. Бұл әрине олардың заң шығарушы ескергеніндей, олардың жасайтын әрекеттерінің қоғамдық қауіптілік дәрежесін көтере түседі.

Заңсыз әскерилендірілген құраманы ұйымдастыру – ҚР ҚК 236-бабы

Мелекеттегі билік органдарының бақылаынан тыс қызмет жасайтын қарулы құрамалардың тым жоғары қоғамдық қауіптілігі олардың түрлі билік буындары мен деңгейлерінің арасындағы

тұрақтылық пен тепе-теңдікті бұзумен көрінеді. Мемлекеттік құрылыс пен билік мәселелерін конституциялық емес жолдармен, күштеп шешу катері туындайды, ал тұлғаларға зиян келтіру, адамдар өліміне туғызатыын елеулі материалдық шығын келтіру мүмкіндігі жоғары саны айтарлықтай қаруланған адамдардың бақылаусыз әрекеттері қоғамда әлеуметтік алаңдаушылық пен қобалжушылық турдырады.

Бұл қылмыстың объектісі қоғамдық қауіпсіздік болып табылады.

Объективтік жағы заңсыз әскерилендірілген құрама (бірлестік, отряд, жасақ немесе өзге де топ) құру, сол сияқты ондай құраманы басқару сияқты әрекеттерді орындаумен көрінеді. Бұл қылмыстың негізгі белгісі әскерилендірілген құраманың заңсыздығы болып табылады. Құраманың заңсыздығы мұндай құрамалардың құрылуының нормативтік актілерімен реттелмегендігінде. Қазақстан Республикасының Конституциясы 5-бабының 3-тармағының негізінде заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады. заңды әскерилендірілген құрамалар қатарына, мысалы, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, ұлттық қауіпсіздік органдары, ішкі істер органдары, кеден органдары және осы сияқты басқалар жатады.

Заңсыз әскерилендірілген құрамалар деп осында құрамалар жасақтауға бағытталған әрекеттер танылады. Оларға мыналарды жатқызуға болады: құрамаға қатысушыларды іріктеу, олардың орналасатын жерін анықтау, қару-жарақпен, арнайы киіммен, көлікпен, байланыспен қамтамасыз ету, атқаратын міндеттерін бөлу, басқарушы және әмірші құрамды анықтау, қараманы әскери бөлімдерге бөлу, құрамының мақсаты мен міндеттерін белгілеу.

Заңсыз әскерилендірілген құрамаларға басшылық ету деп, заңсыз жолмен құрылған құрамаға басқару танылады. Басшылық қызмет ету ұйымдастыру, бөлімшелердің арасындағы өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету, құрнамының мақсатқа жетуі мен міндеттерді орындау жөніндегі бұйрықтар мен өкімдер беру, сондай-ақ оларды орындалуына бақылау жасау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл қылмыстың құрамы қысқартылған болуы мүмкін. Қылмыстық әрекеттің аяқталу сәті дайындалу кезеңіне ауыстырылған.

Қылмыстың субъективтік жағы тура ниетті нысандағы кінәнің қасақаналық түрімен сипатталады. Кінәлі адам заңсыз әскерилендірілген құрама құрып, сол сияқты ондай құраманы басқарып отырғанын ұғына біледі, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болатындығын немесе болмай қоймайтындығын болжай біледі және соның болуын қалайды.

Бұл қылмыстың субъектісі 16 жасқа толған, есі дұрыс, жеке адам болып табылады. Сонымен бірге ол заңсыз әскерилендірілген құраманы не ұйымдастырушысы не бюасқарушысы да болуы мүмкін.

ҚР ҚК 236-бабының 2-бөлігі заңсыз әскерилендірілген құрамаға (бірлестік, отрядқа, жасаққа немесе өзге де топқа) қатысқаны үшін қылмыстық жауаптылық қарастырады. Қатысу деп, кінәлі адамның заңсыз әскерилендірілген құраманың қызмет етуіне бағытталған әрекеттерді жасауы танылады. Мұндай әрекеттерге ішкі кезекшілік, күзет және басқа да қызметтерін атқаруды жатқызуға болады.

ҚР ҚК 236-бабының 2-бөлігі бойынша қылмыстың субъективтік жағы кінәнің қасақаналық нысанымен және тек қана тура ниетімен сипатталады. Кінәлі адам заңсыз құрама қызметіне қатысатындығын ұғынады.

Қылмыстың субъектісі 16 жасқа толған, есі дұрыс, жеке адам болып табылады. Сонымен бірге ол заңсыз әскерилендірілген құраманың қатардағы ғана мүшесі болуы тиіс.

ҚР ҚК 236-бабының ескертуі негізінде заңсыз әскери құрамаға қатысуын ерікті түрде тоқтатқан және қаруы мен әскери жабдығын тапсырған адам, егер оның іс-әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауапкершіліктен босатылады

Бандитизм – ҚР ҚК 237-бабы

Бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі бандиттік құраманың әрекеттері азаматтардың, бойында қорғансыздық, қорқыныш сезімін тудырады, олардың заңды мүдделеріне қатер төндіреді, мемлекеттік, қоғамдық және өзге де институттардың қалыпты жұмысына ыңғайсыздық тудырады, мұның бәрі сайыр келгенде қоғамның психологиялық тұрақтылығына және оның қызметіне берекесіздік жағдай туғызады.

Бандитизмнің объектісі қоғамдық қауіпсіздік, қосымша объектісі тұлға болып табылады.

Бандитизмнің объективтік жағы тұрақты қаруланған банда құрумен (ҚР ҚК 237-б. 1-бөл.); банданы басқару (ҚР ҚК 237-б. 1-бөл.); бандаға қатысумен (ҚР ҚК 237-б. 2-бөл.); банда жасаған шабуылдарға қатысумен (ҚР ҚК 237-б. 2-бөл.) көрінеді.

Банда деп, жекелеген азаматтарға немесе ұйымға шабуыл жасау үшін алдын ала біріккен, екі немесе одан да көп адамдар тұратын тұрақты, қаруланған топ деп тануға болады. Банда жекелеген азаматтарға немесе ұйымға шабуыл жасау үшін құрылуына және қылмыстық мақсаты болуына байланысты ұйымдасқан қылмыстық

топтан ерекшелікте болады. Банда – бұл төмендегі де белгілер тән ұйымдасқан қылмыстық бірлестіктің нақты бір нысаны:

- 1) екі немесе одан көп адам қатысуы;
- 2) тұрақтылық;
- 3) қарулануы;
- 4) азаматтарға немесе ұйымға шабуыл жасау мақсатының болуы.

Екі немесе одан да көп адамның қатысу белгісі банда деп танылуы үшін ондағы екі адамның біреуінің жасы 16-ға толған болуы керек, ал үшіншісі мен қалғандары 13, 14, 15 жаста болса да жеткілікті.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2001 жылғы 21-маусымдағы «Соттардың бандитизм және басқа да қатысумен жасалған қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңнамаларды қолдануының кейбір мәселелері туралы» №2 нормативті қаулысының түсіндірмесіне сәйкес, банданың тұрақтылығына әсіресе оның орнықтылығы, оның мүшелерінің арасындағы тығыз өзара байланыс, олардың әрекеттерінің келісімділігі, қылмыстық қызмет нысандары мен әдістерінің бірқалыптылығы, оның ұзақ уақыт әрекет етуі куә болғандай.

Банда өте мұқият әзірлікті талап ететін бір ғана қылмыс жасау үшін құрылуы мүмкін.

Банданың міндетті белгісі оның мүшелерінде оқ-дәрімен аталатын немесе қолдан немесе зауытта жасалған суық қару, сондай газды және қысымды қарулармен қаруланғандығы. Бандалардың шабуыл жасау кезіндегі мүшелерінің пайдаланған заттарын пайдаланған заттарын қару деп тану үшін Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30-желтоқсандағы «Қарулардың жекелеген түрлерінің айналысын мемлекеттік бақылау туралы» №339-1 Заңының ережелерін басшылыққа алу керек. Қаруланғандық кем дегенде банданың бір мүшесінің қару ұстауымен және ол жөнінде басқа мүшелерінің хабардар болуымен анықталады. Қажет болған жағдайда пайдаланылған заттардың қаруға жататындығы анықтау үшін арнайы сараптама тағайындауға тура келеді. ҚР ҚК 237-бабы бойынша саралау үшін қарудың соғыс қаруына, қызметтік, азаматтық, суық қаруға немесе оқ-дәрімен атылатын қаруға жататындығы, сондай-ақ банда мүшелерінің бәрінің қаруланған немесе қаруланбаған мән-жайларының мәні қажет емес.

Қаруланғандық банданың міндетті белгілерінің бірі болғандықтан, онда ұйымдастырушының, басшының немесе бандаға қатысушының банданы ұйымдастаруға және оның одан әрі іс-әрекеттер жасауына қатысы бар қаруларды, оқ-дәрілерді, жаралғаш заттар пен жарғыш қондырғыларды заңсыз айналысқа салу сияқты мұндай

әрекеттері банданың міндетті белгісі – оның қаруланғандығымен қамтылатын болғандықтан ҚР ҚК 251-бабы бойынша қосымша саралауға жатпайды.

Бандаға қатысушының өзге де мақсаттар үшін заңсыз қару айналысымен байланысқан әрекет жасауын (мысалы, қару сату, қару ұрлау) ҚР ҚК 237-бабында қарастырылған қылмыстардың жиынтығымен және Ерекше бөлімнің тиісті баптарымен саралауға болады.

Тұрақты қарулы топ (банда) құру деп нәтижесі іс жүзінде осындай топ құру (банда) құруға кез-келген белсенді мақсаттылықпен бағытталған әрекет жасау танылады. Бұл әрекеттер қатысушылар, қару-жарақ, оқ-дәрі, байланыс құралдарын, құжаттар, көлік және өзге де материалдық жабдықтарын іздестірумен, құрылымдар мен қылмыстық жоспарлар жасау, адамдар жалдау арқылы көрінуі мүмкін. Тұрақты қарулы топ (банда) құру оның қандайда бір қылмыстың жоспарланғанына немесе жасалғанына қарамастан қылмыстық аяқталған құрамы деп танылады. Аталған қылмыстық құрылымның қалыптасу процесінің өзін оны құруға дайындық деп түсіну керек.

Егер осы құрама нақты бір ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасау үшін (мысалы, адам өлтіру) құралған анықталған болса, онда кінәлі адамның әрекетін осы қылмысты жасауға дайындалу деп саралауға болады.

Тұрақты қарулы топ (банда) құруға бағытталған белсенді әрекет жағдайында құқық қорғау органдарының оны болдырмауға бағытталған қимылдарының салдарынан не басқа да бәр себептерімен мұндай топты (банданы) құра алмай қалған болса, онда ол тұрақты қарулы топ (банда) құруға ұмтылу деп сараланады.

Банданы басқару деп, банданың нақты бір қылмыстық қызметті ұйымдастыру, жоспарлау және материалдық қамтамасыз етумен қатысты шешімдер қабылдауы танылады. Оларға, мысалы, мыналар жатады: шабуыл жасау жоспарын құру, нақты бір шабуыл жасауға басшылық ету.

Бандыға басшылық ету бір адаммен де, бірнеше адаммен де жүзеге асырылуы мүмкін.

Бандаға нақты адамның басшылық етуі туралы дәлелдемені анықтай алмау банданың болғанын жоққа шығара алмайды.

Банда басшысыз да болуы мүмкін. Мұндайларға саны аз бандаға қатысушылардың өз араларына топ бастаушысын айырықша көрсетпей-ақ қалмасқа қатысты мәселелерді бәрі бірдей ортақтасып

шешу жағдайларын жатқызуға болады және олар әдетте қылмысты қоса орындаушылар болып саналады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2001 жылғы 21-маусымдағы «Соттардың бандитизм және басқа да қатысумен жасалған қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңнамаларды қолдануының кейбір мәселелері туралы» №2 нормативті қаулысының түсіндірмесіне сәйкес, ҚР ҚК 237-бабының 1-бөлігі бойынша банда құру мақсаты азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасау болып табылады. Сонымен бірге заң шабуыл жасау барысында қандай қылмыстардың бандамен жасалатынын көрсетпейді, бұл тікелей азаматтардың не ұйымның мүлкін, ақшасын немесе өзге де құндылықтарын ғана емес және адам өлтіру, зорлау, қорқытып алушылық, бөтеннің мүлкін құрту немесе бүлдіру болуы да мүмкін.

Бандитизм кезіндегі шабуыл жасау деп, жәбірленушіге күш қолдану немесе оны қолданамын деп қорқытумен жасалатын қылмыс нәтижесіне жетуге бағытталған әрекет танылады.

Осы қылмыс құрамының басқа да міндетті белгілері бар жағдайдағы және адамдар болмаған және ешқандай күш қолдану болмаған мекемеге, кәсіпорынға, ұйымға шабуыл жасап, ондағы мүліктерді құрту (офистерді жару, пәтерге, автомашинаға өрт қою және т.т.) фактісін де бандитизм ретінде таныған жөн. Бұл жерде банда құрамының шабуыл жасаушысы қылмыстық мақсатқа қол жеткізуге бөгет келтірген кез келген адамға күш көрсетуге әзір болатынын ескеру керек. Қаруланған банданың шабуыл жасалуы соның қатарындағы мүшелердің қару қолданғанда ғана саналады.

Бандитизмнің субъективтік жағы кінәнің тура ниетті нысанымен сипатталады, яғни кінәлі адам өзінің банда құрып, оны басқарып отырғанын не банда құрамында оның жасаған шабуылдарына қатысқанын ұғынады, сол әрекеттерінің нәтижесінде қандай зардаптардың болатынын болжай біледі және соның болуын тілейді. Жоғарыда атап өтілгеніндей, бандитизмнің субъективтік жағының міндетті белгісі арнаулы мақсат – азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау болып табылады.

Бандитизм субъектісі 16 жасқа толған есі дұрыс жеке адам болып табылады. Егер банда жасаған қылмыстық әрекетке 14 жастағы жеткіншек қатысатын болса, онда ол бандитизм үшін емес, ҚР ҚК 15-бабы бойынша басқа қылмыстар жасағаны үшін 14 жастан жауаптылық белгіленген қылмыс үшін ғана (мысалы, ҚР ҚК 179-бабы бойынша қарақшылық) қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

ҚР ҚК 31-бабының 5-бөлігінің талаптарына қарай, банданы құрған не оны басқарған адамның әрекеті ҚР ҚК 237-бабының 1-бөлігі бойынша, сондай-ақ белгілі бір ниетпен қамтылған бандамен жасалған қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық көздейтін Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптары бойынша сараланады. Сонымен бірге, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптары бойынша саралау ұйымдастырушы (басқарушы) бір мезгілде қылмысты қоса орындаушы болған басқа жағдайларда ҚР ҚК 28-бабына сілтеме жасай отырып жүзеге асырылады.

Бандамен жасалған қылмысқа тікелей қатысқан банданы ұйымдастырушы немесе басқарушының әрекеті ҚР ҚК 237-бабының 2-бөлігі бойынша қосымша саралауға жатпайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2001 жылғы 21-маусымдағы «Соттардың бандитизм және басқа да қатысумен жасалған қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңнамаларды қолдануының кейбір мәселелері туралы» №2 нормативті қаулысының түсіндірмесіне сәйкес, ҚР ҚК 237-бабының 2-бөлігі бойынша қаруланған бандаға қатысу оны қылмыстық құрылымның құрамына кірумен, оны қаржыландыруға, қарумен, көлікпен қамтамасыз етумен, объектілер іздестірумен, ақпараттар тауып берумен және сол сияқты жоспарланған қылмыстарды тікелей жасаумен көрінеді.

Бандаға қатысу адамның банда қызметінің қылмыстық сипатын білген және оның нақты қылмыс жасауға қатысқан-қатыспағанына қарамастан оған қатысуға (мүшелікке) келісім берген сәтінен бастап аяқталған қылмыс деп танылады.

Бандаға қатысушылардың (мүшелердің) әрекеттерін ҚР ҚК 237-бабының 1-бөлігі бойынша және Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптары бойынша саралауға болады.

Бандамен жасалған қылмысқа қатысқан адам өзінің қатысқандығын ұғынып, мойындаған жағдайда ғана ҚР ҚК 237-бабының 2-бөлігімен қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Қылмыстық құрылымның болғаны туралы хабардар болмаған жағдайда ол тек қана өзі қатысқан қылмыс үшін ғана жауапқа тартылады.

Банданың мүшесі болмаған және оның жасаған шабуылдарына қатыспаған адамның әрекет бандитизмге қатысу деп саралауға болады.

ҚР ҚК 237-бабының 3-бөлігі өз қызмет бабын пайдалана отырып, яғни мемлекеттік қызметтегі (мысалы, ішкі істер органының қызметкері, әскери қызметші), сол сияқты мемлекеттік емес ұйымдардың немесе мекемелердің (мысалы, жеке меншіктік күзет

қызметтері, түрлі қаржы немесе коммерциялық құрылымдардың және тағы басқалардың қызметкерлері) жасаған бандитизм үшін жоғары жауаптылықты көздейді.

Егер бандитизм жәбірленушіні өлтірумен ұштасқан болса, онда мұндай әрекет ҚР ҚК 96-бабы және ҚР ҚК 237-бабының жиынтығымен саралауға жатады.

Бандитизмді басқа қылмыстардан ажыратып алу үшін бандитизмді құрайтын белгілердің мән-жайларына қарау керек. Бандитизм мен алдын ала сөз байласқан топтардың қару қолданумен жасалған қаракшылық шабуыл бір бірінен осы қылмыстарды сипаттайтын белгілердің жиынтықтарымен ерекшеленіп көрінеді. Бұл жерде бандитизм үшін бандыға қатысушылардың арасындағы тұрақты байланыс, олардың әрекеттерінде ұйымдасқандық, қылмысқа дайындалу мен жоспарлау, және сондай-ақ қаруланғандық міндетті түрде болуы керек.

ЕСІРТКІ, ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАРДЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Халық денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың ұғымы және түрлері

Қазақстан Республикасындағы халық денсаулығы мен адамгершілікке қарсы қылмыстармен күрестің, әсіресе, соңғы жылдары өткіріленген мәселелері елдің іші сияқты сыртында да саяси және экономикалық аядағы ғаламдық процестермен байланысты.

Соңғы он жыл бойындағы есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттарды шектен тыс пайдалану және оларды республикада заңсыз айналдыру жер-жерлерде кеңінен таралды. Мұның бәрі қоғамдағы экономиканың, құқықтық тәртіп жағдайына, әлеуметтік-психологиялық атмосфераға, ұлттың генофондына мейлінше кері әсер етеді.

Елде заңсыз есірткі базарының қарқынды қайта құрылуы жалғасуда. Біздің республика отандық есірткі таратушылар мен олардың ұйымдасқан қылмыстық топтары және қылмыстық сыбайластары жиналған халықаралық есірткі бизнесінің етек алған объектісі болып табылады. Қазақстан есірткілерді Орталық Азиядан Ресейге және Европаға жеткізуде негізгі «тасымал коридоры» болып тұр. Ал бұл – біздің еліміздегі ұлт қауіпсіздігіне және аймақтық қауіпсіздікке толығымен тікелей қауіп төндіреді деген сөз.

1998 ж. 10 шілдедегі «Есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар, прекурсорлар және оларды заңсыз айналдыру мен шектен тыс қолдану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы /2006 жылғы 2-наурыздағы толықтыруларымен/ осы қылмыс түрлеріне қылмыстық-құқықтық баға берудің бірден-бір негізі болып табылады.

Есірткілерді медицинадан бөлек қолдану қауіптілігі тек нашақорлықпен аурумен ғана емес, сол сияқты психикамен, адамның эндокриндік жүйесімен немесе ішкі ағзаларының ауруымен байланысты басқа да аурулармен білінеді. Нашақорлық республикадағы емделмейтін – АИЖВ (ВИЧ) ИЖТБ (СПИД) ауруларының таралуының негізгі факторларының бірі болып табылады. Республика бойынша 35% АИЖВ (ВИЧ) жұқтырғандар Қарағанды облысында тұрады. Есірткілерді қолдану өсіп келе жатқан ұрпақтың қалыпты дене бітімінің және адамгершілік дамуына кедергі келтіреді, ал нашақорлар арасында әйелдердің болуы туғаннан

есірткіге патологиялық әуес балалар санының өсуіне әкеледі. Есірткіні мөлшерден көп қолданудан өлгендер саны республикада ешкімге беймәлім.

Қазақстандық аграр-сарапшылардың бағамы бойынша, біздің еліміздің 2,7 млн. шаршы шақырымды жабайы сора, қылша өсетін, 1,2 млн.га жерді көкнәр алып жатыр. Тек Шу алқабының потенциалдық өнімінен 145 мың тонна марихуана немесе 5 мың тонна гашиш өндірілуі мүмкін.

Н.М. Әбдіровтың пікірінше, Шу алқабының потенциалдық қорына қатысты шамамен саны бүгінгі таңда 1%-тей. Мұнда өсіруден жалғыз тұтынушыға сатуға дейінгі құпия қылмыс құрылымдарының барлық тізбегінде құқық қорғау органдары айналымдағы есірткі құралдарының тек 1% ғана «табысты» алуға дәрменді, ал қалған 99% бұл бизнесте ірі капиталдардың «жуылуы» қатыстырылатын жаңа операцияларға салынатынын есепке алу керек – деп Б.М. Нұрғалиев әділ баға береді. Осыдан Орталық Азияның бес мемлекетінің ішінен Қазақстан 2117300 шаршы метр аумағын алып жатқандықтан, бүкіл батыс еуропа елдерінің аумағына тең және ең ұзын, созылып жатқан мемлекеттік шекараны иеленетінін ұмытпау керек.

Мәселен, 2005 ж. Қазақстан Республикасының құқыққорғау органдары 18 тоннадан артық әртүрлі есірткі құралдары жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз айналымнан алып қойды. Қазақстанға кеңінен таралған марихуана, гашиш, опий сияқты есірткілерден басқа, соңғы уақытта героин, кокаин, лизергиндік қышқыл (ЛСД) және басқа да препараттар жиі алынуда. Республика бұрын есірткілердің шикізаттық базасы болса, енді оларды елдің аумағы арқылы тасуда контрабандалықпен байланыстырушы бөлім болды. Би кештерінде «ақ жағалы» жастар қолданатын есірткі базарына Еуропадан амфетаминдердің (желігу) түсу ағымы байқалады. Қытайдан келген қылша (эфедрин) топтарының дәрілік препараттар саны өсуде. Мұның барлығы негізінен пайдакүнемдік ниеттегі және мүліктік қылмыстар сияқты жеке басқа қарсы қылмыстардың айтарлықтай өсуіне соқтырады.

Есірткілерді заңсыз таратумен шұғылданатын адамдар санының өсуі ерекше үрей тудырады. Бұл «кәсіппен» тек бұрын қылмысты болған адамдар ғана емес, бұған дейін заңды тыңдайтын азаматтар да айналысты. Есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз таратуға төмендегідей факторлар ықпал етеді: елдің геосаяси орналасуы, тетрагидроканабинолдың құрамы жоғары (4,5% дейін) жабайы сораның өсу ошақтарының кеңінен болуы, мемлекеттік және

кедендік шекараның «мөлдірлігі», құқықорғау органдарының материалдық-техникалық базасының әлсіздігі, ішкі есірткі бизнесінің халықаралыққа қосылуы, есірткілерді алу жеңілдігі мен арзандығы, оңтүстік облыстарда есірткілерді өсіру мен қолданудың қалыптасқан дәстүрі және басқа да көптеген жағдайлар.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 29-бабында азаматтардың денсаулығын қорғау құқығына кепілдік береді. Азаматтар денсаулығының конституциялық құқығын іске асыру республикадағы барлық азаматтарға медициналық жәрдем көрсетуге кепілдік беретін, ол нашакорлықпен ауыратын болса, кеңінен оны ақтау мәселелерін реттейтін ҚР 1997 ж. 19 мамырдағы «Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын қорғау туралы» Заңның негізінде жүзеге асады. Еліміздің 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын анықтайтын 1997 ж. 10 қазандағы Қазақстан халқына өзінің Жолдауында Президент отандастарымыздың салауатты өмір салтына жағдай жасауға, нашакорлықпен және есірткі сатумен күресті күшейтуге ерекше назар аударады.

Қазақстан Республикасының 1998 ж. 26 маусымдағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңда (28.04.2000 ж.) өзгертіліп, толықтырылған) сыбайлас жемқорлықпен және заңсыз қару ұстаумен бірге есірткіні заңсыз айналдыру елдің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді делінген.

ҚР ҚК 10-тарауы «Халық денсаулығы мен имандылыққа қарсы қылмыстар» Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасында новелла болып табылады. Халық денсаулығы және адамгершілік – бұл өзара байланысқан ұғымдар, сондықтан заңнама көрсетілген мүдделерге қол сұғатын қылмыстарды Қылмыстық кодекстің жеке тарауына сыйдырды. Біздің азаматтарымыздың дене бітімінің және рухани сау болуы өмір сүру және Қазақстан қоғамының өркениетті дамуы мен оның жүйесінің қалыпты жұмыс істеуінің кепілі болып табылады.

ҚР ҚК 10-тарауында орналасқан «Халық денсаулығы мен адамгершілікке қарсы қылмыстарды топтық объектінің белгісі бойынша екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа өз кезегінде екі шағын топтарға бөлуге болатын халық денсаулығына қарсы қылмыстар (ҚР ҚК 297-306-бб., ҚР ҚК 310-б.) енеді.

а) есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттарды заңсыз айналдырумен байланысты қылмыстар (ҚР ҚК 297-303-бб., ҚР ҚК 310-б.),

б) халық денсаулығына қарсы басқа да қылмыстар (ҚР ҚК 303-306-бб.).

Екінші топқа қоғамдық адамгершілікке қарсы қылмыстар кіреді (ҚР ҚК 308-б., ҚК 309-б., ҚК 311-316-бб.).

Бұл әрекеттердің қоғамдық қауіптілігі оларды, зиян келтірумен немесе көптеген адамдардың денсаулығына және қоғамның өнегелі бастауларына зиян келтіру қаупін төндірумен сипатталады.

ҚР ҚК 297-306-б.б. және ҚР ҚК 310-б. қарастырылған қылмыстардың тектік объектісі қалыпты дене бітімінің және психикалық саулығын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар жиынтығы деп түсінуге болатын, халықтың денсаулығы болып табылады. Бұл позицияға қылмыстық құқық ғылымында жаппай қабылданған, алайда кейбір заңгер-ғалымдар бұл мәселе бойынша қызықтылау болатын өз көзқарастарын танытады.

Мәселен, қылмыстың бұл топтарын талдай отырып, Н.С. Хруппа «бұл жағдайда тектік объекті халық денсаулығы емес, халықтың санитарлы-гигиеналық амандығы және санитарлы-эпидемияға қарсы себебі бойынша қоғамда (мемлекетте) заңды қарастырылған қызмет түрі – емдеу, ауруларға медициналық жәрдем көрсету және т.б., соның ішінде есірткі күшті әсер етуші және улы заттарды қолдану аясында да денсаулық сақтау қатынасы болады» деген қорытындыға келеді. Осыған байланысты Н.С. Хруппа бұл қылмыстарды «Денсаулық сақтауға қарсы қылмыстар» деп атап, оны ерекше бөлімнің жеке тарауында топтастыруды ұсынады. Мұнымен келісу қиын, өйткені денсаулық сақтау қатынасы тек денсаулықтың себебі бойынша жинақталады «денсаулық сақтау қатынасы» термині мейлінше медициналық болып табылады, сонда ҚР ҚК бойынша халық денсаулығына қарсы қылмыстар жекелеген адамдардың денсаулығына сияқты, ұлттың генофонына да қауіп төндіреді.

Сол себепті, денсаулық сақтау қатынастары – халық денсаулығына қарағанда, мейлінше тар ұғым.

ҚР ҚК 297-306-бб және ҚР ҚК 310-бабында қарастырылған қылмыстардың тікелей объектілері адамдардың тұтынушылығын қанағаттандыруға лайықты қалыпты дене бітімінің және психикалық амандығы байқалатын қоғамдық қатынастардың жеке тобы қылмыстық заңмен қорғалатын халық денсаулығы болып табылады.

Халық денсаулығына қарсы қылмыстардың нәрсесі болатын есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттар осы топтағы бүкіл қылмыстарды біріктіретін жалпы негізді құрайды.

1998 ж. 10 шілдедегі «Есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар, прекурсорлар және оларды заңсыз айналдыру мен шектен тыс қолдануға қарсы әрекет шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес «Есірткі құралдары Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бақылауға, сол сияқты 1961 ж. түзетумен енгізілген 1972 ж. хаттамаға сәйкес есірткі құралдары туралы БҰҰ Бірыңғай конвенциясына жататын есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар және прекурсорлар Тізіміне кіретін, қолданғанда психикалық және физикалық тәуелділікті тудыратын синтетикалық және табиғи шыққан заттар деп түсіндіріледі.

Қарастырылған қылмыстардың тақырыбына кіретін есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың тізімі «Қазақстан Республикасының бақылауындағы есірткі құралдарының жүйкеге әсер ететін, заттардың және прекурсорлардың тізімінде» анықталған және 1998 жылдың 9 наурызындағы № 186 «Бақылауға алынатын есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар және прекурсорлар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген.

Прекурсорлар – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бақылауға, Қазақстан Республикасының халықаралық келісім-шартына, соның ішінде 1988 ж. Есірткі құралдарымен күрес туралы БҰҰ Конвенциясына жататын есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар және прекурсорлар Тізіміне кіретін есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттарды жасап шығаруды дайындауда өндірісте қолданатын заттар.

1998 ж. 14 мамырдағы «Есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін, күшті әсер етуші және улы заттарды заңсыз айналдырумен байланысты іс бойынша заңнама қабылдау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының Қаулысында 1998 ж. 9 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 186 Қаулысымен бекітілген есірткілерді бақылау бойынша Мемлекеттік комиссияның Тізіміне енген есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін заттарды, оларды дайындауға қолданылатын заттарды, сол сияқты улы заттарды заңсыз айналдырғаны үшін заңнамаға сәйкес қылмыстық жауапкершілік белгіленген, бұл шаралардың ҚР Заңына сай 2002 жылдың 8-тамызынан бастап күшіне енгенін айта кетуіміз дұрыс.

Есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттар төрт белгіні иеленетінін айта кету керек.

Медициналық белгі есірткінің орталық жүйке жүйесіне әсер ету мүмкіндігімен және есірткіге мас болу, ал үнемі қолданғанда –

психикалық немесе физикалық тұрғыда тәуелділікті (нашақорлық) тудырумен сипатталады.

Заңдық белгі өз алдына халықаралық-құқықтық нормативтік актілерде немесе нормативтік сипаттағы мемлекетшілік құжаттарда мазмұндалатын тізімдегі есірткілер туралы міндетті нұсқауды қояды.

Халық денсаулығына қарсы қылмыстар объективтік жағынан әрекет арқылы істеледі. Олардың кейбіреуі әрекет арқылы сияқты әрекетсіздік арқылы да істеледі (ҚР ҚК 304-бабы санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді бұзу). Материалдық құрам төмендегідей нормаларда қарастырылған: ҚР ҚК 299-б, 3-б, 303-бб, 231-б, 1,2-бб, 304-б, 305-б, 2-б, 306-б. Бұл қылмыстар тобының қалған құрамдары сол құқыққа қарсы әрекеттің басталу сәтінен бастап аяқталған болып табылады.

Субъективтік жағынан қылмыстың негізгі бөлігі қасақана істеледі. Кейбіреуі абайсыздықта істелуі мүмкін (ҚР ҚК-303-б). Басқалары тек абайсыздықтан (ҚР 307-б.) жасалады.

Қылмыс субъектісі жалпы – 16 жасқа толған есі дұрыс адам. ҚК 298-бабында қарастырылған қылмыс үшін қылмыстық жауапкершілік 14 жастан басталады. Жекелеген қылмыстар тек арнайы субъектімен істелуі мүмкін (ҚР ҚК 301-б., 3-б., 303,298,304,305 бб.)

Адамгершілік - конституциялық құндылық болып табылады. Яғни ҚР Конституциясының 39-бабында адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтары тек конституциялық құрылымды ғана емес, қоғамдық тәртіпті қорғау, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен адамгершілігін қорғау мақсатында қажет болғанда заңмен шектелуі мүмкін. Сондықтан адамгершілікке қол сұғулықпен күресте қылмыстық-құқықтық шараларды да қолдану толығымен заңға саяды.

ҚР ҚК 308-б, ҚР ҚК 309-б, ҚР ҚК 311-316-баптарында қарастырылатын қылмыс объектісі нормалар мен ережелердің, идеялардың, салт-дәстүрлердің қайырымдылық пен жауыздық, әділеттілік пен әділетсіздік, міндет пен абырой туралы қоғамда үстемдік ететін ұсыныстардың жүйесі ретінде түсінілетін қоғамдық адамгершілік бұл қоғамдық сананың ерекше формасы және қоғамдық қатынастардың (адамгершілік қатынастар) түрі .

Сондай-ақ қылмыс құрамының белгілері ретінде белгілі жағдайларда порнографиялық сипаттағы әртүрлі материалдар мен бұйымдар (1 баспалар, кино және бейне материалдар, бейнелер және картиналар, ұятсыз сипаттағы мүсіндер) аталады. Басқа бұйымдар құрамына порнографиялық сипаттағы аудио жазбалар, пластинкалар,

компакт-дискілер, дискеттер (ҚК 311-б), зұлымдықпен күш көрсетуді насихаттайтын, адамгершілік нормаларына қатысты ұятсыз, қалай болса солай кино және бейне материалдар, бейнелер және басқалары (ҚК 274-б); жабайы және үй жануарлары, ҚК 316-б) енгізіледі.

Адамгершілікке қарсы қылмыстардың объективтік жағы тек белсенді әрекеттер жолымен істеледі. Құрылымы бойынша адамгершілікке қарсы барлық қылмыстар негізінен ҚР ҚК 7-бабын есепке алғанда қылмыстың формальды құрамын иеленеді және ҚР ҚК 316-бабы материалдық құрамға жатады. Адамгершілікке қарсы қылмыстар субъективтік жағынан қасақана істелінеді.

Қылмыс субъектісі жалпы – 16 жасқа толған есі дұрыс адам (ҚР ҚК 15-б., 1-б.) ҚР ҚК 314-б 2 бөлімінде қарастырылған қылмыс үшін қылмыстық жауапкершілік 14 жастан басталады.

2. Есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттарды заңсыз айналдырумен байланысты халық денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату (ҚР ҚК 297б.).

Бұл қылмыстың объектісі халық денсаулығы болып табылады.

Қарастырылатын қылмыстың заты – есірткі құралдары немесе жүйкеге әсер ететін заттар. Бірінші сұрақта біз ҚР ҚК 297-бабында қарастырылған қылмыс заттарын айттық, сондықтан оны қайта қарау қажеттілігі жоқ.

ҚР ҚК 297-бабы бірінші бөлігі ірі көлемдегі есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды сату мақсатынсыз заңсыз иемденіп алу, тасымалдау немесе сақтағаны үшін жауапкершілікті қарастыратын сияқты 4 бөлімнен тұрады (ҚР ҚК 297-б., 1-б.).

Бұл қылмыстың объективтілік жағы 3 түрлі әрекетте көрінеді: заңсыз иемденіп алу, заңсыз тасымалдау, заңсыз сақтау. 1998 ж. 14-мамырдағы «Есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін, күшті әсер етуші және улы заттарды заңсыз айналдырумен байланысты іс бойынша заңнама қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сот Пленумы Қаулысының 2-тармағына сай заңсыз иемденіп алу дегеніміз – нәтижесінде есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды (1 қылмыстың дербес құралдарын құрайтын ұрлауды, бопсалауды және өсіруді қоса алғанда) шындығында иеленетін адамның кез келген әрекеті. Есірткілерді иемденіп алуға сатып алу, басқа тауарлар мен заттарға айырбастап алу, қарызға немесе сыйға, қарызын өтеуге, тауып алғанды иелену, қызметі үшін төлеу, жабайы өсімдіктерді, сораны, көкнәрді, сол сияқты

құрамында есірткі бар өсімдіктерді жинақтаған соң күзетсіз қалған егіс қалдықтарын жинау сияқты әрекеттер кіреді. Есірткі құралдарын заңсыз иемденіп алу ақылы да, ақысыз да болуы мүмкін. Сот тергеу тәжірибесінде есірткілерді иемденіп алу, көбінесе, ақылы сипатқа иеленеді.

Есірткі құралдары немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңды иемденіп алудың бірден-бір негізі – нақты ауыруға дұрыс жазылған жеке рецепт негізінде емдеу немесе формацевтикалық мекемелерден оларды сатып алу болып табылады. Мұндағы мекеменің мөрі бар рецептуралық бланк қатаң есеп беру құжаты саналады.

Есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды иемденіп алу бұл заттардың кінәлі адамның иелігіне көшу сәтінен бастап саналады.

Осыдан субъектінің есірткі қабылдауға уақытша немесе үнемі көшуі мағына иеленбейді деп Н.Р.Кузнецова әділ баға береді.

Басқа қауыпты әрекет – есірткі тасымалдау болып табылады. 1998 ж. 10 шілдедегі «Есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар, прекурсорлар және оларды заңсыз айналдыру мен шектен тыс қолдану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы /2006 жылғы 2-наурыздағы толықтыруларымен/ 1-бабының 14-тармақшасында тасымалдау тәсілі мен сақтау жеріне қарамастан есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорларды тасу және өткізу деп Қазақстан Республикасы аумағындағы кез келген әрекеттерге түсініктеме беріледі.

1998 ж. 14 мамырдағы «Есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін, күшті әсер етуші және улы заттарды заңсыз айналдырумен байланысты іс бойынша заңнаманы қабылдау туралы» ҚР ЖСП №3 қаулысына өзгертулер енгізу туралы ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 1999 ж. 30 сәуірдегі №2 қаулысына сай есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін заттарды, сол сияқты прекурсорларды заңсыз тасымалдау «Есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар, прекурсорлар және оларды заңсыз айналдыруға қарсы әрекет шаралары мен оларды шектен тыс қолдану туралы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы, 12-тармағына сәйкес тасымалдау тәсілінен тәуелсіз олардың физикалық ауысуынсыз белгіленген тәртіпте кез келген қасақана әрекеттер болып табылады.

Тағы бір айта кететін жай, ол аталған құжаттарда бір-біріне қарама-қайшылық туғызатын баптар да жоқ емес, сондықтан ҚР Жоғарғы Сотына бұл мәселелер жайында бір шешімге келу жөн.

Тасымалдау есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін заттарды, прекурсорларды заңсыз әкеле жатқан адам сияқты, тапсырыс берген адамдар тарапынан да жүзеге асады. Көрсетілген құралдар мен заттарды тасымалдауды басқаға тапсырған адам тасымалдауды ұйымдастырғаны үшін жауапкершілікке тартылады, ал тасымалдауды қылмыстық заңға, (қылмыстық жауапкершілікке жасы жетпегендер) жүзеге асыру оқиғасында ол тікелей орындаушы болып саналады.

1999 ж. 30 сәуірдегі «1998 ж. 14 мамырдағы ҚР ПВС қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Жоғарғы Сот Пленумының №2 Қаулысы талдап түсіндіргендей, көлікті тексеру барысында есірткілік заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз тасымалдауды шектеуде ұсталған адамды кінәлілік ретінде бағытталған әрекет ретінде айыптайды. Осы жағдайда кінәлінің ниеті оларды заңсыз тасымалдауға немесе сақтауға, бағытталғанына қорытынды жасауға мүмкіндік беретін басқа жағдайлар мен табылған есірткі құралдарының немесе жүйкеге әсер ететін заттардың мөлшерін, бару мақсатын, пайдаланған көлік түрін есепке алу керек.

Тасымалдауды тасудан ажырата білу керек.

Тасымалдау жүкті тасымалдау сәтінен бастап заңды аяқталған болады, яғни есірткі құралдары немесе жүйкеге әсер ететін заттар тасымалдау құралымен дәлелді ауысу сәтінен бастап аяқталған болып саналады.

Есірткілерді иемденіп алудан оларды сақтау қауіпті және таралған болып есептеледі. Есірткілерді сақтау ерекшелігі қылмыстық созылмалы сипатты болып табылады. 1998 ж. 14 мамырдағы Қаулысының 3-тармағына сай (соңғы өзгертулермен, толықтырулармен) заңсыз сақтау дегеніміз – рұқсатсыз оны сақтау орны (өзінде, үйде, көлікте т.б.) мен уақытынан бөлек кінәлінің есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін заттарды, дайындауға арналған аспаптарды немесе құрал-жабдықтарды иеленумен байланысты кез келген қасақана әрекеттер.

Есірткіні сақтау оны сақтаудың бастапқы сәтінен-ақ аяқталған деп есептеледі. Соңғы көзқарас дұрыс деп ұсынылып, нақ есірткіні иемдену сәтінен оның сақталуы басталады да, ол енді қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Қылмысты саралауда маңызды сәт, ҚР ҚК 296-б., 3-бөлімінде қаралғандай ірі көлемнің бар болуы болып табылады. Ірі көлем берілген заттың санымен, салмағымен, көлемімен және оның адам ағзасына әсерінің қасиетімен, дәрежесімен сипатталады. Есірткі заттар мен жүйкеге әсер ететін заттардың әр түрлерімен заңсыз әрекетте оның

көлемі жалпы санымен және жиынтық нәтижелілігімен анықталуы қажет. Есірткінің көлемі Заңсыз айналымда немесе сақтауда есірткі заттардың, жүйкеге әсер ететін нәрселердің кішкентай, ірі, аса ірі көлеміне жатқызылған құрама кестеде» анықталған (құрама кесте одан әрі), 9-наурызда 1998 ж. 186 ҚР Үкіметі бекіткен қаулысы бойынша ҚР бақылауына жататын есірткі заттардың, жүйкеге әсер ететін нәрселер мен прекурсор тізіміне дербес қосымша болып табылады.

Сондықтан бұл қылмыстың құрамы құрылысы бойынша, ҚР ҚК 297-б. 3-бөлімде қаралғандай, формальды болып табылады, яғни есірткіні заңсыз сақтау оларды дайындаған немесе алынған сәтінен бастап, алдағы уақытта қандай зиянды салдары орын алатынына қарамастан, аяқталған болып есептеледі.

Қылмыс субъектісі болып 16 жасқа толған, ҚР Азаматы немесе азаматтығы жоқ адам немесе шетел азаматтығына (дипломатиялық иммунитетке ие емес) қарамастан кез келген қоғамның құқықты мүшесі танылады.

Есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз иемденіп алудың, тасымалдаудың және сақтаудың субъективтік жағы тікелей ниетпен сипатталады, яғни адам есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды иемденіп алу, тасымалдау немесе сақтау бойынша өзінің заңсыз әрекеттерінің қоғамдық қауіптілігін түсінеді және оларды істеуді қалайды. Қылмыстың ниеті саралауға әсер етпегенімен, есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды сату, өткізу мақсаты болмауының негізгі мәнін иеленеді. Бұл туралы оларды адамның өзі қолдануы, мөлшері, түрі немесе иемденіп алынған және сақталған есірткілердің көлемі т.б. сияқты мән-жайлар жиынтығы куәландыра алады.

Дайындау көрсетілген заттарды дайындау бойынша қарапайым операциялар жүзеге асырылатын үй жағдайында, мысалы, құрамында есірткі бар өсімдіктерден тұнба дайындау; тізімнен тыс өнім шығару мекемелерде немесе кәсіпорындарда (өнеркәсіптік тәсілмен немесе зертханалық жағдайларда) өткізілуі мүмкін, бұл жағдайда қылмыстардың жиынтығы бойынша қосымша саралау үшін негіз бар (мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстармен немесе меншікке қарсы қылмыстармен). Алынған өнімнің физикалық күйі, (ерітінді, ұнтақ, дән т.б.), сол сияқты қоғамға қауіптілік дәрежесін бағалауда мәнге ие болады, бірақ саралау үшін емес. Дайындау адам есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды өзінің қолдануына ма, әлде өткізу үшін бе – дайындау қылмыстық тұрғыда бұларға байланысты емес.

Егер адам есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ірі немесе өте ірі көлемде дайындауға мақсат қойып, бірақ қылмыстық әрекет кінәлінің еркінен тыс дайын өнімнің бөлшегін ірі көлемде заңсыз дайындаудағы қастандық ретінде саралау керек.

Есірткілерді дайындау тәсіліне байланысты аяқталған деп санайды. Бірінші жағдайда егер есірткілер бастапқы өнімнен адамды эйфория күйіне жеткізіп, абстиненттік белгіні жойса, мұндай концентрациядағы дайын заттың шамалы бөлігін алу сәтінен қылмыс аяқталған болып саналады. Егер адам дайындау ісінде және есірткінің бір бөлігі дайындалып, бірақ оның мөлшері қылмыстық жауапкершілікке жатпаса, адамның мұндай әрекеттері есірткілерді заңсыз дайындаудағы қастандық ретінде саналады.

Екінші тәсілде оларды дайындауда есірткінің бір түрін басқа түрге айналдыру сәтінен бастап аяқталған қылмыс деп саналады.

ҚР ҚК 297-б; 2-бөлімінің диспозициясында алғаш рет есірткілерді заңсыз дайындау көрсетілген, яғни бұрын есірткілермен мұндай заңсыз әрекет ҚазССР ҚК 214-баптың диспозициясында қарастырылмаған болатын.

1998 ж. 10 шілдедегі «Есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар, прекурсорлар және оларды заңсыз айналдыру мен шектен тыс қолдану туралы» Қазақстан Республикасының Заңының /2006 жылғы 2-наурыздағы толықтыруларымен/ 1-б. 12-тармақшасына сай есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорларды өңдеу дегеніміз есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттардың концентрациясын арттыру мақсатында оларды қайта тазарту.

1998 ж. 14-мамардағы «Есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін, күшті әсер етуші және улы заттарды заңсыз айналдырумен байланысты іс бойынша заңнаманы қабылдау тралы» ҚР Жоғарғы Сот Пленумы қаулысының 6-тармағына сай заңсыз өңдеу дегеніміз – есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттардың концентрациясын арттыру мақсатында рұқсатсыз қайта жасау немесе тазарту болып табылады.

Кептіру, ұнтақтау, есірткі құрамы бар өсімдіктің түрін өзгерту, одан басқа есірткі құралын алу жағдайынсыз өңделген болып есептелмейді.

Демек, өңдеуді есірткілік әсері мен концентрациясын арттыру мақсатында сол есірткілерге қатысты кез келген айналдыру процесін (тазарту, синтездеу т.б.) деп түсінеміз. Осыдан кез келген айналдыру (қайта жасау немесе тазарту) жоғары концентрациясындағы есірткі алу мақсатын көздейді деп есепке алуға болмайды. Сондықтан мақсат қайта

өндеудің міндетті белгісі болып табылады. Егер өндеу басқа мақсатпен жүзеге асырылса, мысалы, адам есірткілердің концентрациясын арттыру мақсатында емес, кеден шекарасынан кедергісіз өту мақсатында өндесе, яғни оларды жасыру жеңіл болу үшін есірткілердің көлемін кішірейтсе, онда адамның бұл әрекеті есірткілерді өндеу ретінде бағаланбайды.

Кейбір авторлар есірткілерді қайта өндеу – есірткі құрамы бар шикізатты (өсімдіктерді, жартылай фабрикат және т.б.) дайын есірткі құралдарына айналдыру деп санайды. Бұл оқиға есірткі құрамы бар шикізат есірткі болмай, бұл процесс дайындауды білдірсе, мұндай нақтылаулар айқын емес деп тізімге енген есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттарды тек жоғары концентрацияда алуға ғана болады. Есірткілерді өндеудегі оларды қайта жасау немесе тазарту процесі кезінен бастап аяқталған қылмыс деп танылады.

1998 ж. 10 шілдедегі «Есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар, прекурсорлар және оларды заңсыз айналдыру мен шектен тыс қолдану туралы» Қазақстан Республикасының Заңының /2006 жылғы 2-наурыздағы толықтыруларымен/ 1-б. 14-тармақшасына сәйкес есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорларды жөнелту деп ҚР аумағындағы кез келген әрекеттер танылады.

1999 ж. 30 сәуіріндегі «1998 ж. 14 мамырындағы ҚР ЖСПІ қаулысына өзгертулер енгізу туралы» ҚР Жоғарғы Соты Пленумының №2 қаулысына сай есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін заттарды дайындау үшін пайдаланылатын аспаптарды немесе құрал-жабдықтарды, сол сияқты прекурсорларды заңсыз жөнелту дегеніміз – кінәлі адамның қатысуынсыз байланыстың кез келген түрімен, сондай-ақ жануарларды, құстарды пайдаланумен оларды жіберу болып табылады. Саралау үшін адам есірткіні басқа жерге жіберу үшін қандай байланыс түрін пайдаланғаны мағына бермейді. Сондай-ақ жөнелту ара қашықтығы саралауға әсер етпейді. Ол аудан, облыс аумағы сияқты, республика аумағынан тыс та жүзеге асырылады.

Көрсетілген заттары бар жүкті немесе поштамен жіберуді байланыс мекемесі қабылдау сәтінен немесе жүкті темір жол станциясында, пристаньда, аэропортта қабылдау сәтін немесе заңдық дайындау сәтінен, яғни жіберуді байланыс кәсіпорнының және көлік мекемесінің ресми өкіліне тапсыру немесе хат жіберу сәтінен бастап жөнелту аяқталған деп есептеледі. Саралау үшін адресаттың өзіне жіберілген есірткілерді алу-алмауының мәні жоқ. Егер қылмыс кінәлінің себебінсіз аяғына дейін жеткізілмесе (мысалы, адам квитанция толтырып жатқанда немесе жіберу үшін жүкті орап

жатқанда ұсталса) оның әрекеті есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды жөнелтудегі қастандық ретінде бағаланады. Саралау үшін белгілі жағдайларда қылмыстың объективтік жағының міндетті белгісі болатын қылмыс істелген орын үлкен роль атқарады. Егер есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тасымалдау немесе жөнелту кедендік шекара арқылы істелсе, онда мұндай әрекеттер контрабанда ретінде сараланады (ҚР ҚК 286-б.) ҚР ҚК 297 және 286-баптары жалпы және арнайы нормалар ретінде бір-бірімен ара қатынаста болады және олардың бәсекелесуінде, жоғарыда көрсетілгендей арнайы норма қабылдануы керек. Сондықтан қарастырылған әрекетті контрабандамен шектемеу жоғары тәжірибелік мәнге ие болады. Егер адам контрабандалықпен бірге есірткілерді заңсыз сақтаса немесе өткізсе, оның әрекеттері істелген қылмыстарының жиынтығы бойынша сараланады (ҚР ҚК 286, 297-б.б.).

Есірткі құралдарын жүйкеге әсер ететін заттарды таратудың мейлінше қауіпті формасы оларды өткізу болып табылады. Есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды өткізу дегеніміз – оларды таратудағы немесе берудегі кез келген заңсыз тәсілдер (сату, сыйлау, айырбастау, қарыз есебінен төлеу, қарызға беру, есірткіні инъекциялық жолмен басқа адамға енгізу т.б.) (қаулының 9-т.). Егер есірткіні инъекция жолымен енгізу оның иесінің өтініші немесе келісімі бойынша болса, ол өткізу құрамына жатпайды. Осыдан есірткіні инъекция жолымен басқа адамға енгізудің кейбір оқиғаларында кінәлінің әрекеті есірткіні тұтынуға көндіру жиынтығы бойынша сараланады. Сондай-ақ есірткі құралдарын өткізуде притондарда, не болмаса осы мақсат үшін берілген тұрғын жайларда ұйымдастырудағы айқындалған адам әрекеттері жиынтығы бойынша саралауға жатады. Егер бұлар кәмелетке толмағандарға есірткі құралдарын әкелетін ересек адамдар болса, онда оларды қылмыстық әрекетке тартқаны үшін ҚР ҚК 297-бабында және 132-б; 1-б; 131-б; 1-бөлімде қарастырылған қылмыстар жиынтығы бойынша, ал кәмелетке толмағандарды есірткілерді тұтынуға көндіру фактісін анықтауда – ҚР ҚК 299-б; 2-б, «в» тармағы бойынша жауапкершілікке тартылады. Егер инъекция енгізу жолымен өткізу нәтижесінде А және В/ ИЖТВ жұқтырып, денсаулыққа ауыр зиян келсе немесе өлім оқиғасында мұны жеке басқа қарсы қылмыстар жиынтығы бойынша саралау керек. Егер адам азаматтардың ақшалай заттарын немесе мүліктерін иелену мақсатында есірткі ретінде басқадай заттарды алдау жолымен өткізсе, оның әрекеті алаяқтық ретінде сараланады. Бұл заттарды алған адамның әрекеті

қылмыс соңына дейін жеткізілмесе де, заңсыз иемденіп алудағы қастандық әрекеті ретінде қарастырылады. Өткізуді есірткіні дайындайтын адам да, бұған еш қатысы жоқ адам да жүзеге асырады. Есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды бір адамнан екінші адамға беру сәтінен өткізу аяқталады. Есірткілер делдал арқылы өткізілсе, жалғасқан болып саналады. Егер бұрынғы заңнама тек ірі мөлшердегі есірткілерді анықтаса, бүгінгі таңдағы сараланған жауапкершіліктің маңызды шарты табылған есірткілердің өте ірі көлемде болуы саналады. Өте ірі көлемдегі есірткі құралдарына немесе жүйкеге әсер ететін заттарға қатысты 1-бөлімде қарастырылған қылмыс істеген адам ҚР ҚК 297-б., 2-бөлімі бойынша жауапкершілікке тартылады.

Бұл белгінің ерекшелігі мұндай көлемнің халық денсаулығына және елдің генофондына ғана емес, республиканың қауіпсіздігіне қауіп төндірумен де сипатталады. Есірткілердің өте ірі көлемімен байланысты қылмыстар мұндай көлемнің болуы есірткілердің үлкен мөлшерін заңсыз өткізуде және үлкен заңсыз табыстар алуды ұсынғандықтан заңнамаға аса ауыр қылмыстар есебінде енгізілген. Құрама кестеге сай өте ірі көлемдегі есірткі құралдар: 1000 г кептірілген немесе кептірілмеген марихуана, 200 г гашиш, 10 г апиын (нейтральды толықтырғыштарын қосқанда), 500 г кептірілген немесе 2860 г кептірілмеген көкнар сабаны, 1,0 г героин немесе кокаин. Жүйкеге әсер етуші заттар кестесіндегі өте ірі көлем: 0,0001 г лизергид үшін (ЛСЛ,ЛСД-25); 100 мл эфера, эфедрин немесе псевдоэфедрин, эфедрон немесе первитин бар шөптерден дайындалған препараттар. Есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, өңдеу, жөнелту немесе өткізудің субъективтік жағы тікелей ниетпен сипатталады, яғни адам өз әрекетінің қоғамға қауіпті екенін түсініп, оны істеуді қояды. Заңсыз дайындаудағы, өңдеудегі, жөнелтудегі ниет пен мақсат саралау үшін мәнсіз болады, тек жаза тағайындауда сот есепке алады. Адамның есірткілерді Қазақстан аймағында немесе басқа мемлекеттер аймағына өткізу ниетінің мәні жоқ.

ҚР ҚК 297-б., 3-бөлімі осы баптың 2-бөлімінде қарастырылған әрекет үшін 3 саралаушы белгіні құрайды. Олардың құрамына заңнама қоғамға қауіпті қол сұғушылық істеуді енгізеді:

- а) алдын ала келісім бойынша адамдар тобымен;
- б) бірнеше рет;
- в) ірі көлемдегі есірткі құралдарына немесе жүйкеге әсер ететін заттарға байланысты.

ҚР ҚК 297-б., 3-бөлімінде қарастырылған есірткілерді заңсыз иемденіп алу, тасымалдау және сақтау, ҚР ҚК 297-б., 1-бөлімінен төмендегідей белгілерімен ерекшеленеді. Біріншіден, өткізу мақсатының болуымен, екіншіден, есірткілердің көлемімен.

ҚР ҚК 297-б., 3-бөлімінде қарастырылған есірткілерді заңсыз иемденіп алуда, тасымалдауда және сақтауда өткізу мақсаты кінәмен бірге субъективті жақтың міндетті белгісі болады және қылмысты саралауға әсер етеді. 1998 ж. 14-мамырдағы «Есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін күшті әсер етуші және улы заттарды заңсыз айналдырумен байланысты іс бойынша заңнаманы қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сот Пленумының қаулысы түсінік бергендей, өткізу мақсатында заңсыз сақтауға ниеттің болуы туралы сұрақты шешуде бұл құралдардың немесе заттардың өткізілуіне шынайы дайындық болғандығы туралы дәлелдемелер жиынтығы қажет.

Аса ірі көлемдегі есірткілерді заңсыз иемденіп алған немесе сақтаған адамды оны өткізуге мақсат қойды деп санауға болмайды. Егер адам аса ірі көлемдегі есірткілерді өзі тұтыну үшін алып, сақтаса және біреуге өткізу ниеті болмаса, онда мұндай әрекеттер өткізу ниеті болмағандықтан, ҚР ҚК 297-б., 1-бөлімі бойынша сараланады. Мысалы, оған нашақордың өзі қолдануы үшін бір килограммнан артық кептірілген марихуананы алғаны жеткілікті.

Өткізу мақсатында есірткілерді иемденіп алу – адам алған сәттен бастап, алынған есірткінің бір бөлігі құрама кестеге сай, шамалы мөлшерде болса, аяқталған қылмыс деп саналады.

ҚР ҚК 297-б., 3-бөлімнің ерекшелігі – есірткілерді аз көлемде заңсыз иемденіп алу мен сақтағаны үшін қылмыстық жауапкершілік өткізу мақсаты болған кезден бастап басталады.

Сол себепті, ҚР ҚК 297-б., 3-бөлімінде қарастырылған қылмыстың объективтік жағын шартты түрде екі дербес топқа бөлуге болады:

а) өткізу мақсатындағы заңсыз иемденіп алу,

б) заңсыз дайындау, өңдеу, тасымалдау, жөнелту немесе өткізу.

Мұнда, қылмыстық кодекстің бұл бабының 3-бөлімінде есірткілердің көлемі жайында еске салу жоқ екеніне назар аудару керек. Демек, ҚР ҚК 297-б., 2-бөлімінде аз көлем жайында айтылады. Есірткі құралдарына арналған құрама кестеге сай, бұл мысалға, 0,5-10 гр. кептірілген немесе 5,0-0,5 гр. кептірілмеген марихуана, 0,5-2,0 гр. гашиш, 0,1-0,5 гр. апиын, 0,5-10 гр. кептірілген немесе 2,5-5,0 гр. кептірілмеген көкнәр сабаны, 0,-0,01 гр. героин немесе жүйкеге әсер ететін заттар үшін – 0,-0,2 амфетамин (феномин), 0-1,0 мм эфедра,

эфедрин немесе псевдоэфедрин құрамында эфедрон немесе первитині бар.

Есірткілерді заңсыз иемденіп алу, тасымалдау және сақтау ұғымдары ҚР ҚК 297-б., 1-бөлімінде қылмыстық сипаттамада берілген, сондықтан бұл әрекеттерді алдаудың қажеті жоқ.

ҚР ҚК 31-б., 2-бөліміне сай, алдын ала келісім бойынша адамдар тобымен істелген қылмыс егер оған қылмысты бірігіп істеу туралы бұрын келіскен адамдар қатысса есепке алынады. Бұл анықтамадан шығатын қорытынды, алдын ала келісім бойынша адамдар тобы, біріншіден, екі немесе одан да көп адамдар болуы керек, екіншіден, көрсетілген әрекетті істеу кезеңіне дейінгі алдын ала келісімнің болуы, үшіншіден, олардың біртұтас ниеті мен әрекеттерінің болуы.

ҚР ҚК 297-б., 3-бөлімінің диспозициясы қаншалықты баламалы болғанымен, топтың қатысушысы аталған заңсыз әрекет түрлерінің бәрін де немесе олардың бірін ғана орындауы мүмкін (тек тасымалдау немесе екі есірткілерді өткізу).

ҚР ҚК 31-б., 2-б. және 297-баптарын талдаудан кейін, келісім қылмыс істегенге дейін, яғни қылмыс құрамының объективтік жағын орындау басталғанға дейін жүзеге асырылуы керек. Қылмысты саралауға келісім мен қылмыс арасындағы уақыт аралығы әсер етпейді. Келісім ондаған жылдар аралығын не болмаса қылмыс істер алдында ғана құрылуы мүмкін. Келісімнің қылмыстық ниетті іске асырар алдында құрылғаны маңызды. Сондықтан, нақты қылмысты бірігіп істеу туралы келісуде бірнеше адамдар арасындағы күш-жігердің немесе жетістіктердің қылмыс басталған соңғы бірігуі қарастырылған саралаушы белгіні құрамайды, өз алдына ауырлатылған жағдайларсыз бірігіп орындаушылықты қояды. Сол себепті топтың бүкіл қатысушылары бір уақытта және бір орында әрекет етсе (есірткілерді дайындайды, тасымалдайды, өткізеді), бірігіп орындаушылық параллельді болады. Егер әрбір қатысушы өз кезеңін объективтік тұрғыда орындаса – бірі дайындаса, екіншісі тасымалдаса, үшіншісі сақтаса, төртіншісі өткізсе бірігіп орындаушылық көбінесе жүйелі, бірізді болады.

ҚР ҚК 297-б., 3-б., «б» тармағында қарастырылған саралаушы құрамның басқа белгісі бірнеше реттік болып табылады: ҚР ҚК 11-б., 1-бөліміне сай қылмыстың бірнеше реттігі дегеніміз – осы кодекстің Ерекше бөлімінің бір бабымен немесе бап бөліміне қарастырылған екі немесе одан да көп әрекет істеу болады. Осы түсінік бойынша ҚР ҚК 297-б., 3-б., «б» тармағы тек ұқсас (жалпы) бірнеше реттікті, яғни тек ҚР ҚК 297-б., 3-бөлімінде қарастырылған екі немесе одан да көп

әрекеттерді бірнеше рет істеуді қарастырады. Есірткіге заңсыз қарау бойынша басқа әрекеттер істеу бірнеше реттікті құрамайды. Егер адам ҚР ҚК 297-б., 1-бөлімінде қарастырылған қылмысты бұрын істесе, яғни есірткілердің бір партиясын өткізу мақсатымен, екіншісін өткізу мақсатынсыз ұстаса, бірнеше рет иемденіп алу немесе сақтау ретінде саралауға болмайды. Бұл оқиғада әрекет ҚР ҚК 297-б, 1 және 2-бөлімдерінде қарастырылған қылмыстың нақты жиынтығын құрайды.

Есірткілерді бұрын ұрлау немесе бопсалау, тыйым салынған өсімдіктерді өсіру үшін заңсыз егу, есірткі құралдарын тұтынуға көндігу бірнеше реттікті құрамайды. ҚР ҚК 11-б., 3-бөліміне сай, егер адам бұрын істеген қылмысы үшін белгілі тәртіпте қылмыстық жауапкершіліктен босатылса, не болмаса бұрын істеген қылмысы үшін соттылығы жойылса немесе алынып тасталса немесе мұндай қылмысы үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту мерзімінің көнелігі өтіп кетсе, бірнеше реттік деп танылмайды.

Бірыңғай ниеттегі қылмыстың жалғасуына шек қою керек. ҚР ҚК 11-б., 4-бөліміне сай, бір ниет пен мақсатты қылмыстың және толығымен бір қылмысты құрайтын, бір тектес қылмыстық әрекеттерден тұратын қылмыстар бірнеше рет жалғасқан қылмыс болып саналмайды. ҚР ҚК 297-б., 3-бөлімінің диспозициясы қаншалықты баламалы болғанымен, ондағы аталған кез келген әрекетті істеу аяқталған қылмыс болып есептеледі, сол бір есірткілер партиясына қатысты көрсетілген әрекеттердің барлығын немесе бірнешеуін жүйелі істеу бірнеше реттікті құрамайды. Бірнеше реттік дегеніміз – есірткілердің бірнеше партиясын иемденіп алу, тасымалдау, жөнелту немесе өткізу, не болмаса бір партиясын дайындау және екіншісін тасымалдау.

ҚР ҚК 297-б., 3-б., «в» тармағы түсінігі ҚР ҚК 297-б., 1-бөлімін талдау берілген ҚР ҚК 297-б., 2-бөлімінде қарастырылған ірі көлемдегі есірткі құралдарына немесе жүйкеге әсер ететін заттарға қатысты әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастырады.

ҚР ҚК 297-б., 4-бөлімінде қарастырылған әрекеттер қылмыс құрамының ерекше сараланған түрі болып табылады. Ерекше сараланғандар есебіне енетіндер:

а) қол сұғушылықты (озбырлықты) ұйымдасқан топпен немесе қылмыстық бірлестікпен (қылмыстық ұйыммен) істеу;

б) аса ірі көлемде есірткі құралдарына немесе жүйкеге әсер ететін заттарға қатысты.

Бұл әрекеттер заңда аса ауыр қылмыстар санатына кіреді (ҚР ҚК 10-б., 5-бөлім).

Аса ірі көлем ұғымы осы баптың 2-бөлімінде айтылған. ҚР ҚК 31-б., 3-бөліміне сай, егер қылмыс бір немесе бірнеше қылмысты істеу үшін бұрын біріккен, тұрақты адамдар тобымен істелсе, ұйымдасқан топпен істелді деп саналады. Бұл анықтама бойынша, ұйымдасқан топқа тән үш белгі көрсетіледі:

- а) тұрақтылық;
- б) бұрын ұйымдасқан топ;
- в) мақсаты: бір немесе бірнеше қылмыстарды істеу.

2001 ж. 21 маусымдағы «Бандитизм және қатысушылықпен істелген басқа да қылмыстар үшін жауапкершілікке соттың заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысында «Ұйымдасқан топтың тұрақтылығы туралы оның құрамының тұрақтылығы, мүшелерінің арасындағы тығыз байланыс, әрекеттерінің келісімі, қылмыстық әрекеттерінің түрлері мен әдістерінің біртектілігі, мерзімінің ұзақтығы сияқты белгілер куәландырады».

Ұйымдасқан топты сипаттайтын басқа белгілердің бірі қатысушылардың бірігуі болып табылады (ҚР ҚК 31-б., 3-б.). Қатысушылардың бірігуі өздерінің қылмыстық ниеттерін жүзеге асыру үшін біртектес қылмыстық топ құрудағы күш-жігердің бірігуін ұйғарады. Бірігу алдын ала келісімнің болуы ғана емес, бір немесе бірнеше қылмыстарды істеуде рольге қатысты әрқайсысының қатысуын да ұйғарады. Үшінші белгі – ұйымдасқан топ қатысушыларының бір немесе бірнеше қылмыстарды істеуі болып табылады. Демек, топ қылмыстық әрекеттер қатарын істеу үшін ғана емес, басқа белгілері бар бір қылмысты істеу үшін де ұйымдастырылуы мүмкін. Мысалы, ұйымдасқан топ күшті әсер етуші есірткілердің ірі партиясын Қазақстан аймағы арқылы тасымалдап өткізуі үшін құрылады.

ҚР ҚК 297-б., 4-б. «а» тармағында қарастырылған қатысудың басқа түрі қылмыстық бірлестік (қылмыстық ұйым) болып табылады. ҚР ҚК 31-б., 4-бөліміне сай қылмысты бірлестік (қылмыстық ұйым) істеді деп, егер ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды істеу үшін құрылған ұйымдасқан топтың топтасуымен немесе осы мақсатта ұйымдасқан топтың бірігуімен істелуі саналады. Бұл анықтамадан қылмыстық бірлестік (қылмыстық ұйым) өзіне тән төмендегідей белгілерді иеленетінін байқаймыз:

- а) топтасқандық ;
- б) ауыр және аса ауыр қылмыстарды істеу үшін құрылған;
- в) сол мақсатта құрылған ұйымдасқан топтың құрылуы.

Топтың топтасуы қатал тәртіппен, оның құрамы мен ұйымдасу құрылымының тұрақты болуымен, оның қатысушылары арасындағы көлденеңінен де, тігінен де қызметтің шектелуімен сипатталады. Топтасу құрылымдық қылмыстық бөлімшелер арасындағы иерархиялық байланыс тізбегінің болуымен, мұқият жасырын әрекетпен, қылмысты асқан дәлдікпен жоспарлаумен, коррупциялық байланыстың, қорғау және күзету жүйелерінің болуымен қамтамасыз етіледі» - деп Р.Б. Құлжақаева әділ баға береді .

Есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлау не қорқытып алу (ҚР ҚК 298-бабы).

Бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі меншікке қатысты шығын келтірудегідей емес, халық денсаулығына зиян келтіру қаупіндегідей басым көрінеді.

Бұл қылмыстың объектісі халық денсаулығы болып табылады. Есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлауда не болмаса бопсалауда қосымша объекті ретінде жәбірленушінің, сол сияқты оның туғандары мен жақындарының өмірі және денсаулығы, абыройы және ар-ожданы, меншік қатынастары орын алады.

Қылмыстың заты бірінші сұрақта қарастырылған есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттар болып табылады.

Объективтік жағы ҚР ҚК 298-б., 1-бөлімінде төмендегідей белсенді әрекеттермен сипатталады:

- а) есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлау;
- б) есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды бопсалау.

ҚР ҚК 175-бабына ескертудің 1-тармағына сай «Бұл кодекстің бабындағы ұрлау дегеніміз – мүліктің меншікке немесе мүліктің иесіне шығын келтіріп, кінәлінің немесе басқа адамдардың пайдасына бөтеннің мүлкін пайдакүнемдік мақсатта заңсыз, ақысыз алу. Бұл анықтама қылмыстың объектісі мен затына тәуелсіз жалпы болып табылады. Демек, төмендегідей формаларда байқалатын бұл түсінік есірткілерді ұрлауға да қолданылады: тонау, алаяқтық, иемдену және жұмсау. Талданған қылмыстың негізгі құрамы өзіне тонау сияқты ұрлау түрін де қосады. Сол себепті есірткілерді ұрлау оларды кез келген тәсілмен заңсыз иемдену (құпия, ашық, алдау жолымен немесе сенімділікті теріс пайдаланып) және кінәлінің немесе басқа адамдардың пайдасына айналу болады. Осыдан ҚР ҚК 298-б.; 1-бөлімі тек күш көрсетіп тонауды қамтиды.

Есірткілерді ұрлау тек оның заңды иесінен ғана емес, заңсыз иеленген адамнан да алу болып табылады. Есірткі құралдарын ұрлау

сондай-ақ күзетілетін алаңнан құрамында есірткі бар өсімдіктерді жинаумен де іске асады. Есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлау егер кінәлі бұл заттарды немесе құралдарды алып және онда өзінің қалауынша жұмсау немесе қолдану мүмкіндігі болса, аяқталған болып есептеледі, яғни бұл қылмыс материалдық құрамға жатады.

ҚР ҚК 194-б., 1-бөлімінің диспозициясы бойынша ҚР ҚК 298-бабында қарастырылған есірткілерді бопсалаудың объективтік жағына түсінік беру керек. Есірткілерді бопсалау күш көрсетуді қолданып, бөтен адамның мүлкін жою немесе бүлдіру, сондай-ақ жәбірленушіні немесе оның жақындарын ұятқа қалдыратын мәліметтер тарату сияқты қорқыту мен иелену немесе есірткілерді беруді талап етумен сипатталады. Қылмыс үшін жауапкершілік есірткі құралдарын және жүйкеге әсер ететін заттарды бопсалау жағдайында оны заңды немесе заңсыз иеленгенінен басталады. Есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды бопсалауды беру туралы алап қойған сәттен бастап аяқталған қылмыс деп санау керек.

Қылмыс субъектісі – қылмыс істеген сәтте 14 жасқа толған есі дұрыс адам.

Қылмыстың субъективтік жағы тікелей ниеттегі кінә түрінде сипатталады. Адам өзінің есірткілік ниеттегі кінә түрінде жүйкеге әсер ететін заттарға қатысты әрекетінің заңсыздығын түсіне отырып, бұл әрекеттерді істеуді қалайды.

Құрамында есірткі заттар бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіру (ҚР ҚК 300-бабы)

Бұл қылмыс негізінен ҚР оңтүстік аймақтарында жасалады. Осы қылмыстың қоғамдық қауіптілігі құрамында есірткі заттар бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсірумен шұғылдана отырып адамдар олардың одан әрі таралуына жағдай жасайды.

Қылмыс объектісі – адамдар денсаулығы.

М.М. Кадыровтың пікірінше «осы қылмыстың тікелей объектісі ретінде дәрілік мақсатта пайдалану үшін өсірілетін өсімдіктерді өсіру бойынша орнықтырылған қоғамдық қатынастар табылады», ал қосымша объектісі болып жерді пайдалану ережелері саналады. Қылмыс нәрсесі / заты есірткі өсімдіктері.

Қылмыстың объективтік жағы:

а) құрамында есірткі заттар бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді егу;

б) оларды өсіру;

в) сораны, көкнәрды не құрамында есірткі заттар бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктердің сорттарын өсірумен сипатталады.

1998 ж. 14 мамырдағы «Есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін, күшті әсер етуші және улы заттарды заңсыз айналдырумен байланысты іс бойынша заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының Қаулысына сай құрамында есірткі заттар бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіру деп кез келген жерде осы тізімдегі өсімдіктерді рұқсатсыз өсіруді айтамыз.

Құрамында есірткі заттар бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіретін жерлердің сипаттамасы қылмысты саралауда маңызы жоқ.

Сораны, көкнәрды не құрамында есірткі заттар бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктердің сорттарын өсіру деп аталған өсімдіктерді тиісті рұқсатсыз өсіру, яғни оларды жаңартуға, жетілдіруге бағытталған әрекеттер танылады.

Қылмыс құрамы - формальдык. Қылмыс құрамында есірткі заттар бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді егу, өсіру және сорттау фактілерінен бастап аяқталған болып саналады. Бұл ретте айта кететін бір мәселе аталған өсімдіктердің шығуы не шықпауы, сондай-ақ қандай жерде аталған әрекеттердің жүргізілгені саралауға ықпал етпейді.

Қылмыс субъектісі 16-жасқа толған кез келген адам. Субъективтік жағынан осы қылмыс тек тікелей ниетпен сипатталады: кінәлі аталған өсімдіктерді егіп, өсіретінін біледі және соны тілейді.

Осы баптың 2-б. үш ауырлатушы белгілерді қамтиды: а) алдын ала сөз байласқан адамдар тобы; б) әлденеше рет; в) ірі мөлшерде. Алғашқы екі белгілер ҚР ҚК 297-бабын саралауда толық қарастырылды.

Ірі мөлшер деп есірткілерді бақылайтын Мемлекеттік комиссияның шешіміне сәйкес Арнайы кестеде көзделген көрсеткіштерді түсінеміз.

Олардың қатарына: 10 кем емес опий және 15 кем емес көкнәр өсімдіктері, сонымен қатар 50 және одан да көп жабайы өсетін есірткі өсімдіктері жатады.

Есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау

(ҚР ҚК 302-бабы).

Бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі есірткілерді өткізу нарқын кеңейтуге мүдделі адам есірткіні тұтыну үшін жағдайлар жасайды. Бұл адамдар тек өзінің пайдакүнөмдік мақсатында нашакорлықты және наркобизнесті кеңінен таратуға ықпал етеді.

Бұл қылмыстың негізгі объектісі – халық денсаулығы, ал қосымшасы – қоғамдық адамгершілік болып табылады.

Қарастырылған қылмыстың объективтік жағы екі дербес әрекеттен көрінеді – есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыру және мұндай притондардың мазмұны.

1998 ж. 14-мамырдағы ҚР Жоғарғы Сот Пленумы қаулысының түсіндіруіне сай притондар – есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну үшін бірыңғай алынған кісі тұратын немесе кісі тұрмайтын орындар. Бұл пәтер, бөлме, саяжай, салынып жатқан үйлер, гараж, сарай т.б. болуы мүмкін. Притондарды ұйымдастыру дегеніміз – оны құруға бағытталған әрекеттер, ал орындар болған жағдайда – есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну үшін оны пайдалануға ниет еткен адамдарды тарту.

Притонның мазмұны оның қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттер жүйесін білдіреді (оның материалдық қамтамасыз етілуі, күзету, жөндеу, клиентке қызмет көрсету, тұтыну үшін құралдар мен заттарды түсіру т.б.).

Егер притондарды ұйымдастыру мен мазмұны есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз айналдырумен, не болмаса оларды тұтынуға көндігумен жалғасса, мұндай әрекеттер 1998 ж. 14-мамырдағы ҚР Жоғарғы Соты Пленумының жоғарыда келтірілген қаулысы түсіндіргендей ҚК 302-баптың сәйкес бөлімдерінің және оларды істегені үшін жауапкершілікті қарастыратын ҚР ҚК басқа да баптарының жиынтығы бойынша саралану керек .

Притонды ұйымдастыру сәтінен бастап қылмыс аяқталған болып саналады, яғни өзінің құрылымы бойынша формальды.

Қарастырылған қылмыстың субъектісі – 16 жасқа толған кез келген есі дұрыс жеке тұлға.

Қарастырылған қылмыс субъективтік жағынан тек тікелей ниетпен істеледі, яғни кінәлі есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну үшін притон ұйымдастырғанын түсінеді және оны істеуді қалайды. Бұл қылмыстың субъективтік жағы үшін есірткілерді тұтыну мақсатының болуы тән.

ҚР ҚК 302-б., 2-бөлімінде қарастырылған саралаушы белгілер - өзінің қызмет бабын пайдаланып бірнеше рет немесе ұйымдасқан топпен қылмыс істеу бұрын қарастырылған сәйкес саралаушы белгілерімен ұқсас.

Сот тәжірибесінде притон орындарын мойындау туралы мәселе әр түрлі шешіледі.

Есірткі заттары, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттарды ұстау ережелерін бұзу (ҚР ҚК 303-бабы)

Қылмыс объектісі – азаматтар денсаулығы және ғылыми және медициналық мақсатта есірткі заттары, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттарды ұстау, тасу, жою ережелері.

Қылмыс заты есірткі заттары, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттар.

Қылмыстың объективтік жағын есірткі заттарды, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттарды ұстау ережелерін бұзу құрайды.

1998 ж. 14 мамырдағы «Есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін, күшті әсер етуші және улы заттарды заңсыз айналдырумен байланысты іс бойынша заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының Қаулысына сай қылмыс белгілі бір зиянның болу-болмауына қарамастан аяқталған болып есептеледі.

Қылмыс субъектісі қызметтік өкілеттіктеріне байланысты есірткі заттары, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттарға қолы жететін лауазымды не лауазымды емес тұлға болуы мүмкін, яғни аталған ережелерді сақтау өз міндетіне кіретін адам.

Субъективтік жағынан бұл қылмыс кінәнің қасақана және абайсыздық нысандарымен сипатталады.

ҚР ҚК 303-б. 2-б. аталған заттардың ұрлануына не өзге де елеулі зиян келтірілуіне әкеп соққан әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық көздейді. Бұл құрам - материалдық, сондықтан да қылмыстың аяқталу сәтін келтірілген зардаптармен байланыстырылады.

1998 ж. 14 мамырдағы «Есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін, күшті әсер етуші және улы заттарды заңсыз айналдырумен байланысты іс бойынша заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының Қаулысының 13-т. сәйкес аталған ережелер сол заттарды ұрлау не ұрлаумен ұштасқан жағдайларда әрекеттерді ҚР ҚК 303-б. 2-т. және 298-баптың тиісті тармақшасы бойынша қылмыстардың жиынтығы белгісімен саралаймыз.

Елеулі зиян деп адамдардың ауруға шалдығуы, ғимараттар мен қоршаған ортаның ластануы, өндіріс жұмыстарының тоқтап қалу жағдайлары жатады. Дегенмен де олардың қатарына абайсызда адам өлтіру немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіру жағдайлары жатқызылмайды, бұл жағдайда әрекеттер ҚР ҚК тиісті баптары бойынша сараланады.

ҚР ҚК 303-б. 2-б. субъективтік жағы өзіне тән ерекшелігімен сипатталады, ол келтірілетін зардаптарға қатысты абайсыздық белгісімен сипатталады .

3. Азаматтардың денсаулығына қарсы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар:

Жекеше медициналық практикамен немесе жекеше фармацевтикалық қызметпен заңсыз айналысу, есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды алуға құқық беретін рецепттерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау (ҚР ҚК 307-бабы)

Осы қылмыстың қоғамдық қауіптілігі адамның білікті медициналық көмек алу құқығына, оның ішінде емделу құқығын бұзумен білінеді; адамдар денсаулығының күрт ушығуымен, олардың өміріне қауіп төндірумен сипатталады.

Объектісі адамдар денсаулығы.

Объективтік жағынан қызметтің тандап алынған түріне лицензиясы жоқ адамның жекеше фармацевтикалық қызметпен заңсыз айналысуы, егер бұл абайсызда адам денсаулығына зиян келтіруге әкеп соққан әрекеттерді жасаумен сипатталады.

Жеке медициналық тәжірибе мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінен өзге мекемелерде азаматтардың жеке қаражаттары негізінде жүзеге асырылады.

Жекеше фармацевтикалық қызмет – бұл мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінен бөлек дәрі-дәрмектерді дайындау, сақтау және өткізу. Объективтік жағының міндетті белгісі адам денсаулығына зиян келтіру әрекеті болып табылады. Зиянның ауырлығы үлкен мәнге ие болмайды.

Құрамы материалдық, сондықтан да қылмыс келтірілген зардаптардың болу сәтінен аяқталған болып саналады.

Қылмыс субъектісі 16-жасқа толған адам (аталған қызметпен айналысуға лицензиясы жоқ).

Субъективтік жағынан қылмыс абайсыздық нысанымен сипатталады. Тікелей немесе жанама ниеті анықталған жағдайда, егер аталған әрекеттер адам өліміне немесе денсаулығына зиян келтірсе, онда жеке тұлғаға қарсы қылмыстар баптары бойынша сараланады.

Осы баптың 2-бөлігінде қызметтің тандап алынған түріне лицензиясы жоқ адамның жекеше медициналық және фармацевтикалық қызметпен заңсыз айналысуы, егер бұл абайсызда адам өліміне және денсаулығына өзге де ауыр зиян келтіруге әкеп соққан әрекеттер жайында айтылады.

Ауыр зардаптар қатарына денсаулығына ауыр зиян немесе ұзақ мерзімге ауруға шалдығуы, мүгедектік жатады.

Осы баптың 3-бөлігі есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды алуға құқық беретін рецепттерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасағаны үшін жауаптылық көздейді.

Қылмыс затына есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды алуға құқық беретін рецепттер немесе өзге де құжаттар жатады.

Рецепт дегеніміз бекітілген нысандағы бланк.

Өзге құжаттарға есірткі заттар немесе жүйкеге әсер ететін заттарды алуға құқық беретін басқа да анықтама, жолдамалар жатады.

Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды алуға құқық беретін рецепттерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру дегеніміз оларды алуғы құқығы жоқ адамдардың сол заттарды алуға бағытталған әрекеттерін айтамыз.

Қолдан жасау мына тәсілдермен жасалуы мүмкін:

а) жалған рецептті немесе өзге де құжатты толығымен қолдан жасау /бұл ретте олардың мазмұны да толығымен өзгертіледі/;

б) рецепт не өзге де құжаттың таза қағазына көрінеу жалған мәліметтер енгізу;

в) заңды рецепт не өзге де құжаттың қағазына қосымша жазулар енгізу, тазалау арқылы олардың мазмұнын өзгерту.

Атап өтетін бір жай – егер де ҚР ҚК 307-б. 1 және 2 б.б. көзделген қылмыс құрамы материалдық болса, ал сол баптың 3-бөлігінде көзделген қылмыс құрамы формальдық болып табылады, сондықтан да оның аяқталу уақыты оны дайындау сатысынан көрінеді.

КӨЛІКТЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Жол қозғалысының қауіпсіздігі қазіргі таңда өте күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Жолдағы апаттар көптеген елдерде ұлттық зіл-зала түріне жатады. БҰҰ мәліметтеріне қарайтын болсақ, қазіргі таңда әлемде жол-көлік апатынан жылына 250 мың адамға жуығы өліп, 10 миллионнан астамы жарақат алады. ТМД елдерінде жол-көлік апатынан 100 адам зардап шегіп, өлгендердің саны АҚШ, Германия, Жапония, Ұлыбритания сияқты елдермен салыстырғанда 4-8 есеге жоғары.

Қазақстанда жолда жүру мәдениеті тым төменгі деңгейде болғандықтан, көптеген адам шығынына әкеліп соғуда. Қазақстан Республикасы ПД Жол полициясы Департаментінің мәліметтеріне сүйенсек, республикамыздың жолдарында жыл сайын 2 мыңнан астам адам қаза тауып, 10 мыңнан астам адам түрлі дәрежедегі жарақат алады. Жол-көлік апатынан 100 зардап шеккен адамға орта есеппен алғанда 11 адам қаза тауып, оның ішінде осындай апаттан әрбір төртінші-бесіншісі балалардың болуы әдетке айналды. Шамамен алғанда еліміздің экономикасына жылына жол-көлік апатының келтірілген шығынының көлемі 9,6 млрд. теңгені құрайды. Соңғы уақыттары жақын және алыс шетелдерде орын алған темір жол, әуе, немесе су көлігінен болған апаттардан адам және экономикалық залал зор болып отыр.

Жоғарыда аталғандарды саралау автокөлік оқиғаларының қаншалықты кең тарағаны мен қоғамдық қаупінің жоғарғы деңгейі туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Көптеген ғалымдардың ойынша мұндай жағдай осыған байланысты туындайтын әртүрлі теріс қылықтардың (қоғамның жіктелуі, бағаның құнсыздануына, қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы, соның ішінде жолда жүру салаларындағы тәртіптің бұзылуы) өсуіне әсер етеді. Қазіргі қоғамның дамуы кезеңінде көлік қозғалысы саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету аса өзекті мәселе десек артық айтпас едік.

Осы қылмыстың құрылымында абайсызда жасалған қылмыстар белең алып отыр (60 жылдардағы 5 % қазіргі уақытта 15 % өскен). Ғылыми-техникалық төңкеріс қасақана және абайсызда жасалған қылмыстардың ара қатынасын өзгертіп қана қойған жоқ, адам мен техниканың өзара әрекеттестігі саласында деликт басымдылық танытатын, абайсыз қылмыстардың өздерінің құрылымына өзгерістер енгізді. Абайсызда жасалған қылмыстардың құрылымында көліктегі

қылмыстар басым болып тұр (75-80 % -ға дейін), бұл олардың барлық абайсызда жасалған қылмыстар ішінде аса қауіпті әрекет екенін дәлелдейді. Ол үшін автокөліктегі қылмыстардың нәтижесіндегі кісі өлімі мен денсаулыққа зиян келтіру саны барлық адамның өмірі мен денсаулығына қарсы жасалған қасақана қылмыстардың жалпы санынан да асып түсетінін атап қана кетсе, оның қоғамдық қауіптілігінің каншалықты екенін көруге болады.

2003 жылдың 10 қыркүйегінде Астана қаласында өткен қылмысқа қарсы күрес және заңдылықты сақтауға байланысты мәселелерді қарастырған отырыстағы өз сөзінде еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев жолдардағы жағдайлар аса алаңдаушылық тудырып отырғанын атап өткен болатын. Ондағы алым-салыммен кім айналыспайды: кеден, жол полициясы, көліктік бақылау, санитарлық, ветеринарлық, эпизоотикалық қызметтер. Істің насырға шапқаны сонша, солтүстік облыстары оңтүстіктен көкөністер мен жемістерді өз қорғаулары арқылы алып жүретін болды. Оны кімдерден қорғайды? Жоғарыда аталған қызметтер мен органдардан. Осыдан үш жыл бұрын постардың санын азайтқан сияқты едік. Ал олар болса, саңырауқұлақтар сияқты қайта қаптап кетті. Жамбыл облысының әкімі Серік Үмбетов өз аймағынан 57 пост тапқан. Оңтүстік-Қазақстан облысының прокуроры болса 70 шақты посты тапқан. Осылардың әрқайсысы алым-салым алады. Ал «гаишниктер» кедендіктерден ұялмай-ақ мзда жинайды, немесе керісінше, ал жүргізушілерді көліктік бақылау инспекторлары немесе олар белгілеген адамдар тонап жатқанда, екеуі де көрмеген болады.

2004 жылдың қаңтарында болған Қазақстан Республикасы ИМ коллегиясының отырысында былай делінген: «Автокөлік жолдарындағы апат жағдайлары соңғы екі жылдағыдай өсуін тоқтатар емес. Олардың салдарының ауырлығы да өсуде – олардың нәтижесінде өлгендердің саны 14,3 %-ға, жарақаттанғандар – 8,5 % -ға өскен. Еліміздің он бір аймағында жол-көлік оқиғаларының өсуі байқалған, олардың ішінде ең салмақтылары Жамбыл, Қостанай, Оңтүстік-Қазақстан, Қызылорда облыстары. Астана қаласындағы жол жүру қауіпсіздігінің жағдайы да алаңдаушылық туғызып отыр, онда апат жағдайы өсіп, кісі өлімі – 40,4%-ға, ал жарақат алғандар 33,5 %-ға өскен».

Қазақстан Республикасындағы қылмыстық заңдылықтарына жүргізілген реформа нәтижесінде көліктік қылмыстар жүйесіне біршама түзетулер енгізілгенін айта кеткен жөн, мысалы: ҚК-тің 185-бабы «Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау

мақсатынсыз заңсыз иелену» ҚК Ерекше бөлімнен «Көліктегі қылмыстар» атты 12 тараудан ҚК Ерекше бөлімінің «Меншікке қарсы қылмыстар» атты 6-тарауға ауыстырылды.

Көліктегі қылмыстар диспозициясы бланкетті болып табылады, бұл қылмыскерді қылмыстық жауапкершілікке тартарда басқа да заңды актілерге назар аудару керек, және олардағы диспозициялардағы ауыр салдарларды да анықтау керек. Көліктің әртүрлі түрлерін қолдану аясындағы ауыр салдарларды жоюда маңызды рөлді Қазақстан Республикасының мына Заңдары атқарады:

1 Көліктік қылмыстық құқық бұзушылыққа түсінік

Біздің қоғамды жол – көлік оқиғаларының теріс салдарынан қорғау әртүрлі шаралардың, соның ішінде қылмыстық – құқықтық шараларды жетілдіруді талап етеді. Осы жағдайларда жоғарыда аталған салдарларды жоюда Қазақстан Республикасының 1994 жылдың 21 қыркүйегіндегі «Көлік туралы» Заңы (кейіннен өзгертілген) және 1996 жылғы 15 шілдедегі «Жолда жүру қауіпсіздігі туралы» Заңы (кейіннен өзгертілген) маңызды рөл атқарады, олар көліктің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық әрекетінің негізін анықтап берді. 12 Аталған Заңдар көліктегі апатпен күрес қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізінде жалпы мемлекеттік мақсат болып қала беретінін көрсетеді.

Бұл күрес кешенді сипатқа ие және мынадай бөліктерден құралған: адам – автомобиль – жол. Осындай жүйе жалпылай қолдауға ие болған деп есептеледі де, осы мәселемен айналысатын ғалымдардың қазіргі кездегі зерттеу жұмыстарында кеңінен қолданылады. Бүгіндері жолда жүрудің мәселелерін шешуді қамтамасыз ету автожолдардың сапалығына, көлік құралдарының техникалық жағдайларына, жүргізушілердің психологиялық, моральдық және басқа да қасиеттеріне ғана емес, жол қозғалысының дамуына қарай дамып, жетілдірілуі қажет нақты құқықтық негізге және оған қатысушыларға байланысты.

Көліктік қылмыс мәселелерінің маңыздыларының біріне көліктік қылмыстар туралы жалпы түсінікке теоретикалық және заңды анықтама беру болып табылады, себебі осы қылмыстық әрекеттер тобының ғылыми негізделген жүйесін құру да, оның ішкі құрылымын ашу да мүмкін емес. Осы сұрақ бойынша заң кітаптарында бір кездері әртүрлі пікірлер болған еді.

Мысалы, В.И.Касынюктің пікірінше көліктік қылмыстарға көліктің қозғалу саласында қауіпсіз жұмыс істеуіне кедергі келтіретін,

қол сұғылған қылмыстық заң тарапынан қаралған қоғамдық қауіпті әрекеттер жатады.

Жалпы қылмыстың осы категориясына тән белгілерді дұрыс көрсеткен автор оның ең маңызды қасиетін көрсетпейді – оның артынан болатын қауіпті салдары. Көліктік қылмыстардың бәріне тән осы белгіні көрсете отырып, А.С.Кузьмин денсаулыққа тигізілген әртүрлі зияндар мен басқа да салдарлар қарастырылып отырған әрекеттің нақты құрамын жіктеуде өзіндік заңды мәнге ие екенін көрсетіп берді. Жолда жүру қауіпсіздігі саласында жасалған қылмыстар немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзу салаларындағы құқық бұзушылық өз артынан теріс салдарларға ие болмайды, сондықтан олар тек әкімшілік-құқықтық қылықтар ғана болып табылады.

В.К.Глистин, Н.Г.Иванов, С.М.Корабельниковтар көліктік қылмысты адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көлік құралдарын пайдалану процесінде материалдық бағалықтарды сақтауға қатысты қол сұғушылықтан тұратын заңда қарастырылған қоғамдық қауіпті әрекеттер деп түсіндіреді.

Мұндай анықтама қарастырып отырған түсінікке толықтай сипаттама бере алмайды. Мұнда көлік құралдарын пайдаланудан басқа осы қылмыстың өзіне тән белгісі – қозғалыстың қауіпсіздігі қарастырылмайды. Көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану олардың қозғалысының қауіпсіздігімен тікелей байланысты, ал көлікті оның қозғалысынсыз пайдалану өте сирек болатын құбылыс (мысалы, көлікті тиеу немесе түсіру). Заң туралы әдебиеттерде қарастырылып отырған әрекеттер туралы басқа да анықтамалар бар.

Көліктік қылмыстар түсінігін анықтаудың негізіне олардың қозғалыс қауіпсіздігі мен көлік құралдарын пайдалану салаларында қоғамдық қатынастарға қол сұғатындығы жатуы тиіс. Бұған көлік құралдарының жұмысын апатсыз жағдайда жүзеге асыру ғана емес, адамдардың өмірі мен денсаулығын, мүлікті, қоршаған ортаны экономикалық, техникалық, әлеуметтік және құқықтық сипаттағы шаралармен қорғауды қамтамасыз ету жатады.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, біздің ойымызша, Қ.А.Бакишевтің атаған анықтамасымен келісу керек сияқты, оның пайымдауынша көліктік қылмыстар дегеніміз жол қауіпсіздігі немесе көлік құралдарын пайдалануда қоғамдық қатынастарға қол сұғушылық нәтижесінде зиянды зардаптардың орын алуын немесе орын алу мүмкіндігін қарастыратын, қылмыстық заңда көрсетілген қоғамға

қауіпті іс-әрекеттер (әрекет немесе әрекетсіздік). Біздің ойымызша, осы анықтама сөз болып отырған қылмыстық қол сұғудың өзіне тән сипаттарын дәл көрсетіп отыр.

Заң туралы әдебиеттерде автокөліктегі, сол сияқты темір жолдағы, су, ауа көліктеріндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты қоғамдық қатынастардың сипатының ешқандай айырмашылықтың жоқтығына байланысты Қазақстан Республикасы ҚК әртүрлі тарауларында қарастырылуының еш кедергісі жоқтығы бірнеше рет аталып өткен болатын. Жоғарыда аталған кез-келген көлік түрінің зиянды зардаптары бір тектес болып келуі мүмкін. Сондықтан көліктік қылмыстарды Қазақстан Республикасы ҚК Ерекше бөлімінің бір тарауына жинақтаудың дұрыс болғанына күмән жоқ. Бұл қарастырып отырған әрекеттердің тектік объектісінің ерекшелігін көрсетеді, жазаның дұрыс жіктелуі мен қатаң жекешеленуіне мүмкіндік береді, олардың орын алуының себептері мен жағдайларын жоюға көмектеседі.

Барлық көліктік қылмыстар үшін олардың тектік объектісі ортақ болып табылады. Ал қылмыстық әрекеттердің «төтенше алуандығына» келетін болсақ, бұл жағдай оларды жүйелеуге еш бөгет болмайды, себебі көліктік қылмыстардың бірігуінің басты жағдайына осы саланың бір тарауы қарастыратын – адамның әртүрлі көлік түрлерімен өзара әрекеттестікке түсуі болып табылады.

Б.А.Куринов көліктік қылмыстарды жүйелеуде тектік объектіден басқа олардың объективтік жақтарының (мұндай қылмыстар көлік құралдарын қолдану арқылы жасалады), субъективті жақтарының (кінәнің күрделі түрі), субъект белгілерінің ұқсастықтарын ескеруді ұсынады, себебі көп жағдайда көлік құралдарын басқарған тұлғалар көлік жұмысының қалыпты, қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті болған.¹⁷

Бірақ, мұндағы аталғандардың бәрімен келіспеуге де болады. Көлік қылмыстарының барлығы дерлік абайсызда жасалған қылмыс болып табылмайды. Мысалы, көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын жарамсыздыққа келтіру (ҚК 299-бап) тек қасақана жасалады, сондықтан бұл жерде оған субъективтік бағалау жарамайды. Сондай-ақ жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзу (ҚК 296-бап) және көлік құралдарын сапасыз жөндеу және оларды техникалық ақауларымен пайдалануға шығару (ҚК 298-бап) сияқты қылмыстардың субъектісі де әртүрлі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзғаны үшін

(ҚК 296-бап) жауапкершілікті қарастыратын қылмыстық-құқықтық норма оның бұрынғы редакциясымен салыстырғанда (1959 жылғы ҚазСРО ҚК 217-бап) барынша өзгеріске ұшыраған.

Біздің ойымызша, заң шығарушы ұшудың ережелерін бұзуға жауапкершілікті қарастыратын (ҚК 306-бап) әрекет түрін «Көліктік қылмыстар» атты 12-тарауға қате енгізген. Осындағы қателік туралы Н.С.Алексеев те атап өтеді, оның пікірінше осы әрекеттің қол сұғу объектісіне мемлекеттік шекараға қол сұғылмаушылық жатады. Осы көзқарасты басқа авторлар да қолдап отыр.¹⁹ Шындығында, аталған қылмыстың жол қозғалысы және көлікті пайдалану қауіпсіздігі саласына еш қатысы жоқ. Бұл жерде мемлекеттік шекараны бұзудың ерекше тәсілі, атап айтқанда әуе шекарасы бұзылып отыр, ал қылмыс жасаушы – халықаралық ұшу ережелерін сақтаушы тұлға (мысалы, кеме командирі). Ендеше, бұл қылмыс түрін Қазақстан Республикасы ҚК Ерекше бөлімінің «Мемлекеттің конституциялық құрылысына және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар» атты 5-тарауына жатқызған дұрыс.

2 Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылық түрлері

Темір жол, әуе, немесе су көлігі қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігі ережелерін бұзу – ҚК 344-б.

Темір жол, әуе, немесе су көлігі қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігі ережелерін бұзуға жауапкершілік ҚК 295-бабымен белгіленеді.

Заң шығарушы бұл баптың құрылымына көп өзгеріс енгізген. Қазір талданып отырағн ҚК ҚазСРО ҚК 71-бабымен салыстырғанда төрт бөліктен тұрады.

Қарастырылып отырған қылмыстың объектісіне жол қозғалысы және нақты механикалық көлік құралдарын пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастар жатады. Профессор Н.И.Загородниковтың пікірінше нақты қылмыстың тікелей объектісіне темір жол, су немесе әуе көліктерінің қалыпты жұмысы жатады. Бұл ұстаныммен келіспеген профессор Б.А.Куринов тікелей объектісіне темір жол, су немесе әуе көліктерінің қозғалысы саласындағы қауіпсіз жұмысын жатқызады, себебі көліктің қалыпты жұмысы түсінігін көліктің қозғалысы саласындағы қауіпсіз жұмысына қарағанда кең мағынада түсінуге болады.

А.И.Чучаев қарастырылып отырған қылмыстың тікелей объектісіне жол қозғалысы немесе көлікті пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастарды жатқызатын көзқарасты ұстанады. Шын мәнінде, Қылмыстық кодекс 295-бабын бойынша

жауапкершілікті көліктің қозғалысы саласындағы қауіпсіз жұмысына қол сұғуға байланысты әрекет ретінде қарастырумен шектелмеу керек.

Мұнда қосымша объект ретінде жәбірленушілердің өмірі мен денсаулығы немесе мүліктің сақталуы есептеледі. Себебі жол қозғалысы немесе теңіз болмаса өзен көлігін пайдалану қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуы нәтижесінде экологияға да зиян келетіні белгілі (өзен ағыстарының, теңіз бетінің мұнаймен, жанар-май заттарымен ластануы, балықтардың өлуі және т.б.), сондай-ақ факультативтік объектіні де атап өтуге болады, оған қоршаған ортаны қорғау саласына қатысты қоғамдық қатынастарды жатқызуға болады.

Қылмыстың затына көліктердің әр түрлері жатады. ҚК 295 бабындағы ескертпеге сәйкес көлік деп темір жол, теңіз, өзен және әуе көлігі құралдарының барлық түрлері, оның ішінде шағын өлшемді теңіз және өзен кемелері есептеледі.

Темір жол көліктеріне ведомствалық тәуелділігіне қарамастан барлық механикалық рельсті көліктер (локомотив, дрезиндер, вагондар, жартылай вагондар, платформалар, цистерналар, крандар, метрополитен поездары) жатады.

Су жолы көлігіне (теңіз және өзен көлігіне) жолаушылар таситын, ғылыми-зерттеушілік, көліктік, өндіруші (балық, шаян аулаушы және т.б.), қайта өндіруші (жүзетін базалар мен зауыттар), көмекші (буксирлер және т.б.), техникалық (су түбін тереңдетуші, су түбін тазартушы снарядтар, кабель орнатушы және т.б.), құтқарушы, спорттық кемелер, соның ішінде әуе жастықшаларымен, суасты қанаттарымен жүзетіндер жатады.

Бұған басты двигателінің қуаты 75 л.с. аспайтын теңіз және өзеннің шағын кемелері және валдық сыйымдылығы 80 регистрлік тоннадан аспайтын өздігінен жүзбейтін кемелер, азаматтардың иелігіндегі (двигательдерінің қуатына қарамастан) моторлы кемелер, желкенді кемелер, 100 килограмм және одан да жоғары салмақтағы жүкті көтеретін қайықтар, байдаркалар мен үрлемелі қайықтарды да жатқызуға болады.

Бұған баржалар, механикалық двигательдері жоқ және буксирмен ғана жүргізілетін көліктер, плоттар жатпайды.

Әуе көлігіне азаматтық авиациялар кемелері (ұшақтар, тік ұшақтар), сондай-ақ басқа да әуеде ұшу құралдары (гидроұшақтар, аэростаттар, дирижабльдер, планер, дельтапландар және т.б.) жатады.

Қылмыстық кодекс 344-бабын бағалау үшін көлік құралдарының кімдікі және кімнің қарауында екендігінің маңызы жоқ.

Бұл қылмыстың объективтік жағы мынадай үш міндетті белгілерден тұрады: а) нақты көлік құралы түрінің жол қауіпсіздігі және пайдалану ережесін бұзатын іс-әрекеттер (әрекет немесе әрекетсіздік); б) қылмыстың зардабы – адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруі; в) іс-әрекет пен орын алған зардаптың арасындағы себепті байланысты арқылы сипатталады. Осы белгілердің бірі болмаса ол тұлғаның іс-әрекетінен қылмыс құрамын анықтауға мүмкіндік бермейді.

ҚК 344-бабының диспозициясы бланкетті болғандықтан, іс-әрекеттердің белгілерін шешу үшін темір жол, әуе немесе су көлігі қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігінің осы салада белгіленген ережелері басшылыққа алынуы тиіс. Заң шығарушының мұндай шешім қабылдауы темір жол, су, әуе және автомобиль көліктерін ұдайы жетілдіріліп отыратындығы көліктің сол түрлерінің қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігінің күшінде бар қылмыстық заңмен кезінде қамтылмайтын тиісті ережелерінің де өзгеріске сөзсіз ұшырайтынына байланысты. Сондықтан бланкеттік диспозиция бар нормалардың болуы қоғамдық қатынастардың аталған тобын қылмыстық-құқықтық қорғауды қамтамасыз ету мақсатынан туындайды.

Олар сүйенетін аса маңызды нормативтік актілерге Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1994 жылғы 21 қыркүйегіндегі «Көлік туралы» Заңы (кейіннен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген); 1996 жылғы 15 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының «Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы» Заңы (кейіннен өзгертілген) жатады. Көліктік қатынастарды реттейтін бұлардан басқа нормативтік актілерге мыналарды жатқызуға болады:

а) Темір жол көлігінде – Қазақстан Республикасының темір жолдарының жарғысы, Қазақстан Республикасының темір жолдарын техникалық пайдаланудың ережелері, Қазақстан Республикасының темір жолдарындағы поездардың қозғалысы мен маневрлік жұмыстар бойынша нұсқау және басқалары;

ә) Су жолы көлігінде – Кемелердің соқтығысуын болдырмаудың халықаралық ережелері, Кемелерді техникалық пайдаланудың ережелері, Қазақстан Республикасының теңізде саудамен жүзуге байланысты кодексі және т.б.;

б) Әуе көлігінде – Қазақстан Республикасының әуе кодексі, Қазақстан Республикасының әуе жолдары бойынша жолаушыларды, қол жүгін және жүк тасымалдау ережелері, Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясында ұшу жұмыстарын жүргізу бойынша нұсқау,

Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясында әуе көлігін техникалық пайдалану бойынша нұсқау және т.б.

Көріп отырғанымыздай, көрсетілген көлік түрлерінде көптеген нормативтік актілер әрекет етеді, олар айыптының кінәсін дұрыс анықтауға мүмкіндік береді. Айыптының іс-әрекетін жіктеу барысында оның көлік қозғалысы немесе оны пайдалану қауіпсіздігі ережесінің дәл қай тармағын бұзғандығын анықтау керек.

Қозғалыс қауіпсіздігі ережелерін бұзу мысалы, мынадай болуы мүмкін: семафордың рұқсат етпеген белгісіне өтіп кету, порттарға жақындаған кезде кемелердің қозғалыс жылдамдығын рұқсат етілген шамадан жоғарылатуы, тиісті дыбыс белгілерін бермеу, кеме жолдарының айырылысу тәртібін сақтамау, биіктік эшелондары мен ұшу коридорларын сақтамау және т.б. Мысалы, Қылмыстық кодекс 344-бабы 2-бөлімі бойынша станцияның аға қабылдап алушы-өткізуші қызметін атқаратын О. жүктерді тиеу және бекіту Техникалық нұсқауында бекітілген ережелерді бұзғаны үшін сотталды, ол вагондағы жүктің орналасуы мен бекітілуін тексермеген. Нәтижесінде жүктің жолда құлап, поездың апатқа ұшырау орын алған. Пайдалану ережелерін бұзуға техникалық ақауы бар көлікті пайдалануға шығару, рұқсат етілмеген заттарды тасымалдау, жүкті дұрыс бекітпеу және т.б. жатады. Талқыланып отырған бапта көрсетілген зиянды зардаптар орын алған жағдайда, пайдалану ережелерінің көлік қозғалысына қатыссыз (мысалы, тиеу-түсіру немесе жөндеу жұмыстары кезінде) бұзылуы жеке адамға қарсы қылмыстар туралы тиісті баптар бойынша, ал бірқатар жағдайларда Қазақстан Республикасы ҚК-нің 156-бабы бойынша («Еңбекті қорғау қағидаларын бұзу») жауаптылық қарастырылады.

Біздің ойымызша, көліктің пайдалану ережелерін бұзу туралы емес, көлікті пайдалану қауіпсіздігі ережелері туралы сөз қозғалуы керек, себебі Қылмыстық кодекс 344-баптағы диспозицияда «қауіпсіздік» «қозғалыс» сөзімен ғана емес, «пайдалану» сөзімен де байланысты. Мұндай тұжырым осы ережелердің қозғалыс қауіпсіздігімен тығыз байланыстылығын толықтай көрсетеді.

ҚК 344-бабы бойынша тұлғаны жауаптылыққа тарту үшін оның тарапынан ереже бұзушылық пен орын алған қоғамға қауіпті зардаптардың арасындағы себепті байланысты анықталуы керек және де себепті байланысты тұлғаның әрекеті немесе әрекетсіздігіне ғана қатысты емес, зиянды зардаптардың орын алуына тікелей себепкер болған, қауіпсіздіктің тиісті ережелерінің бұзылуының өзіне қатысты анықталуы керек. Қылмыстың құрамы құрылымы жағынан

материалдық үлгіде қарастырылған, сондықтан заңда аталған қоғамға қауіпті зардаптардың орын алуы кезінен бастап аяқталған қылмыс болып есептеледі.

Қылмыстық кодекс 344-бабының 1-бөлімі бойынша бұл – абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіру. Осы баптың 2-бөлімі – абайсызда кісі өліміне әкеп соққанда, 3-бөлімде – абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан әрекеттерді қарастырады.

Дене жарақаттарының ауырлық дәрежесін анықтау үшін сот-дәрігерлік сараптау жұмыстары тағайындалуы тиіс. Адам денсаулығына келтірілген ауыр немесе орташа ауырлығын 1998 жылғы 4 мамырда қабылданған «Денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығын бағалаудың сот-дәрігерлік ережелерінің» негізінде анықталады.

Сот-тергеу тәжірибесінде осы категория бойынша істерді себептерді қате анықтаған жағдайлар да кездеседі. Мысалы, әуе көлігінде қозғалыс қауіпсіздігінің ережесін бұзғаны үшін ұшқыш С. мен әуежай бастығы Д. және басшы міндетін атқарушы М. сотталған. Анықтау бойынша С. нұсқауда көрсетілгендей рұқсат етілмеген бұлттық биіктігін бұзып, өзбетімен бұлттан асып кеткен, сөйтіп ұшақ таумен соқтығысып, апатқа ұшыраған.

Д. және М. кінәсі соттың пікірінше, олар ұшақтың ұшуын басқару ережесін бұзған көрінеді. КСРО Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бойынша сот коллегиясы бұл істі қылмыс құрамының жоқтығына байланысты тоқтатқан. Коллегия қаулысы бойынша болған жағдайда ұшуды тоқтату немесе жалғастыруды ұшқыш шешеді, Д. және М. радиотехникалық құралдар мен ауа-райы туралы ақпараттың жоқтығынан ұшу жағдайын еш бақылауға ала алмайды. Апат тек ұшқыш С. кесірінен орын алды.

Бұл қылмыстың субъектісіне орындайтын жұмысы немесе атқаратын қызметіне байланысты темір жол, әуе немесе су көлігі қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігінің ережелерін сақтауға міндетті, 16 жасқа толған, ақыл-есі дұрыс жеке тұлға. Нақты қылмыс субъектілеріне ведомствалық нормативтік актілер негізінде анықталатын, көлік қызметкерінің қандай да бір лауазымдық қызмет атқаратындар жатады. Оған:

- темір жол көлігінде: машинист, оның көмекшісі, поезд кондукторы, темір жол станциясының кезекшілері, диспечерлер және басқалары;

- әуе көлігінде: ұшқыш, ұшақ штурманы, бортмеханик, әуедиспечері және басқалары;

- су көлігінде: кеме капитаны, оның көмекшісі, радист, шкипер және басқалары жатады.

Қарастырылып отырған қылмыстың субъектісіне жеке тұлғалар мен әскери қызметкерлер бола алмайды. Тиісті жағдайларда олар Қазақстан Республикасы ҚК-нің 351, 464, 465-баптары бойынша жауаптылыққа тартылады. Бұл қылмыстың субъективтік жағы қылмысты немқұрайлық немесе қылмысты менмендік түріндегі абайсыз жасалған кінәнің болуымен сипатталады (ҚК 21-бап). Менмендікпен жасалған қылмыс кезінде айыпты көлік қозғалысы немесе оны пайдалану қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуы нәтижесінде қоғамға қауіпті орын алуы мүмкін екендігін алдын ала білмейді, алайда, бұл зардаптарды болдырмау мүмкіндігіне жеткіліксіз негіздерсіз, жеңілтектікпен сенеді. Ал, қылмыс немқұрайлықпен жасалған жағдайда айыпты тұлға қоғамға қауіпті зардаптардың орын алуы мүмкін екендігін алдын ала білмейді, алайда, қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуі тиіс және болжап біле де алар еді.

Мысалы, әуе кемесінің командирі К. екінші ұшқыш Ж.-мен ұшақты әуежайға пердесі жабылған оң тереземен қондыруға келіседі. Сөйтіп өзінің шеберлігі мен тәжірибесіне сеніп ұшақты басқару жағдайын күрделендіре түседі. Бірақ оның есебі ақталмады: нәтижесінде жіберілген қателіктер негізінде ұшақ өте жоғары жылдамдықта қонды да, апатқа ұшырады. Екінші ұшқыш Ж., үш борт – проводница және он жолаушы қаза тапты. К. РСФСР Қылмыстық кодексі 85-бабы 1-б. бойынша (ҚазСРО Қылмыстық кодексі 71-б.1-б.) сотталып, 15 жылға бас бостандығынан айырылды.

ҚК-тің 344-бабының 2-бөлімінде абайсызда кісі өліміне әкеп соққан осы аталған қылмыстары үшін жауаптылық белгіленген.

ҚК-тің 344-бабының 3-бөлімінде абайсызда екі немесе одан да көп адамдардың өліміне әкеп соққан осы баптың 1-бөлімінде көзделген әрекет үшін жауаптылық белгіленген. Негізгі құрамдағы сияқты, субъективтік жағынан абайсызда бір немесе бірнеше адамдардың өліміне әкеп соққан іс-әрекет немқұрайлықпен немесе менмендікпен жасалуы мүмкін.

Кінәлілерге талданған баптың 1-3 тармақтар бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін осы құқық бұзушылықтар мен келген қоғамға қауіпті зардаптың арасындағы себепті анықтау қажет болады. Соның өзінде себепті байланыс тек тұлғаның әрекет немесе

әрекетсіздігін анықтаумен ғана емес, ал нақты зардаптардың кегеніне тікелей себеп болатын талапқа сай қауіпсіздік ережелерін бұзғаны анықталуы қажет.

Қазақстан Республикасы «Қылмыстылықпен күресу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына, 5 мамыр, 2000 ж. сәйкес ҚК 295-бабына жаңадан 4-тармағы енгізілген. Осы аталған 4-тармақтың нормасына сәйкес темір жол, әуе немесе су көлігі қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігінің ережелерін сақтауға міндетті адамдардың егер кінәлі аталған әрекеттерді бапта қаралған 1-3-тармақтарда қаралған зиянды зардаптардың болуына әкеп соғуға көрнеу қауіп төндіргені үшін жауаптылық қарастырылады. Бұның өзінде қауіп төндіруге жағдай туғызудағы көрнеудің зардабы кінәлі тұлғаның аталған ережелерді бұзған уақытта қоғамға қауіпті зардаптардың туындайтынын нақты біледі және болжайды.

Сондықтан ҚК 344-б., 4-тармағындағы қарастырылған әрекет құрылымы бойынша формальды құрамға жатады. Бұндағы ерекше сипатты аталған баптағы 1, 2 және 3-тармақтарында қаралған зардаптардың туындауына нақты жағдай жасап немесе жағдай жасауға әрекет еткен кінәлі тұлғаны бұдан былай заң қатаң жазалайтынын атауға болады. ҚК 297-б., 1-3-тармақтарында қаралған зиянды зардаптардың туындауына нақты қауіп төндіру мәселесі нақты қылмыстық істің барлық мән-жайлары ескеріле отырылып шешілуі керек. Заң шығарушының осындай қадамы күрделі және қиын қауіпті техникаларды басқару кезінде аз ғана аңдаусыздық пен абайсызда салмақты зардаптардың болу мүмкіндігінен деп келтіреді. Жәбірлеушінің денсаулығына зиянды зардап келтіретін немесе кісі өліміне әкеп соғатын зардаптарды тоспай-ақ, мүмкін болса олардың алдын

Көлік құралдарын жүргізуші адамдардың жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы – ҚК 345-б.

Қылмыстық кодекстің 345-бабының 1-тармағы бойынша автомобильді, троллейбусты, трамвайды не басқа да механикалық көлік құралын жүргізуші адамның жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы, абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтірсе – кінәлі жауапты болады.

Бұл қылмыстың тікелей объектісін дұрыс анықтаудың теориялық және практикалық маңызы зор екенін атай кеткен дұрыс, себебі объект қылмыстың басқа құрылымдық бөліктерімен бірге әр қылмыстың өзіне тән ерекшелігін анықтайды немесе «оған залал келтіретін, басқа

жанама құрамдардан шектеудің басты және объективтік белгісі болып табылатын нақты қоғамдық қатынас әрекеті». Қарастырылып отырған қылмыстың тікелей объектісі туралы заң туралы әдебиеттерде бірегей пікір жоқ. Кезінде профессор С.Я.Булатов автокөліктік қылмыстардың объектісіне еңбек тәртібі мен қозғалыс қауіпсіздігін жатқызған болатын.

Ал В.К.Глистин, И.Г.Иванов, С.М.Корабельников, В.А.Мысливый осы қылмыстың тікелей объектісіне механикалық көлік құралдарының қозғалысы мен оны пайдалану кезінде адамдардың өмірі мен денсаулығының, мүлікті сақтаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясындағы қозғалысқа қатысушылар арасындағы қатынастарды жатқызады. Осындағы қозғалыс қауіпсіздігі, олардың ойынша, көлікті пайдалану жиынтығына қатысты тар ұғым (оның бір бөлшегі ретінде ғана) болып түсіндіріледі. А.И.Игнатова және В.Е.Квашистердің пікірінше осы қылмыстың тікелей объектісіне жұмыстың қауіпсіздігі мен азаматтардың өмірі мен денсаулығын жатқызу керек.

Қылмыс объектісіне берілген осы бір анықтамалардың, біздің ойынша, жетіспеушілік жағы көп. Азаматтардың өмірі мен денсаулығының, мүлікті сақтаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қатынастар осы қылмыстың тікелей объектісі бола алмайды, себебі, көрсетілген құндылықтар жол-көлік қылмыстары кезінде үнемі залалға ұшырай бермейді. Адамдардың өмірі мен денсаулығы, мүліктер көптеген қылмыстардың объектісі болып табылады, ендеше, бұл қатынастар ҚК 345 – бабы қарастыратын қылмыстың объектісін көрсететіндей өзіне тән белгілерді көрсете алмайды. Сондықтан да болар, объектіге берілетін осы түсініктер заң туралы баспа беттерінде көп сынға ұшырады.

Ең кең тараған көзқарасқа Б.А.Куринов, А.И.Коробеев, Г.И.Баймурзина және басқа да авторлардың пікірі жатады, олардың ойынша осы қылмыстың тікелей объектісіне «автокөлік, қалалық электро көлік, трактор және басқа да өздігімен жүретін машиналардың қозғалысының қауіпсіздігі», «көлік қозғалысы мен оны пайдалану қауіпсіздігі» жатады.

Жоғарыда аталған пікірлерді ескере отырып қарастырылып отырған қылмыстың тікелей объектісіне нақты бір механикалық көлік құралдарының қозғалысы мен оны пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясындағы қоғамдар қатынастар жатады. Осында механикалық көлік дегенде, көліктің темір жол, су және әуе көлігінен басқа барлық түрлері туралы айтылады. Аталған қылмыстың қосымша объектісіне

азаматтардың өмірі мен денсаулығын немесе мүліктің сақталуын қамтамасыз ететін қатынастар.

ҚК 345-бабының диспозициясында көрсетілген көлік құралдарына автомобильдердің барлық түрлері (автобустар, жеңіл және жүк машиналары), мотокөлік (мотоцикл, мотороллер және т.б.), электр көлігі (трамвай, троллейбус), тракторлар мен басқа да өздігімен жүретін машиналар (скреперлер, грейдерлер, асфальт төсегіш, жол тегістеуші, экскаваторлар, өздігімен қозғалатын крандар және т.б.) жатады. Көліктер үшін екі негізгі белгілер тән: 1) көлік құралдарының өздігімен жүргізілуі, яғни олар ішкі жану двигателінің жұмыс көлемі 50 куб.см аспайтын, немесе басқа да түрлердің (электрлі, булы, газды және т.б.) двигательдерінің күшіне сәкес келуіне қарай қозғалысқа келеді; 2) олардың қозғалысы Жолда жүру ережелерімен реттеледі.

1970 жылғы 6 қазанындағы КСРО Жоғарғы Сотының Пленумы өз қаулысында соттарға басқа өздігінен жүретін машиналарға кез-келген жол, құрылыс, ауылшаруашылық және басқа да арнаулы машиналарды (экскаватор, грейдер, автокран, авто жүк тиеуші және т.б.) жатады деп түсіндірген.

Мопедтер, аспалы двигательді велосипедтер және двигателінің көлемі 50 шаршы см-ге жетпейтін, ең шапшаң жылдамдығы сағатына 50 шақырымнан аспайтын басқа да көлік құралдары қылмыстық-құқықтық тұрғыдан көлік құралдарының қатарына жатпайды.

Объективтік жағынан ҚК-тің 345-бабында көзделген қылмыс үш міндетті белгілердің болуымен сипатталады: а) жол қозғалысымен көлік құралдарын пайдалану ережелерінің бұзылуы; б) заңда көзделген зиянды зардаптардың болуы; в) аталған ережелерді бұзу мен сол ереже бұзушылықтың нәтижесінде орын алған зиянды зардаптардың арасындағы себепті байланыстың болуы.

ҚК-тің 345-бабының диспозициясы бланкетті болып табылады және қылмыстың белгілерін анықтау үшін қозғалысқа қатысушылардың барлығының құқықтары мен міндеттерін ажыратушы негізгі нормативті акт – Жол қозғалысы ережелеріне сілтеме жасайды. Сондықтан көлік құралдарын жүргізуші тұлғаны ҚК-тің 345-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін, ең алдымен, қоғамға қауіпті зардаптардың орын алуына әкеп соқтырған, аталған Ереженің қандай да болмасын бір тармағын осы тұлғаның бұзғандығының айғағын анықтап алу керек. Зардаптарды кінәсіз келтірген жағдайда жүргізушінің әрекеттерінде қылмыс құрамы болмайды.

Жол қозғалысының ережелерінің бұзылуы – жылдамдықты арттыру, көшенің қиылыстарынан өту кезінде кезек сақтамау, басып озудың ережелерін бұзу, артқа жүру кезінде ереже сақтамау, жолдың сол жағына шығып кету сияқты болуы мүмкін.

Мысалы, К. деген азамат Қарағанды қаласы Қазбек би ауданы сотының үкімімен 4 жылға бас бостандығынан айырылды. ВАЗ автомашинаны жүргізіп келе жатқан ол жылдамдықты арттырғаны сонша оны басқара алмай, өтіп бара жатқан жүргіншіні қағып кетеді. Соңғысы алған жарақатының нәтижесінде оқиға болған жерде қайтыс болады. Қарағанды облысының қылмыстық істер бойынша Сот коллегиясы істің материалдарын зерттей келе үкімді бекітпей, оны қосымша тергеуге жіберді, оны 1 инстанция өз үкімінде жол-көлік оқиғасының жағдайын ғана анықтап берген, ал Жолда жүру ережесінің қандай пунктерін кінәлінің бұзғаны, және ол не себепті болғаны көрсетілмеген деп түсіндіреді.

Автомашинаны қатты шаршаған күйде жүргізу, қарсы келе жатқан машина шамының көзді шағылыстыратын жарығымен жүру нәтижесінде жол-көлік оқиғаларының орын алуы сирек жағдай емес.

ҚК 345-бабы сондай-ақ техникалық ақауы бар көлікті жүргізу кезінде орын алуы мүмкін пайдалану ережелерін бұзғандық үшін, арнайы жабдықталмаған машиналармен адамдарды тасымалдау және т.б. үшін жауаптылық көздейді. Бұл жерде сөз – пайдалану ережелерінің жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тығыз байланыстағыларының бұзылулары туралы екендігін атап өткен орынды.

Сот-тергеу практикасында автокөлік жүргізушісі орындаған өндірістік іс-әрекеттерге теріс баға беретін жағдайлар да жиі кездеседі. Мысалы, Г. деген азамат ЗИЛ автокөлігімен жол жөндеп жүрген жұмысшыларға шебенді төгу үшін жақындайды. Артқа қарай қозғалыс жасаған ол маневрінің қауіпсіздігін есептемей бір жұмысшыны өлімші етіп жаралайды. Алдын-ала тергеу органдары оның іс-әрекетіне ҚазКСР ҚК 91-бабы бойынша абайсызда кісі өлтіру деп бағалайды (Қазақстан Республикасы ҚК 104-бабы-абайсызда қазаға ұшырату). Сот істің мән-жайын және жүргізуші жіберген арнайы ережелердің бұзылуын мұқият зерттеп, онан ҚазКСР ҚК 217-бабының 2-бөлімі қарастыратын қылмысты анықтаған. Істі қосымша тергеуге жіберген сот өз анықтамаларында Г. зардап шегушіні қағып кетерде шебенді төгуге әлі кіріспегендіктен оның іс-әрекеттерін қозғалыстың қауіпсіздігі және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзған деп тануды көрсетеді.

Жөндеу, тиеу-түсіру, егін жинау және бесқа да жұмыстар жүргізу кезінде көлікті техникалық пайдаланудың ережелерін бұзу ҚК-тің 345-бабы бойынша бағалана алмайды. Бұл жағдайларда айыптының іс-әрекеті ҚК-тің бұл ережелерді бұзғандық үшін, ал тиісті жағдайларда – жеке адамға қарсы жасалған қылмыс, мүлікті жойып жіберу немесе зақымдау үшін жауаптылық көздейтін баптары бойынша бағалануы тиіс.

Жүргізуші жіберген жол қозғалысы ережелерінің бұзылуы мен орын алған зиянды зардаптардың арасындағы себепті байланыстың сипатын анықтау барысында сот-тергеу жұмыстары кезінде қателесу жиі ұшырасады. Жол-көлік оқиғаларындағы себепті байланыс егер де орын алған зиянды зардаптар тұлғаның тарапынан жіберілген жол қозғалысы мен көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзудан заңды түрде туындаған жағдайларда ғана анықталуы тиіс. Орын алған зардаптардың бірқатар себептер мен шарттардың өзара әрекетінің нәтижесінде орын алатындығын ескерген жөн. Олар тек көлік құралдарын жүргізушілердің заңға қарсы әрекеттері ғана емес, жол қозғалысына қатысушы басқа тұлғалардың қате қылмыстары, көліктің ақауы, ауа райының қолайсыздығы, т.б. болуы мүмкін.

Жол-көлік қылмысының жасалу орны (тас жол, сүрлеу жол, аула іші, кәсіпорын төңірегі, теміржол торабы, т.б.) оның бағалануына әсер етпейді және ҚК 345-бабы бойынша белгіленген тәртіппен жауаптылық орын алады.

Бұл қылмыстың құрамы – материалды үлгіде құрастырылған, яғни жауаптылық айыптының жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуынан зиянды зардаптар (денсаулыққа ауыр немесе орташа зиян келтірумен) орын алған жағдайда ғана болуы мүмкін.

Көп жағдайда кейбір соттар сот медэкспертизаның негізделген қорытындыларына салғырт қарайды. Мысалы, тергеу органдары сотмедэкспертизаның қорытындысын дұрыс бағаламай, Т. деген азаматтың басқа автокөлікпен соқтығысып, К. деген азаматшаның денсаулығына ауыр жарақат келтіруге (бет келбетін аса ауыр зақым келтірген) іс-әрекетін ҚазКСР ҚК-нің 217-бабының 1 бөлімімен (ҚК 345-бабы 1 бөлімі) бағалаған. Прокурордың наразылығынан кейін, сот істі қайта қарап Т.-ны ҚазКСР ҚК 217-бабы 2 бөлімі бойынша К.-нің денсаулығына аса ауыр жарақат жасағаны үшін соттады. Бұл жерде Қазақстан Республикасы ҚК-нің 345- бабының 1-бөлімі қарастыратын абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы

зиян келтіргені үшін жауапкершілікті қарастыратынын атай кеткен жөн.

Қылмыстың субъектісі – жасы 16-ға толған, заңда көрсетілген зиянды зардаптардың орын алуына әкеп соқтырған, жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін абайсызда қылмысты түрде бұзған жеке тұлға бола алады. Қарастырылушы норманың субъектісінің қылмысты әрекеттерін бағалау үшін оның көлік жұмысшысы (автобус, трамвай, т.б. жүргізушісі) немесе маманданбаған жүргізуші болуының, дәл сол сияқты, тіпті оның жүргізушілік куәлігінің болу-болмауының да еш маңызы жоқ.

Әскери қызметкерлер мен әскери міндеттілер жаттығу жиындары кезінде аталған қылмыстың субъектісі бола алмайды. Мұндай тұлғалар әскери, арнайы немесе көлік құралдарын жүргізу немесе пайдалану ережелерін бұзғандық үшін жауаптылық көздейтін ҚК 463- бабы бойынша жауап береді, себебі олардың әрекеттері әскери қызметті атқарудың белгіленген тәртібіне қол сұғушылық болып табылады.

Субъектілік жағынан қарастырылып отырған қылмыс кінәнің абайсыз жасалған түрімен сипатталады. Себебі жолда жүру ережесі мен көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзу міндетті түрде заңда қарастырылған зардаптардың болуымен қарастырылады, ал жүргізушінің осы ережелерді бұзуына қатысты психикалық қатынасы кінәлілік ретінде қарастыруға болмайды. Мұндағы субъектінің кінәсі қылмыстық-құқықтық жағынан қылмысты менмендік немесе қылмысты немқұрайлық арқылы жасалған болып есептеледі.

Менмендікпен жасалған қылмыс түріндегі іс-әрекетті жасау кезінде субъект жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерінің бұзылуының қоғамға қауіпті зардаптардың орын алуы мүмкін екендігін алдын ала біледі, бірақ жеңілтектікпен оларды болдырмайтынына сенеді. Бұл сенім, мысалы, жүргізудегі тәжірибеге, жолды жақсы білетіндікке және т.б. негізделеді.

Немқұрайлықпен жасалған қылмыстың субъектісі өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті зардаптарының орын алуы мүмкін екендігін алдын ала болжап білмейді, алайда, қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуі тиіс және біле алар да еді.

В.Б.Боровиков: «менмендікпен жасалған қылмыс немқұрайлықпен жасалған қылмысқа қарағанда әлдеқайда қоғамдық қауіпті, себебі мұнда жеке адамның әлеуметтік жағынан барынша бұзылғандығы көрсетіледі»-деп өз пікірін айтады.

Егер де көлік құралы өлтіру, денсаулыққа зиян келтіру немесе мүлікті жою мақсатымен қолданылса мұндай қылмысты іс-әрекеттер өмірге, денсаулыққа қарсы жасалған қылмыстар туралы қарастыратын ҚК-тің баптары мен мүлікті жою мен зақымдау туралы ҚК баптары бойынша бағалануы тиіс.

Мысалы, үкім бойынша сотталған С. мына жағдайларға байланысты қасақана қылмыс жасаған: мас күйінде, жеке жек көрушілік сезімдеріне байланысты (жәбірленуші К. мас күйінде авто машинадан шыға бере, бұзақылық ниетте оның бетінен жұдырығымен екі рет ұрып, автокөліктің есігін аяғымен теуіп жапқан) машинаны қайта бұрып, бар жылдамдықта келе жатып жол жиегінде кетіп бара жатқан К.-ні қағып кеткен. Жәбірленуші құлап, машинаның астында қалғаннан кейін де кері шегініп, оны бір метрдей жерге сүйрелеген де, содан кейін барып оқиға болған жерден қашып кеткен. Алған жарақаттардың ауырлығынан жәбірленуші ауруханаға жеткізілгеннен кейін қайтыс болған. Жоғарыда аталған фактілер С.-ның жәбірленушіні қасақана басып кеткенін көрсетеді. С. әрекеті Қылмыстық кодексе 345-б.1-т. бойынша дұрыс бағаланған, соттың автокөлікті тәркілеуі негізді.

Аралас немесе «қосарлы» деп аталатын кінә түрлері туралы мәселелерді шешудің теориялық және практикалық маңызы зор. Оның мәні бірнеше ғалымдардың (П.С.Дагель, Б.А.Куринов, А.С.Кузьмина, В.В.Лукьянов, Б.В.Петухов) ойынша жол-көлік қылмыстардың шын мәнінде болуы, яғни кінәлінің жол қозғалысы мен көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзу фактілеріне деген қасақана немесе абайсыздығы және болған зардаптарға абайсыздығы теріске шығарылмайды, жалпы осы қылмыс абайсызда жасалған қылмысқа жататындығында.

Ғалымдардың басқа тобы (В.К.Кригер, Г.А.Кригер, Н.Ф.Кузнецова, Н.В.Лясс) қарастырылып отырған әрекет құрылымындағы кінәнің аралас немесе «қосарлы» деп аталатын құрылымына қарсы пікір айтады, олардың ойынша қасақана немесе абайсызда деген түсініктер кінәлінің жалпы іс-әрекетке деген психикалық қатынасын білдіреді дейді.

Соңғы пікір бойынша 1970 жылы 6 қазандағы КСРО Жоғарғы Соты өз қаулысында соттарға автокөліктік қылмыстар «абайсызда жасалған қылмыстар деп қаралуы керек, себебі бұл іс-әрекеттердің субъектілік жағы тұлғаның жол қозғалысы мен көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзудың қоғамға қауіпті зардаптарының болу мүмкіндігіне абайсыз қараған» деп түсіндіреді.

ҚК-тің 345-бабында қарастырған қылмысты жасаудағы кінәлі тұлғалардың мінез-құлқындағы себептер мен мақсаттарын білу жаза белгілерде аса маңызды, себебі онда осы жағдайға жауапкершілікті артуда жұмсарту немесе ауырлату жағы қарастырылады.

ҚК-тің 345-бабының 2 және 3-бөлімдерінде көзделген бағалаушы белгілердің мазмұны Қазақстан Республикасы ҚК-тің 345-бабының 2 және 3-бөлімдерінде көзделгенмен бірдей.

Тәжірибеден мысал келтірейік. Атыраулық қалалық сотының үкімімен Г. деген азамат ҚК-тің 345-бабының 3-бөлімі бойынша 5 жылға бас бостандығынан айыру жазасы кесіліп, оны поселение-колониясында өтеу белгіленді. Ол 2018 жылы мамыр айында «Мазда-626» маркалы автокөлікте салонында Г. және З. деген жолаушы азаматтармен келе жатып көлік құралдарының қозғалыс жылдамдығын шектелген жылдамдықтан асырып айдап, Жолда жүру ережесінің 2.1.1. және 2.1.2. пунктерін бұза отырып, қарсы қозғалыс шегіне шығып кетеді де, нәтижесінде Ш. деген жүргізуші басқарып келе жатқан, салонында С. және Р. деген жолаушылары бар «ВАЗ-21150» маркалы автокөлігіне барып соғылысады.

Осы жол-көлік оқиғасының нәтижесінде «Мазда-626» автокөлігінің жолаушысы Г. мен «ВАЗ-21150» маркалы автокөлігінің жолаушысы Ш. алған жарақаттарының нәтижесінде оқиға болған орында қайтыс болса, Р., З. деген жолаушылар мен Г. және Ш. атты жүргізушілер әртүрлі дәрежеде денсаулықтарына жарақаттар алып, ауруханаға жеткізілді.

ҚПК-тің 24-бабының талаптары бұзылғандықтан сот жағдайды жан-жақты, толықтай және объективті зерттеу үшін, осы істі дұрыс шешу үшін заңда қарастырылған шараларды ескермеді.

Қарастырылған іс бойынша жинақталған дәлелдемелерді саралаған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының коллегиясы соттың қабылдаған қаулысына қарсы келді, себебі олардың анықтамаларында істің дәлелдемелері қарама-қайшы келеді де, болған жағдай жеткілікті түрде зерттелмеген және осы қарама-қайшылықтарды жойылмаған, дұрыс бағаланбаған деп көрсетілген. Нақты қылмыстық іс қосымша тергеуге жіберілді.

Жол-көлік оқиғасы болған орыннан кетіп қалу – ҚК 347-б.

Қарастырылып норма көлік құралдарын басқарушы тұлғаның жол-көлік оқиғасы болған орыннан кетіп қалғанда жауапкершілікке тарту үшін қолданылады.

Бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі - өміріне қауіпті жағдайда болып, аман қалу шараларын қолдану мүмкіндігінен айырылған

жәбірленушіге қажетті көмектің әрдайым көрсете алмайтындығында. Осының нәтижесінде зардаптың ауыртпалығы күшейе түсіп, көбінесе ол адам өміріне әкеп соқтырады. Мұнымен қатар, жол - көлік оқиғасы болған орнынан қашып құтылмақшы болған жүргізушілер, әдетте, қозғалыс жылдамдығын рұқсат етілген шамадан асырып, жол қозғалысының басқа ережелерін бұза бастайды. Мұның өзі жаңа бір жол - көлік оқиғасына әкеп соқтыратын апатты жағдайлар туғызады. Сондықтан, мұндай оқиғаларды болдырмау қажеттігінің өткірлігіне орай және келтірілген зиянның ауыртпалылығын неғұрлым азайту үшін заң шақырушы бұл қылмысты жеке құрамға бөліп шығаруды мүмкін деп тапқан.

Нақты механикалық көлік құралдарының қозғалысы мен пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясындағы қоғамдық қатынастар – қарастырылушы қылмыстың объектісі болып табылады. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығы немесе мүліктің сақталуы – қосымша объект.

Жәбірленушіге көмек көрсету жүргізушінің мүмкіндігі бола тұра, өзінің жол қозғалысы ережесін қылмысты түрде бұзуы нәтижесінде болған жол - көлік оқиғасының оның кетіп қалуы – қылмыстың объективті жағын құрайды. Мұндай әрекеттер, әдетте, Қазақстан Республикасы ҚК 345 және 347-баптарының тиісті бөлімімен көзделген екі қылмыстың жиынтығын құрайды.

ҚК-тің 345-бабында көрсетілген зиянды зардаптардың орын алуы және осы зардаптар мен көлік оқиғасы болған орынды тастап кетудің арасындағы себепті байланыс талқыланушы іс-әрекеттің объективті жағынан қажетті, әрі міндетті белгілері болып табылады.

Жәбірленушіге басқа тұлғалардың көмек көрсете алуы мүмкін болған жерлерде жүргізушінің оны қауіпті жағдайда тастап кетуі оны ҚК 347-бабы бойынша жауаптылықтан босатпайды. Алайда, егер жәбірленушінің өлімі қылмыстың жасалу сәтінде бірден орын алса, мұндай жағдайларда аталған бап қолданыла алмайды.

Тәжірибеден мысал келтірейік. Мысалы, Б. деген азамат ВАЗ-2103 автомашинасында келе жатып Р. атты жүргіншіні басып кетіп, өміріне аса қауіп туғызатындай денсаулығына ауыр зиян тигізіп, оқиға болған жерден кетіп қалған. Сот «Қауіпті жағдайда қалдыру» атты ҚазКСР ҚК 110-бабы орнынан кетіп қалған (Қазақстан Республикасы ҚК-тің 119-бабы) негізінде жәбірленушіге басқа адамдар көмектесті деген уәжбен қылмыстық істі тоқтатқан. Соттың мұндай ұстанымы, біздің ойымызша, заңсыз және 1983 жылғы 23-қыркүйектегі ҚазКСР Жоғарғы Сотының Плеумының «Автокөлік қылмыстары істері туралы

сот практикасы» атты қаулыға қайшы келеді, онда жәбірленушіні оқиға орнында жүргізушінің қауіпті жағдайда қалдырып кетуі, оған басқа адамдар тарапынан көмек көрсетілсе де, одан жауапкершілікті ҚазКСР ҚК-нің 110-бабы (Қазақстан Республикасы ҚК-тің 119-бабы) бойынша ала алмайды.

Осыған байланысты А.В.Галахованың пікірімен келісуге болмайды, оның ойынша егер жәбірленушіні басқа адамдар көп жүретін, тұрғылықты жерде қағып кеткеннен кейін тастап кетсе, ол оны көмексіз тастап кетті деп есептелмейді.

Мұндай нұсқаулар сот-тергеу органдарын шатастырып, осындай жағдайларды қате бағалауға ықпал етеді.

Қылмыс құрамы материалды және ҚК 345-бабында көрсетілген зиянды зардаптардың орын алуы сәтінен бастап аяқталған қылмыс болып есептеледі.

ҚК 347-бабына берілген ескертуге сәйкес зардап шеккендерге көмек көрсетуге байланысты жол - көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалғандық үшін жауаптылық белгіленбейді.

Қазақстан Республикасы ҚК 345-бабының диспозициясы мен ескертуінде көрсетілген көлік құралдарын жүргізуші, 16 жасқа толған талқыланушы қылмыстың субъектісі болып табылады.

Қылмыстың субъективті жағы – кінәнің қасақана түрінің болуымен сипатталады. Айыпты жол-көлік оқиғасының нәтижесінде зардап шегушінің саналы түрде көмек көрсетпейді, зиянды зардаптардың болу мүмкіндігі алдын ала біледі, олардың орын алуына жол береді немесе соны қалайды. Сонымен қатар, қылмыстық белгілері бар абайсызда жасалған формалар да есепке алынады (мысалы, жүргізуші жол-көлік оқиғасы болған орыннан жәбірленушіге оқиға орнында тұрған адамдар көмектеседі деген үмітпен кетіп қалады).

Көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіру – ҚК 350- б.

Көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтірсе Қылмыстық кодекстің 350-бабы бойынша жауаптылық туады. Заң бұл әрекетті көлік құралдарын, қатынас жолдарын, белгі беру немесе байланыс құралдарын не өзге де көлік жабдықтарын қасақана бұзу, зақымдау немесе өзге де тәсілмен пайдалануға жарамсыз күйге келтіру, сондай-ақ көлік коммуникацияларына тосқауыл қою, егер бұл әрекеттер абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге, не ірі көлемде залал келтіруге не көлік пен байланыстың

қалыпты жұмысы бұзылуына әкеп соқса осы бапта қарастырылатын қылмыс деп анықтайды.

Осы қылмыстың тікелей объектілері механикалық көлік құралдарының нақты түрінің қозғалыс және оларды пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберіндегі қоғамдық қатынастар жатса, қосымша объектісіне адамның өмірі мен денсаулығы немесе мүліктің сақталуы жатады.

Қылмыстың заты – Қылмыстық кодекстің 348-бабындағы көрсетілген заттармен ұқсас. Бұл қылмыстың затына темір жол, теңіз, өзен вокзалдары, әуежайлар, причалдар және т.б. бола алмайды.

Қылмыстың объективтік жағы оның диспозициясында көрсетілген альтернативтік әрекеттер, және солардың нәтижесінде болған залалдардан тұрады.

Қайта қалпына келтірілуі мүмкін емес немесе ол экономикалық тұрғыдан тиімсіз болатындай қылып жылжымалы темір жол составын (локомотивтерді, вагондарды және т.б.), темір жолдарды жойып жіберуге, кемеңі суға батырып жіберуге, маяктар мен су үстіндегі белгілерді зақымдауға, әуе көлігіндегі навигациялық жабдықтарды зақымдауға және т.б. әкеп соққан әрекеттерді бұзу немесе өзге де тәсілдермен пайдалануға жарамсыз күйге келтіру деп түсіну керек.

Пайдалануға жарамсыз күйге келтіруді қылмыс затының жеке құрылғыларын немесе механизмін жарамсыз ету, соның нәтижесінде олар пайдалануға жарамсыз болып қалғанды және оны қалпына келтіру үшін материалдық қордың жұмсалуды талап ету деп түсіну керек.

Өзге әрекеттерге көлік құрылғылары мен механизмдерін өшіру немесе қайтадан қате қосу, жалған белгілер беру, рельстерге бөгде заттар қою, темір жолдарда, әуежайларда, өзендердің форватерлерінде, маяктарда және т.б. белгі беретін құралдарды зақымдау жатады.

Мысалы, К. РСФСР Қылмыстық кодексінің 86-б. (ҚР ҚК 350-б.) бойынша 4 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған, ол паромның мотористі болып жұмыс істеп жүріп, механиктен өшін алу үшін кемеңі электрмен қамтамасыз ету жүйесін істен шығарған. Бас электр щитінің арасына қағаз тығып қойған, сөйтіп электрэнергияны өшірген, нәтижесінде кемеңі жағаға тоқтатар кезде басқару құралы мен басты двигатель іске қосылмай, апатқа ұшыраған.

Көлік коммуникациясына тосқауыл қою, мысалы, темір жолдың үстіне құрылыс материалдарын немесе басқа да заттарды үйіп қоюдан, үкімет әрекеттеріне наразылық білдіруші адамдар тобының поездар жүретін жолдарды жауып тастауынан және тағы осындай өзге әрекеттерден тұруы мүмкін.

Жолаушылар вагонының шынысын сындыру, оның ішкі немесе сыртқы интерьеріне зиян келтіру және т.б. әрекеттер бұл қылмыс құрамына жатпайды. Мұндай жағдайларда жауапкершілік Қылмыстық кодекстің 202-б. бойынша бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бұзу ретінде туады.

Қылмыстың құрамы – материалды және аталған әрекеттерді жасағаны үшін айыпты тұлғаларды жауаптылыққа тарту үшін зиянды зардаптар орын алуы қажет. Денсаулыққа ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруді 1998 жылғы 4-мамырдағы денсаулыққа келтірілген зияндықтың деңгейін сот-медициналық баға беру Ережесі бойынша анықталады.

350-баптың ескертуіне сәйкес, осы тараудың баптарында азаматқа айлық есептік көрсеткіштен жүз еседен асып түсетін мөлшерде келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке қылмыс жасаған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асып түсетін мөлшерде келтірілген залал ірі көлемдегі залал деп танылады.

Көлікпен байланыстың қалыпты жұмысының бұзылуы түріндегі зардаптар деп – көліктің кешігуін немесе кешігу қаупінің болуын, поездардың қозғалу графигінің бұзылуын, кемелердің тұрып қалуын, ұзақ уақыт байланыстың болмауын, айлақтардың, кемежайлардың немесе өзге де құрылыстардың зақымдануын түсіну керек.

Бұл қылмыстың субъектілік жағы кінәнің екі формасымен сипатталады. Кінәлінің қоғамдық қауіпті әрекетке (бұзуға және т.б.) психикалық қатынасы тікелей ниетпен жасалған түрге жатса, зардаптар – абайсызда жасалған болады.

Қылмыстың субъектісі – Қылмыстық кодекстің 15-б. 2-т. сәйкес кез-келген есі дұрыс 14-ке толған адам.

Қылмыстық кодекстің 350-б. 2 және 3-тармақтарында осы қылмыстың ауырлататын (абайсызда кісі өліміне), өте ауырлататын (абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне) әкеп соққан әрекеттері үшін жауаптылық көрсетілген.

Көліктің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қағидаларды бұзу – ҚК 351-бап.

Жолаушының, жаяу адамның немесе жол қозғалысының басқа қатысушысының (осы Кодекстің 344, 345-баптарында аталған адамдарды қоспағанда) жол қозғалысы қауіпсіздігі немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы, егер бұл әрекет абайсызда адам денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соқса жауаптылық Қылмыстық кодекстің 351-бабы бойынша реттеледі. Оның қоғамдық

қауіптілігі көрсетілген ережелерді сақтамау көліктердің әрекеттерін бұзады да, ол жол апаттарына әкеп соғады, адамдардың өліміне немесе олардың денсаулығына залал келтіруге қауіп төндіруден тұрады.

Осы қылмыстың тікелей объектісіне – жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану қауіпсіздігінің шарттары, тікелей объектісіне – адамдардың өмірі немесе денсаулығы жатады. 351 – бабының диспозициясы бланкетті, бұл оның басқа нормативтік-құқықты актілерге сілтейтіні, сүйенетінін білдіреді. Оларға: 1997 жылғы 25-қарашадағы «Жол қозғалысы мен көлік құралдарын пайдалану қауіпсіздігінің ережелері», Қазақстан Республикасының Әуе кодексі, Қазақстан Республикасының темір жол Жарғысы, Темір жол арқылы малды айдап өту Ережесі, арба көліктердің өту Ережесі, және т.б. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі шығарған актілері және т.б. жатады.

Қылмыстық кодекстің 351-бабының диспозициясы көлік құралдары туралы айтып, оның түрлерін нақтыламағандықтан, қылмыс затының осы кең ұғымда қолданылуы темір жол, су, әуе, автоматорлы көліктерде, соның ішінде арба көліктеріндегі қозғалысқа қатысушылар мен жолаушылар, жүргіншілердің ережелерді бұзуының барлық жағдайларын қамтиды. Б.А.Куринов және А.И.Коробеевтердің ойынша арба көлігінде ережені бұзу зиянды залалдар әкелсе (жүргіншіні ат арбамен, атпен басып кетсе), онда ол жеке адамға қарсы қылмыс ретінде (Қылмыстық кодекс 106-107 баптар бойынша денсаулыққа зиян келтіру) бағалануы керек.

Объектілік жағынан бұл қылмыс көрсетілген ережелерді бұзу мен зардаптың арасындағы себепті байланыстардың болуымен, әрекет немесе әрекетсіздікпен сипатталады. Бұл жерде сөз қозғалыс немесе көлік құралдарын пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тікелей байланысты ережелерді бұзу туралы болып отыр. Қозғалыс барысында поезд вагонында, су немесе әуе көлігінде жасалған қандай да болмасын өзге әрекеттер, айтарлық бұзақылық жасау ҚК 351-бабымен емес, ҚК 293- бабы бойынша («Бұзақылық») бағаланады.

Ережелерді бұзу тізімі әр алуан: темір жолдарды арналмаған жерлерінен кесіп өту, поездда, әуе немесе су көлігінде от қолдану кезінде абайсыздық таныту; жаяу адамның жолды арналмаған тұсынан немесе жақындап қалған көліктің алдынан кесіп өтуі; темір жол иелігіндегі аумақта мал бағу; велосипедшілерге, арба көлігін жүргізушілерге, мал айдап өтушілерге қатысты ережелердің сақталмауы.

Көбінесе көптеген жүргіншілер өздерінің жолда жүру ережелерін бұзуынан қаза тауып немесе жарақаттанып жатады. Мысалы, С. деген

жүргінші жолды арналмаған тұстан жүгіріп өтпек болып, өтіп бара жатқан автокөліктің жанынан өте бере, ЗИЛ жүк машинасының алдынан шыға келді. Оның жүргізушісі С.-ны басып кетпеу үшін рульді тезірек оңға бұрып, тротуарға шығып кетті де, онда тұрған үш әйелді басып кетті, Әйелдердің бірі оқиға болған жерде қаза тауып, екеуі әртүрлі ауырлықтағы жарақаттар алды. С. әрекеті ҚР ҚК 351-бабы бойынша негізді бағаланды.

Тәжірибеде кінәлі адамдардың әрекеттерін қылмыстық-құқықтық жағынан қате бағалауы жағдайлары да кездеседі. Мысалы, Т. ГАЗ-24 автомашинасымен жаңбырлы күні сағатына 40 км. жылдамдықпен келе жатты. Алдыда 5 шақырым жерде қарсы бағытта С. атты велосипедші келе жатып, кенеттен солға бұрылып, Т. келе жатқан қарсы жолға бірақ шыққан. Қақтығысуды болдырмау үшін Т. машинасын күрт тежейді де, қарсы қозғалыс жолына шығып кетеді. Бұл Б. Деген жүргіншіні қағып кетуге әкеп соғады, ол алған жарақаттардан оқиға болған жерде қаза табады. Т. әрекеттері ҚК 345-бабы бойынша бағаланады.

Бірақ, жоғарыдағы сот кінәлінің көрсетілген ережелерді бұзуына күдіктеніп автотехникалық экспертиза тағайындады. Эксперт Т.-ның Б.-ны қағып кетуін болдырмауға еш мүмкіндігі болмағанын анықтап берді, себебі ол Жолда жүру ережесін бұзбаған, рұқсат етілген жылдамдықта келе жатқан, ал жүргіншіні қағып кету С. деген велосипедшінің ережені бұзуына байланысты орын алған.

Қылмыстың құрамы – материалды, ол ҚК 351-бабы 1-т. қарастырылған залалдардың (денсаулыққа ауыр зиян келтіру), 2-т.-абайсызда кісі өлімінің, 3-т. бойынша – абайсызда екі немесе одан да көп адамның өлімінің болуынан бастап аяқталған деп саналады.

Қылмыстың субъективтік жағы – абайсыздықпен жасалған қылмыспен сипатталады. Оны жасаған адам жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану қауіпсіздігін бұзу нәтижесінде қоғамға қауіпті залалдар туатынын алдын-ала біледі, бірақ оған немқұрайлы қарап, оған жол бермеуіне сенеді.

Талданып отырған қылмыстың субъектісіне ҚК 344 және 345-баптарында көрсетілген адамдардан басқа жолаушылар, жүргіншілер және басқа да қозғалысқа қатысушылар (велосипедшілер, мал айдаушылар, арба көлігін айдаушылар) жатады. кейбір жағдайларда жауапкершілік көлік құралдарының жүргізушілеріне де түседі. Мысалы, темір жол, басқа да жол құрылғыларын пайдалануға жарамсыз күйге келтіру, жолдың адамдар өтетін жеріне үлкен жүкті тастап кету және осы норма қарастыратын басқа да салдарлар үшін

жауапкершілікке көлік құралдарын жүргізушілер ҚК 351-бабы бойынша тартылады.

Поезды қажет болмаған жағдайда өз бетінше тоқтату – ҚК 352-бап

Поезды стоп-кранмен не ауа тежегіш магистралдарын ажырату жолымен немесе өзге әдіспен қажет болмаған жағдайда өз бетінше тоқтату, егер бұл кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса – кінәлі Қылмыстық кодекстің 352-бабымен жауапқа тартылады.

Аталған қылмыстың қоғамға қауіптілігі – поезды қажет болмаған жағдайда өз бетінше тоқтату темір жол көлігінің қауіпсіз жұмыс істеуіне қатер төндіріп, поездардың жүру кестесінің бұзылуына, вагондардың, локомотивтердің, т.б. қозғалғыш бөліктерінің уақытынан бұрын тозуына әкеп соқтыратындығында.

Қылмыстың тікелей объектісіне қозғалыс және темір жол көліктерін пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастар жатады. Қосымша объектісіне жәбірленушілердің өмірі мен денсаулығы немесе мүліктің сақтығы.

Талданып отырған қылмыстың объектілік жағына қоғамға қауіпті әрекеттен, орын алған зиянды зардаптардан және бұл әрекеттер мен аталған зардаптардың арасындағы себепті байланыс жатады.

Өз бетімен тоқтату деп ешбір қажетсіз, негізсіз жүріп келе жатқан поезды темір жол жұмысшыларының (машинист, поезд бастығы, вагон проводниктері және т.б.) рұқсатынсыз тоқтатуды айтамыз.

Заңда тоқтатудың әртүрлі тәсілдері көрсетілген: стоп-кранды пайдалану арқылы, ауа тежегіш магистралды ажырату, өзге әдіспен – қызыл жалаумен немесе қызыл от жанған әйнек арқылы, жолға көлденеңнен тұрып алу арқылы, қауіптілік туралы жалған белгі беру, семафордың тыйым салынған белгісін іске қосу арқылы жолды бөгеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Құрамы жағынан қылмыс – материалды, өзбетімен поезды тоқтатуға жауапкершілік адам өлімі немесе өзге ауыр зардаптар орын алған жағдайда ғана көзделеді. Өзге ауыр зардаптардың қатарына: бір немесе бірнеше жәбірленушілердің денсаулығына ауыр немесе орташа ауыр зиян келтіру; адам өлімі; ірі көлемде залал келтіру; жол құрылыстарын, көлік құралдарын зақымдау; көлік қозғалысының ұзақ уақытқа тоқтап қалуы; тасымалданушы жүктердің жойылуы немесе зақымдануы және т.б. жатады.

Субъектілік жағынан қылмыс екі нысандағы кінә түрімен сипатталады: іс-әрекет жөнінде қасақаналық, ал одан туындайтын зардап жөнінде абайсыздық). Аталған зардаптарға қатысты ниет болған

жағдайда айыптының жауаптылығы тиісінше жағдайларда жеке адамға немесе жеке меншікке қарсы жасалған қылмыс ретінде ҚР ҚК 350-бабы бойынша жауаптылыққа тартылады.

Бұл қылмыстың субъектісі – темір жол көлігінің жұмысшысы болып табылмайтын, 16-ға толған кез-келген ақыл-есі дұрыс адам. Егер бұл әрекетті жұмысшы жасаса ол ҚК 344-бабына сәйкес жауаптылыққа тартылады.

Поезды өзбетімен тоқтату кейде жолаушыларға қоқан-лоқы немесе зорлық көрсету сияқты қоғамдық тәртіптің бұзылуымен де байланысты болады. Бұл жағдайларда кінәлі ҚК 347-бабында көрсетілгендей, бұзақылығы үшін жауапқа тартылады.

Поезды аса қажеттілік жағдайында (мысалы, жолаушылардың өмірі мен денсаулығына қатер төндірмеу мақсатымен, темір жол көлігінің қауіпті ақауы туралы белгілі болған жағдайда, қылмыскерді ұстау кезінде және т.б.) өз бетінше тоқтату қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырмайды.

Көлікте қолданылатын қағидаларды бұзу – ҚК 353-б.

Көлікте қолданылатын ережелерді бұзуға жауапкершілік ҚК 353-бабында қарастырылған. Қозғалыс қауіпсіздігін барлық жағдайда қамтамасыз ету жол, құрылыс және басқа да ұйымдарда қызметін басқаратын тұлғалардың және көлік құралдарының үздіксіз және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін көлік жолдары мен құрылымдарындағы жағдайларға жауап беретін рекеттеріне қажетті деңгейде мән бермеусіз мүмкін емес. Оларға жол жағдайларының себептеріне байланысты болған жол-көлік оқиғаларына келген залалдар үшін де жауапкершілік артылады.

Қарастырылып отырған қылмыстың объектісі – нақты механикалық көлік құралдары қозғалысының және оларды пайдаланудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясындағы қоғамдық қатынастар болып табылады. Ал қосымша объектісі – жәбіршіленушілердің өмірі мен денсаулығы немесе мүліктің сақталуы.

Қылмыстың объективті жағы үш түрлі міндетті белгілермен сипатталады: а) көлікте қолданылатын тәртіп қорғау және қозғалыс қауіпсіздігі ережелерін бұзу; б) қоғамға қауіпті зардаптар; в) аталған ереже бұзушылықпен орын алған зиянды зардаптар арасында себепті байланыстың болуы.

Қазақстан Республикасы ҚК-тің 353-бабының диспозициясы бланкетті болып табылады және аталған қылмыстың белгілерін анықтау үшін тәртіп қозғау және қозғалыс қауіпсіздігін реттеуші арнайы ережелерге жүгінген жөн. Олардың қатарына жолда жүру

ұйымдарының техникалық құралдарды пайдалану ережелерін (ГОСТ 23457-73), жол белгілерінің ережелері (ГОСТ 13508-74), құрылыс нормалары мен ережелері (СНИП 2-05-85) және басқаларын атауға болады.

Нәтижесінде жол-көлік оқиғасының болуына әкеп соқтырған, жолдың жүруге арналған бөлігін, жол құрылыстарын, техникалық жабдықтарды (бағдаршамаларды, жол белгілерін, т.б.) тиісті дәрежеде ұстау тәртіп қорғау және қозғалыс қауіпсіздігі ережелерін бұзу болады.

Қылмыстың құрамы – материалды. Заңда көрсетілген зардаптар (ірі көлемде залал, орташа ауырлықтағы дене зақымы) орын алу сәтінен бастап қана бұл әрекет аяқталған болып бағалана алады.

ҚК-тің 350-бабының ескертуіне сәйкес осы тараудың баптарында азаматқа айлық есептік көрсеткіштен жүз еседен асып түсетін мөлшерде келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке қылмыс жасаған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асып түсетін мөлшерде келтірілген залал ірі көлемдегі залал деп танылады.

Қылмыстың объективті жағының белгілерін анықтау кезінде жоғарыда аталған зардаптар дәл өлікте қолданылатын тәртіп қорғау және қозғалыс қауіпсіздігі ережелерін бұзудың нәтижесі болып табылуы тиіс, яғни себепті байланысты болуы керек.

ҚК-тің 353-бабымен көзделген қылмыстың субъектісі – арнайы, яғни жол, құрылыс және басқа ұйымдарда басқару міндеттерін атқарушы, сол сияқты, жол қозғалысын ұйымдастырушы тұлғалар.

Қарастырылушы іс-әрекеттің субъективті жағы – кінәнің қасақана түрінің болуымен сипатталады. Айыпты көлікте қолданылатын тәртіп қорғау және қозғалыс қауіпсіздігі ережелерін бұза отырып, қоғамға қауіпті зардаптардың орын алуы мүмкін екендігін болжап біледі, бірақ оларға немқұрайлықпен қарайды (немқұрайлықпен жасалған қылмыс).

ҚК-тің 353-бабының 2-бөлімінде ауыр зардаптарға әкеп соқтырған тәртіп бұзушылық үшін жауаптылық белгіленген. Осындағы ауыр зардаптар деп жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келуін, бір не одан көп тұлғалардың өлімін, көлік құралдарының зақымданып немесе жойылуын, көлік қозғалысының ұзақ уақытқа тоқтап қалуын түсіну керек.

Кеме капитанының апатқа ұшырағандарға көмек көрсетпеуі - ҚК 357-б.

Отандық заңда алғашқы рет теңізде немесе өзге де су жолында апатқа ұшыраған адамдарға кеме капитанының, егер осы көмек көрсету

өзінің кемесіне, оның экипажы мен жолаушылары үшін елеулі қауіп келтірмейтін болғанда көмек көрсетпеуі – қылмыс деп саналып, кінәлі адам Қылмыстық кодекстің 357-бабы 1-тармағы бойынша жауапқа тартылады.

Теңізде апатқа ұшыраған адамдарға жан-жақты көмек көрсету ерекше адамшылық көмек көрсету ретінде теңізде жүзу басталғаннан бері кеме капитанына жүктелген. Қазіргі уақытта мұндай міндетті атқару бірнеше халықаралық конвенциялар негізінде орындалады. Мысалы, 1910 жылы 23-қыркүйекте теңізде адамдарға көмек көрсету және құтқару туралы бірқатар ережелерді біріктіруге арналған Брюссель Конвенциясының 11-бабында былай делінген: «Теңіз бетінен табылып өлім қатері төніп тұрған кез-келген тұлға кемеге, экипажға және жолаушыларға елеулі қауіп келтірмей көмек көрсету, тіпті ол жаулары болса да қол ұшын беру әр капитанның міндеті».

Ашық теңіз туралы 1958 жылғы Конвенцияның 12-бабында әр мемлекет оның туы астында жүзіп жүрген кез-келген кеменің капитанына теңізде табылып өлім қатері төніп тұрған кез-келген тұлға кемеге, экипажға және жолаушыларға елеулі қауіп келтірмей көмек көрсетуді; егер апатқа ұшырағандардың көмекке мұқтаждығы туралы хабарланса бар жылдамдықпен оларға көмекке жетуді міндетіне артады.

Дәл осындай ереже Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17-қаңтарындағы (20.12.2004 ж. өзгерістер енгізілген) «Сауда үшін теңізде жүзу туралы» Заңының 31-бабы 2-тармағында көрсетілген.

Нақты қылмыстың тікелей объектісіне теңізде немесе өзге де су жолында апатқа ұшыраған адамдардың өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар жатады. Осымен қатар оған И.М.Тяжкова қиындыққа ұшыраған адамдардың өмірі немесе денсаулығын жатқызады.

А.И.Коробеевтің ойынша тұлғаның әрекет етпеуі адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей залал келтірмейді, ол басқа қатынастар жүйесін – теңіздегі адамдар өмірін қорғау саласындағы қоғамдық қауіпсіздік қатынастарын бұзады, яғни көрсетілген зиян жанама жасалады.

Қарастырылып отырған қылмыстың объектілік жағына апатқа ұшыраған адамдарға көмек көрсетуге міндетті болса да, кеме капитанының әрекетсіздігі жатады. Апатқа ұшырағандар кеме апатқа ұшырағаннан кейін өмірлеріне қауіп төнген адамдар. Олар тікелей суда, батып бара жатқан кемеді, құтқарушы жабдықтарда (шлюпкада, плотта) немесе басқа да заттарда (кеме қалдықтарында) болуы мүмкін.

Заң бойынша бұл адамдардың: кеменің апатқа ұшырауы, әуе апаты, жүзу құралдарының аударылуы немесе соқтығысуы болсын, қандай себептермен қатерлі жағдайда қалғаны маңызды емес.

Қылмыстың құрамы – формальды. Кеме, оның экипажы мен жолаушылары үшін елеулі қауіп келтірмей қажетті көмек көрсетуге нақты мүмкіндігі болған кеме капитаны көмек көрсетпеген апатқа ұшырағандар табылған немесе апат белгілері не апатқа ұшырағандар туралы сенімді мәліметтер алынған сәттен бастап іс-әрекет аяқталған болып есептеледі.

Заң шығарушы капитанның міндетін тек кемеге, оның экипажы мен жолаушылары үшін елеулі қауіп келтірмеген кезде ғана көмек көрсету керек деп көрсеткен. Елеулі қауіпке мысалы, кеменің аударылуы немесе соқтығысуы қауіпі төнуі, экипаж мүшелерінің, жолаушылардың өлімі немесе денсаулығына елеулі зиян келу қауіпі, күрделі метеорологиялық жағдай (дауыл, теңіз дауылы), соқтығысу нәтижесінде кемеге зақым келу жатады.

Егер көрсетілген көмек құтқарушылардың өздеріне қауіп төндірсе, онда кеме капитанының жауапкершілігі Қылмыстық кодекстің 34-бабын есепке алына отырып анықталады, аса қажетті жағдайда Қылмыстық кодекстің 35-бабы бойынша негізделген қатер ретінде анықталады.

ҚК 357-бабының 1-тармағының диспозициясы бойынша қылмыс жасалған орын теңіз немесе басқа да су жолдары (мұхит, өзен, көл, су каналы, порт акваториясы) болып табылады.

Қылмыс субъектілік жағынан тікелей қасақаналық нысанмен сипатталады. Қылмыстық кодекске түсініктеме беруші авторлар бұл әрекет тек тікелей ниет түріне жатады деп есептейді. А.И.Коробеевтің көрсетуінше ол тек тікелей ниетте ғана емес, жанама ниетте жасалуы мүмкін. Біздің ойымызша, бұл жерде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің түсініктеме беруші авторларының пікірін ұстану керек, себебі қылмыс формальды құрамды болғандықтан тек тікелей ниетте болады. Кеме капитанының өз мінез-құлқына селқос қарап, немесе саналы түрде осыған барған жағдайды елестетудің өзі қиын.

Апатқа ұшырағандарға көмек көрсетпеудің себептерінің өзі де әртүрлі (әкеле жатқан жүкке алаңдау, пайдакүнемдік және т.б.) себеп бұл қылмыстың құрылымдық белгісі болып табылмайды, сондықтан сотта тек жеке жаза белгілеуде ғана ескеріледі.

ҚК 357-бабының 2-бөлімінде көзделген қылмыстың объективтік жағы теңізде не өзге де су жолында соқтығысып қалған екі кеменің бірінің басқа кемені құтқару үшін тиісті шаралар, егер бұл шараларды

өз кемесіне, оның экипажы мен жолаушыларына елеулі қауіп төндірмей қолдану мүмкін болса, қолдануға міндетті капитанның қылмысты әрекетсіздігінен тұрады.

Капитанның көрсетілген шараларды қолдану міндеті Ашық теңіз туралы 1958 жылғы Конвенциясының 12-бабында бекітілген және осыған сәйкес ол өзінің кемесінің атын, оның тіркелген портын және өзі кіріп тоқтайтын ең жақын портын хабарлауы керек. Бұл ереже кейіннен Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17-қаңтарындағы (20.12.2004 ж. өзгерістер енгізілген) «Сауда үшін теңізде жүзу туралы» Заңының 31-бабы 2-тармағында бекітілген.

Теңізде немесе су жолында соқтығысқан кемелердің бірінің капитанының басқа кемені құтқару үшін тиісті шаралар қолданбауы абайсызда кеменің опат болуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса,

егер бұл шараларды өз кемесіне, оның экипажы мен жолаушылары үшін елеулі қауіп төндірмей қолдану мүмкін болса – ол үшін жауаптылық осы баптың 2-бөлімінде көрсетілген. Бұл жерде жауаптылық соқтығысуға кінәлінің кім екеніне қарамастан анықталады.

Кеме капитанының басқа кемеге екінші кеменен соқтығысуынан зардап шеккендерге көмек көрсетпеуі ҚК 357-бабының 1-б. қарастырылған әрекеттер белгісін құрайды.

Қылмыс құрамы – материалды және тұлғаны жауаптылыққа тарту үшін заңда көрсетілген талаптардың орын алуы және әрекет пен зардаптардың арасында себепті байланыс болуы керек. Ауыр зардаптарға – жәбірленушілердің денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруді, бір не одан да көп тұлғалардың өлімі жатады.

Қылмыстың субъектілік жағы – кінәнің қылмысты менмендік немесе қылмысты немқұрайлықпен абайсыз нысанда жасауымен байланысты. Кеме капитаны өзінің кемесімен соқтығысып қалған басқа кемені құтқару бойынша тиісті шаралар қолданбау нәтижесінде зиянды зардаптардың орын алуы мүмкін екендігін болжап біледі, бірақ оларды болдырмауға жеткілікті негіздерсіз сенеді немесе зиянды зардаптардың орын алуы мүмкіндігін алдын-ала болжап білмейді, бірақ қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда оларды болжап білуге тиіс және болжап біле алар еді.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекске түсініктеме берген авторлармен келісуге де болады, олар ҚК 305-бабының 2-т. сипатталған қылмыс тікелей қасақана жасалған нысанды

деп есептейді, себебі капитан басқа кемеңі құтқару үшін қажетті мүмкіндігі бола отырып көмек көрсетпегенін сезеді.

Қылмыс субъектісі –арнайы. Оған кез-келген кластық (теңіз, өзен) кеме капитаны және арнайы тағайындалған оның міндетін атқарушы тұлға (капитан көмекшісі, шкипер), немесе кемедегі жалғыз адам жатады.

Апатқа ұшырағандарға көмек көрсетпеген басқа тұлғалар (экипаж мүшелері) ҚК 119-бабы (Қауіпті жағдайда қалдыру) бойынша жауапқа тартылады.

Ұшудың халықаралық ережелерін бұзу – ҚК 360-б.

Ұшудың халықаралық ережелерін бұзуға жауаптылық Қазақстан Республикасы ҚК 360-бабы бойынша қарастырылады. Ұшудың халықаралық ережелерін бұзу заңда рұқсатта көрсетілген маршруттарды, қону орындарын, әуе қақпаларын, ұшу биіктігін сақтамау ретінде анықталады.

Халықаралық деп әуе көлігінің Қазақстан Республикасы әуе шекарасының басқа да мемлекеттермен кесіп өтуін айтады, ол мына заң актілері арқылы реттеледі: Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 13-қаңтарындағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы» Заңы (15.07.96 ж.; 10.07.2002 ж., 20.12.2004 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); заңдық күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20-желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация әрекеті туралы» Жарлығы; Қазақстан Республикасы

әуе Кодексі, 1997 жылғы 28-ақпанындағы әуе кеңістігін қолдану туралы Ережесі. Нақты қылмыстың белгілерін анықтау үшін жоғарыда аталған нормативтік актілерге жүгіну керек.

Әуе көліктері Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын ұшып өту үшін арнайы әуе коридорлары арқылы кесіп өтеді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан белгіленген коридорлардан тыс жерлер арқылы ұшып өту тек қана республикалық өкілетті органдардың рұқсатымен жүргізіледі. Жоғарыда аталған 20.12.95 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының 2-бабы Қазақстан Республикасына Қазақстан Республикасының құрғақ және су аймағында орналасқан және оның аймақтық суларыныңдағы әуе кеңістігі толықтай жатады деп көрсеткен. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі мемлекеттік меншікке жатады және оның мемлекеттік территориясының бөлігін құрайды.

Ведомстволық иелігіне қарамастан әуе көліктерінің ұшуы бекітілген халықаралық әуе трассалары мен маршруттардың негізінде және келесі тәртіпте орындалады:

а) Қазақстан Республикасының халықаралық келісімі;

б) заңда бекітілген тәртіпте құзырлы органдардың рұқсатымен бір реттік ұшуға арнайы рұқсат арқылы. Сондай-ақ әуе көліктері азаматтық әуе көліктерінің мемлекеттік реестрінде тіркелуі керек. 73

Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберіндегі қоғамдық қатынастар – қылмыстың объектісі болып табылады.

Қарастырылушы қылмыстың объективті жағы – ұшуға берілген рұқсатта көрсетілген бағыттан, берілген биіктіктен, әуе қақпаларынан ауытқуды білдіретін әрекеттің болуымен сипатталады. Шекараны мерзімі ескірген рұқсатпен, қашық байланыс құралдарын сөндіріп тастап кесіп өту, т.б. ұшудың халықаралық ережелерінің басқаша бұзылу түрлері ретінде белгілі.

ҚК-тің 360-бабының 1-бөлімі құрылымы жағынан формальды болып табылады. Осында көзделген іс-әрекет ұшудың халықаралық ережелерінің тиісті тармақтарын бұзушы әрекеттің өзі жасалған сәттен бастап аяқталған болып есептеледі.

Әуе көлігінің экипаж мүшелері, ұшудың халықаралық ережелерінің сақталуы үшін жауапты тұлғалар бұл қылмыстың субъектілері болуы мүмкін.

Субъективтік жағынан алғанда бұл тікелей немесе жанама ниет түріндегі қасақана қылмыс. Кінәлі өз іс-әрекеттерінің қоғамға қауіпті сипатын сезінеді, оның нәтижесінде болатын зиянды залалдарды алдын ала біледі және оның болуын қалайды (қасақана ниет немесе қаламайды, бірақ ол залалдардың болуына жол береді, ол немқұрайлықпен жасалған әрекетпен тең (жанама ниет).

ҚК-тің 360-бабындағы 2-бөлімі бойынша тұлғаны жауаптылыққа тарту үшін адам өлімі немесе өзге ауыр зардаптар түріндегі қоғамға қауіпті зардаптардың орын алуы қажет.

Өзге ауыр зардаптар деп – жоғарыда аталған әрекеттерді жасау нәтижесінде адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауыр зиянын келтіруді, екі не одан да көп тұлғалардың өлімін, әуе көлігінің зақымдануын немесе қирауын түсіну керек.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері

Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық пен өзге де қылмыстардың ерекшелігі қоғамдық қауіпті әрекеттерді заңдарды сақтау және қорғауға міндетті адамдардың жасауында болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары екі жақтылықтың, яғни екі тұстың болуымен сипатталады: біріншіден, өзінің қызметтік жағдайын пайдаланушы мемлекет қызметкері, екіншіден, қызметтік мүдделеріне қарсы әрекетін өзінің пайдасы үшін қолданатын адамдар.

Аталған қылмыстардың кең таралуы мемлекет аппаратының сыбайластығы заң шығарушыны мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстармен күресуде қатаң шаралар қолдануына мәжбүрлейді.

Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық пен өзге де қылмыстармен күрес саласындағы заң шығарумен және өзге де құқық қолдану мәселелерін шешу «сыбайлас жемқорлық қылмыстары» мен «мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар» ұғымдарының мағынасы мен мазмұндарын түсінуді талап етеді, олардың анықтамасы заңда және заң әдебиеттерінде осы сұрақтарды қарастыруда бірыңғай көзқарастың болмауымен күрделене түскен.

Қарастырылып отырған қылмыстардың белгілерінің ерекшелігін көрсету және осының негізінде мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар түсінігінің қалыптасуы қылмыстың мына белгілерін ашуда маңызды: қоғамдық қауіпті әрекеттерді саралау, қылмыстың сабақтас құрамдарының айырмашылығын анықтау, аталған қылмыстар және өзге де құқық бұзушылықтарды шектеу.

ҚР Қылмыстық кодексі мемлекеттік қызмет пен коммерциялық ұйымдар және қоғамдық бірлестіктердегі қызметті біріктіруге жол бермеу принципін негізге алып, екі жеке тарауды қарастырады, мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы (ҚК 13-тарау), коммерциялық және өзге ұйымдардың мүдделеріне қарсы қылмыс (ҚК 8-тарауы) үшін қылмыстық жауаптылық анықталған.

2003 ж. 25 қыркүйегіндегі «Сыбайлас жемқорлықпен күрес сұрақтары бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы» ҚР Заңына сәйкес ҚР ҚК 13 тарауы «Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар» деген атауға ие болды.

Заңдардың өзгертілуіне байланысты мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар түсінігін дұрыс анықтау қажеттілігі туындайды.

Қарастырылып отырған сұрақтардың шешімі 1998 ж. 2 шілдесіндегі ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңының 2-бабы, 1 тармағының мазмұнындағы сыбайлас жемқорлықтың түсінігі берілген.

«Осы Заңда мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады».

«Сыбайлас жемқорлық» ұғымын «сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар» ұғымынан ажырата білу керек және 1998 ж. 2 шілдедегі ҚР Заңының 1 бабының 2 тармағында «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы аталған заңмен және басқа да заңдармен қарастырылатын заңмен бекітілген тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкелетін сыбайлас жемқорлықпен тікелей байланысты немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдайлар жасайтын әрекеттер жатады» делінген.

Кейбір ТМД елдерінің заң актілерінде сыбайлас жемқорлық ұғымы осыған сәйкес қарастырылады.

1997 ж. 26 маусымындағы Беларусь Республикасының «Ұйымдасқан қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары туралы» Заңының 1-бабы сыбайлас жемқорлық – «мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті, не оған теңестірілген тұлғаның өз қызмет орнын және онымен байланысты мүмкіндіктерін өзіне немесе жақын туыстарына құқыққа қарсы мүліктік немесе мүліктік емес игіліктер, жеңілдіктер және артықшылықтар түсіру мақсатында қасақана пайдалану, сонымен бірге, өзіне немесе жақын туысқандарына құқыққа қарсы мүліктік және мүліктік емес игіліктер,

жеңілдіктер және артықшылықтар түсіру жолында көрсетілген тұлғаны парамен сатып алу, сонымен қатар көрсетілген тұлғалардың құқыққа қарсы және заңды тұлғалар арқылы осы игіліктерді түсіру үшін парамен сатып алу» деп көрсетілген.

Сыбайлас жемқорлық туралы Украинаның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңының 1-бабында сыбайлас жемқорлық - «уәкілетті тұлғалардың өздеріне берілген өкілеттіктерін құқыққа қарсы материалдық игіліктер, қызмет көрсетулер, жеңілдіктер және артықшылықтар түсіруге бағытталған мемлекеттік қызметті пайдалану қызметі» делінген.

Қырғыз Республикасының Қылмыстық кодексінде сыбайлас жемқорлық - «билік өкілеттігіне ие бір немесе бірнеше қызметтік тұлғалардың құқыққа қарсы тұрақты байланысын жасайтын жеке және топтасып заңсыз материалдық, басқа да игіліктер және артықшылықтар түсіру немесе заңды не жеке тұлғаларға осы игіліктер мен артықшылықтарды түсіру мақсатындағы қасақана әрекеттер» делініп, жеке қылмыс ретінде қарастырылады.

Біздің пікірімізше, Қырғыз Республикасының ҚК аталған бабының жалпылық сипаттамаға ие болуы, түсінігінің аса кең болуы оның тиімді қолданылуын жетілдіруге мүмкіндік бермейді.

Заң әдебиеттерін талдау сыбайлас жемқорлық ұғымының сипаттамасының ғалымдар арасында ортақ көзқарасының жоқтығын көрсетеді.

Сонымен, А.Н. Ағыбаев сыбайлас жемқорлық «қылмыстық-құқықтық жағынан қарағанда синтетикалық, әлеуметтік және қылмыстық ұғым, сондықтан оны нақты құрам ретінде қарамай, әрекеттердің жақын түрлерінің жиынтығы деп түсіну керек». Сол себепті, автордың ойынша, «қылмыс ретінде жазаланатын сыбайлас жемқорлық – сыбайлас жемқорлықтың бір ғана түрі, мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті, сот төрелігін қадағалау, бақылау органдарын басқару, ұйымдастырушы – билік ету немесе әкімшілік - тұрмыстық қызметтік мәртебесін, қызмет өкілетті лауазымды тұлғалардың немесе мемлекеттік қызметкерлердің және онымен байланысты мүмкіндіктерін заңмен қарастырылмаған материалдық, өзге де игіліктер, артықшылықтарды өзіне, сонымен бірге құқыққа қарсы осы игіліктер мен артықшылықтарды жеке және заңды тұлғаларға түсіру деп түсіну керек». Соның ішінде сыбайлас жемқорлықтың негізгісі, автордың ойынша, «өміршең ортаның қажетті құрамы болып табылатын топтасқан қылмыстың катализаторы болуы» .

Б.В. Волженкеннің пікірінше, «коррупция» этимологиялық термині «параға сатып алу» мағынасын беретін латын сөзінен жасалады». Сондықтан, автор «сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік қызмет атқарушы мемлекеттік қызметкер және басқа тұлғалар өздерінің қызмет орнын, мәртебесін, беделін, өзінің бауы және топтың мүддесі үшін пайдакүнемдік мақсатында пайдаланатын құбылыс» деп түсіндіреді.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына түсініктеме мен мақалалар бойынша материалдардың авторлары: «Сыбайлас жемқорлық көп құрылымды және көп деңгейлі әлеуметтік-құқықтық құбылыс, оның логикалық көлеміне бірыңғай қоғамдық қауіпті әрекеттер кешені кіреді» деп жазады.

А.И.Долгованың пікірінше, сыбайлас жемқорлық - бұл «параға сатып алумен сипатталатын мемлекеттік және өзге де қызметтің пайдакүнемдік негіздегі өзінің немесе топтың қамы үшін жеке қызмет өкілеттігінің пайдакүнемдік мүддесі үшін беделі мен мүмкіндіктерін сататын қоғамдық құбылыс» .

М.О.Нукеновтың ойынша, «сыбайлас жемқорлық ядросы парақорлық болып табылады», сыбайлас жемқорлық тура мағынасында құқық категориясы емес, себебі заңдық тұжырымы жоқ. Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлық түсінігі көбінесе заң шығармашылық қызметі мен құқық қолдану тәжірибесіне әсерін тигізеді .

Г.А.Сатаров «мемлекеттік қызметкер құқықпен белгіленген және мәдениет пен әдеп нормаларының қоғаммен мақұлданатын мақсаттары арқылы шешім қабылдануы тиіс. Сыбайлас жемқорлық осы мақсаттар лауазымды тұлғаның пайдакүнемдік әрекеті ретінде жүзеге асуында басталады» дейді. Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлық қызмет мүдделерінің әдеп нормасын бұзу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық түсінігін сипаттайтын түрлі көзқарастарды қарастырып, келесідей жүйеледік:

1. Сыбайлас жемқорлық қызмет өкілеттігін пайдакүнемдік мақсатында асыра пайдалану ретінде қарастырылады;

2. Сыбайлас жемқорлық жеке мүддесі үшін де, қызметкерін параға сатып алумен сипатталатын пайдакүнемдік мақсаттағы жағдайларда да мемлекет қызмет өкілеттігін асыра пайдаланумен ұқсастырылады;

3. Сыбайлас жемқорлық ұйымдасқан қылмыстың элементі ретінде сипатталады;

4. Сыбайлас жемқорлық - лауазымды тұлғаның (өзге де мемлекет қызметкері) өз қызмет өкілеттіктерін қасақана бұзу.

Жекелеген ғалымдар сыбайлас жемқорлықты паракорлықпен ұқсастырады .

Біздің пікірімізше, сыбайлас жемқорлық түсінігі және оның көріну белгілерін анықтау аталған құбылыстың әлеуметтік мәнін түсінуге негізделуі тиіс. Сыбайлас жемқорлықтың мәні мемлекет аппаратының қызметінің қалыптасқан тәртібін бұзумен сипатталады, ал нәтижесінде биліктің дифформациялануына әкеліп соғады.

1978 ж. 17 желтоқсанның лауазымды тұлғаның мінез-құлқы туралы Кодекске сәйкес БҰҰ Бас Ассамблеясының анықтауы бойынша «сыбайлас жемқорлық –жеке мақсаттағы пайда түсіру үшін мемлекеттік билікті асыра пайдалану» делінген.

Сыбайлас жемқорлық билікті және онымен байланысты мүмкіндіктерді жалпы қоғам мүддесі үшін емес, жеке тұлға топтасқан адамдардың пайдакүнемдік мақсатында немесе жеке мүдделері үшін пайдалану деп түсінуге болады. Басқаша айтқанда, сыбайлас жемқорлық көпшілік билікті жеке мақсаттары үшін заңсыз пайдалану болып табылады. Сыбайлас жемқорлық салыстырмалы анықтамасы жоғарыда атап өткеніміздей, 1998 жылдың 2 шілдесіндегі ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңында (тол. мен өзг.) көрсетілген.

Сонымен, ҚР аталған заңында осы құқық бұзушылықтың құрамының негізгі белгілері көрсетілген.

Заңның 2-бабы, 2-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзу әрекеті тәртіптік- әкімшілік жағымсыз әрекет және қылмыстар болып бөлінеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары 1998 ж. 13 қазанындағы ҚР Бас прокурорының және 1998 ж. 16 қазан ҚР әділет Министрлігінің бірлескен бұйрығы 21 қылмыс құрамын қамтыса, 1999 ж. 4 наурызы ҚР Бас прокурорының және 1999 ж. 9 наурызындағы ҚР Әділет Министрлігінің 17 қылмыс құрамын қамтыған бірлескен бұйрығы, кейін 2000 ж. 5 маусымында Бас прокурордың 16 қылмыс құрамын қамтыған бұйрығымен анықталады.

ҚР Бас прокуроры мен ҚР Әділет Министрлігі бірлескен бұйрығының 2 тарауында лауазымды тұлға пайдакүнемдік немесе сыбайластыққа жол ашатын, жағдай жасалатын басқа жеке мүдделерінен жасалатын өзге де қылмыстарды сыбайлас жемқорлыққа жатқызуға болады. Ал аталған бұйрықтың 2 тарауына сәйкес қандай да болмасын өзге қылмыстарды сыбайлас жемқорлыққа жатқызу қылмыстық құқық теориясында және соттық тергеу тәжірибесінде белгілі қиыншылықтар туғызады .

Осыған байланысты 2003 ж. 25 қыркүйегінде ҚР Заңы мен Қылмыстық кодексіне елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді: 361, 362, 365, 369, 370 баптарының диспозициясы қайтадан редакцияланды, Қылмыстық кодекстің 366, 367 баптарының редакцияларына өзгерістер енгізілді, ҚК 361 б. ескертуіндегі сыбайлас жемқорлық қылмыстың субъектілері анықталды.

2007 ж. 21 шілдеде ҚР «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңмен ҚР ҚК 361 баптын ескертудің 5 тармақшасына заң шығарушы сыбайлас жемқорлық қылмысына 14 қоғамға қауіпті әрекеттерді жатқызған:

- ҚК 189 б. 3 б «2» тармағы (мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның, не оған теңестірілген адамның біреудің сеніп тапсырған мүлігін иемденуі немесе жұмсауы);

- ҚК 190 б. 3 б. «2» тармағы (мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адам, не оған теңестірілген адам жасаған алаяқтық, егер ол қызмет бабын пайдаланумен ұштасса);

- ҚК 215 б. 2 б. «4» тармағы (мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адам, не оған теңестірілген адам жасаған жалған кәсіпкерлікті, егер оларды өз қызмет бабын пайдаланумен ұштасса);

- ҚК 218 б. 3 б «1» тармағы мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті не оған теңестірілген адамның өз қызмет жағдайын пайдаланып заңсыз қол жеткізген ақша не өзге де мүліктерді жария ету;

- ҚК 234 б 3 б «1» тармағы мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті тұлға не оған теңестірілген тұлға өз өкілеттігін пайдаланып экономикалық контрабанда жасаса;

- ҚК 361 б. (Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану);

- ҚК 362 б. 4 б «3» пунктінде (өзіне немесе өзге тұлғаларға не ұйымдарға пайда мен артықшылықтар түсіру, басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян тигізу мақсатында) билікті немесе қызмет өкілеттігін асыра пайдалану;

- ҚК 364 б. (кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу);

- ҚК 366 б (пара алу);

- ҚК 367 б (пара беру);

- ҚК 368 б (парақорлыққа делдал болу);

- ҚК 369 б (қызметтік жалғандық жасау);

- ҚК 370 б (қызметтік әрекетсіздік);

- ҚК 451 б (билікті асыра пайдалану не әрекетсіздік);

Сонымен, сыбайлас жемқорлыққа жататын 11 қылмыстың құрамы ҚР ҚК 15 тарауында

- ҚК 361 б – қызмет өкілеттігін пайдалану;
- ҚК 362 б 4 б «3» тармағы –билік не өкілеттікті асыра пайдалану, өзіне не басқа адамдарға немесе ұйымдарға пайда мен артықшылықтар не басқа адамдар мен ұйымдарға зиян тигізу мақсатында пайдалану;
- ҚК 364 б –кәсіптік қызметке заңсыз араласу;
- 366 б -пара алу;
- 367 б -пара беру;
- 368 б- парақорлыққа делдал болу;
- 369 б. қызметтік жалғандық жасау;
- 370 б. қызметтік әрекетсіздік.

Бұрын сыбайлыс жемқорлыққа жататын қылмыстар ҚР ҚК 41 бабының 1 ескертуінде болған.

Мемлекеттік қызмет және мемлекетті басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстарға заң шығарушы ҚР ҚК 363 б. (лауазымды тұлға өкілеттігін иемдену) және ҚР ҚК 371 б. (салақтық) қарастырылған құрамды жатқызады.

Заң әдебиеттерінде мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар қызметтік қылмыстар деп мемлекеттік аппараттың қалыпты қызметіне қол сұғатын қоғамдық қауіпті әрекеттер түсіндіріледі, бұл әрекеттерді арнайы субъектілер (мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті не оған теңестірілген тұлғалар және лауазымды тұлғалар) өздеріне берілген қызмет өкілеттіктерін азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне және қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзу жатады .

Осы анықтамадан көрсетілген қылмыстың негізгі белгілері:

мемлекеттік аппараттың (қылмыс объектісі) қалыпты, заңды қызметіне қол сұғушылық;

азаматтардың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі түрде зиянын тигізетін, қызмет мүддесін бұзатын тұлғалардың әрекеті немесе әрекетсіздігі (қылмыстың объективтік жағы);

кінәлінің қасақана немесе абайсыздан жасаған қоғамдық қауіпті әрекеттері (қылмыстың субъективтік жағы);

мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті не оған теңестірілген тұлғаның, лауазымды тұлғаның қоғамдық қауіпті әрекеттері (қылмыстың арнайы субъектісі).

ҚР ҚК 367 б. (пара беру) мен ҚК 368 б. (парақорлыққа делдал болу) ұқсастық бар, оларда субъект –ортақ.

ҚР ҚК осы белгілерілерінің жиынтығы ҚК 15 тарауында қарастырылған қылмыстың мазмұнын құрайды.

ҚК ҚК 15 тарауында қарастырылған қылмыстардағы қолсұғушылықтың объектісі мемлекеттік аппараттың және жалпы және жекелеген звенолардағы жергілікті өзін-өзі басқару аппаратының қалыпты қызметі болып табылады.

Кейбір қылмыстардың қосымша объектісі ретінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделері қарастырылады.

Жекелеген қылмыстардың міндетті белгілері олардың заты болып саналады: ақша, құнды қағаздар, өзге де мүліктер (ҚР ҚК 366-368 б.б.), ресми құжаттар (ҚР ҚК 369 б.)

Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге қылмыстардың көпшілігі әрекет арқылы жүзеге асады, тек қызметтік әрекетсіздік (ҚК 370 б.) және салақтық (ҚК 371 б.) әрекетсіздікпен жасалынады.

Аталған әрекеттер объектілік жақтың құрылымы бойынша 2 топқа бөлінеді:

- материалдық құрылымды қылмыстар (ҚК 361-363, 370, 371 б.б.)
- формальды құрылымды қылмыстар (ҚК 364-369 бб.)

Материалдық құрылымды жақтың міндетті белгілеріне заң шығарушы азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін елеулі түрде бұзатын әрекеттерін жатқызуға болады.

Азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзу, ең алдымен, құқық қорғаушы объектілерін елеулі түрде материалдық шығынға ұшырату.

Елеулі түрдегі материалдық шығын мүліктік, жекелік және ұйымдық болып бөлінеді.

Мүліктік шығын қылмыс жасалған кездегі ҚР заңымен анықталған айлық көрсеткіш есеп мөлшеріндегі ақшамен анықталады.

Жәбірленушінің денсаулығына жеңіл немесе орташа ауырлықты зиян тигізген жағдайда жекелеген зиянды елеулі деп есептейді.

Ұйымдық зиян кәсіптің, ұйымның жұмысын тоқтату, азық-түліктің шығарылуын тоқтату, олардың жұмысына кедергілер тигізген жағдайлар саналады.

Елеулі түрдегі зиянға азаматтардың конституциялық құқығын, бостандығын бұзу, сол органның беделін түсіру, ауыр зардаптарын тигізу.

Материалдық зиянның түсініктемесі нақты кәсіпорын мекеменің қалыпты жұмысына кері әрекеттердің әсерінің деңгейі болып табылады, шығынның көлемі, жәбірленушінің саны, моральдық-физикалық, мүліктік шығын мен зиянның ауырлығы. Мүліктік-жекелік ұйымдық зияндар бағалық сипаттамаға ие.

ҚК 15 тарауында қарастырылған барлық қылмыстардың субъективтік жағы кінәнің қасақаналығымен сипатталады. ҚК 371 бабында қарастырылған қылмыс құрамы ерекше болып есептеледі. Онда кінәнің абайсыздық нысаны ғана мүмкін.

Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүддесіне қарсы сыбайлас жемқорлық және басқа да қылмыстардың міндетті элементі азаматтармен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзу болып табылады.

Құқық пен заңды мүдделерді бұзудың елеулілігін бағалауда істің барлық жағдайлар жиынтығын, соның ішінде сапалық және сандық жағынан тигізген зиянды ескеру керек.

Сапалық жақ заңның аталған құндылықтарын азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін бұзу фактісін анықтайды.

Сандық жақ осы құндылықтарды бұзудың мөлшерін, деңгейін бағалайды: нақты материалдық шығын, моральдік зиян, алынбай қалған пайда, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзу, залалдар, мемлекеттік органдардың беделін түсіру, қоғамдық тәртіпті бұзу т.б.

ҚР ҚК 361-366, 369-371 баптардың қылмыстың субъектілері заңға сәйкес арнайы субъектілер жатады, олар:

1. Мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті тұлғалар
2. Оларға теңестірілег адамдар
3. Лауазымды тұлғалар
4. Жауапты мемлекеттік қызмет атқарушы

ҚР ҚК 367-368 баптарда 16 жасқа келген есі дұрыс кез келген адам болады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың субъектісі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстардың субъектісі ҚР ҚК 3 бабында көзделген.

Аталған қылмыстың субъектілеріне заңға сәйкес арнайы субъектілер жатады:

1. Мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті адамдар
2. Оларға теңестірілген адамдар

3. Лауазымды адамдар

4. Жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адамдар.

ҚК 3 б. көрсетілгендей, мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамдарға лауазымды адамдар, Парламент пен маслихаттардың депутаттары, судьялар және ҚР мемлекеттік қызмет туралы заңында сәйкес барлық мемлекеттік қызметшілер.

«Лауазымды тұлға» ұғымы ҚР 361 б. заңды түрде бекітілген.

Көрсетілген ескертудің 3 тармағында лауазымды адамдарға - тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша өкімет өкілі қызметін жүзиге асырушы не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында өкімет өкілінің міндеттерін жүзеге асыратын не ұйымдастырушылық-билік етушілік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді орындаушы.

ҚР Парламент депутаттары өз ерекше мәртебесінің күшінде –заң шығарушы биліктің өкілдері, 1995 ж. 26 желтоқсанындағы (өзг. мен тол.) «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңымен анықталған кең шеңберлі өкілеттік, құқықтық жағдайға ие.

ҚР Парламенті заң шығарушы қызметін жүзеге асыратын жоғарғы өкілді орган болып табылады.

Депутаттардың өкілеттігі оның Парламент депутаты ретінде Орталық сайлау комиссиясына тіркелеген сәттен басталады.

Маслихат депутаты сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктердің тұрғын халықтың еркін жалпы мемлекеттік мүдделермен бірге көрсетеді. Маслихат депутаттарының өкілеттіктері «ҚР жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 ж 23 қаңтарындағы (өзг мен тол.) заңымен реттелген.

Мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті тұлғалардың ерекше санатын соттар құрайды, олардың тағайындалу реті 2000 ж. 25 желтоқсан «ҚР сот жүйесі және соттар мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңымен анықталады. Парламент және маслихаттар депутаттарына қызметке түсу үшін депутаттыққа кандидаттық үшін қойылған конституциялық талаптан басқа сайлауда сайлану фактісі қажет болса, соттардың өкілеттігін белгілеу ерекше реттеуді талап етеді. Сонда, соттыққа кандидаттар заң талаптарына сай болуы тиіс, әділеттің білікті алқасында сот қызметіне білікті емтихандар тапсырады және қызметке оларды Президент тағайындайды.

Мемлекеттік қызметкердің құқықтық мәртебесі 1999 ж. 23 шілдесіндегі «ҚР мемлекеттік қызметкер туралы» ҚР заңымен анықталған. ҚР мемлекеттік қызмет туралы заңына сәйкес мемлекеттік қызметкер екі түрге бөлінеді: саяси мемлекеттік қызметкер және әкімшілік мемлекеттік қызметкер.

ҚК 3-бабының 27,28-тармақтарына сай мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті адамдарға мына тұлғалар теңестіріледі:

1) Жергілікті өзін өзі басқару органдарына сайланған тұлғалар;

2) Заңмен бекітілген тәртіп бойынша ҚР Президенттілігіне, ҚР Парламені мен маслихатына депутаттыққа, сонымен бірге жергілікті өзін өзі басқару органдарына, сайлау мүшелігіне үміткер ретінде тіркелген азаматтар;

3) Жергілікті өзін өзі басқару органдарында еңбекақысы мемлекеттік бюджеттен бөлінетін уақытша не тұрақты қызмет атқарушылар;

4) Мемлекеттік үлесі 35% төмен емес мемлекеттік ұйымдарда және ұйымдарда, жарғылық капиталда басқарушылық қызмет атқарушы.

1. Жергілікті өзін өзі басқару деп жергілікті маңызды сұрақтарды өздігінен шешетін тұрғын халықтар топтары тұратын аймақтарды қамтитын ауылдық және қалалық жергілікті қоғамдастықтардағы сайлау және басқа өзін өзі басқару органдарының қызметі түсіндіріледі. Кейбір нормативтік-құқықтық актілерді жергілікті деңгейде кейбір қоғамдық-құқықтық институттарды реттеудің жеке сұрақтары бойынша жергілікті өзін өзі басқару органдарының құзыретін анықтау жүргізілу үстінде.

2. ҚР Президенттігіне, Парламент және маслихат депутаттығына, сонымен бірге жергілікті өзін өзі басқару органдарына сайлау мүшелігіне үміткер ретінде тіркелген азаматтардың құқықтық мәртебесі міндетті түрде Конституциямен және «ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңымен реттеледі. Заң тұлғаның ҚР Президенттігіне, Парламент және маслихат депутаттығына, сонымен бірге жергілікті өзін өзі басқару органдарына, сайлау мүшелігіне үміткер ретінде тіркелу тәртібін, сайлау компаниясының жүру барысында олардың қызметіне кепілдік, сайлау алдындағы үгіт-насихаттың өту реті, сайлауды, дауыс беру және дауыс берудің қорытындысын анықтау ретін т.б. анықтайды.

3. Мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті тұлғаға теңестірілген адамдар өз негізінде ешбір мемлекеттік қызмет

атқармайды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасында жергілікті өзін өзі басқару органдары (ҚР ҚК 361 б. 2 ескертуінің 1 тармағын қараңыз) жоқ, депутаттыққа үміткер ретінде тіркелген тұлғалар (ҚР ҚК 361 б. 2 ескертуі 2 тармағы) мемлекеттік қызмет атқармайды. Сондықтан осы субъектілердің құқықтық жағдайы мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті тұлғалар түсінігін оның қылмыстық-құқықтық мәртебелерін белгісіздікке итермелейді.

4. Еңбекақысы мемлекеттік бюджеттен бөлінетін жергілікті өзін өзі басқару органдарында тұрақты не уақытша қызмет атқаратын және ҚР ҚК 361 б. 2-ескертуінің 3, 4 тармақтарында көрсеткендей 35% мемлекет үлесіне тиетін мемлекеттік ұйымдарда, ұжымдарда, жариялылық каптиалда басқару қызметін атқаратын қызметкерлер. ҚР жергілікті өзін өзі басқару туралы заңының жоқтығы еңбекақысы мемлекеттік бюджеттен бөлінетін жергілікті өзін өзі басқару органдарында тұрақты не уақытша қызметкерлердің құқықтық мәртебесін талдауға мүмкіндік бермейді. Жергілікті өзін өзі басқару органдарында тұрақты немесе уақытша қызмет етушілерді нақты не заңды негізсіз бөлектеу мемлекеттік қызметкер туралы заңды күмәндануға әкеледі.

Лауазымды тұлға ұғымы ҚК 3-бабында заңды бекітілген. Онда лауазымды тұлға тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттігі бойынша сәйкес нормалар мен құқықтық актілерде бекітілген белгілі қызмет атқарады.

Арнайы өкілеттікте штаттық қызмет атқарушы тұлғаға белгілі ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-тұрмыстық міндеттеріне билік өкімінің қызметтерін тапсырады.

Бұл арнайы құқық актісіне лайықты толтырылуы немесе ауызша билік ету негізінде болуы тиіс.

Билік өкілдері деп заңмен бекітілген тәртіп бойынша өкілеттігіне сәйкес билік қызметін тек өзіне бағынышты жұмыскерлерге қатысты емес, сонымен бірге қызметтік тәуелсіз азаматтарға қатысты жүргізе алатын мемлекеттік органның лауазымды тұлғалары танылады.

Билік өкілін басқа лауазымды тұлғадан айыратын негізгі белгісі оның қызметі бойынша тікелей тәуелді емес тұлғаның қызметіне жетекшілік ету, ведомстволық бағынышты емес азаматтар мен ұйымдардың міндетті түрде орындауына өкім ету, белгілі әрекетті орындауды немесе қандай да бір әрекеттен бас тартуды талап ету құқығының болуы.

ҚР Жоғарғы Соты 2001 жылдың 13 желтоқсанынан «Соттардың сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстар туралы қылмыстық

істерді қарау тәжірибесі туралы» Нормативтік қаулының 6 тармағына сай ұйымдық-өкімдік қызметтер деп лауазымды тұлғаның ұжымды басқару бойынша мамандарды тандау және қызметке бөлу, қол астындағылардың еңбегін ұйымдастыру, еңбек тәртібін ұстану, ұжым алдына қойылған міндеттерді орындауды талап ету т.б. өкілеттігі танылады.

Бұл санатқа министерство, ведомство жетекшілері, олардың орынбасарлары, аталған органдардың құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері кіреді. Ұйымдық-өкімдік қызметтің белгілеріне:

А) қол астында жұмыскерлердің болуы,

Б) қол астындағыларға тапсырмалар бере алу, олардың орныдалуын қадағалау құқығы;

В) жұмысқа қабылдау немесе жұмыстан босату құқығы, мамандарды іріктеу және қызметтік бөлу өкілеттігінің болуы, оларды марапаттау немесе жазалау шараларын қолдану құқығы кіреді.

Лауазымды тұлғаның әкімшілік-тұрмыстық қызметі деп 2001 жылдың 13 желтоқсанындағы ҚР Жоғарғы Сотының аталған Нормативтік қаулысының 6 тармағы бойынша мемлекеттік мүлкіті басқару немесе өкім ету, сақтау, іске асыру және осы әрекеттерді бақылау, мемлекеттік органдарда немесе жергілікті өзін өзі басқару органдарында, сәйкес мекемелер мен әскери құрылымдарда осы әрекеттерді бақылауды қамтамасыз ету өкілеттігі түсіндіріледі. Бұларға қаржы жабдықтаушы бөлімдер не қызмет бастығы, қойма, мемлекеттік дүкендердің меңгерушілері, құрылымдық бөлімшелердің, бөлімдер мен филиалдардың жетекшілері және т.б.

Аталған міндеттер тек тұрмыстық емес, әкімшілік-тұрмыстық болған соң, олар ұйымдық бақылану және өкім ету қызметі арқылы іске асады.

Құқықтық жеке нормалары бойынша жауапкершілік мемлекеттік жауапты қызмет атқарушы тұлғаның жасаған теріс әрекеттері үшін қолданылады.

ҚК 361 б. ескертуінің 4 тармағы бойынша мемлекеттік жауапты қызмет атқарушы тұлғаларға ҚР Конституциясымен, Конституциялық және өзге де заңдарымен бекітілген тікелей мемлекеттік қызметтер мен мемлекеттік органдары өкілеттіктерін атқарушы тұлғалар.

ҚР мемлекеттік қызмет туралы заңындары бойынша мемлекеттік қызметтің саяси қызметтерін атқарушылар жатады.

1999 жылдың 23 шілдесіндегі ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 1 бабы бойынша (өзг. мен тол.) Мемлекеттік саяси қызметші – тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі саяси-

айқындаушы сипатта болатын және саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін жауапты болатын мемлекеттік қызметші.

Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы.

Саяси мемлекеттік қызметкер – тағайындалуы (сайлануы), орнынан босатылуы мен қызметі саяси анықтаушы сипатқа ие мемлекеттік қызметкер, ол саяси көздеген мақсаттар мен міндеттердің іске асуына жауапты.

Лауазымды тұлға, мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті тұлға және мемлекеттік жауапты қызмет атқарушы тұлғалар ұғымы тікелей жалпы және жеке қызметтік тұлға ұғымымен қиылысады және қылмыстық-құқықтық қызметтік сипаттамасы бірдей болады. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлық қылмысының субъектісі ретінде мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті тұлғаны атап, заң шығарушы оны «лауазымды тұлға» ұғымымен ұштастырады. Жоғарыда баяндалғанның негізінде заң шығарушының сыбайлас жемқорлық қылмысының субъектісі мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті тұлға деп қарастыратын позициясы негізсіздеу екекнін айтамыз.

Сонымен бірге, лауазымды тұлға мен мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті тұлғалар ұғымын бөліп қарау мүмкін емес, себебі ҚР ҚК 361 б. ескертуінің 1 тармағы «мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті тұлға» ұғымын анықтауда оларға лауазымды тұлғаны жатқызады.

Мына сұрақтарды шешуде қиындықтар туындап отыр: ҚР Парламент депутаттары ҚК 361 б. ескертуінің 1 тармағы бойынша мемлекеттік қызмет атқару өкілетті тұлғалар, ескертудің 3 тармағы – лауазымды тұлғалар, 4 тармағы жауапты мемлекеттік қызмет атқарушы болса, олардың іс-әрекеттірін ҚК 361 б. қай бөлімі бойынша саралауға болады?

Қоғамдық қауіптілік дәрежесі бір-бірінен елеулі түрде өзгеше, әртүрді санкциялы қылмыстары ҚР ҚК 361 б. 1, 2, 3 б.б. бойынша бір мезгілде қаралмақ болғаны. Баяндалған мәселе заңға қайшы және оны бірыңғай қолдануына кедергісін тигізеді.

Тараудың атауының «мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар» делінуі, біздіңше, заң техникасының талаптарына толық түрде сәйкес келмейді және

қолсұғушылықтың аталған тобының белгілерін анықтауды қиындатады.

Қызметтік тұлғаның қызмет мүдделеріне қарсы қызмет орнын пайдаланып жасаған қылмыстары мемлекеттік биліктің қалыпты қызметіне зиянын тигізеді, мемлекеттік қызмет мүдделерінне және жергілікті өзін өзі басқару органдарындағы қызмет мүдделеріне зиян тигізу қаупін төндіреді немесе тигізеді.

Қарастырылған қылмыстар сипаттамасы бойынша сыбайлас жемқорлық болу немесе болмауы мүмкін.

ҚР ҚК 15 тарауы қолсұғушылықтың аталған тобының объектісі мемлекеттік қызмет мүдделеріне кері әсерін тигізеді. Сондықтан ҚК 15 таруының атуында аталған қылмыстың топтарын сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар саралаудың қажеті жоқ.

1999 жылдың 23 шілдесіндегі ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 1 бабында мемлекеттік билік міндеттері мен қызметтерін іске асыруға бағытталған мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік органдарда қызмет өкілеттігін орындау әрекеті деп түсіндірілетін мемлекеттік қызмет мүдделері осы қолсұғушылықтардың бағытын көрсетуі жеткілікті деп есептейтін авторлардың пікірі дұрыс .

Сонымен қоса, 15 тарудың атауына толықтырулар енгізу аталған топтың қылмыстарын мемлекеттік басқару мүдделеріне кері әсерін тигізетін, басқару тәртібіне қарсы қылмыстармен біріктірілуін туғызады.

Қылмысты заңдарға енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтырулар әлеуметтік-экономикалық, криминологиялық факторлармен, заңды қолданудың тәжірибесімен келісімді болуы керек. 2003 ж. 25 қыркүйегіндегі ҚР Заңының 15 таруына енгізілген өзгерістер, біздің ойымызша, жасанды және де позитивтіліктен жұрдай.

Сондықтан 15 тарауға бұрынғы «мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы қылмыстар» атауын қайтару ұсынысымен келіскен жөн. Бұл құқық нормаларын қолдануда бірегейлікті мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстарға қарсы күрестің тиімділігін арттыруды жетілдіреді.

Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (ҚР ҚК 361 б.).

ҚР ҚК 361 б. қарастырылған қылмыстың мәні мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның өз өкілеттігін мемлекеттік қызмет мүдделеріне теріс пайдалануында жатыр

Қылмыстың объектісі – мемлекеттік аппараттың заңды тұрғыдағы қалыпты қызмет атқаруы.

Қосымша объектісі - адамдардың конституциялық құқықтары, мүлкітік және экономикалық мүдделері адамдардың, мемлекеттің және ұйымдардың.

ҚР ҚК 361 б. бойынша қылмыстық жауапкершіліктің шарты қызмет өкілеттігін мемлекеттік қызмет мүдделеріне теріс пайдалану.

Коммерциялық не мемлекеттік емес және өзін-өзі басқару органдарына жатпайтын өзге ұйымда басқару қызметтерін атқаратын адам өз өкілеттіктерін теріс пайдаланса, ҚР ҚК 250 б. 9 тарауының ерекше бөлігі бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Қызмет өкілеттігін теріс пайдаланудың объективтік жағы мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның қызметтік өкілеттігін теріс пайдаланып, адамның не қоғамның немесе мемлекеттің құндылықтары мен заңды мүдделерін бұзумен сипатталады.

1999 ж. 23 шілдедегі (өзг. мен толық.) мемлекеттік қызмет мүддесін қамтитын ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» заңында мемлекеттік қызмет – мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқару жөніндегі мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы қызметі.

Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы.

Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану дегеннің астарында аталған қылмыстың субъектілерінің қызметтік өкілеттігі және қызмет субъектілерінің қызмет орнының күші арқылы орындайтын құқық пен міндеттерді іске аксыру әрекеті жатыр деп түсіну керек.

Егер әрекет объективті түрде толығымен мемлекеттік аппаратқа жүктелетін жалпы міндеттер мен талаптарға, сонымен бірге, жеке билік құрылымдары немесе басқару орындарының жұмыс тәртібі мен қалыптасқан принциптеріне қайшы келсе, бұл әрекет мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы деп есептеледі.

Қызмет мүддесі деп нақтылы мекемелер мен ұйымдардың қалыпты жұмыс жүргізуі, жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін және тәртіпті сақтау түсіндіріледі.

Қызмет өкілеттігін теріс пайдаланудың нақты түрлері әртүрлі болып келеді, себебі олар мемлекеттік қызметкер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамдардың түрлі қызмет саласында орын алады. Ол еңбекті заңсыз эксплуатациялау болуы мүмкін (мысалы, пәтерді жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында қол астындағы қызметкерлерді пайдалану; мемлекеттік кәсіпорындарды жекелендіру мақсатында қызмет бабын пайдалану; пайдакүнемдік немесе өзгеде ниеттермен коммерциялық ұйымдарға жалпы мемлекеттік қажеттілікке арналған қаржы және несиені заңсыз беру; несие, ссуда жылжымайтын және басқада мүмкіндіктерді алу үшін құқықтық актілерде көзделмеген мүмкіндіктерді пайдалану).

Аталған қылмыстың құрамы материалды болып табылады. Азаматардың не ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзған жағдайда қылмыстық жауапкершілік қолданылады. Осындай зиянға ең алдымен құқық қорғаушы объектінің елеулі түрде материалдық шығынға жол беруін жатқызуға болады.

Физикалық зардап - жеңіл зиян келтірседе.

ҚР ҚК 361 б. диспозициясында көрсетілгендей, қылмыстың субъективтік жағы кінәлінің қасақаналық нысанымен айқындалады. Кінәлі адамның өз қызмет өкілеттігін қызмет мүдделеріне кереғар пайдалануы, егер бұл әрекет пайдакүнемдік немесе өзге де жеке басының мүддесі үшін әрекет қоғамға қауіпті екенін ұғып, оның қоғамға қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін не болмай қоймайтынын алдын ала біліп және оның зардаптарының болуын тілейді. Қылмыстық жауапкершілік ҚР ҚК 361 б. көрсетілген әрекеттер өзіне немесе басқа адамдарға немесе ұйымдарға пайда түсіру не басқа адамдар немесе ұйымдарға зардап тигізу мақсатында жасалған жағдайда қолданылады.

ҚР 361 б. жаңалығы – «пайдакүнемдік немесе басқа жеке басының мүдделері» түсінігін заң шығарушы «өзіне немесе басқа адамдарға немесе ұйымдарға пайда не артықшылық немесе басқа адамдарға зардап тигізу мақсатында» деген ұғымға ауыстыруы. Өзіне немесе басқа адамдарға не ұйымдарға пайда немесе артықшылық түсіру мақсатының өзі пайдакүнемдік қызығушылықтың негізінде туады, жасалған әрекетке материалдық шығынды өтеу немесе бау мақсаты түрткі болады деп санаймыз. Сонымен бірге, заңда қылмыстық құқық теориясынан қабылданған зиянның дәрежесі бойынша көрсетілген қылмыстық-құқықтық актілерде қандай зиян мақсат етілгенін көрсетілген.

Пайдакүнемдік пен жасалған қылмыста қасақаналықтың болуы материалды түрдегі басқа да жеке бастының пайдасына шешілетін қажетті жағдайлар жасалуымен сипатталады. Өзге де жеке басының мүддесі үшін жасалған әрекеттер деп мүліктік емес, яғни карьеризм, қызғанушылық, протекционизм, жағымпаздық т.б.

Аталған қылмыс құрамының субъектісіне мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамдар не оған теңестірілген адамдар (ҚК 361 б. 1 б.), мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамдарға лауазымды адамдар, Парламент пен мәслихаттардың депутаттары, судьялар және ҚР мемлекеттік қызмет туралы заңында сәйкес барлық мемлекеттік қызметшілер.

Мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті адамдарға мына тұлғалар теңестіріледі:

1. жергілікті өзін өзі басқару органдарына сайланған тұлғалар;

2. Заңмен бекітілген тәртіп бойынша ҚР Президентігіне, ҚР Парламенті мен мәслихатына депутаттыққа, сонымен бірге жергілікті өзін өзі басқару органдарына, сайлау мүшелігіне үміткер ретінде тіркелеген азаматтар;

3. Жергілікті өзін өзі басқару органдарында еңбекақысы мемлекеттік бюджеттен бөлінетін уақытша не тұрақты қызмет атқарушылар;

4. Мемлекеттік үлесі 35% төмен емес мемлекеттік ұйымдарда және ұйымдарда, жарғылық капиталда басқарушылық қызмет атқарушы.

1. Жергілікті өзін өзі басқару деп жергілікті маңызды сұрақтарды өздігінен шешетін тұрғын халықтар топтары тұратын аймақтарды қамтитын ауылдық және қалалық жергілікті қоғамдастықтардағы сайлау және басқа өзін өзі басқару органдарының қызметі түсіндіріледі. Кейбір нормативтік-құқықтық актілерді жергілікті деңгейде кейбір қоғамдық-құқықтық институттарды реттеудің жеке сұрақтары бойынша жергілікті өзін өзі басқару органдарының құзыретін анықтау жүргізілу үстінде.

2. ҚР Президентігіне, Парламент және мәслихат депутаттығына, сонымен бірге жергілікті өзін өзі басқару органдарына сайлау мүшелігіне үміткер ретінде тіркелген азаматтардың құқықтық мәртебесі міндетті түрде Конституциямен және «ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңымен реттеледі. Заң тұлғаның ҚР Президентігіне, Парламент және мәслихат депутаттығына, сонымен бірге жергілікті өзін өзі басқару органдарына, сайлау мүшелігіне үміткер ретінде

тіркелу тәртібін, сайлау компаниясының жүру барысында олардың қызметіне кепілдік, сайлау алдындағы үгіт-насихаттың өту реті, сайлауды, дауыс беру және дауыс берудің қорытындысын анықтау ретін т.б. анықтайды.

3. Мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті тұлғаға теңестірілген адамдар өз негізінде ешбір мемлекеттік қызмет атқармайды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасында жергілікті өзін өзі басқару органдары (ҚР ҚК 361 б. 2 ескертуінің 1 тармағын қараңыз) жоқ, депутаттыққа үміткер ретінде тіркелген тұлғалар (ҚР ҚК 361 б 2 ескертуі 2 тармағы) мемлекеттік қызмет атқармайды. Сондықтан осы субъектілердің құқықтық жағдайы мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті тұлғалар түсінігін оның қылмыстық-құқықтық мәртебелерін белгісіздікке итермелейді.

4. Еңбекақысы мемлекеттік бюджеттен бөлінетін жергілікті өзін өзі басқару органдарында тұрақты не уақытша қызмет атқаратын және ҚР ҚК 361 б 2-ескертуінің 3, 4 тармақтарында көрсеткендей 35% мемлекет үлесіне тиетін мемлекеттік ұйымдарда, ұжымдарда, жариялылық капиталда басқару қызметін атқаратын қызметкерлер. ҚР жергілікті өзін өзі басқару туралы заңының жоқтығы еңбекақысы мемлекеттік бюджеттен бөлінетін жергілікті өзін өзі басқару органдарында тұрақты не уақытша қызметкерлердің құқықтық мәртебесін талдауға мүмкіндік бермейді. Жергілікті өзін өзі басқару органдарында тұрақты немесе уақытша қызмет етушілерді нақты не заңды негізсіз бөлектеу мемлекеттік қызметкер туралы заңды күмәндануға әкеледі.

Лауазымды адам (ҚК 361 б 2 б), - тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша өкімет өкілі қызметін жүзиге асырушы не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында өкімет өкілінің міндеттерін жүзеге асыратын не ұйымдастырушылық-билік етушілік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді орындаушы.

Жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам (ҚР ҚК 361 б. 3б.), мемлекеттік қызметтерін және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін ҚР Конституциясында, ҚР конституциялық және өзге де заңдарымен белгіленген лауазымдарды атқаратын адамдар жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адамдар деп түсініледі.

ҚК 361 б 4 б. Ауыр зардапқа әкеп соққан не ұйымдасқан топтын немесе қылмыстық қауымдастықтың мүддесіне жасалған әрекеттер.

Ауыр зардаптар деп – үлкен апат, көліктің немесе өндірістік процестің ұзақ мерзімге тоқтатуы, мемлекеттік органын немесе мекеменің жұмысын ұйымдастырылуына кедергі жасау, аса ірі көлемдегі материалдық шығын келтіру, еш болмағанда бір адамның өлуіне немесе денсаулығына ауыр зардап келтіруді және т.б. айтуға болады.

Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану кезінде қасақаналық пен адамды өлтірсе немесе адамның денсаулығына қасақана ауыр зиян келтірсе осындай

әрекеттерді қылмыстардың жиынтығымен саралауға жатады ҚР ҚК 361 б және 99 немесе 106 баптармен қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасаса, ол ұйымдасқан топ жасаған қылмыс деп танылады.

Билікті немесе лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану (ҚР ҚК 362 б.).

Билікті не өкілеттікті асыра пайдаланудың объектісі мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет атқаруы мен осыған байланысты мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқарудың танылуы.

Қосымша объектісі: конституциялық құқық және адам мен азаматтардың бостандығын (өмірі, денсаулығы, ар-ұжданы, тұлғалық намысы), ұйымдар мен қоғам мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар .

Объективтік жағынан кінәлінің әрекеті мемлекеттік қызмет атқаруға өкілетті тұлғаның, не оған теңестірілген тұлғаның белгілі нұсқауларда, жарғылар мен нормативтік актілерде қарастырылған құқығы мен өкілеттігін асыра пайдаланумен шектелуі тиіс.

«Билікті не өкілеттікті асыра пайдалану» түсінігі лауазымды тұлғаның төрт түрлі кең тараған мінез-құлқымен сипатталады:

а) оның орындаған әрекеттері аталған не басқа ведомстваның жоғары лауазымды адамының құзырынан шықса;

ә) оның орындаған әрекеттері коллегиялық алқаның құзырынан шықса;

б) оның орындаған әрекеттері іске асып, бірақ арнайы өкілеттікті немесе ерекше жағдайларға тап болса;

в) кінәлінің әрекеттері ешқандай лауазымды тұлғаның құқысына сай келмейтін әрекеттер болғанда .

Азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзған сәттен қылмыс аяқталған болып есептеледі.

Билікті немесе өкілеттікті асыра пайдаланудың субъективтік жағы тура не жанама ниет түріндегі кінә болып табылады.

Тұлға өзінің әрекеттерінің заңмен немесе өзге нормативтік актілермен белгіленген өкілеттігін шегінен шыққанын ұғады, азаматтардың, ұйымдардың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде зардап тигізетінін мүмкін екенін немесе болмауы мүмкін еместігін алдын ала біледі, саналы түрде зардаптарды тілейді, немесе немқұрайлы қарайды.

Қарастырылған қылмыс түрлі ниет пен мақсаттарды (кек алу, карьеризм, пайдакүнемдік, жеке басының уәждері, қызмет мүдделерін дұрыс түсінбеушілік).

ҚР ҚК 362 б. 1 б. қылмыстың субъектісі болып мемлекеттік қызмет атқаруға өкілетті не оған теңестірілген тұлға болып табылады. Мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамдар не оған теңестірілген адамдар, мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамдарға лауазымды адамдар, Парламент пен мәслихаттардың депутаттары, судьялар және ҚР мемлекеттік қызмет туралы заңында сәйкес барлық мемлекеттік қызметшілер.

Мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті адамдарға мына тұлғалар теңестіріледі:

1) жергілікті өзін өзі басқару органдарына сайланған тұлғалар;

2) Заңмен бекітілген тәртіп бойынша ҚР Президенттілігіне, ҚР Парламенті мен мәслихатына депутаттыққа, сонымен бірге жергілікті өзін өзі басқару органдарына, сайлау мүшелігіне үміткер ретінде тіркелеген азаматтар;

3) Жергілікті өзін өзі басқару органдарында еңбекақысы мемлекеттік бюджеттен бөлінетін уақытша не тұрақты қызмет атқарушылар;

4) Мемлекеттік үлесі 35% төмен емес мемлекеттік ұйымдарда және ұйымдарда, жарғылық капиталда басқарушылық қызмет атқарушы.

Лауазымды адам (ҚК 362 б 2 б), - тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша өкімет өкілі қызметін жүзиге асырушы не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында өкімет

өкілінің міндеттерін жүзеге асыратын не ұйымдастырушылық-билік етушілік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді орындаушы.

Жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам (ҚР ҚК 362 б. 3 б.) , мемлекеттік қызметтерін және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін ҚР Конституциясында, ҚР конституциялық және өзге де заңдарымен белгіленген лауазымдарды атқаратын адамдар жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адамдар деп түсініледі.

Билікті не қызмет өкілеттігін асыра пайдаланудың ерекше сараланған түрлері болып ҚР ҚК 362 б. 1, 2, 3 б. көзделген әрекеттер не ауыр зардаптарға әкеп соқтырған әрекеттер:

А) күш қолдану немесе оны қолданамын деп қорқыту арқылы;

Б) қаруды немесе арнайы құралдарды қолдану арқылы;

В) өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалса

ҚР ҚК 362 б. 4 б. «Ауыр зардаптар» түсінігі қызмет өкілеттігін асыра пайдалануды талдауда қарастырылған. Дегенмен, сот органдары қылмыс зардаптарының ауырлығын дұрыс бағаламайтынын ескеру керек.

Билікті не қызметтік өкілеттікті қорқыту немесе күш көрсету арқылы пайдалану деп кінәлінің жәбірленуші денсаулығына жеңіл не орташа ауыр зақым тигізсе, бостандықтан шектеу, сонымен бірге физикалық күш көрсету жағдайында саналады.

Қару не арнайы құрал қолдану деп заңсыз түрде атылғыш немесе суық қаруды нақты қолдану, сонымен бірге жәбірленушіге физикалық әсер етіп, денсаулығына зиян тигізіп не өлімге соқтыратын, сонымен қатар жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін психологиялық әсер арнайы құралдар (резина таяқтары, қол кісендері, көзден жас ағызатын газ, т.б.) пайдалануды айтады.

ҚР Қылмыстық кодексінде ҚР ҚК 362 б. 4 б. жаңа - новелла болып есептеледі: 2003 жылдың 25 қыркүйегінен ҚР Заңына қылмысты орындаудың «өзіне не басқаға не ұйымға пайда және артықшылық немесе басқаларға не ұйымдарға зиян тигізу мақсаты» аталған қалыпты толықтыру енгізілген. Біздіңше, «өзіне не басқаға не ұйымға пайда және артықшылық немесе басқаларға не ұйымдарға зиян тигізу мақсаты» материалдық пайда түсіру, баю не материалдық шығыннан құтылу үшін жасалады.

Билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану - 362 б. Қызмет өкілеттігін теріс пайдаланудан - 361 б. айыру керек. Олардың

айырмашылықтары объективтік жағымен сипатталады: бірінші жағдайда 362 б. қоғамдық қауіпті әрекетті қызметтік өкілеттілігінен асатын болса, ал екіншісі 361 б. – оның ішінен аспай жасалады.

Лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алу (ҚР ҚК 363 б.).

Қарастырылып отырған қылмыстың объектісі жеке мемлекеттік аппараттың звеноларының қалыпты, дұрыс қызмет етуі болып табылады.

ҚР ҚК 363 б. қарастыратын қылмыстың объективтік жағы келесі белгілермен анықталады:

- 1) қызметтік тұлғаның өкілеттікті иемденуі
- 2) қызметтік тұлға өкілеттікке ие болған адамның азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде бұзуы.

- 3) қызметтік өкілеттікті иемдену кінәлінің жалған қызметтік тұлғаның өкілеттігін иемдену, өкілеттігін жүзеге асыруы

Азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде бұзу түріндегі қоғамға қауіпті зардаптар тигізумен байланыссыз өздігінен лауазымды тұлғаның өкілеттігін иемдену қылмыс деп танылмайды.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақанылықпен сипатталады. Кінәлі өз еркімен қызметтік тұлғаның өкілеттігін иемденгенін, осы арқылы азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде бұзатын әрекеттер жасағанын ұғынады және тілейді.

Өз еркімен лауазымды тұлғаның өкілеттігін иемдену арқылы қандай да бір қылмыс жасау әрекеті ҚР ҚК 363 б. бойынша сараланады.

Аталған қылмыстың субъектісі лауазымды тұлға емес, мемлекеттік қызметкер болуы мүмкін. Егер мұндай әрекеттерді басқа тұлғалар орындаса, осы бап бойынша жауаптылыққа тартылмайды, істің мән-жайына қарай ҚК басқа баптары бойынша сараланады, мысалы, тұрғын үйге қол сұғу (қк 149 б.), денсаулыққа зиян тигізу (ҚК 106-107 б.б.), қорқытып алушылық (ҚК 194 б.) немесе алаяқтық (ҚК 190 б.) және т.б.

Қарастырып отырған қылмысты қызметтік өкілеттігін асыра пайдаланудың құрамынан мына критерийлер арқылы бөліп алуға болады: ҚР ҚК 361 б. қарастыратын қылмысты жасауда кінәлі заңды өкілеттігін қызмет мүдделеріне қарсы пайдаланады. ҚР ҚК 363 б. қарастыратын қылмыстың мәні кінәлінің өзінде жоқ лауазымды тұлғаның өкілеттігін иемденуі.

ҚР ҚК 361 б. қарастыратын қылмыстың субъектісі мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген тұлға (қызметтік тұлға), ал ҚР ҚК 363 б. бойынша қарастырылатын қылмыстың субъектісі – заңды түрде қызметтік тұлға ретінде бекітілмеген мемлекеттік қызметкер.

Пара алу (ҚР ҚК 366 б.).

Бұл қылмыстың объектісіне қалыпты, заңмен реттелген мемлекеттік аппарат және онымен байланысты мемлекеттік қызмет және мемлекетті басқару мүдделері жатады.

ҚК 366 б. 1 б. диспозициясына сәйкес, пара затына ақша, құнды қағаздар, материалдық құндылықтар, қайтарылмайтын, төлемге жататын қызмет көрсетулер, сонымен бірге мүлікті иеленуге құқық беретін жеңілдіктер (құрылыс, жөндеу жұмыстарын жүргізу, жолақы билеттерін жеткізу, несиелер беру және т.б.)

Параның нысанасының аналогиялық ұқсас белгілері ҚР Жоғары Соты Пленумының 1995 ж. 22 желтоқсанындағы (тол. мен өзг.) «Соттардың паракорлық үшін жауаптылық заңдарын қолданудың тәжірибесі туралы» қаулысы бойынша анықталған.

Параның заты ретіндегі ақшаға Қазақстан Республикасы және басқа да мемлекеттердің ақша белгілері (валюта) жатады. Ақша белгілерін пара нысанасына жатқызудың негізгі шарты ақшаның сол немесе басқа елдің ақша айналымында болуы. Айналымнан шыққан ақша, теңге де қаражаттандыру да пара нысанасы ретінде саналуы тек нумизматикалық құндылық немесе теңгенің жасалған материалы құндылығына байланысты (алтын, күміс және т.б.). Мұндай жағдайда айналымнан шыққан ақша белгілері пара нысанасының «басқа мүлігі» ретінде саналады.

Құнды қағаздарға мүлікті іске асыру немесе беруде талап ететін мүліктік құқықты дәлелдейтін құжаттар жатады (облигациялар, акциялар, вексельдер, чектер, депозиттік сертификаттар, коносаменты және т.б.).

Өзге де мүліктерге материалдық құндылығы бар қандай да болмасын (зергерлік бұйымдар, жиһаз, тұрмыстық техника, киім, тағамдар, т.б.) заттар жатады.

Параның заты ретінде мүлікті иемденуге берілген құқықты пайдаланып, билік жүргізуін жатқызуға болады (мысалы, автокөлік жүргізуге құқық беретін сенімхат беру).

Параның заты ретінде пайдакорлық сипаттағы өзге де жеңілдіктер (құрылыс, жөндеу жұмыстарын жүргізу, санаториялық немесе туристік жолдамалар, жолақы билеттерін алып беру,

жеңілдікпен қарыз немесе несие алуға жәрдемдесу, т.б.) Алған пара мөлшері, жалпы заңдылықтарға сәйкес оның әрекетіндегі қылмыс құрамының бар – жоқ екендігін шешу барысында маңыздылығы болмайды. Сонымен бірге ҚР ҚК 9 б. 2 бөлімінің осы әрекеттерге де қатыстылығы бар екенін ескеру керек. Осыған байланысты заң шығарушы ҚР ҚК 366 б. 2 – ескертуінде егер сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспаса, мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның бірінші рет сыйлық ретінде мүлік, мүлікке немесе өзге мүліктің пайдаға құқық алу бұрын жасалған заңды әрекет (әрекетсіздігі) үшін алдын ала уағдаластық болмаған жағдайда, манызы аз екендігіне байланысты қылмыс болып табылмайды және тәртіптік рет бойынша қудаланбайды деп белгіленген. Объективтік жағынан пара алу мемлекеттік қызмет атқарушы уәкілеті не оған теңестірілген тұлғалық пара алушылық пайдасына қандай да бір әрекет (әрекетсіздігі) немесе оның жіберген өкілінің (сонымен бірге жанұя мүшелері болуы мүмкін) жасауды орындаумен сипатталады. Осы әрекеттер келесі сипатқа ие болуы мүмкін:

а) мұндай әрекеттер осындай тұлғаның қызметтік өкіметтігіне кіреді.

ә) мұндай әрекеттер осы тұлғалардың қызмет өкілеттігіне кірмейді, қызмет жағдайының (бедел, әсер) күшімен пара беруші немесе өкілінің пайдасына әрекет жасауына (жасамауына) мүмкіндік жасайды.

б) Осындай тұлға қызметте жалпы қамқорлық көрсете алады (мысалы: негізсіз қызметті көрсету);

в) Осындай тұлға пара берушіні бетімен жібере алады қызметтік олқылықтарымен қателіктерін көз жұмып қарайды, жасырады.

Аталған қылмыс құрамының міндетті белгісі ретінде мемлекеттік қызмет атқаруға кілетті адамның не оған теңескен адамның әрекетімен, пара берушінің немесе оған делдал адамның арасындағы келісімділік байланысы болуы қажет. Соның ішінде бұл әрекет (әрекетсіздік) пара алушы лауазымды адамның қызмет жағдайымен байланысты қызмет жағдайымен байланысты (мысалы: тергеуші өзінің жүргізуіндегі қылмыстық істі тоқтатуы болатындығына кейбір жағдайда қызметтік лауазымдық жағдайымен байланысу пара алуы орын алады (мысалы, аудан әкімі өзінің дәрежесін пайдаланып субъектінің салық төлеу жауаптылығынан босатуы).

Заң шығарушының құрылым бойынша аталған құрам формальды болып табылады. Қылмыс – пара алушының пара алған сәтінен, яғни

сол пара алғандығы үшін пара берушіге қажетті жағдайларды жасауы немесе толық орындалуына қарамастан аяқталған деп саналады. Егер пара жартылай алынып, бірақ ірі мөлшерде дап танылса, онда мұндай жағдайда ол ірі мөлшерде пара алуға оқталу деп ескерілінеді. Сол сияқты жалған ақша не болмаса адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесепара алуға оқталу деп ескеріледі . Қылмысты саралауға пара сатып алу (келісілген әрекетті орындауға дейін) немесе сыйақы (осындай әрекеттерді жасағаннан кейін) түріндегі алынғаны әсер етпейді. Параның сатып алу немесе сыйақы болып бөлінуі, жоғарыда аталған, ҚК қарастырып отырған бабының 2-ескертуінде көрсетілген жағдайда ғана маңызды.

Аталған қылмыстың субъективтік жағы тікелей ниет пен пайдакүнемдік мақсаттың болуымен сипатталады. Сондықтан лауазымды тұлғадан пара алу затын табу фактісі жеткіліксіз, лауазымды тұлғаның пара алуға ниетін анықтау қажет. Егер мысалы, лауазымды тұлғаға қамқоршылығы үшін өз еркінен тыс, келісімсіз пара ұсынылса пара алудың белгілерін құрамайды.

Пара алудың субъектісі бойынша ҚР 366 б. 1 б. мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам танылады, 2 б. бойынша көрсетілген норма- лауазымды тұлға, 3 бөлімінде баптың белгілеуі бойынша мемлекеттік жауапты қызмет атқарушы тұлға.

Егер субъект өзін пара алу мақсатында, мысалы, мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті тұлға ретінде көрсетсе және бұл олай болмаса, онда бұл әрекет пара алуға айдап салушылық деп сараланады .

ҚК 366 б. 2 бөлімі, дәрежеленген қылмыс құрамы, яғни лауазымды адамның нақ сол әрекеттерді жасауы, соның ішінде жалпы қамқоршылық

көрсету немесе қызметте бос жіберуі.

ҚР ҚК 366 б. 3 бөлімі, мемлекеттік жауапты қызмет атқарушы адам жасаған әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылықты көздеген.

Лауазымды тұлға және мемлекеттік жауапты қызмет атқарушы түсінігі мен белгілері ҚР ҚК «Қызмет өкілеттігін асыра пайдалану» туралы 361 б. қылмыс құрамын талдауда қарастырылған.

Заңсыз іс-әрекет деп мемлекеттің заңды мүдделерін бұза отырып, теріс әрекеттер қылмыс болып танылса, ондай жағдайда осы әрекеттерді 366 б. 2 бөлімімен және ҚК сәйкес баптарының жиынтығымен (мысалы, алаяқтық – ҚК 177 б., қызмет өкілеттігін асыра пайдалану – ҚК 361 б., қызметтік жалғандық жасау - 369 б., көрінеу

заңсыз қылмыстық жауаптылықтан босату – ҚК 413 б. және т.б.) дәрежеленуі тиіс.

Осы баптың төртінші бөлімі пара алудың ерекше дәрежеленген белгілерін көздеген:

- а) қорқытып алу жолымен;
- б) адамдар тобы алдын ала сөз байласып немесе ұйымдасқан топ;
- в) ірі мөлшерде;
- г) әлденеше рет жасаса.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1995 жылғы 22 желтоқсанындағы №9 қаулысының 8-тармағы «лауазымды адамның пара берушінің заңды мүдделеріне залал келтіретін әрекеттер істелетінін айтып қорқыту әрекеттерін жасап, пара талап етуі немесе соңғыны өзінің мүдделеріне тиетін зиянды зардаптар болуы жағдайына жеткізу» - параны қорқыту арқылы алу деп танылады. Мысалы, ҚР ҚК 366 б. 2 б. бойынша (қорқытып алу жолымен пара алу) Қарағанды қ. бір ауданында әскери комиссарының м.а. сотталды, ол АҚШ 150 долларына Ресейге тұрғылықты қоныстанумен байланысты әскери билетті қалпына келтіруді жылдамдатуды талап етеді. Келісілген уақытта К. өзінің қызмет кабинетінде АҚШ 100\$ алып, қалғанын әскери билетті алу кезінде ұсынатынына келіседі .

Заңды әрекеттері үшін пара берушіні құқықпен. Қорғалатын мүдделерін бұзбай қорқыту, мысалы заңды әрі негізделген қылмыстық іс қозғау, салық өндіріп алу, кедендік төлемді және т.б. бопсалаушылыққа жатқызуға болмайды себебі тұлғаның заңды қылмыстық қуғындаудан жалтаруы немесе фискалдық органдардың талаптарын орындауы құқық қорғау мүдделеріне жатпайды.

ҚР ҚК 31-бабы 2-бөлігіне сай бірігіп қылмыс жасау туралы алдын ала сөз байласқан жағдайда қылмыстық топпен жасаған қылмыс деп саналады.

Бір топ адамның алдын ала келісім бойынша пара алуы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1995ж 22 желтоқсанда (тол. мен өзг.) «Паракорлық үшін жауапкершілікте соттардың заңдарды қолдануының тәжірибесі туралы» қаулысының 6–тармағында көрсетілгендей, оның мөлшері алынған құндылықтар мен қызмет көрсетулердің жалпы құнымен анықталады, ал негізсіз иемделген бағалы заттарды әр пара алушының түсірген қаржы немесе материалдық пайда көлемін мемлекетке қайтаруды ескеру керек .

Пара алуда топты тек лауазымды тұлғалар құрай алады. ҚР Жоғарғы Соты Пленумының жоғарыда көрсетілген қаулысының 6 тармағына сәйкес «Лауазымды тұлғаның лауазымды емес тұлғамен

келісім бойынша пара алу мақсатындағы әрекеттері топтың алдын ала келісім бойынша пара алу деп бағаланбайды». Топтың құрамына кіретін лауазымды емес субъектілер ҚР ҚК 28 б. сай пара алуға қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылады. Қылмыс параны ең болмағанда бір лауазымды адамның алған сәтінен бастап аяқталған деп есептеледі және пара берушінің пара алуға бірнеше лауазымды адамның қатысқанын білуі немесе білмеуінің маңыздылығы болмайды.

Ірі мөлшердегі пара алудың түсінігі ҚР ҚК 366 бабының 1-ескертуінде белгілінген (бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны ірі мөлшердегі пара алу деп танылады). 1995 ж. 22 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулысында белгіленгендей, бір топ адамның алдын ала келісімі бойынша алынған параның мөлшері алынған бағалы заттардың немесе көрсетілген қызметтің жалпы құны бойынша анықталады, ал негізсіз иемденген бағалы заттарды мемлекет есебіне қайтару кезінде әрбір пара алушының ақшалай немесе материалдық пайдасының мөлшері тұрғысынан есептеледі. Сонымен бірге, пара алушының ниеті топпен алатын параның жалпы көлемі ҚР ҚК 366 б. 1-ескертуінде көрсетілген мөлшерден асуды мақсат ету керек. Егер ірі немесе ірі мөлшердегі заңсыз сыйақы бөліп-бөліп алынса, бірақ бұл әрекет жалғасы бір қылмыстың жеке көріністері болып табылса, істелінген әрекет тиісінше ірі немесе аса ірі мөлшерде алынған пара ретінде сараланады.

Қызметтік жалғандық жасау (ҚР ҚК 369 б.).

Қарастырылып отырған қылмыстық объектісі қалыпты, заңмен реттелген мемлекеттік аппаратың қызметі және онымен байланысты мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделері. Қосымша объектісі азаматтармен ұйымдастырылған заңды мүдделері болып табылады.

Қылмыстық заты ресми құжаттар, мемлекеттік басқару органдарының атынан берілетін белгіленген бір іс-әрекеттерді тікелей мақұлдайтын, құқық беретін немесе міндетін босата алатын заңды мәні бар жазба актілері жатады.

Мемлекеттік емес органдардан құжаттар аталған қылмыстық заты бола алмайды.

Осы әрекеттің объективтік жағы мемлекеттік қызметтерді атқаратын уәкілетті тұлғаның не оған теңелген адамдардың ресми құжаттарға көрінеу жалған мәліметтер енгізуі көрсетілген құжаттарға

негізгі мазмұнын жоққа шығарған түзетулер енгізу не көрінеу жалған құжаттар беруі болып табылады. Қызметтік жалғандық жасау тек белсенді түрге әрекет арқылы жасалынады. Құжаттарға қызметтік жалғандық жасауда оның жасалу тәсіліне қарай: материалды не интеллектуалды болып екіге бөлінеді.

Материалды түрдегі қызметтік жалғандық жасау ресми құжаттарға шын мәнінде оның мазмұнына материалды жасалған өзгерістер енгізуі (қол қою, мөрлерді ауыстыру, өзгерту) танылады. Материалды жалғандық жасауда құжаты заңсыз немесе жалған болып есептелінеді.

Мемлекеттік жалғандық жасау болып құжаттардың белгілі бір бөлігі, құжаттардың нысаны сақталып бірақ мазмұнына өзгертулер жасалынады. Кінәлі бұл жағдайда ресми құжатқа формалық жағынан жалғандықтық белгілері жоқ жалған мәліметтер енгізеді (мазмұны өзгертіліп, нысаны сақталып қалған).

Құжаттарға интеллектуалдық жалғандық жасауға мысал ретінде ҚР ҚК 369-бабы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют қаласының әкімінің айыптау бойынша ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын бұзуда пайдакүнемдік қызығушылықтың әсерінен Мамлют қаласының көшелерін қысқа қамсыздандыру бойынша мемлекеттік сатып алу қызмет көрсетуге ие болу байланысына сайыс өткізуде «Благоустройством» ЖШС жеңімпаз деп мойындайтын комиссия отырысының жалған хаттамасын жазып, қолымен растайды .

Жалғандық жасаудың материалдық түріне жалған және тазартып өшіру жолымен түзетулер енгізіп өзгерту жатады. Ресми құжаттарды жалған жасау жалған құжатты толық дайындалу (мысалы, қызметке ақы төлеу чегі) не құжаттың түп нұсқасын бұрмалайтын түзетулер енгізу (мысалы, ресми құжатқа толықтырулардың, сандар мен әріптердің фотосуретредің, маркілердің көмегімен жаңа мәліметтер енгізу). Осы жалған жасаудың түрі жан-жақты, сол себепті де олардың толықанды өзгерістер тізбесін беру мүмкіндігі болмайды. Барлық жағдайда жалғандық жасау не шынайы немесе жасанды ресми құжаттарды жалған дайындау немесе берумен сипатталады.

ҚР ҚК бойынша қызметтік жалғандық жасау мемлекеттік қызмет атқаратын уәкілетті не оған теңестірілген тұлғамен жасалғанда ғана есептеледі. Ал егер жалғандық жасау қызметтік жағдайды пайдаланбай не жалған құжаттарды мемлекеттік емес органдардың өзге ұйымдар, мекемелер, жеке тұлғалар (қолхат, келісім шарт, міндеттемелер т.б.) жасап дайындаса онда ол басқа қылмыстың құрамын жасайды.

Қызметтік жалғандық жасау формальды қылмыс құрамы болып табылады. Қоғамға қауіпті зардаптардың болуына қарамастан қылмыстық кодекстің осы бабында көзделген әрекеттердің қандай да болмасын біреуі жасалынса қылмыс аяқталған болып есептелінеді.

Мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның ресми құжаттарға көрінеу жалған мәліметтер енгізу, яғни осы құжатты қолдануы не қолдана алмауының маңызы болмайды.

Қызметтік жалғандық жасаудың субъективтік жағы тікелей қасақаналықты көздейді. Әрекеттің субъективтік жағын сипаттайтын жаңа белгілері «өзіне немесе басқа адамдарға немесе ұйымдарға» пайда мен артықшылықтар түсіру немесе басқа адамдар мен ұйымдарға зиян тигізу мақсатында» (ҚК 361 б. талдауын қараңыз) болып табылады.

Қызметтік жалғандық жасаудың субъектісі ҚК 369 б. 1 б. бойынша мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті не оған теңестірілген тұлға; 2 бөлігі бойынша лауазымды тұлға; ал 3 б. бойынша жауапты мемлекеттік қызмет атқарушы.

Қызметтегі әрекетсіздік (ҚР ҚК 370-бабы.)

Аталған қылмыстың объектісіне қалыпты, заңмен реттелген мемлекеттік аппараттың және онымен байланысты мемлекеттік қызмет пен мемлекетті басқару мүдделері жатады. Қосымша объектісіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін жатқызуға болады.

Объективтік жағынан қызметтік әрекетсіздік келесі белгілердің жиынтығынан тұрады:

а) мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген тұлғаның қызмет міндеттерін орындамауы;

ә) азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғам немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзатын қоғамдық қауіпі зардаптар келтіру;

б) арнайы қылмыс субъектісінің әрекеті мен зиянды зардаптарының келу сәтінің себептік байланысының болуы.

Қарастырылып отырған қылмыс әрекетсіздік түрінде ғана жасалады. Арнайы субъект өзінің қызметтік міндеттеріне кіретін әрекеттерді орындамайды және осы тұлғаның әрекеттерді орындамауы не қажетті шараларды қолданбауы бекітілген заңдар немесе басқа да нормативтік құқықтық актілер не қызметтік міндеттерімен қайшылықта болуы тиіс. Құрылымы бойынша аталған құрам – материалды. Арнайы қылмыс субъектісінің қажетті шараларды қолданбауынан немесе қызметтік міндеттерін орындамауынан баптың

диспозициясында көрсетілген басқа қоғамдық қауіпті зардаптардың келуі тиіс.

Қылмыс азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзатын қоғамдық қауіпті зардаптардың келу сәтінен аяқталған болып саналады.

Қызмет міндеттерін орындамау мен азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде бұзатын зардаптардың келу сәтінің арасында себептік байланыс қойылуы тиіс.

Қылмыстың субъективтік жағы қасақаналықтың болуымен сипатталады. Мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның өзіне, басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда не артықшылық түсіру немесе басқа адамдарға не ұйымдарға зиян тигізу мақсатында қызметтік міндеттерін орындамаса қызметтік әрекетсіздігі үшін жауапқа тартылады (ҚР ҚК 361 б. талдауын қараңыз). Егер қызметтік әрекетсіздік өзі не басқа адамдарға немесе ұйымдарға пайда мен артықшылық не болмаса басқа адамдарға не ұйымдарға зиян тигізуді және азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін бұзуды мақсат етпеген жағдайда ҚК 370 б. бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды, бірақ бұл әрекеттер істің жағдайына байланысты қызметтік жағымсыз әрекет деп саралануы мүмкін.

Қызметтік әрекетсіздіктің субъектісі ҚК 370 б. 1 –б. бойынша мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті не оған теңестірілген тұлға, аталған норманың 2 б. бойынша қызметтік тұлға, 3 б. бойынша – жауапты мемлекеттік қызмет атқарушы (ҚК 361 б. талд. қараңыз).

ҚР ҚК 370 б. 4 б. аталған қылмысты жасауда ауыр зардаптар тиізген жағдайдағы жауаптылықты қарастырады, ол жайлы қызметтік өкілеттігін асыра пайдалануды талдау барысында толық қарастырылған (ҚР ҚК 361 б.).

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ.....	6
МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ.....	57
ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПКЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ.....	110
ЕСІРТКІ, ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАРДЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ.....	138
КӨЛІКТЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ.....	163
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ.....	196
МАЗМҰНЫ.....	227

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың
өзекті проблемалары

Редакторы: Қалиев Б.А.

Теруге 31. 01. 29 ж. берілді.
Басуға 02. 03. 29 қол қойылды.
Шартты баспа табағы 8, 9.
Нақты баспа табағы 9, 1.
Қалыбы 60x84 1/6. Қағазы офсеттік.
Басылымы 200 дана. Тапсырыс №
Бағасы келісімді.